

84(5Қаз-4Пав)Қаз7
А31

Жүсіпбек
АЙМАУЫТОВ

шығармалары

1





84(СҚаз-4Пав)Қаз7
А 31

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ

шығармалары

Алты томдық шығармалар жинағы

Бірінші том

Пьесалар, өлеңдер

Абонемент
обл. библиотеки
им. С. Торайгырова



Алматы 2013
“Ел-шежіре”

00

560532

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-7

А 31

Павлодарская областная
Библиотека
им. С. Торайгырова

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасы:

С.Қирабаев (жауапты редактор), У.Қалижанов, Д.Қамзабекұлы,
Р.Тұрысбеков, Г.Орда (жауапты шығарушы).

Томды баспаға дайындаған:

Б.Мұқатай, Н.Құдайбергенов

Аймауытов Жүсіпбек

А31 Алты томдық шығармалар жинағы. Пьесалар, өлеңдер. – Алматы:
«Ел-шежіре», – 2013.
Т. 1: –384 б.

ISBN 978-601-7317-59-1

Жүсіпбек Аймауытов шығармалар жинағының бірінші томына театр сахналарында қойылған драмалық шығармалары мен мерзімді басылым беттерінде жарық көрген поэзиялық туындылары топтастырылды. Том 1997 жылғы басылым бойынша дайындалып, толықтырылды.

Кітап әдебиеттанушы ғалымдар мен ізденушілер, аспиранттар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне және ұлт әдебиеті мен тарихын білгісі келетін әдебиет сүйер қауымға арналған.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-7317-59-1

© М.О.Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институты., 2013

ISBN 978-601-7317-58-4

© «Ел-шежіре» КҚ., 2013

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ (1889-1931)

XX ғасыр басында алмасқан қоғамдық құрылыстар мен жіктелеген екі дәуірдің шекарасында өмір сүріп, сол бір аласапыран заманның шындығын әдебиет тілінде үлкен суреткерлікпен бейнелеген қаламгердің бірі – Жүсіпбек Аймауытов. Ол қазақ халқының отаршылдық пен ішкі ауқатты топтың екі жақты езгісіне қарсы тәуелсіздік үшін күрес идеясымен сусындап, әдеби шығармашылығын төңкеріс тұсында бастады да, оны 20-жылдары айрықша дамытып жетілдірді. Ақын, драматург, прозашы, публицист, сыншы, аудармашы Жүсіпбек бұл кезде әдебиеттің көптеген жанрларында өнімді жұмыс істей жүріп, осы жанрлардың ұлттық әдебиетімізде орнығуына, шеберлік жағынан жетілуіне аса зор еңбек сіңірді. Қоғамдық дамудың бағыт-бағдары мен заманның қайшылықты сипаты жайлы кең толғанып жазды. Сөйтіп, ол азаттық, бостандық ұраны астында туған жаңа әдебиеттің көш бастаушыларының легінде болды.

Жүсіпбектің өміріне қатысты деректер де көп сақталмаған. Қазіргі бізге белгілі мәліметтер жазушының 1928 жылы Смағұл Садуақасовтың сұрақтарына берген жауабынан алынып жүр. Смағұлдың кейбір жазушылардың өмірі мен шығармашылығы жайлы жинаған анкетасы М.Әуезовтің архивінде сақталып, кейін Жүсіпбек ақталғаннан кейін ғана жарық көрді (Қазақ әдебиеті, 1988. – 23 декабрь). Одан кейінгі бір қатар мәлімет С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) кітабында келтірілген. Жазушы өміріне қатысты бұлардан басқа арқа сүйер деректер жоқтың қасы.

Кейінгі жылдары Жүсіпбек ақталғаннан кейінгі жиналған мәліметтер арасында да оның өмірбаянын толықтыратын деректер көп емес. Жазушыны білетін адамдар да, жақын туыстары да бүгін аз қалған. Жас қалған балаларының белгілі жайларға қосары шамалы. Дегенмен бұрынғы мәліметтер, соңғы деректер, архив жаңалықтары, бірен-саран жазушыны білетін адамдардың естеліктері негізінде қазір Жүсіпбектің өмірі жайлы ұғым-түсініктің өрісі бірсыпыра кеңейіп калды.

Жүсіпбектің туып-өскен жері – қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы. Жазушы өзі: «Қызылтаудың бауырындағы Қараның адыры деген жерде Дәндебай ауылында тусам керек. Руым – Сүйіндік, оның ішінде Күлік. Айдабол, Күлік бір туысады. Сұлтанмахмұт – Айдаболдан. Екеуіміз сегізінші атадан қосыламыз. Мәшһүр-Жүсіппен жетінші атадан қосыламыз» – дейді. Бұл жер бұрын Семей губерниясы, Павлодар уезі, Қызылтау болысының бірінші ауылы саналған. Қазір онда жазушы атында ауыл (бұрынғы «Қызылтау» совхозы) бар. Жүсіпбек осы жерде 1889 жылы (өз айтуы бойынша сиыр жылы) туған.

Жүсіпбектің әкесі Аймауыт (жергілікті адамдардың айтуына қарағанда, шын аты – Оймауыт) бес ағайынды болған. Дәндебайдың бәйбішесінен Аймауыт пен Иса, токалынан Оспан, Абайылда, Әбдраман туған. Бәйбіше балалары кедей, тоқал балалары ауқатты болған. Оның үстіне Оспан орысша оқып, фельдшер мамандығын алған әуелде мал дәрігері, кейін тілмаш, болыс болған адам. «Исаның балалары Оспанның жылқысын бақты. Біз (Аймауыт балалары) тоқал тұқымының уақ балаларын оқытып, кебеже, шкафтарын істеп, апаларымыз алаша, бауларын тоқып, орамалдарын, жастық тыстарын кестелеп, керегіне жарадық», – дейді Жүсіпбек.

Кедейліктің, жоқшылықтың зардабын тартқан Аймауыт балаларын «мал табуға» дайындаған. Ол оқу-білім кууды, қолөнер кәсібіне үйренуді «мал табудың» негізгі жолы деп

ұққан. 15 жасқа дейінгі өмірін Жүсіпбек ауыл молдасынан оқуға арнайды. Әуелі Жүніс қожадан, содан кейін Шәймерден қожадан, Қожахмет молдадан, Қапар қажыдан, Мұхамеджан деген кісіден сабақ алып, жалпы саны 5-6 жыл ішінде ескіше едәуір білімін көтереді. Содан кейін аз уақыт өзі молдадық құрып, бала оқытады. «Қартқожа» романындағы бала молда бейнесінде жазушы өз өмірінің осы тұсын суреттеген.

Өстіп жүргенде Баянауылда орыс мектебі ашылып, Жүсіпбек 1907 жылдан бастап сонда барып оқиды. «Оспанның Серебрянников дейтін тілмашы мені тәуір көруші еді. Баянда соның үйінде жаттым. Баянда бір қыс оқып, екі бөлімін бітіріп, келер жылы Керекудегі (Павлодар) казыналық ауыл шаруашылық (сельхоз) шкөліне барып, емтихан ұстадым», – дейді ол. Бірақ ауыл шаруашылық метебінде ұзақ оқи алмайды. Бір айдай ауыл шаруашылық жұмысына қатысып, одан кейін екі ай ғана оқуға мүмкіндік алған Жүсіпбек мектеп режимі мен әділетсіздікке қарсы бой көтерген балалардың қатарында оқудан шығып қалады.

Осыдан кейінгі біраз уақытын ол ауылда бала оқытумен өткізеді. Баяндағы мектептің үшінші класында оқуын жалғастырады. Содан 1911 жылы Керекуге келіп, екі класты орыс-қазақ мектебіне орналасады. Әуелі сол мектепте, кейін интернатта білім алып, 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түсіп, оны 1919 жылы бітіреді. Семинарияда Қ.Сәтпаевпен, М.Әуезовпен танысады, бірге оқиды.

Кедей семьяда туып-өсіп, жоқшылық астында үзіп-жұлып оқыған Жүсіпбектің есейген шағында білім алуы да онайға түспеген. «Үйінен келетін көмек жоқ, өз еңбегімен күн көретін, – дейді оның бірге оқыған бір замандасы. – Қалада тұратын ауқатты адамдардың малын күтетін, қорасын тазалайтын, суын әкеліп, отын жағатын. Оған ол намыстанбайтын да, ерінбейтін де. Қолынан келмейтін өнері жоқ оқушы болды. Ағаштан түйін түйетін шебер еді десе, бір өтірігі жоқ. Біз сияқты жаз елге бармайтын. Қалада қалып қазақтың екі аяқты ағаш арбасын, киіз сүйегін (уық, кереге, шаңырақ)

жасайтын, ер шабатын, домбыра жасайтын, етік тігетін. Өзі домбыра тартып ән салатын, ойынан өлең шығаратын, ол өзі шығарған өлеңді әнге қосатын»¹.

Жокшылық қолын байлап, есейіп барып, қиыншылықпен оқыған Қарткожаның бейнесінде де Жүсіпбектің өз өмірінің көп фактылары қамтылған. Жүсіпбектің шығармашылықпен әуестенуі Семейде оқып жүрген кезінен басталады. Ол кезде жас каламгер өлеңдер, газетке арнап шағын мақалалар, көркем өнер үйірмелеріне бір актылы пьесалар жазумен шұғылданады. Оның Алашордашылар ісіне тілектестік білдіруі, «Абай» атты журнал шығарысып, «Сарыарқа» газетімен қызметтес болуы да семинариядағы оқыған жылдарымен тұстас келеді. Осы басылымдар бетінде ол алғашқы әдеби туындыларын жариялайды.

Жүсіпбектің өз айтуынша, оның туып өскен ортасы өнерге жақын болған. Оның болашақ жазушыға әсері де мол болған түрі бар. «Ақат ағам екеуміз де әрі молда, әрі етікші, ағашшы, әрі шимайшы, әрі домбырашы, әнші болып өстік. Әкем домбыра тартушы еді. Ақатты бес жасынан алдына алып отырып, домбыра тартып үйреткен еді. Бізден үлкен домбыра тартушы еді, хат танушы еді. Бізге өлең, ән үйреткен екі апамыз еді. Қадыкеш деген үлкен апамыз өлең де шығарушы еді, ұзатылған қыз жолдастарына шығарған өлеңдерін ұрлап алып оқи беруші едік. Байы өлген катындарға шешем (Бати-ма) жыр шығарып, үйретіп отырғанын жас кезімде құлағым шалушы еді», – дейді ол С. Садуақасовтың сұрақтарына берген жауабында.

Осындай ортада Жүсіпбектің әдебиетке құмарлығы ерте оянады. Ол алғаш өлең жазуын 13 жастағы кезінен санайды. «Дұғалық жазатын кішкене кара шолак кітапшама тіленші шалға есігін ашпаған бір кемпірді, кішкене байталға мінбеймін деп әкесін ренжіткен қызды (ол Жәмікен апам ғой) өлең қып жазып қойғанымды әкем көріп, маңдайымнан иіскегені әлі есімде. Содан соңғы өлең жазғаным 19-20 жастар кезі

¹ Ақышев З. Жүсіпбек оның Қарткожасы. – Жұлдыз, 1990. – №8. – 185-186 б.

болса керек. Бір бала молдамен айтысып, өлең жазғаным бар. 1912 жылы жазған өлеңдерім ескі дәптерімде әлі сақтаулы: Абайға еліктепін. Ең алғаш басылған сөзім – 1913 жылы болса керек, бір ақымақ алыпсатардың болыс болам деп, елге бір мәсте шай апарып, елдің кулары болыс қоямыз деп, шайларын алдап алып, бос қайтқанын жазып едім. Бұл хабар «Қазак» газетінде басылды. Сол хабардың басылуы қалам ұстауыма үлкен себеп болды. 1916 жылы қазақтан жұмысшы алудың артынан пьеса жаза бастадым. Алғаш жазған 5 перделі пьесам (Нұрғали Құлжанов ұнатпаған соң) жарыққа шықпады», – деп жазды Жүсіпбек.

Жүсіпбектің творчествоға беріле жұмыс істеуі төңкерістен кейін басталады. Бұл кезде жаңа өкіметтің қоғамдық қызмет-теріне араласады. Семинарияны бітірген соң (1919-1920 жылдар) Семей Губерниялық Атқару комитетінің бөлім меңгерушісі, «Кедей таңы» атты газеттің редакторы болып істейді. 1920 жылы Коммунистік партияның қатарына кіреді (1922 жылы шығып қалған). Сол жылы күзде Қазақстан Советтерінің Құрылтай съезіне делегат боп қатысып, Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне сайланады, Қазақ АССР Оқу халық комиссарының орынбасары болып тағайындалады. Алайда бұл жұмыста Жүсіпбек ұзақ істемеген. 1921 жылы кезекті демалысынан кейін Орынборға қайтпай, Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқаруға қалады, кейін «Қазак тілі» газетінің редакторы болып ауысады. Сол кездегі саяси жағдайдың ауырлығы Жүсіпбектің басшы қызметтер атқаруына, бір жерде тұрақтап жұмыс істеуіне мүмкіндіктер бермеген. 1922 жылдан ол мұғалімдікке ауысқан. 1922-1923 жылдары Қарқаралыда қалалық мектепте, 1923-1924 жылдары Орынборда халық ағарту институтында, 1924-1925 жылдары Ташкент халық ағарту институтында, 1925-1926 жылдары Орынбор әскери мектебінде сабақ берген. Осы жылдардың ішінде газет-журнал редакцияларында қосымша қызметтер атқарған, 1926-1929 жылдары Шымкент педагогикалық

техникумында директор болған. 1929 жылы сол кездегі Қазақстан астанасы – Қызылордаға ауысып, «Еңбекші қазақ» газетіне қызмет істеуге барған. Бірақ кешікпей жалаға ұшырап, Қызылорда қаласында мамырдың 14 күні (1929) ұсталған. «Революцияға қарсы жасырын ұйымның мүшесі» деген айып тағылып, 1931 жылы 21 сәуірде атылған.

* * *

Жасынан өлең-сөзге құмар Жүсіпбек шығармашылық жолын өлеңнен бастаған. 1917 жылы «Сарыарқа» газетінде оның «Сарыарқаның сәлемі» деген өлені шығады. Сол жылы «Алаш» газетінде «Жазушыларға», «Отағасы», «Ұршық», «Ах-ха-ха-хау» атты өлендері жарық көреді. 1918 жылы «Абай» журналында «Көшу», «Ұран», «Әскер марсельезасы» жарияланады. Одан кейінгі жылдары «Жәмила» (1920), «Тұңғық түпсіз аспанда», «Ленинге» (1924), «Қазақстанның 6 жасқа толған күніне арналған ұран-өлең» (1926) деген жырлары мен «Нұр күйі» (1929) атты поэмасы басылады.

Жүсіпбек өлендері жас акынның өнерге деген алғашқы талабын, өмір сырын, оның қуанышы мен қиындығын өзінше танып бейнелеуге ұмтылысын көрсетеді. Ол ойды көркем суретке айналдыруға, лирикалық сезім күйін бейнелеп тануға тырысады. «Ұршық» өленінде Жүсіпбек жіп иіруге арналған осы бір халықтық аснаптың зырылдаған жүгірісін бейнелей отырып, оны иіріп отырған кемпірдің монологы арқылы әлеуметтік мәселелерге ауысады. Кемпірдің жалғыз баласы алыста, жолда. Анасы соның аман оралуын тілейді, соған жаңа шекпен тігер жіп иіріп қоюды армандайды, бірақ кедей тұрмыс («Кәрі шешен сықсып, толтыра алмай ұршығын, отыр жылап бүкшип, көзінің сүртіп былшығын») қарысып, ісі өнбейді. Кемпірдің баласының қайда екенін ашық айтпайды, бірақ:

Жеңіліп қашан жаман жау,
Мереке болар, Құдайым.

Жалғызым қайтып есен-ау,

Қашан туар күн, айым²

– дегеніне карап, солдатқа алынған болар (сірә, 1916 жыл болар) деп ойлайсың.

Өленнің:

Қыршаңқы, ақсақ, соқырдың

Көтерілді базары,

Жырық пен пұшық, қотырдың

Биыл кірді ажары,

– деген жолдар да оны анықтай түседі. Мұндай кем-кетік адамдардың солдатқа алынбағанын ескерсек, кемпір баласының майданның қара жұмысында жүргенін түсінуге болады. Өлең ұршықтың фонында асырап отырған жалғзынан айырылған кедей кемпір тұрмысын әлеуметтік тұрғыда тәп-тәуір суреттей алған.

Құбылысты сурет арқылы тануға ұмтылыс жас ақынның өлең өнерінің сырын, мақсатын дұрыс түсінгенін байқатады. Мысалы, ол «Көшу» өлеңінде ескі ауылдағы көшу суреттерін тұрмыстық детальдар арқылы жасайды. Өлеңдегі сөз саптау, бейнелеу, сурет көштің динамикалы тіршілігін ашуға жұмсалады. «Үй жыққан, жүгін түйген, қомын артқан» – бәрі де адамдар әрекеті, көшу салтының компоненттері. «Ат қайда?», «Арбаға сал», «Қиратты-шулаған» дауыстар кимылға толы тіршіліктің үні. Осыған орай өлеңде диалог мол пайдаланылады.

– Желіні босатындар! Көген қайда?

– Бол жылдам, басын түр де, мынаны айда!

– Манадан атты ерттемей не ғып тұрсың?

– Ой, оның жолда қалад, мықтап байла.

(Сонда, 209-б.)

Өлеңде көшпелі елдің көшті салтанат тұтуы, көшу процесінің қозғалыстары, көш маңындағы адамдар айқын суретке түседі. Ақынның жіті көзі олардың ішінен әр қилы типтерді таниды. Көп жылқыдан ат тимей, «Ала шолақ

² Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы, 1997. – 209-б.

өгіздің арбасына амалсыз жабысам-ау енді тағы», – деп тұрған кедей баласы, «Байтал мінген байпаксыз байкүс кедей», «Тәлімшіл желек киген келіншектер» – бәрі де көш суретін нақтылай түседі. Қазақ көшінің өзіндік бір ерекшелігін акын «Ән салғыш бая-шай дөңгелектерден» таниды. Әндері қосылмайтын берекесіз үнге құлақ тосып тұрған жұрт көңілінде жүдеушілік бар. Мұның негізінде көшуі қажеттіктен туған, соны салтанат тұтқан, қызық көрген елдің көшке керек жабдыкка (дәлірек айтқанда, техникаға) зәрулігі көрінеді. Көшті қоңыраулатып жүретін аумалы жүк артатын салттың біртіндеп қалып бара жатқанын еске салып, акын «Құрсаулы карамайлы дөңгелектерге» карап қалған топты көреді. Мұның бәрі Жүсіпбектің суреткерлігінде халық тұрмысының детальдарына көңіл аудару басымдығын байқатады. Бұл оның кейінгі шығармаларында да мол танылады.

«Ах-ха-ха-хау» өлені феодалдық ескі салт шырмауындағы қазақ қызының тағдырына арналған. Алдыңғы өленде автор жүзі солғын, өні сынық, мұнды Жәмиланы көріп, оның көңіл-күйіне ортақтастық білдіреді. Авторлық монолог арқылы қазақ қызының қайғысын ашады. Сүйгенінен айырылған қыздың мұнын оның жай-күйінен таныса, «Арқанда анау таңба не? А, имансыз ол хайуан!» деген жолдар арқылы зорлықпен барған күйеуінің қызды ұрып-соққанын да көрсете кетеді. Екінші өленде акын қыздарды осындай күйге түсірген, «Жас иіске құмар», «Жапырақсыз, гүлсіз жандалған іші қуыс кәрі ағаш» – қазақ шалдарының ерсі, ұятсыз қылықтарын күлкі етеді. Өленде шалдың күні өткенін:

Қыркүйек өтті-қырау,
Қараша мынау, соқырау-ау.
Қаңтар келіп қалшылдап,
Сәйкес болған оқырау.
Көкектің айы көңілде
Шонамдай жоқ тоқырау, –
(Сонда, 207-208 бб.)

деп бейнелейді. Мұндағы күз, қыс айларының суреті – жастықтың өтіп, кәріліктің келгенінің белгісі. Қыркүйек өтіп, қырау түскенін, караша, қантар туғанын акын шалдардың есіне салады. «Соқыр-ау!» деген сөз арқылы оны көрмей, көкек айының жылы сезіміне алданып жүргендерді әжуалайды. Өлең үлкендікті түсінбей, тәубаға келмей жүрген қанағатсыздықты шенейді, оны күлкіге айналдырады. Өлеңнің «Ах-ха-ха-хау» деген аты да,

Ах-хах-хау! күлкім-ау!

Шегім қатып отыр-ау!

– деп аяқталуы осыны байқатады.

Жана бір қызық стильде жазылған өлең – «Тұңғыық, түпсіз астында». Бұл өлеңнің жаңалығы – қазақ өлеңіне үйреншікті сыртқы ұйқасты сақтауда емес, ішкі ырғақ байлығында. Ол ақ өлеңмен жазылған, еркін оқылады. Акын су сабалап, көк теңізді тіліп келе жатқан кемені теңіз тулап мерт еткенін әдемі суреттермен береді. Дауыл мен толқын талқандаған кеменің бір тақтайында мықтап тұрып байланған жас нәресте-бала кетіп барады. Революция дауылы талқандаған тіршіліктің ендігі иесі осы жас бала сияқты көрінеді.

Сонымен бірге өлең өмірдің күрделі сыры жайлы ойландырады. Акын өмірде қайғысыз, қамсыз, көңілі шат адамдарды көрем, «жымиып тұрған жандарды, масайраған жүздерді, күлсе аузынан гүл төгіп, саңкылдаған үндерді» көрем, көрген сайын есіме еріксіз қамсыз бала мінезі түседі дейді. Сол арқылы адамдар бойында да қамсыздық, алдыартын барламайтын бала мінез ойсыздық барын, өмірдің күрделілігін еске салады. Жүсіпбек төңкеріс толқыны тулап сындырған кеме үстіндегі жандардың ойлы, әрекетті болуын қалайды.

Жүсіпбектің «Ұран», «Әскер марсельезасы» атты өлеңдері осы күнге шейін дұрыс бағасын ала алмай келеді. 1918 жылы «Абай» журналында басылған бұл өлеңдер сол кезде Семейде құрылған Алаш Орданың «Ұраны», «Алаш әскерлерінің марсельезасы» түрінде жазылып тараған.

Жүсіпбек оларда қазақ халқының отаршылдық езгіге қарсы күресін, халықтың ерлік дәстүрлерін еске салып, патша өкіметі құлағаннан кейінгі ел болу мәселелерін көрсетеді.

Қазағым, қақтықпа, қамалма.
Ел болар қамыңды амалда.
Кетті түн, атты таң, шықты күн,
Сал малды, сал жанды аяңба.

... Жатқа жем бай едің, кең едің,
Бағың жоқ биліктен кем едің.
Партия, сұрқия қым-қиғаш,
«Басы аман» көп надан сен едің,

Зарыққан, тарыққан шағыңда,
Тап болды бостандық бағыңа.
Ұйымдас, ұрандас, жағалас,
Сен де мін бабаңның тағына.

(Сонда, 211-б.)

Екінші өлең қазақтың көшпелі тұрмысын, жауынгер салтын, елдікті, ерлік дәстүрді, бірлікті мадақтауға құрылған.

Заманның күрес стилін Жүсіпбек «Еңбекшілер ұранын» және «Жас әскер», «Жас көсемдер маршы» атты революциялық жырларды аударғанда да берік мақтаған. Осыларды аудару арқылы ол бүкіл дүние жүзілік азаттық күресіне үн қосты. Соңғы аударма өлеңдер алдыңғы өз шығармаларымен туысып, бәрі де Жүсіпбектің халықтың азаттығы, бостандығы жолындағы көзқарасын айқындай түседі.

Жүсіпбектің соңғы ақындық шығармасы – «Нұр күйі» поэмасы. Ол 1929 жылы Қызылордада жеке кітап болып басылған. Оны автор «Күйлі сөз» деп атаған. Поэма оқиғасы Жібек деген ананың жана туған нәрестесіне толғанып айтқан жырымен басталады. Бірақ ана қуанышы баласының соқыр екенін біліп тез басылады. Алайда бала өнерпаз, күйші бо-

лып өседі. Өнермен жұртты танқалдырады. Кейін орыс дәрігерінің көмегімен көзі жазылып, ол қуаныш, шаттық күйін тартады. Автордың «Нұр күйі» дейтіні сол. Ақын сол арқылы өнерпаз бала көрген, оның келешегін айқындаған нұрдың, жарық-сәуленің шатты сезімдерін жырға қосады. Поэма жастарды өмірді сүйеге, қиыншылыққа мойымай, онымен күресе білуге тәрбиелейді. Едігенің орыс дәрігерлерінен көмек алуы арқылы автор халықтар туысқандығының да проблемасын өзінше шешуге ұмтылады. Поэманың жазылу үлгісінде де ақ өлең көбірек қолданылады.

Жүсіпбектің поэзиялық шығармалары – сан жағынан көп болмағанымен, ақындық ізденістің өзіндік беті жағынан тың туындылар. Оларда мазмұнның жаңалығы сыртқы түр жаңалығымен байланысып жатады. Оның революциялық жырлары қазақ әдебиетінде ақынның өзі жанрлық формасын анықтағандай «Ұран-өлеңнің» жаңа үлгісін туғызды. Оларда тақпақтық, ұрандық интонация сақталады. Басқа халықтардың революциялық жырларын аудару үстінде ол бұл бастамасын орнықтыра түсті. Бұл өлеңдерде күрес рухы, оның көтеріңкі пафосы ақындық үннің романтикалық лептілігі арқылы уытты сөздермен бейнеленеді. Алайда Жүсіпбек мұрасынан қол үзіп қалғанымыз қазақ әдебиетінде мұндай өлең үлгісінің жеткілікті дамуына мүмкіндік бермеді. Тек соңғы жылдары ғана ақындарымыз ақ өлеңді жаңаша пайдаланудың жолдарын қарастыруда.

* * *

Жүсіпбектің сан салалы шығармашылық мұрасының салмақты жағының бірі – оның драматургиясы. Ол қазақ әдебиетінде төңкеріс қарсаңында ғана туа бастаған осы жанрдың да негізін салушылардың қатарында аталады. Сонымен қатар Жүсіпбек – қазақтың ұлттық театр өнерінің де бастауында тұрған адам. Қазақ даласында алғашқы ойын-сауық үйірмелерін ұйымдастырып, оған өзі жазған пьесаларын өзі режиссерлік жасап сахнаға қоюшылардың алдыңғы легінде

де Жүсіпбектің аты бар. Бұл жөнінде профессор Б.Құндақбаев өзінің «Жүсіпбек Аймауытов және театр өнері» атты мақаласында кеңінен камтып айтқан. Ол ұлттық сахна өнерінің алғашқы үлгілері жайлы материалдар жинау үстінде Семейде Аймауытовтың қатысуымен қойылған спектакльдер тарихымен танысканда, «оның тәй-тәй басып дүниеге келуі Жүсіпбек Аймауытов есімімен тығыз байланысты болып шықты»³, – деп жазады.

Жүсіпбектің драмалық шығармалар жазуына да оның өнер сүйгіштігі айрықша әсер еткен. Ол жасынан ел ішіндегі ойын-сауық кештеріне қатысып, домбыра тартып, жақсы ән салған. Осы табиғи өнерін Жүсіпбек оқып жүрген кездерінде жалғастырып дамыта түскен. Семейде ол драмалық, сахналық кештерге қатысып, ұлттық мәдени ойын-сауықтың ұйытқысы болған. Ол 1914 жылы Абайдың қайтыс болуының онжылдығына арналған кешке қатысқан. 1915 жылы сол қалада «Біржан мен Сара» спектакілін сахнаға лайықтап қойып, онда Біржанның рөлін ойнаған. 20-жылдардың бас кезінде Семейде «Ес-Аймақ» атты театр труппасы ұйымдасқанда да Жүсіпбек соның басы-қасында болып, спектакльдер қойған. 1922 жылы «Еңлік – Кебектің» қайта жазылған нұскасы да сол кісінің қоюымен сахнаға шыққан. 1925 жылы қазақ автономиялық республикасының бес жылдығына арнап ол Қызылордада өзінің «Ел қорғаны» пьесасын сахнаға шығарған. 1926 жылы тұңғыш қазақ театры ашылып, соған елге таныс халық таланттарын шақырғанда солардың ішінде Ж.Аймауытовтың да есімі болған (Еңбекші қазақ, 16-январь. – 1926). Бірақ ол Шымкентте педагогикалық техникумға директор болуына байланысты келісім бермеді. Соған карамастан Жүсіпбек театр ұйымдасқан тұста Қызылордада болып, театр жұмысын жандандыруға араласқан, жаңа спектакльдер жасаған. Кейін сол театр сахнасында өзінің «Шернияз» атты пьесасын қойған.

³ Құндақбаев Б. Жүсіпбек Аймауытов және театр өнері. Кітапта: Жүсіпбек Аймауытов (пьесалар жинағы). – Алматы: Өнер, 1990. – 7 б.

Жазушы өзі «1916 жылғы қазақтан жұмысшы алудың артынан пьеса жаза бастадым. Алғаш жазған 5 перделі пьесам (Нұрғали Құлжанов ұнатпаған сон) жарыққа шықпады, оған жалғас «Рабиға», «Жебір болыс» («Мансапқорлар»), «Қанапия – Шәрбану» 1916-1917 жылғы жазған пьесаларым, кейін түзетіп баспаға бердім» – дейді (Қазақ әдебиеті, 1988. – 23 декабрь). Бұл оның пьеса жазумен төңкерістен бұрын-ақ шұғылданғанын растайды. Ол кезде Жүсіпбек пьесалары қолжазба күйінде тарап, көркем өнер үйірмелерінде қойылған. «Қанапия – Шәрбану» пьесасының кітап болып шыққан нұсқасына (1926) жазған дәптерім жоғалып кетіп еді. Биыл кітапты қолыма түсіріп түзетіп жаздым. Ескі қолжазбасы қолында бар кісілерден ол күйінде ойналмауын тілеймін»⁴ – деп ескерту жасағаны – бұған дәлел. 1917 жылы 17 декабрьде Семей жастарының ойын-сауық кешінде Жүсіпбектің өзі режиссерлық етіп сахнаға дайындаумен оның «Рабиға», «Ескі тәртіппен бала оқыту» атты пьесалары қойылған. Жиырмасыншы жылдар ішінде осы жанрдағы ізденісін жалғастырып, ол «Сылаң қыз» (1922), «Ел қорғаны» (1925), «Шернияз» (1926) сияқты пьесалар жазған. Бұрынғы пьесаларын жөндеп бастырған («Мансапқорлар» (1922), «Рабиға» (1926), «Қанапия – Шәрбану» (1925)).

Жүсіпбек пьесалары, негізінен, өз дәуірінің ең маңызды әлеуметтік мәселелерін көтеруге, оларды сахна арқылы бейнелеп көрсетуге арналады. Ол феодалдық-патриархалдық салтты, мешеулікті шенейді, елді оқуға, өнер-білімге, қараңғылықтан шығуға үндейді. Әйелдердің бас бостандығын, халықтың азаттығын, теңдігін қорғайды.

«Рабиға» пьесасында ескі салт бойынша мал берген қойшы шалға тиген Рабиға деген жас әйелдің тадыры сөз болады. Әуелі бата бұзудан, ата-ана қарғысынан қорыққан Рабиға тағдырына мойынұсынып бақса да, шалының о жар мінезіне (әр нәрсені сылтау қылып, әрі қызғанып, жас әйелді ұра береді) шыдай алмай, одан кетуге мәжбүр болады. Ескі

⁴ Жүсіпбек Аймауытұлы. Қанапия мен Шәрбану. – Москва, 1926. – 3-б.

салт қосақтаған шалдан өз басына бостандық алып кетіп бара жатып, ол: «Кел, қазақтың күн қыздары, қол ұстасып, бостандық тұрмысқа жетейік!» – деген ұран тастайды.

Осы тектес идеяның анықтығы Жүсіпбектің басқа пьесаларында да байқалады. «Қанапия – Шәрбануда» жаңа заманның тәртібі теңдік алып қосылған екі жас сахна соңында «Жасасын теңдік!» деп шығады. «Шерниязда» пьеса уақиғасы сахна сыртында мылтық атылып, революцияның болғанын хабарлаумен бітеді. Бұлардың бәрі көп жылдар үстем тап пен отаршылдықтың екі жақты қанауында болып келген халықтың өзгеріс, бостандық, теңдік деген ұранмен басталған жаңа өмірін қуаттау идеясынан туады.

«Ел қорғаны» пьесасында сол кездегі қараңғы қазақ ауылына өкіл боп барып, саяси жағдайды, жаңа өкімет көзқарасын Оқыған азамат түсіндіреді. Ол төңкерістің жайын, «актар» мен «кызылдардың» кім екенін, «актарға» қарсы елді қорғайтын отряд ұйымдастыру қажеттігін айтады. Елді өзін өзі қорғау ісіне жұмылдырады. Бұл да шығарманың ашық идеясы. Революция дәуіріндегі әр қилы пікір, ой таластарын саралай келе жазушы оқығанның аузымен оларға баға береді.

Бұл шығармаларда идея көбінесе үгіттік үлгіде ашылатыны да байқалмай қалмайды. Жазушы оны дәуір талабы есебінде қояды. Қараңғы қауымға жаңалықты сахна арқылы жеткізуді көздейді.

Жүсіпбектің пьесалары идеялық мазмұнының байлығымен ғана емес, драмалық тартыстың өткірлігімен, характер жасаудағы ізденістерінің әрқилылығымен ерекшеленеді. Ол тартысқа негіз етіп әлеуметтік қайшылықты алады. Сол қайшылықты күрестерде әрқилы өкілдерінің позициясын анықтап, образдарды даралауға ұмтылады.

Б.Құндақбаев Жүсіпбек пьесаларының басқа драматургтердің еңбектеріне ұқсамайтын ерекшелігі есебінде психологиялық ашудың өзгеше жолына назар аударады. «Оның барлық пьесалары шымылдығының ашылуы жеке

кейіпкерлердің психологиялық толғанысынан бастау алады. «Рабиғада» оқиға өзімен өзі іштей арпалысып отырған Рабиғаның монологынан басталса, «Ел қорғанында» Оқығанның әңгімесінен, «Қанапия – Шәрбануда» Шәрбанудың шешесі Ұмсынайдың уайымға толы үрейлі монологынан, «Мансапқорларда» болыс сайлануды армандаған Мүсілімнің айла-тәсілінен, ішкі жоспарынан басталады. Осылай басты кейіпкердің сөзінен немесе монологтарынан басталған пьесаның әрекеті ширақ, кейіпкерлері барлық оқиғалардың түйінін шешіп, соның тізгінін пьесанын аяғына дейін ұстап отырады» (Сонда, 21-б.).

Жүсіпбек пьесаларындағы адам сезімінің ішкі иіріміне, оның нәзік қылдарын баса білген шеберлігіне көңіл аудара қарасак, Б.Құндақбаев байқаған жазушы ерекшелігі туралы ойлардың шындығына көзің жетеді. Әдет-салтқа мойынұсынып шалға барған жас келіншек Рабиғаның ішкі ой-сезімін Ахметтің әні талқандап кетеді. Теніне қосыла алмай қалған Рабиға ендігі жерде іске аспаған арманына ой жіберіп, шалының дөкір, тұйық мінезін міней бастайды. «Тым болмаса жарқылдап отырса, кедейлігі де, шалдығы да білінбес еді» деп ойлайды. Оны рухани үйлесе алмаушылық, жалғыздық қинайды. Осы жайлар жас әйелді өзіне тең емес адамнан кетуге итермелейді.

«Қанапия – Шәрбану» пьесасында сүйіскен екі жастың қосыла алмау шырғалаңы 1916 жылғы июнь жарлығы кезіндегі әлеуметтік тартыстар жағдайында өтеді. Шәрбанудің әкесі Исатай ер баласы Ынтықбайды солдаттан қалдыру мақсатымен қызы Шәрбануды Сазанбай байға тоқалдыққа береді. Мұның кедей адамның басындағы еріксіз болған трагедиялық оқиға екені, байдың уақытты пайдаланып жасаған зорлығы пьесада орынды ашылады. Елдің барлық ниеті – Қанапия мен Шәрбану жағында. Пьеса соңында солдаттан қайтқан Қанапия Шәрбануды алып қашып, жаңа өкіметті паналайды. Бірақ жазушы таптық қайшылықты өршіте, шиеленістіре бермейді. Сазанбай жастардан жасаған қателігі

үшін кешірім сұрайды. Бұл – Жүсіпбектің үстем таптың кейбір зорлық мінездерін наландықтан көріп, оларды ағарту, түсіндіру жолымен жөндеуге болады деген ойларының, казакты жалнылама бөлмей қарауға тырысқанының көрінісі болса керек.

«Мансапқорлар» пьесасы атак, дәрежеге құмар ел басшыларының арасындағы тартысқа құрылған. Тартыстың бір жағында Қасқырбай болыс болса, екінші жағында оның туысқан інісі, тілмашы Мүсілім. Ол кезінде әкесіне жасаған зорлығы мен оқытпағаны үшін ағасынан кек алмақ, оны өлтіріп, орнына болыс болмақ. Сол үшін болыстың жас әйелімен көңілдеп болып, оны болысқа у беруге жұмсайды. Жазушы Мүсілімнің қылығын болыстан кек алумен ғана шектемей, оның адам есебінде жауыздығын мансапқорлығын көрсетеді. Шығарма туыс адамдардың арасын айырып жатқан жіктелушіліктің, зорлықтың үлкен қоғамдық зұлымдыққа, жауыздыққа ұласып жатқандығын ашады.

Мұндағы психологиялық толғаныс шен-шекпенге құмартқан, паракор, мансапқор адамдар бейнесін ашу үшін пайдаланылады. Ол кейіпкер әрекетімен тікелей байланысты. Кейіпкерлер де кесек. Қасқырбай – көп қырлы, сыртқа айбарын жұмсап, сырын шеше бермейтін, құлқын, мансап үшін ештемеден тайынбайтын озбыр болыстың типі. Оның атын да жазушы тегін таңдамағанға ұқсайды. Қасқырбайдың өмірі, дүние жөніндегі ұғымы да өзінің қоғамдағы орнына байланысты. «Ел жемей, азулы болмайсың, – дейді ол. – Азулы болмай, дәулет табыла ма? ...Ел жеген жалғыз мен бе? Қазақтың жақсыларында бұрынғы-соңғыда ел қанамағаны болды ма? Біз солардан артықпыз ба? Мен алмағанмен, біреуі алады ...Құдай бізді алуға жаратты, дүние күштінікі»⁵.

Мүсілім – мансапқордың жас, зымиян түрі. Ол алдағы тартысты іштей саралап, болыстан зорлық көрген жұртты өзіне тартып алдай біледі. Оның пьеса басында, сахна ашылғанда, екі қолын қалтасына салып тұрып айтатын мо-

⁵ Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалары. 3-том. – Алматы: Ышым, 1997. – 26-б.

нологы көп нәрсені аңғартқандай. Тілмаш боп болысты пайдаланып, сол арқылы елдің тұрмыс-тіршілігіне үйреніп, талай нәлекорлыққа куә болған жас жігіт енді өзі билікке таласады. Өз мақсатына жету үшін жауыздықтың ешбір түрінен бас тартпайды. Мүсілімнің монологы – осы тұрғыдағы толғаныстың түрі. Бүкіл шығарма тартысының басталуы, әрі қарай дамуы Мүсілімнің осы сөзінен тарайды.

Пьесада негізгі кейіпкерлерге қоса, олардың бейнесін толығырақ аша түсуге көмектесіп тұрған біраз қосалқы адамдар бар. Олардың көрнектілері – жастық, әйелдік осал сезіміне малтыққан Күләнда, Сүлеймен молда, эпизодтық болса да болыс айналысының шындығын түсінуге көмектесіп тұрған халық өкілдері – Қожантай қажы, Көбекбай, Әубәкір шабарман, т. б.

«Мансапқорлар» – кезінде көркем өнер үйірмелері сахналарында көп қойылған, көтерген мәселесінің өткірлігімен, сатиралық уыттылығымен, көркемдік табыстармен бағаланған пьеса. Оның әр кездегі қойылымдары жайлы 20-жылдары баспасөз бетінде талай хабарлар басылған.

Аймауытов пьесалары ішінде стилі жағынан бөлек бір туынды – «Сылаң қыз». Бұл – комедия үлгісінде жазылған. Онда жазушы бойын сылаған жеңіл мінезді бай қызының қылығын күлкі етеді. Оқымай қалған Батиманың оқыған жігіттерден күйеу таңдауы, оның өзіне келген үш жігітті біріне бірін көрсетпей жасыруы, әкесінің чемодан іздеп жүріп олардың үстінен түсуі – шын мағынасындағы комедияға тән шешім. Оған қыз әкесі Жабағының сәудегерлік психологиясын танытар көріністерді, оның түсімдерін, елден алашақ қарыздарын санап отыруын, жалғыз қызына (Батимаға) бәтенке әнермеген сараңдығын қоссақ, жазушының комедия арқылы сылаң қызды ғана емес, оның өскен ортасын да күлкіге айналдырмақ ниетін танимыз.

Аймауытов драматургиясының ең озық үлгісі – «Шернияз» пьесасы. Ол 1925 жылы жазылып, 1926 жылы Қазақстан Халық ағарту Коммиссариатының пьесаларға жарияланған

конкурсанда екінші бәйге алған, сол жылы кітап болып жарық керген. «Шернияз» пьесасын автор:

Шернияздай шері бар,
Шерлі қалған елі бар,
Көзінде канды селі бар,
Аузында қалған желі бар,
Ел ниязы – Шернияз.
Қараңғы казак көгіне
Өрмелеп шығып, күн болам.
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда, кім болам? –

деп өрттей лаулап келе жатқанда, ажал оғына тап болып, арманына жете алмай, жастай кеткен Арканың арқар жанды, асқар жүректі, аяулы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғырұлының аруағына арнаймын», – деген (Сонда, 98-б.).

Шернияз бейнесінде жазушы өз дәуірінің оқыған, саналы азаматының заманның қат-қабат шытырман шындығын кешкен қиналысын суреттейді. Ол қаланың беймаза тіршілігінен қырға, ауылға кетеді. Жан тыныштығын, даланың дарқандығын, ағайындык сыйлы қарым-қатынасты ол қырдан іздейді. Бірақ ел ішінде алауыздық, рулық айтыс-тартыс, дау-дамай Шернияздың тыныштығын бұзады. Ол бәрінен түніліп, азап шегеді.

Шернияз басынан кешкен бұл трагедия – сол дәуірдің ең бір өзекті, өткір проблемаларының бірі болатын. Қала мен даланың қарым-қатынасы, ол жайындағы қайшылықты ойлар Сұлтанмахмұт ақынның «Қала ақыны мен дала ақынында», Мағжанның «Айда атынды, Сәрсенбай» өлеңінде де кең суреттелген. Олардың бәрі қаланың мәдениет, білім ошақтары болмаса, қалған тіршілігінен үрке қарады. Саудагершілік, сол арқылы тараған адам мінез-құлқындағы өзгерістер (жеңілтек мінездер, есепке құрылған ұсақтық, эгоистік, пәлекорлық, т.б.) оларға қазақтың дарқан, кеңпейіл мінезін даладан іздетті. Қаланың у-шу, беймаза тіршілігінен пананы да ауылдан, дала табиғатынан тапты. Ал, ауылдың да өз

кайшылығы аз емес-ті. Оны жайлаған рушылдық, ескішілдік салт, әдет-ғұрып заңдары да әділет, шындық іздеген адам жанына тиетін құбылыстар болатын. Шернияз бейнесі арқылы Жүсіпбек те осыны ашады. Шернияздың Базарбаймен қала мен дала тынысын салыстыра жырлаған лирикалы диалогтары арқылы жазушы екі өмірдің өзіндік ерекшеліктерін суреттеуге ұмтылады. Шернияз дала ақыны боп, Базарбай қала ақыны боп жырлайды. Алғашқысы жанға жайлы даланың сұлу табиғатын, қазақтың кең пейілдігін мадақтаса, Базарбай қаланың ойын-сауығын, жастықтың желікпе мінезіне лайық өзгеніліктерін қызық тұтады. Дала ұлы Шернияз мінезінде сол даламен рухани тұтастық аңғарылады.

Мынау тұрған көк күмбездей көк шатыр,
Жымындаған меруерттей көп жұлдыз,
Сары табақтай жарқыраған сұлу ай,
Анау жатқан ұлан байтақ кең дала,
Саңғыраған салауатты сандал тау,
Бұта сайын бұлбұл құсы сайраған,
Жұпар иіс жасыл гүлі жайнаған,
Осы отырған майда талды сай бұлақ,
Осыларды қалай көрмей шыдарсың? –

(Сонда, 99-б.)

дейді ол. Бірақ қазақ аулының кайшылықтары ақынжанды Шерниязды тез торықтырады. Алшағыр, Қордабай бейнелері арқылы көрінетін ағайындық, көңіл жықпастық ескішіл мінездер, Раушан арқылы бейнелеген ауылдың етекбасты, олшы-солшы тіршілігі, көңілінен шыкпасаң, арызданатын пәлекорлық оны ауылдан бездіреді.

Нәрестедей таза жанды
Ел бар ғой деп ойлаушы ем,
Дос та, жар да, махаббат та,
Елде ғой деп барлаушы ем...
Жүрегім елді кездірді,
Бұзылған елден бездірді, –

(Сонда, 15-б.)

деп күйзеледі ол.

Қалаға қайта оралған Шернияз өмірі де оңайға түспейді. Аласапыран қаланың тартысты тіршілігі ауырлатқан кейіпкер сезімін біз оның папкадағы қағаздарды қарап тұрып айтқан монологынан көреміз:

Мұғалімнің мұңы,
Боранбайдың ылаңы,
Сүзек кернеді,
Есеп бермеді,
Аксақалдың бұйрығы,
Ұрылардың қимылы,
Бақсының емі,
Молданың жемі.
Аштардың жайы,
Мұқтаж шәкірт
Паракорлар,
Бұған не лаж? .
Талан-тараж...

(Сонда, 127-б.)

Азамат соғысы мен кеңестік дәуірдің ауыр шындығы тудырған осы уақиғалар халық басына түскен қайғы-қасіретті бейнелейді.

Шернияздың жан жарасын ұлғайтқан қоғамдық тартысқа оның семьялық өмірінің сәтсіздігі де қосылады. Ауылды аңсап барып үйленген Раушан оған рухани сүйеу бола алмайды, ауылдың етек басты сауатсыз қызының жүріс-тұрысы, қылығы Шерниязды одан тез безіндіреді. Ал, қаладан тапқан жары Жәмила жеңілтек мінезді, алдамшы болып шығады. Әуелде қазақы қыздың сыпайылығын, жұмсақтығын, әдептілігін бағалай алмаған Шернияз қала қызының сыртқы жылтырақтығына, сылдыраған сөзіне елігіп кателеседі. Оның бойынан рухани жұтандық көрінеді. Ақыры Жәмила Базарбаймен қол ұстасып кетеді. Шернияз – заманның осындай ауыртпалығын арқалаған өз халқының адал, күрескер азаматы. Оның ақындығы да халықтық дарынның рухани биіктігін, заманынан жоғары тұрғанын бейнелейді.

Пьесада Шерниязға карама-карсы алынған бейне – Базарбай. Ол да акын. Далада туған Базарбай, бірақ, тым өзгергіш. Ол қалаға үйренген, оның жеңілтек қыздарына, музыкасы мен биіне құмар. Ауылдың ет пен қымызына, ауасына ғана келеді. Даламен рухани туысып кете алмаған. Соған карамастан ауыл адамдарының азғыруына тез көнеді, олардан пара алып, солардың шаруасын «тындыруға» жүреді. Осы қылықтары Базарбайды Шернияздан бөледі. Екеуі келісе алмай айырылысады.

Пьеса ақ өлең үлгісімен дәстүрлі өлең араласа жазылған. Оның негізгі кейіпкерлерінің акын болуы да оған әсер еткен сияқты. Жалпы қазақ драматургиясындағы ақ өлең үлгісі, шешендік, поэзияға тән биік пафос Жүсіпбектен басталады. Кейін оны Мұқтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Әбділда Тәжібаев әрі қарай, тереңдете, дамытып алып кетті. Осы салада «Шернияз» пьесасының алатын орны ерекше.

Ж. Аймауытов пьесалары идеялық бағыт-бағдары жағынан да, көркемдік ізденістері тұрғысынан да жиырмамыншы жылдар әдебиетіндегі жаңа құбылыс болып табылады. Ол жананың жеңісін, ескінің күйреуін суреттей отырып, өз дәуірінің жаңа адамдарын ашты, қазақ аулындағы әлеуметтік тартыстың сырын шынайы бейнеледі. Драма жанрының жастығы, тәжірибесіздігінен туған кейбір шұбалаңқылық, оқиға алмасуының жүйесіздігі кездесе тұрса да, Жүсіпбек пьесалары өз дәуірінің сұранысына толық жауап берді, алғашқы қазақ театрының репертуарын құрады.

* * *

Жүсіпбек – қазақтың ұлттық прозасының да бастауында тұрған, оның туып, қалыптасуына аса зор еңбек сіңірген жазушы. Ол алғашқы талабын газеттік мақалалар жазудан бастап, біртіндеп көрнекті публицист болып өсті. Шағын суреттемелер, очерктер жаза жүріп, көркем әңгімелерге ауысты. Содан прозаның үлкен жанрларына қол созды. «Қартқожа» (1926), «Ақбілек» (1928) романдары қазақтың

ұлттық әдебиетінің кең тынысты реалистік романға бет алған тұсының елеулі туындылары. Осылардың бәрінде жазушының бұқарашыл көзқарасы, олардың азаттық, теңдік жолындағы күресі мен ізденісі кең қамтылып суреттеледі. 1917 жылы «Сарыарқа» газетінде (19-июнь) басылған «Тұр, бұқара, жиыл, кедей, ұмтыл, жастар!» атты мақаласында патшаның тақтан түсуін, ақпан төңкерісінің жеңісін құттықтай отырып ол: «Жасыратын қылық жоқ – бостандық, теңдік күштіге, жемқорға келген теңдік емес, бұл өзі кара бұқараға, кедейге келген теңдік, қол жете алмай жүргендерге берілген бостандық», – деп жар салып еді. Кейінгі публицистік қызметінде ол елдегі өзгерістер мен адамдар тағдырындағы жаңалықтарды тереңдете жазды, ұнамсыз жайларды өткір сынап шенеді.

20-жылдардағы Жүсіпбек әңгімелерінің ішінде «Елес», «Әнші» деген шығармалары елеулі орын алады.

«Елес» – сатиралық әңгіме. Оның сюжеті қарапайым. Аймақтық жастар комитетінен шұғыл мақала жазу жайында тапсырма алған журналист ештеме шығара алмай (жанын тербемеген тақырыпқа тапсырмамен жазу оңай ма?) қиналып отырғанда, үстіне Елес кіріп, журналист (және оның әріптестерінің) кейпіне, жазғандарына сын айтады, оған заман, шындық талаптарын қояды.

Әңгіменің шыншылдық рухы журналистің тіршілігін, оның ойына ештеме келмей, бей-жай есеңгіреп отырған кейпін сатиралық түрде бейнелеуінен ғана емес, жалшы қалам ұстаған оның әріптестерінің өмірдің сырына терең үңілмей, бетінен қалқып жүргендеріне, дәуірдің белсенділігіне еріп, ойсыз даурықпаға түскендеріне сын көзімен қарауынан да анық көрінеді. Елес – шындықтың бейнесі. Ал журналист болса, өтіріктің, жалғандықтың, даурықпа – даңғазалықтың құрбаны. Сондықтан да ол шындық алдында дәрменсіз. Шындық Елес боп келіп, оған алтыатарын кезеп, өмірді білмей жазуынды тоқтат деп қорқытады. Ащы да болса, Елес сөзі, талабы – шындықтың, өмірдің талабы. Ол баспасөз,

қалам қызметкерлеріне риза емес. «Міне, сендердің төңкерісті ұқпағандығың. Күнде айғай, күнде даурық, желдеткен қара боран сөз мезі қылғандай болған жоқ па? Құрғак сөзден жалықсандаршы. Енді бір өмірге, тұрмысқа келетін сөз жазсандаршы? Біздер – жастар – көппіз, жұлдызбыз, арыстанбыз, батырмыз, қорықпаймыз, жаншып таптап кетеміз, жанып тұрған отпыз, жалынбыз, біз коймаймыз, біз кенелтеміз, біз қарқ қыламыз» – дей бергеннен не тамады? Мұның бәрі ет пен терінің арасындағы жел емес пе? Төңкерісті жазғанда, осылай жаза ма екен?»¹¹.

Елес әр түрлі сұрақтармен журналистің есін тандырып, мойындатып алады да, оған өз талаптарын қояды. Ол «қазақтың ертегідей өткен күнін жырлап» «Зар замандатып» жүргендерге де, «жаңашыл болғанның жөні осы деп, ескі әдебиеттен» безушілерге де, «бүгін идеалист, ертең материалист, бүгін реалист, ертең символист, бүгінгіні футурист» боп жүрген құрбыларға да ащы сын айтады.

Жазушы журналистің жаза алмай малтығып отырған портретін де ұлы кекесінмен суреттейді: «Басым сынып барады. Сынбай қайтсін! «Масленкенің» шелпегін жеймін деп, бір жолдастың үйінде отырып қалып, «бозжорғаны» айданқырап жібергенмін... Қаламымды шықырлатып, қайта-қайта маламын... келмейді. Жер ошакқа аяғын тығып алған боташа қаламымды сілке түсемін... әлі түк жоқ. Ерсілі-қарсылы уқалап жын соққан торғай бастандырып, шашымды да дудыраттым. О да түк сеп болмады. Бар бітіргенім – алабота жакқан ауылша, тұмсығымнан түтінді гу-гуімен шығарып, бықсыта беремін. Үйдің іші алай-түлей, сасық тұман. Басым да тұман» (Сонда).

Жүсіпбек 20-жылдар ішінде осындай сатиралық шығармаларды кең жазды. Жаңа өкіметтің тәртібі әлі орнығып болмаған заманда оларға негіз болған өмір шындығының өзі де солай болатын. Оны түсінбеген ҚазАПП сыншылары ол «Тұрмыстың жаман жағын алып жазады. Ел басына, қазақ даласына қара тұман, ақырзаман орната жазады»⁶ деп айып-

¹¹ Тоғжан ұлы Ғаббас. Әдебиет және сын мәселелері. – 1929, 143-б.

тады. Мұндай сындарды көп жазған адамның бірі – Ғаббас Тоғжанов. Оның «Әдебиет және сын мәселелері» (1929) атты кітабына кірген «Жүсіпбек» атты мақалада (140- 154 беттер) жазушы атына айтылатын бір ауыз жылы сөз жоқ. Ол Жүсіпбек кейіпкерлері ішінен «бір оңған адам... бір таза адам» таба алмайды. Дәуірдің шындығын мойындай отырса да, ол Жүсіпбектің жазу әдісін категе санайды. «1921-22-23 жылдарда қазақ арасында тәртіпсіздік болғаны рас. Ел ішіне барғандардың ішінде қиянат қылатындары, пара алғандары, елді үркітіп қорқытатындары болғаны рас. Бірақ елге барғанның бәрі осындай болды деуге болмайды ғой», – деп жуып-шаяды.

«Елесті» Ғ.Тоғжанов «саяси астары бар әңгіме ... Әңгіме емес, әңгіме түрімен жазған саяси мақала» – ... тіпті «контр-революция», – дейді. Ондағы сын коммунистерге арналған деп топшылайды. Мұның бәрі сол кездің, жеке адамға табыну кезіндегі ҚазАПП сынының ұғым-түсінігін танытады. Өмірдегі қайшылықты құбылыстардың әдебиет бетінен орын алу заңдылығы олар үшін жұмбақ болды. Тіпті Ғаббас Жүсіпбектің «Өмір деген осы ма?» деген әңгімесін сынап келіп, «мұны саясат тілінде торыққандық, түңілгендік, дүниені, қоғамды ұқпағандық» деп айыптады. Бұл әңгімеде жазушы өмірдегі әділетсіздік жайында ойланған. Томаша көбелекті жейді, бозторғай тұрымтайға жем болады, құрт құмырсқаның аузына түседі, өрмекші шыбынды торға түсіреді, сұлу қызды жігіт алдап кетеді – осылардың сырына үңілген жазушы кейде «дүние деген осы ма» деген ойға қалады.

Жүсіпбектің тағы бір көркем, әдемі әңгімесі – «Әнші». Бұл Әміре Қашаубаевтың әншілік өнеріне арналған шығарма. Жазушы Әмірқан бейнесінде атақты әншінің жас кезіндегі өмірін, өнерін негізге алған. Кейіпкердің әншілік талғампаздығы, сыршыл сезімталдығына қоса адамдық кейпі, жүріс-тұрысына дейін қазақтың кең даласындай еркіндігі, бейқамдығы әңгімеде нанымды бейнеленеді. Жүсіп-

бек оның әніне еліте жазады: «бір-бірін киып кете алмай, мұратына жете алмай, қош айтысқан жарға ұксап; жалғызынан айрылған, канатынан қайрылып, зарлаған бейне жанға ұксап; болмаса жылап егілген, көзден жасы төгілген, бейне бір қайғы-зарға ұксап» сарнаған өкінішті, өксікті, қасіретті, мұнды ән сарыны әңгімеде әдемі суреттеледі.

Әмірқанның өскен, жүрген, ән салған ортасы, Жетішатыр қаласының сауықшыл, көпшіл дәстүрі де әңгімеде шынайы ашылған. Жазушы бейнелей бастаған тұрмыстың қысқаша суретінің өзі-ақ («бізді қазақтан басқа кім мекендесін» деп тұрған бет-аузы қисық, көздері сығырайып тұрған жапырайған, тәукеншік үйшіктер, жаман-жұман баспаналарды басып кететіндей қоразданған байлардың салауатты көк шатырлы сарайлары) оқырманға көп нәрсе аңғартқандай. Ол «ескі-құсқы киім, етік-метігін қолтықтап, дорбасын, бокшасын арқалаған қаланың кедейлеріне», күнкөріс қиындығы арзан тіршілікке итермелеген қымызшы келіншектер қылығына қоғамдық әділетсіздіктің көрінісі ретінде қарайды. Тұрмыс билеген ортаны көтеріп, рухтандырып тұрған да Әмірқан әні, өнері. Сол арқылы жазушы халықты қандай қиыншылыққа болса да төзуге тәрбиелеген, оның рухани тіршілігін жүдетпеген өнерді зор бағалайды. Өнер адамына да сын жоқ. Тұрмысқа епсіздік, қыз-келіншекке құмарлық «Аштан өлем-ау, көштен қалам-ау!» деп ойламайтын бейқамдық – жалпы өнер адамына тән мінез. Сондай қамсыз, артын ойламайтын, өнерге, әсемдікке еліте берілген Әмірқан характерінің бір ұшығы оның Ақтамақпен кездесулері арқылы әдемі ашылған.

Жүсіпбектің шағын прозадағы алғашқы бетталысы оның журналистіктен жазушылыққа, өмір фактыларын тізуден бейнелеп көрсетуге ұмтылысын, суреткерлікке бой ұрғанын көрсетеді. Сөйте-сөйте ол үлкен прозаға бет бұрды. 20-жылдардың екінші жартысында ол, негізінен, көлемді проза үлгілеріне ауысты.

«Қартқожа» – болған уақиғалардың ізімен жазылған шығарма. Оның қаһарманы – өмірде болған адам. Бірақ

Жүсіпбек өмір фактыларының ауқымында калып қоймай, оны дәуір шындығына лайықты жазушы қиялымен толықтырып, нақты типтік көркем бейнеге айналдырған. Оның Қартқожасы өмірде болған прототипінен көп жағынан өзгеше, қаһарманның таныс-бейтанысы сияқты.

Соңғы жылдары, әсіресе, Жүсіпбек әдебиетке қайтып оралғаннан кейін, жазушыны білетін адамдардан оның шығармашылық өміріне қатысты мәліметтер түсе бастады. Соның ішінде «Қартқожа» романының жазылу тарихына байланысты материалдар да бар. Осы деректерге карағанда, Қартқожа – өмірде болған, романға негіз болған оқиғалардың біразын басынан кешірген адам. Жүсіпбектің жерлесі, белгілі жазушы Зейтін Ақышевтың айтуынша, Қартқожа Жанан ұлы Тоғанбаев 1896 жылы туып, 1938 жылы Сталиндік репрессияға ұшыраған. «Өз басым ол кісіні жақсы білемін, – дейді Зейтін. – Оның атын атамай, Қартаға дейтін едік. Ол өзінің алдынан сабақ алған біздерге ғана емес, оны білген әлеуметтің бәріне қадірлі, сыйлы адам еді. Жеті атасынан бері шыр бітпеген тақыр кедей болатын... Жасынан зерделі бала байдың қозысы мен қойының соңында жүріп-ақ молдадан оқып, арабша сауатын ашып алады. Оған қанағаттанбай, Баянаула бекетіндегі бастауыштан жоғары мектепке (вышеначальное училище) түсіп орысша оқиды»⁷.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары мұғалімдік курстен өткен Қартқожа қалған өмірінің барлығын ұстаздық қызметке арнаған. Оның алдынан жаңа заманның көптеген жас кадрлары өткен. Зейтін Ақышев – соның бірі. Қартқожаны жақсы білген Жүсіпбек оған тақыр кедейдің ішінен шығып, оқып, жаңа дәуірдің рухани тіршілігін жасауға ұмтылған алғашқы жастардың бірі есебінде караған. Жаңа өмір жасаушылар, қазақ халқының сауатын ашып, оларды өрге сүйрейтіндер осылардың ішінен шықпақ. Жүсіпбектің романын жастарға арнауы, оның қаһарманы етіп жас ұрпақтың типтік өкілін алуы осыны аңғартады. «Елі үшін күйген, Еңбекті сүйген,

⁷ Ақышев З. Жүсіпбек және оның Қартқожасы // Жұлдыз, 1990. – №8. – 188-б.

ізгі тілекті, Ер жүректі, Жұртшылық көсемі – Жалынды жастарға арнаймын!» – дейді ол «Қарткожаның арнауында»⁸.

Жүсіпбектің Қарткожаны қазақ аулындағы ең әлсіз топ – тақыр кедейдің баласы етіп алуында да үлкен мән бар. Біріншіден, ол тарихи Қарткожаның шыққан ортасын дәл көрсету ниетінен туса, екінші жағынан, қоғамдық жіктің ең төменгі, әлсіз ортасына алынған қаһарманның теңдікке қолы жетіп, оқып, сол қоғамға пайдалы азамат болуын суреттеу ниетінің өзі де қызғылықты. Бұған жазушының өзінің де шыққан ортасын қосу керек. Ол да кедей баласы, кедей өмірін жақсы біледі. Соған лайық роман қаһарманы дәуірдің өзгерісті лебін біртіндеп бойына сіңіріп, оянып, оқып қатарға қосылады. Саяси, рухани сауатын ашады, жаңа өмірдің жасаушылар легіне ілігеді.

Романда сол кездің әдебиетінде көбірек байқалатын қаһарманды тезірек жеткізіп, күрескер етіп шығаратын жасандылық байқалмайды. Жазушы Қарткожаны өмірдің ұзақ, сан қилы талқысына салып, біртіндеп оятады. Тіпті роман соңында да ол – белсенді, жетілген күрескер емес, қаладан оқып, ауылдағы жаңа өмірді ниет қып келген жас. Ауыл кедейі ішінен шыққан жас адамның сол дәрежеге жетуінің өзі – қазақ даласына келген қоғамдық-саяси-әлеуметтік өзгерістердің салдары екеніне роман оқырманын сендіреді. Алдағы өмірді жасаушылар олардың қатарынан шығатынына нұсқайды.

Роман басталғанда-ақ біз оның негізгі кейіпкерімен танысамыз. Ол ауыл молдасынан оқитын көп баланың бірі болғанмен, мінез-кұлқы жағынан да, тіпті сыртқы пішінімен де олардан бөлек көзге түседі. «Сол балалардың ішінде босаға жақта-астында бір жапырақ тай тері, мұрнын қос-қостап тартып, қожасының ақ сабауына қарай түсіп, шиге шанышқан бір жапырақ қағазына үңіліп, құнысып бір бала отыратын еді. Жасы 10-11 шамасы болар ма екен, қалай?...

⁸ Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалары. 1-том. – Алматы: Ғылым, 1996. – 32-б.

Екі жеңі де сауыс, бетінің бір жағы да сатпақ, көзінің былшығы да жөнді тазармайды. Сол баланың как-сокпен ісі жоқ, момақан, аңқау, көзі бажырайып, аузын ашып, мұрны қоңкиып отырғаны. Жасында балпиған, сүйкімді бір бала болады ғой, тап сол бала осы еді. Құдай оңдап, аты да түріне сай бола кете ме? Қартқожа... Жас балаға лайық ат емес қой», – деп суреттейді жазушы оны (Сонда, 32-б.). Жүсіпбек оның сыртқы портретін де, ішкі мінез-кұлқын да ұзақ тәптіштеп жатпайды, оған қысқа суреттемелер береді. Осы баланың мінез-кұлқындағы ең басты назар аударатын нәрсе – оның оқуға ынтасы, құмарлығы. Бұл – сол кездердегі қазақ балалары психологиясындағы жаңалық. Ол жаңалықты бізге ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының даму жағдайлары әкелді. Ресейдегі әлеуметтік революциялардың қазақ жеріне әсері, ұлттық сана-сезімінің оянуы, оқу-білімінің қажеттігін түсінуі бұл кезде дәуірдің ең өзекті жаңалығы боп кіре бастаған еді. Қазақтың дамыған елдердің қатарына қосылуы, ең алдымен, ел ішінде оқу-білім тарату, сол арқылы қалың қауымды ұйқыдан оятып, надандықтан жарыққа шығару идеясымен тікелей байланысты қаралды. Сондықтан Қартқожаның өз ортасынан ерекше оқуға ұмтылуы – дәуірдің типтік құбылысы деп қаралуы керек.

Көшпелі тіршілік пен рушылдық-ағайыншылық қарым қатынас қазақ аулындағы қайшылықтарды сырт көзден тасалай ұстауға тырысқанмен, ел ішіндегі таптық жік, қоғамдық әділетсіздік әрқашан бой көрсетпей қалмайтын да еді. Бұл, әсіресе, ауылдың кедей шаруалары тіршілігінен анық танылатын. ХХ ғасырдан бас кезіндегі әлеуметтік, қоғамдық ояну мұны тіпті айқын көрсетті. Қартқожа да есейе, есін жия келе осыны анық таниды. Адамның бір жәбір көріп, әділетсіздіктен торығып ойланатын кезі келеді ғой. Сондай бір тұстарда Қартқожа да өзін кемсітіп, әлімжеттік жасаған, тіпті зорлық көрсеткен бай балалары қылықтарын есіне түсіреді.

Ойлана келсе, әлділерден зорлық көретін бұл ғана емес екен. Әкесі де талай зорлық көріпті. Баланың өзі куә болған

әділетсіздіктер каншама! Мұның бәрі жазушының ә дегеннен кейіпкерінің алдына дәуірдің өткір проблемаларын қойып, оның осы жолдағы ойларын, толғанысын суреттеу арқылы образ жасауға ұмтылысын көрсетеді.

Ендігі жердегі Қарткожаның үміт-арманының бәрі орысша оқу тілегімен байланысты өрбиді. Ол әр жерде ашылған орыс мектептері (романда «үшкөл»), оларда оқитын казак балалары жайлы мәліметтерге құлағын түре жүреді. Жазушы бұл жерде де Қарткожаның ішкі толғанысына, сезіміне үңіліп, оның өзі көрген орысша оқыған жастар жайлы ойларын ортаға салады. Ол көрген Әбділда перуатшік, Уфа медресесінің шәкірті, Жүніс т.б. баланың ынтасын ұштап, қиялына канат бітірген жандар. Бәрі де орысша оқыған, іс басындағы адамдар. Қарткожа солардай болуды армандайды.

Ескі қоғамдық ортада адамның әлеуметтік тұрмыс ықпалынан сытылып шығып мақсатына жету үшін талаптануы оңай да емес-ті. Қарткожа да оған жете алмайды. Оның үстіне тағдыр қитығына кездесіп, Жұман үйінің шаруасы да күйзіліске ұшырайды. Күн көріп тандайын жібітіп отырған жалғыз көк бие жамандатып өледі. Сол үйдің құты көк бие екен – ол өлісімен одан қалған ұрпақ түгел қырылады: құлынын қасқыр жеп кетеді, көк тай алқымына шығу шығып өледі, көк құнанды ұры әкетеді. Қызыл шолақ сиырдың желіні ісіп, бір жағы беріштеніп, сүтінен айырылып, сыңар емшек боп қалады. Күзекте отырғанда шығып кеткен қара інгенді әлдекімдер бір жұмадай шөп тасуға салып зорықтырып, бота тастап, ыстық-суықты болып ол өледі. Қарткожа әкесінің балаша еңіреп жылағанын көреді. Солқылдап әжесі жылайды. Соларды көріп үй айнала беріп өзі де жылайды. Мұның аяғы жұтқа жалғасып Жұманның өлімімен тынады. Осындай жағдайда ол 1916 жылы июнь жарлығын қарсы алады. Романның екінші бөлімі түгелдей осы оқиғаға арналады.

Көтерілген жұртқа еріп атқа мінген Қарткожаның осы жолда көргендері – ол үшін тұтас бір мектеп болды десек

артық емес. Бұрын үйден, ауылдан шықпаған бала көп ішінде жүріп, халықтың әрқилы тобын, олардың тіршілігін, әрекет-тұрмысын көреді. Дәрмен сияқты батыр жігіттермен танысады. Жасакқа қосылып далада жігіттердің жоспарсыз, берекесіз тіршілігіне (әңгіме, сөз қуған, күресіп, төбелескен, ет аңдыған, рулық жікке бөлініп таласқан, т.б.) куә болады. Мұндай жағдайда көтерілістің мақсатына жетуі мүмкін емес еді. Қартқожа осыны түсінеді, не істерін білмей дағдарған халықтың мұң-зарына ортақтасады, болыс аулында, Ыдырыс қажы елінде жиналған елдің «бас көтерерлерінің» етке құныққан озбыр қылықтарынан түніліп кайтады. «Қазақтың қан жылап жатқаны мынау. Құзғындардың, «жаксылардың» «адамдардың» түрі анау.

Мыңдаған, миллиондаған азамат ажалға кетіп бара жатады. Жүздеген жауыздар масайрап, тамақтан басқа қамы жоқ, елді еміп жатады. Олардың жауыз баласы үшін біз жанымызды құрбан қыламыз. Не өтесісі, не жақсылығы үшін? Әділет, теңдік, адамшылық қайда?» (89-б.) – деп ойлайды.

Бірақ мұндай ойлардың ұшығына жету мүмкін емес еді. Іс-әрекетсіз, әділетсіздіктен түнілу мақсатқа жеткізе алмайды. Іштей кіжінгенмен, Қартқожа да дәрменсіз. Көтеріліс басылып, көптің бірі болып ол солдатқа алынып кете барады. Баласының көтеріліске қатысканы үшін жаза тартып, бар малынан айырылып онсыз да кедей Жұман үйі тақырланып қала береді. Романның екі бөлімі бойы суреттелетін Қартқожаның ауылдағы өмірі осымен аяқталады. Алайда, осының өзі роман кейіпкерінің ояну, іздену, түсіну жолында көп белестерден өткенін толық көрсете алады. Өмір оның алдына ығи сұрақ қояды. Бірақ әлі де бұл сұрақтарға жауап тауып ала қою оңай емес еді. Осы жолдағы ізденіс кейіпкердің кейінгі өмірінің үлесіне тиеді.

Солдат өмірі – Қартқожаның рухани өсуіне молырақ жол ашқан жаңа кезең. Бұл кезде ол елден тыс жерде, алыс және көрмеген өлкеде, таныс емес адамдар арасында өмір кешеді. Мұнда да жазушы оны қилы-қилы қиыншылықтардан

«көрмеген жердің көп ой-шұқырынан» өткізеді. Мұның бәрі Қартқожаның өмірін жаңаша сәулелендіріп, оның ой-өрісін кеңейтеді. Ол майдан алаңы шындығына көндігеді, тіршілік-тұрмыс жайлы ұғым түсінігін молықтырады.

Қартқожаның оқуға ұмтылуы осы өмір танудың нәтижесі еді. Ол келешектің оқумен ғана байланысты екенін ұғады. Оқуды Баян қаласында малайлыққа жалданып, орыс тілін үйренуден бастайды. Семейдегі мұғалімдер курсына, Омбы рабфагына түсіп оқиды. Тұрмыс жағдайымен кейде оқуын үзіп, ара-арасында мұғалімдік қызметтер аткарып, бала оқытады. Қоғамға пайдалы істерге қатысады. Осы жолдағы Қартқожаның талабын, ізденісін жазушы сол кездің саяси-әлеуметтік тіршілігімен байланыстыра суреттейді. Дәуірдің қат-қабат шындығы Қартқожаның ғана емес, бүкіл елдің алдына жаңа проблемалар тосады, Қартқожа соларды көріп ойланады. Романның соңында ол Омбыдан елге оралып, жиналған жұрт алдында жігерлі сөз сөйлеп, халықты еңбекке, оқуға шақырады.

Қартқожа арқылы азаттық, теңдік дүбірі оятқан жас ұрпақтың ұлттық ой-өрісін, сана-сезімін көрсетуге ұмтылған жазушы мақсаты осы айтылғандардан анық танылады. Ең бастысы – негізгі қаһарман өзін қоршаған қоғамдық ортамен тығыз байланыста суреттелген. Ол – өз кезіндегі барлық саяси-әлеуметтік істерге қатысушы. Дәуірдің қайшылықты көзқарасының бір жағын батыл ұстамағанмен, ол сол арқылы шындықты біртіндеп танып, ой-өрісін жетілдіреді, пікірін қалыптастырады.

Романның соңғы бөлімінде жазушы өз кейіпкерін революциядан кейінгі аласапыран уақиғалар легінде ұстайды. Өмір тартысы тудырған сұрақтарға тап етіп, оған соған жауап іздетеді. Мысалы, жазушы революциядан кейінгі «разверстка» оқиғасын суреттеп, мал жинау кезіндегі зорлықты, асыра сілтеуді қоспасыз әңгімелейді.

«Барса, үлкен жәрмеңке екен. Қара құрым кісі, қаптаған мал, шабуыл-шартыл. Шабарман мен милиция малды ай-

дап бір ашық аранға қамап жатыр. Аранның аузында белінде алты атары, қолында дырау қамшысы, винтовкасы бар, түсі суық адам тұр. Аранға кірген малды санап, таңбалап шығарып жатыр. «Мынау менікі еді, осымен нәлен қарам кірді» деп ұмтылған бір-екеуі қас бастан қамшы жеп, шыр айналды. Исахан деген бір қазақ күзетші байқамай тұрғанда, аранға кіріп бара жатқан өгізін тұмсыққа қағып қалды. Күзетші көре сала ұмтылды. Исахан тұра қашты. Қоймады. Мылтық дүмімен түйіп-түйіп жіберіп еді, Исахан сілейді де қалды. Су Ыбырай деген бір сиырын қақпалап әкетіп бара жатқанын көріп, оны қошқар тұмсық қара торы кісі қуып жүріп сойып еді. Ыбырай жан ұшырып үйдегі әйелдердің астына тығылды. Сонда да қоймай суырып алып сойды. «Мал – адамның бауыр еті» ғой, талайлар ойбайды салып, жүгіріп арандады, сыбағасын алды. Қазақ таяқты да керек қылмайтын еді. Серпілдірген мылтықтың даусы болды. Қартқожа өз аулының кісілерін іздеп жүр еді, қора жақтан мылтық тарс етті. Топталған жұрт жалт беріп тұра қашты.

– Немене? Не, не?

– Әубәкірді атып тастады.

Жұрт тым-тырақай малдан қаша бастады» (128-б.).

Мұнда жазушы Кеңес өкіметінің байлардың малын алу науқанын бүкіл халықты тонауға айналдырған белсенділігін әдемі суреттеген. Адамды қорлаумен, зорлықпен қабағтаса жүргізілген бұл науқанның аяғы 1920-1921 жылдардағы аштыққа әкелгені белгілі. Қартқожа осы науқанды көзімен көріп, оның жоспарсыз, ретсіз жүргізілгенін байқайды. Осының ар жағында Баяннан Семейге бара жатқан кейіпкердің көзімен жазушы сондай зорлықтардан кейін малы азайып, күн көрісі әлсіреп жүдеу тартып қалған елдің суретін береді.

Елдің малдан, жердің көріктен айырылған тұсындағы оқиғаларды көз алдынан өткізе отырып, Қартқожа ел, жер, мал тағдыры жайлы ойға қалады. Қуарған дала баяғыдай қалпына келіп толықсыр ма? «Қайтқан дәулет қайта

тағына конар ма? Төгілген шара қайта кемеріне келер ме? Отырықшы болып, егін салып, кәсіпке көндігу қазаққа не берер екен? Отырықшы болған ауылдағы үйлер оған боктын арасынан көзі жылтырап, еңсесін түсірген «тірі мола» сияктанып көрінеді. Әрі малдан айрылып, әрі егіннің тілін біле алмай, әрі сайманға, көлікке жарымай, итшілеп, азып-тозып бара жатқан жок па? Отырса, Ертіс бойындағы өзен, өлке, тау, бұлақ, күйкалы жер сағалаған елдер отырар. Ал мынау жолдағы елдер қалай отырады, қалай орнығады?».

Қартқожа ойы арқылы жазушы сол кезде күн тәртібіне қойған бұл мәселелердің қазақ халқының кейінгі тағдырында талай талқыға түскенін, әлі де толық шешімін таппай талай елді ойландырып келе жатқанын ескерсек, Жүсіпбектің ел, жер тағдыры туралы ойлары үлкен ойшылдықтан, көрегендіктен туғанын аңғару қиын емес. Зорлықпен малынан айырылып, малға сүйеніп өскен халықтың аштан қырылуы бір емес екі қайталанғанын (әуелі байдың малын алып, кедейге үлестіру деген сылтаумен, кейін колхоздестыру науқанымен) көрген ел жазушы ойларының қазақтың болашағы үшін үлкен маңызы болғанын түсінеді.

Қартқожа романның негізі кейіпкері болған соң жазушы да бүкіл шығарма сюжетін соның іс-әрекеті, тіршілігіне қарай ыңғайлай құрған. Жазушы оны өмірдің әр қилы тартысы мен қақтығысы жағдайында көрсете отырып, оның өмір кешкен ортасында негізгі кейіпкермен тікелей байланыста суреттейді. Эпизодтық көріністерде ғана берілгенмен, Қартқожа тағдырына қатысты адамдар мен өмір шындығы, тұтастай алғанда, оқырманға едәуір шынайы әсер қалдырады. Жазушы қысқа суретпен нанымды образ жасайды. Әкесі Жұман мен шешесі (оның аты да аталмайды) жайлы әңгімелер кедей, мүсәпір адамдар тағдыры туралы әсерлі көрініске толы. Кедейлігіне шағынбайтын, барға қанағат, жокқа сабыр ете білетін, шағын шаруасын өзі күйттеп үйренген момын, адал Жұман бүкіл семьясында соған үйреткен. Ұрыс-жанжалдан аулақ, сыйластыққа

негізделген әке-шеше қарым-қатынасы да балаларына әсер еткен. Осындай момын, кедей семьяны тағдырдың қырсығы айналдырып, «тастаған шокпар сорлыға тиеді» дегендей-ақ жұт та, жоқшылық та, малдың өлім-жітімі де алдымен Жұман үйін айналдыратыны романда әдемі суреттелген. Оның негізгі кейіпкер тағдырын ашудағы ролі де үлкен. Сөйтіп жүріп, жоқшылық бейнеті, алдымен, Жұманды алды, одан кейін үлкен ұлы Тұңғышбай дәл әке өлімін (оның себептері мен салдары ұқсас) қайталап, ол кетті. Мұның бәрі әділетсіздікке негізделген қоғамның құрбандары еді. Егер әке, аға жолын ұстанса, Қартқожа да өмірден осы жолмен кетуге тиіс еді. Бірақ жана дәуір туды да, ол басқа жолмен кетті. Жүсіпбек суреттеген Жұман семьясының тағдырында сол кездегі қазақтың кедей жалшыларының типтік бейнесі бар.

Өмір жолында, әр қилы жағдайларда Қартқожа кездескен істес болған адамдар ішінде Дәрмен, Андрей, Хасен, Полидуб, Жайдархан, Біргебай қойшы, Сұлтанмахмұт акын сияқты кейіпкерлер эпизодтық суреттердің өзінде жанды әсер қалдырады. Дәрмен – қызық, нағыз халықтық бейне, оның бойында қазақтың ер жігіттеріне тән батырлық, балуандық, ғашықтық, әншілік мінездер түйіндескен. Онымен 1916 жылғы көтеріліс кезінде кездескен Қартқожа Дәрменмен байланысты әңгімелерді ауылдан бұрын шығып көрмеген, мұндай ортаға түспеген бұйығы баланың сезімі арқылы тамсана, аңызға айналдыра отырып еске алады. Оның күресіне, әніне, Бәтішпен арадағы сүйспеншілігіне қызыға, тамсана қарайды. Мұның бәрі Дәрмен образына едәуір романтикалық сипат беріп тұр. Бірақ образ реалистік үлгіде, осындай батыр, халықтың ер, азамат ұлдары жайындағы ұғымдарға сүйеніп жасалады. Дәрмен іс-әрекетін суреттей отырып, Жүсіпбек қазақ даласының әр жерінде болған Иманжүсіп, Боранкүл, Рэтай, Тәуке, Майғара сияқты ер жігіттерді еске алады. Олармен істес болған, кездескен Дәрменнің әңгімесі бұл азаматтардың ел ішіндегі әділетсіздікке қарсы алысып,

болыс-билермен тартысып, заманның тарлығынан қорлықта өлгенін баяндайды. Дәрмен өлімі де алдыңғы ағаларының тағдырын қайталайды.

Жүсіпбектің реалистік өнері романдағы халық тұрмысының кең жасалған суреттерінен анық көрінеді. Қартқожа өмір кешкен ортаны ашу мақсатымен ол қазақ аулы тұрмыс-тіршілігінің әрқилы шындығын шынайы бейнелейді, әрбір суреттің, құбылыстың, уақиғаның артында автордың қоғам мен адам, тіршілік жайындағы ой түйіні тұрады. Сол арқылы ол өз кейіпкерін де ойландырады, толғанысқа, сезінуге жетелейді.

Жүсіпбек суреткерлігі болған оқиғаны әдемі, көз алдына елестете әңгімелеп беруінде ғана емес, ол негізі кейіпкер басынан кешкен қиындыққа оның ортасын, табиғат құбылыстарын да ортақ етіп суреттей білуінде. Ол табиғатты да, оның сырын да жақсы біледі. Оны әрқашан адам сезімімен, әрекетімен байланыста көрсетеді.

Мысалы, Қартқожаның Уфадан келе жатқан шәкіртті уәделі жеріне жеткізіп салып, одан алған кітапты далада жатып оқыған кезін суреттеген роман беттерін еске түсіріп көрейікші. Қазақтың жазық, мидай, тыныштық басқан даласы. Күн шуақ. Аспанда ақсабынның көбігіндей ақша бұлттар. Тек дала тыныштығын бұзатын қалың шөптің арасынан ұшып, қанаттары дырылдап, ызылдаған инелік, маса, шегіртке. Анда-санда пыскырып қоятын екі ат. Сондай тыныштықта, көк шөпке бауырын төсеп, қошқыл маңдайынан шып-шып тері шығып, анда-санда мұрнын тартып қойып Қартқожа шәкірттен алған кітабын оқып жатыр. Кітапқа құмартқаны сондай, аулына қайту керектігін де, аттарын да, тіпті басқа дүниенің барлығын да ұмытып кеткен. Оқыған сайын өңі кіріп, бет-аузы балбырап, қызығады, құмартады. Бұл арқылы жазушы жас баланың оқуға құмарлығын ашуды мақсат тұтады. Оның бойындағы құмарлық сезімін табиғат аясында ашады.

Адам сезімі мен табиғаттың үндесуін Жүніс пен Шәмкештің кездесу түнінің суретінен, Қартқожа солдатқа

шакырылған күні өз алдында тұрып ойланған сезімі күйінен көреміз. Мұнда да даланын кендігі мен бейқамдығы тудырған мінездер ашылады. Ел-жұртынан айырылу қаупі туған Қартқожаға бүкіл аулы, табиғатымен, малымен, жанымен сондай ыстық көрінеді.

Табиғатты Жүсіпбек жалпы ұғымда емес, адамның туған жері, өскен ортасы мағынасында түсінеді. Оның адам жанына жақындығы, онымен үндестік сыры да осында. Мұны солдаттан қайтқан Қартқожаның Баянға келердегі сағыныш сезімінен айқын көреміз. Кейіпкер сезімін суреттей отырып, жазушы туған жер туралы толғаныс жасайды:

«Туған жердің қадірін туғалы түзге шықпаған елдегі адам қайдан білсін?

Туған жердің қадірін алыс жерге ұзатқан, ұзатқанына әлде талай жыл өткен қыз білмесе, кім білсін?

Туған жердің қымбатын ғылым іздеп шет жайлап, кітап карап сарылып көзінің майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім білсін?

Туған жердің артығын жазатайым іс етіп, күштілерге күш етіп, еріксіз елден айрылған, шеттен дәмі бұйырған, жаттан сыйлау көрмеген ер білмесе, кім білсін?

Туған жердің асылын қаранғы үйде камалып, кара нан мен кара шай жүрегін кесіп жатқанда, қазы, карта, сары қымыз бір-бір ұшып көзінен есіл елін сағынған, бір көруге зар болған тұтқын білмесе, кім білсін?

Туған жердің қадірін әлеуметтік ісіне басын байлап жегілген, қағаз кемірген, күйіп-пісіп, көбелек боп еңбегінің жемісін көрсем-ау деп телмірген, тар көше мен тар үйде бойы бір сергіп көрмеген азамат білмей, кім білсін?

Ыстық қой, шіркін, туған жер. Туған жерге жеткенше, қайтіп дәтін шыдайды? Кім сағынбас өз қағын? Кім сүймесін өз жерін? Сүймесе сүймес зердесіз, шерсіз жүрек, тілеуі бөлек жетесіз. Туғалы ұзап шықпаған, бауырмал әжесінің бауырында еркелеп өскен, үлбіреген балапан жүректі Қартқожа қайтіп сүймесін?» (102-б.).

Сөйтіп жазушы кейіпкер сезіміне ортақтастығын білдіреді.

Роман жанрындағы алғашқы туындылардың бірі болғандықтан «Қартқожада» жазудың үйреншікті калпы сақтала бермейді. Ол кезде үлкен прозада қалыптасқан ондай стильдің өзі де жоқ болатын. Сондықтан Жүсіпбек қазақтың әңгіменшілдік дәстүрін негізге ала отырып, құбылысқа жазушы көзімен қарайды, көріністі суретке түсіреді, адам тағдырын қазық етіп ұстап, соның өсу жолын, ортасын кең бейнелеуге ұмтылады. Кейіпкерлерінің күйініш-сүйініш сезімдеріне көңіл аударады. Мұның бәрі, түптеп келгенде, қазақ әдебиетіндегі жаңа романның жасалу принциптерін орнықтыруға көмектесті. Жазушы өмір шындығын жұмсартпай, қаз-қалпында әдеби штампқа саямай еркін көрсетеді. Оның кейде әңгіме тақырыбын екінші бір мәселеге бұруының өзінде («Елде ес жоқ. Ел мас. Маужыраған елдің ішіне кіріп не қыламыз ұйқымыз келер. Басымыз ауырар. Ардақты оқушылармен бірге серуендеп, дөң басына шығып бой көтерелік» (46-б.); «Аяулы оқушылар. Қартқожа тартқан бейнетін оқып жандарыңыз жабыққан шығар. Сондықтан сіздерді Қартқожамен бірге қалаға апарып, жігіт алған жерде қаланың саудагерлеріне, бай-болыстарға аунатып жегізіп, докторлардың пара алғанын көрсетіп, Қартқожамен бірге жалаңаштап моншаға апарып ауыртып, тоғыз тазбен бірге қамап, дүнгендерден таяқ жегізіп әуре қылмай-ақ, тура майданға алып барғалы отырмыз» (97-б.) деген сияқты қазақтың қысқарта сөйлеу, әңгімелеу дәстүрінің салқыны байқалады. Сонымен бірге шығарманың соңғы бөлімінде суреткерлікті публицистика басынқырап кететіні байқалмай қалмайды.

Романның тілі, суреттеу құралдары Жүсіпбектің суреткерлігін, тіл байлығы, өмір құбылыстарын образбен танып, бейнелеп көрсететін шеберлігін танытады. Жазушының адамды тануында, портрет жасау әдісінде ұзақ сурет баяндаушылық жоқ. Қысқа жасалған портреттік суреттердің өзінен характер танылып қалады.

Оның ар жағында Жүсіпбек олардың сыртқы ұсқынын ішкі ойларымен, іс-әрекетімен нақтылай түсуге тырысады. Іс-әрекет, ой, көбінесе психологиялық күйініш-сүйініш, ішкі толғам арқылы кейіпкер ісіне өз қатынасын білдіріп отырады. Кейде әзілдің шегінен асып, жазушыға ұнамайтын нәрсенің улы кекесінге де айналып кететін тұстары аз кездеспейді.

Жазушы тілінде қазақ арасына сол кезде кіре бастаған орыс сөздері көп. Оны Жүсіпбек сол кездің атмосферасын беру үшін әдейі алған сияқты. Тіпті ол осы мақсат үшін қазақша баламасы бар орыс сөздерін де сол қалпында алады. Мысалы, оның ұғымындағы мектеп – ескі оқу орны да, үшкол (школа) – орысша оқытатын жер. Мұғалім – қазақ оқытушысы да, ошитель (учитель) – орыс тілін оқытушы. Бүгін солардың бәрі бір мағынада қолданылғанмен, ол кезде екі түрлі ұғымды білдірген. «Земство», «разверстка», «трамот» (мекеменің аты), окоп, солдат, т. б. сөздер осы мақсатта қолданылады.

Мұның бәрі «Қартқожа» романының кезінде қазақ әдебиетіне жаңа құбылыс болып кіргенін, оның осы жанрдағы әдебиеттің төл басы екенін көрсетеді. Оның жетіспей жатқан жақтары, олпы-солпысы шығарманың сол төлбасы болуымен байланысты. Жаңа ізденіс, тыңнан жол салу қашан да кем-кетіксіз болмайды.

«Ақбілек» романының идеясы Жүсіпбекке «Қартқожаны» жазу үстінде (мүмкін, одан да ерте) түскенге ұқсайды. Романда елімізде азамат соғысының аяқталар тұсында қызылдардан жеңіліп, оңтүстік шекараға қарай шұбырған ақ әскерлерінің жолдағы қазақ ауылдарына жасаған зорлығы, елді тонауы, қыз-келіншектерін жәбірлеуі сияқты фактылар суреттелетін еді. Семейге оқуға аттанып бара жатқан Қартқожа жол үстінде де осындай оқиғалардың талайына куә болады. «Иығында шені, сымбатты офицер солқылдақ арбада сұлу қазақтың қызын құшақтап қос боз атпен Қартқожаның қасынан өте шықты. Қартқожаға түскен қыздың көзі жыпылықтап кетті» (120-б.), – деп жазады автор.

Шынында, мұндай оқиғалар – азамат соғысының аласапыраны тұсында момын қазақ елі басынан кешірген үлкен ауыртпашылықтың бірі болатын. Орталық Ресейдегі үлкен соғыстан сырт жатқан қазақ елін оңтүстік шекараға қарай бет алған ақ әскерлері баса көктеп тонап өтсе, оны қуған қызылдар екінші жағынан шошытқан еді. Орыс біткеннен, әскер атаулыдан қорқатын қараңғы ел олардың қайсы дос, қайсы қас екенін айыра алмай шатасты. Ақ офицерлері кейде қызыл әскерлердің киімін киіп келіп тонап, елді адастырды. Мұндай оқиғалардың қазақтардың орыстармен қарым-қатынастарына белгілі дәрежеде әсер еткені, халықтың дос орыс пен жау орысты айыруға біртіндеп көз жеткізгені сол кезде жазылған көп шығармаларға (Жүсіпбек, Сәкен, Бейімбет, Ғабит) арқау болғаны да сондықтан. Осылардың негізінде қазақ қаламгерлері онсыз да кең даладан пана таппай сыртқы жаудың соққысына көп ұшыраған қазақ халқының жаңа дүрбелең тұсында бастан кешкен қайғылы күйлерін суреттейді. Әсіресе, қазақ қыздарының әлділердің ойыншығына, ермегіне айналған трагедиясын ашып көрсетті. Жүсіпбектің суреттеуіне сенсек, сол тұтқыннан қайтқан Ақбілекті көруге құмартқан Бозінгеннің (Мұсабайдың әйелі) таңсыққойлығын шенеп отырған Жүсіпбек: «Орыстар өз аулына да келген, қыз-қатындар тау-тасқа тығылған, өзі де үш солдаттың қолына түсіп қап, бұйырғанын көрген. Кіші үйдің қызы содан бері жіңішке ауруға шалдығып, от басында сұлап жататын болған. Сонда да қатын шіркіннің таңсыққойлығы басылған ба!» – деп жазады (197-б.).

Ақбілек трагедиясы – осы бүкіл халықтық трагедияның бір ұшқыны. Ақбілекті ақ солдаттарының алып қашып кетуі, оны қара мұрт офицердің әйел қып ұстауы – бір қыздың ғана емес, бүкіл елдің ұлттық намысына тиетін ауыртпалық. Қыздың бостандыққа ұмтылғанмен, ел бетін көре алмай қиналуы, әкесінің Ақбілектен қашқақтауы, атастырған күйеуінің тайсақтауы, ел-жұрттың оған бір түрлі аяушылықпен (екінші жағынан, таңсыққұмарлықпен)

карауы – бәрі де қызын алақанға салып, мәпелеп, аялап, өсірген казакка өлімнен де ауыр. Оның үстіне орысты кәпір деп қарайтын жат ұғым бар. Онымен араласқан, шатасқан елдің бәрі – жат, діннен шыққан харам. Бүкіл халықты, оның ішінде казак қызын осы тұйықтан алып шыққан – елдің жаңа тіршілікке ұмтылуы, оқуға талаптануы. Ел көзіне көріне алмай, күлкі боп ауылдан кеткен Ақбілек калаға барып оқып, адам қатарына қосылып жар тапты, бақытты өмірге кадам басты. Міне, «Ақбілек» романының бүкіл тақырыбы мен идеясы осыған саяды.

«Қарткожа», «Ақбілек» романдарын салыстыра қарасаң, Жүсіпбектің бұрын теңсіздікте, езгіде өмір сүрген, қараңғылыққа камалған казактардың жаңа өмірге ұмтылысын жүйелі түрде суреттеуді мақсат тұтқанын анық байқауға болады. Егер «Қарткожа» ол ескі қоғамдық жағдайда оң-солын танымай, жокшылықпен күн кешкен казак кедейінің азаттық жолына түсіп, оқып, адам болғанын суреттесе, «Ақбілекте» рушылдық-феодалдық ортада жікшілдік тартыстардың құрбанына айналған (Мұқаштың Ақбілекті орыстарға шығарып беру себептерін еске түсіріп көріңіз), сөйтіп жау қолында мазақ болған, одан ел бетіне қарай алмайтын «қарабет» болып оралған казак қызының жаңа заман тұсында оқып, өз бақытын табуы, қатардағы тең азамат болуы көркем бейнеленеді. Осы оқиғалар негізінде Жүсіпбек сол бір дүрбелен жылдардағы казак аулы өмірінің шындығын, адамдар тағдырындағы өзгерістерді, қоғамдық жаңарудың сырын кең көрсетеді. Ескі ауыл мен оның адамдары бойындағы қайшылықты күйлер мен ұғымдар тартысының суреттері, адам психологиясындағы тебіреністер мен оған араласқан жазушы толғанысының молдығы Жүсіпбек реализмінің байлығын, суреткерлік қарымының кеңдігін байқатады. Роман кейіпкерлері де заманмен, дәуірмен қабаттаса өзгеріске ілеседі, қоғамнан өзіне лайық орын іздейді. Ол орынды бірі тауып, бірі таба алмай жатса да, жалпы ізденістің беталысы елдің рухани оянуға ұмтылысын аңғартады. Солардың алдыңғы легінде Ақбілек дегеніне жетеді.

Ақбілектің ауылдың етекбастылығынан, алып қашпа өсек-аяңынан құтылып, қаладан бақытын табуы – жаңа өмірдің салтанат құруы. Ол – білім алып, қатарға қосылған алғашқы казак әйелдерінің өкілі. Өткеніне, бүгінгі шындыққа салыстыру көзімен қарайды. Өз өміріне ризалық білдіре отырып, «оқымаған әйел қор ғой, қапастағы құстай ғой» (315-б.) дейді Кәмила тағдырын еске түсіріп. Ақбілек пен Балташтың бас қосуын жазушы теңін тапқан, бақытқа қолы жеткен үлгілі, жарастықты семья ретінде бағалайды, оны кейінгі жастарға үлгі етеді. «Ақбілек көрген-білгенін Балташқа айтып келеді. Балташқа қызметтен келгенде кімнің не сөйлегенін айтып отырады. Сөйлескен сайын бірінің білгені біріне ауысады. Кейде Балташ баяндама, отчет жазғанда Ақбілек көшіреді. Ақбілек бірдеңеге алданып жатса, Балташ барып тамақ әкеледі. Екеуі бірге күйінеді, бірге сүйінеді. Өйткені дененің басқалығы болмаса, екеуі бір кісіміз деп ойлайды», – деп жазады ол (316-б.).

Бұл – бұрынғы казак әйелі басында, әйел мен еркектің ара қатынасында болмаған жай. Жаңа өмір әйелді осыған жеткізді, әйел мен еркекті бір қатарға қойды. Жүсіпбек осыны паш етеді.

Роман соңында ағасы мен жеңгесіне еріп, Балташын қасына алып еліне келген Ақбілекпен қайта танысамыз. «Ақбілек баяғы емес, өзгерген, өнер тапқан, жетілген, ысылған. Әйелдерге көсем болған. Бұрынғы бұйығы, ұялшақ, сызылған, мұңайған Ақбілектің ізі де жоқ. Ақбілектің қылығын, ісін көргенде, ақсақал таңданады: «Бұл қалай боп кеткен? Қаланың не қасиеті бар? Жұп-жуас, ұялшақ бала емес пе еді?», – деп ойлайды. Қалай да Ақбілек жат, Ақбілек өнерлі. Ол енді ақсақалдың ғана баласы емес, көптің баласы. Енді ақсақал одан именеді» (323-б.).

Бүкіл шығарманың идеясы автордың осы сөздерінде жатыр.

Әрине, Ақбілектің бұл күйге жетуі – оп-оңай бола салған дүние емес. Жүсіпбек оның тағдырын жеңілдетпей, қайшы-

лықты оқиғалар легінде көрсетеді. Өмір қиыншылықтарын кеше отырып, Ақбілек ауыр сезім күйлерін бастан өткізеді.

Роман Ақбілектің жау қолына түсіп кетуімен басталады да оның жастық шағымен біз таныса алмай қаламыз. Ол олқылықты жазушы кейін қыздың атастырылған жары Бекболаттың сүйгенін еске алуы түрінде берілген суретпен толықтырады. Бекболат алғаш көргенін ойына алады. «Маңдайы қасқып, мойны қаздып, көзі мөлдіреп, ерні үлбіреп, ауызға салғандай жұтынып тұр еді-ау! Тал бойында бір міні жоқ, жаңа шығып келе жатқан сүйріктей еді. Шашбауын сылдыреткізіп, сыпетіп түрегелгені, тізесімен ақкөйлегін серпе тастап, аяңшыл бедеудей кербездене аяқ басқаны, тысқарыда жүріп жеңгесімен сыбырлап сөйлесіп, даусы күмістей сыңғырлап тәп-тәтті күлгені, әнтек жымыып келіп шай жасап, өп-өтірік сызылғансып, үш саусағының ұшымен шыныаяқәпергені, салалықоюкірпігін салмақпен қағып, андасанда көз астымен бір қарап қалғаны, мұның шыныаяғына білдірмей бір қант тастап жібергені...» (200-б.) бәрі-бәрі Бекболаттың есінде қалыпты. «Осының жолына жаным құрбан болсын» деп өзіне өзі серт қылған жас жігіт бір қимылын қалт жібермей, бейнесін толық ойға түйінті. «Әсіресе, оның дауысы, оның күлкісі адам баласында жоқ еді ғой, — деп ойлайды күйеу жігіт. — Әлде әнтек күрмеліп шіңгірлеген құлыншақтың, әлде түн ішінде көл жүзінде сыңқылдаған аққудың дауысы ма? Жоқ, оның біріне де ұқсамайды. Ақырын сөйлесе, жас ботаның дауысындай, қаттырақ сөйлесе, ол дауысқа күміс қоңырау такқандай ма қалай, әйтеуір көмейінен бір сикырлы жат дауыс дәл жүрегіне барып тиер еді. Сол кезде бойың балқып, жаның иер еді. Ол күлсе, бұл жалғанның бәрі күліп жібергендей, қайда отырғаныңды ұмытып қалар едің. Өзге әйел оның тырнағына, басқан ізіне тұрмай қалар еді» (сонда).

Ғашық жігіт көзімен берілген суретте көтеріп, өсіріп айту жағы байқалғанмен, мұның бәрі Ақбілектің сұлулығын, қазақ аулының таңдаулы қызы болып өсіп келе жатқандығын,

оның бойында халық ұғымындағы сүйкімді, тәрбиелі қызға тән мінездердің тоғысқанын анық танытқандай. Өз ауылынан, ата-ана қойнынан шығып көрмеген, ауылдың бұйығы қызы жана пісіп келе жатқан кезінде, 15 жасында, жау қолына түсіп, сұғанақ көздердің талқысына түскенде өзін қалай сезінді екен. Жүсіпбек ақ әскерлері қолындағы Ақбілекті суреттеуді осыдан бастайды. Ол Қара мұрттың еншісіне тиеді. Оның зорлығына көнеді. Қара мұрт пен Ақбілектің кездесулері қыздың тағдыр алдындағы, қара күшке деген шарасыздығының белгісі еді. Қарамұрт оны көп талқысынан қорғады, жирен орыстың дөрекі қылығынан арашалады. Сөйтіп Ақбілекке өзінің сүйетінін, көнсе, көптің талқысына бермей, өзі ғана әйел қылатынын айтты. Ақбілек бұл тілекке үнсіз көнді. Бұл – оған анталаған көп солдаттың талқысынан құтылудың жолы еді. Екінші жағынан, қара мұрттың қызға таласып өзін оққа төсеуі, жекпе-жекте жирен орысты өлтіруі Ақбілек үшін жанын қиюының, сүйгенінің белгісі сияқты. Осы жайлар қызды шарасыз көндіргенмен Ақбілек інштей қатты күйзелісті бастан кешеді. ... «Бірақ, ойбай-ау? Ер жігіт деп отырғаны аузы түкті кәпір ғой. Әлгі дәретсіз, сүндетсіз, түрегеп сиетін, шошқа етін жейтін, арак ішетін, темекі сасыған, елді қыран жапқандай қылып, камшы-кылыш, мылтық ойнататын, мейрімсіз, шадыр мінез орыс осы емес пе?» (160-б.). Қара мұртпен кездесулерінде өткінші жылы сезімдерге бой алдырғанмен, шын мәнінде Ақбілек жүрегін жайлаған мұң осы күйінішпен байланысты еді. Сондықтан ол ылғи елді ойлайды, қайтудан үміттенеді. Қара мұрттың алып кету туралы ұсынысына да келіспейді. Оның кетерде атып кетпек болған қылығы қыз жүрегін одан сайын жара-лай түседі. Жазушы осы оқиғаларды зорлықпен жәбірленген қыздың жау қашқаннан кейінгі ессіз тау ішінде жалғыз қалған сезім күйлерімен ұштастырып, психологиялық тұрғыда дамытады. Ақбілек бейнесін жасауда бұл тұста ішкі монолог, толғаныс, ойлану, күйініш сезімдерді суреттеу молырақ орын алады.

Қайғыға берілгенмен, Ақбілек ессіз, әрекетсіз емес. Оның Қара мұрттың оғынан өзін арашалап қалуы – өмір үшін күрестің басы, яғни оның қиыншылықпен арпалыстағы бірінші жеңісі. Ал, екінші жеңіске ол ессіз табиғатпен, меніреу тун қауіпмен күресте жетеді. Күздің ызғырық желі, аспанды қоршаған қара бұлт онан сайын түнерте түскен үрейлі тау ішіндегі қоста жалғыз қалған Ақбілекті бұрынғыдан бетер қорқытқан еді. Қосты қоршаған қасқырлармен арпалыста жүріп ол от жағып қорғанады. Мұның барлығы – өмір үшін күрестегі Ақбілектің жеңістері.

Қыз намысының тапталуы Ақбілектің ауылдағы өмірінде ылғи алдыңғы планда тұрады. Ол біреуден жылы қабақ тани алмаса да осыны ойлайды, бетіне шіркеу санайды. Әуелде анасын жоқтаумен аңғарылмаған жұрт көзіндегі сыр да кейін белгі бере бастайды. Оның үстіне әкесінің қызға қарамауы, онымен кездеспеуге, тілдеспеуге тырысуы да оған қайғы боп қосылады. Бекболатпен ара қатынастың айқындалмауы, оның жылына түсіп барып үзілуі, кейін өзінің жүкті болып қалуы, Өріктің келуімен байланысты шатақтар Ақбілек қайғысын қалыңдата түседі. Осы жайлар роман кейіпкері басындағы трагедияны қоюлатып, оның психологиялық бейне есебінде толығымен жол ашады.

Ақбілек өмірінің шешуші кезеңі қазақ халқының жаңа өмір жолындағы ізденісімен, күресімен байланысты. Осы қиыншылықты өтіп барып ауылда пана таппаған Ақбілек ағасына еріп қалаға кетеді. Онда оқу оқып, жаңаша тәрбие алады. Жар тауып, бақытты семья құрады. Романның осы оқиғаларға арналған беттері, негізінен, Ақбілектің өз сыры есебінде, оның басынан кешкен жайларын әңгімелеуге құрылады. Алғашқы тараулардағы авторлық баяндаулар, суреткерлік бұл тарауда екі кейіпкердің диалогына ауысады. Оның бірі – өмірден өз орнын таппай ескі көзқарастың құрбаны боп жүрген Кәмила болса, екіншісі – сол жолды өтіп барып, жаңа бақытын тапқан Ақбілек. Ақбілек әңгімелерінен біз етекбасты қазақ әйелінің қала өміріне ыңғайлануы, оқуы,

көзқарасының өзгеруі жайлы көп мәліметтер аламыз. Ол қалада көргендерін ауыл шындығымен салыстыра қарайды, жананың бәрін таңсық көреді, қазақ-орыс халықтарының салт-санасындағы өзгерістерді, тұрмыстағы жаңалықтарды таниды. Орынбор рабфагында, тағы басқа өзі оқыған оқу орындарындағы жиналыстар жайындағы әңгіме Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы саяси атмосфераны еске түсіреді.

Ақбілектің қаладағы жастық мінездерін жазушы тәптіштеп, терең суреттеп жатпайды. Ол Ақбаламен, Балташпен кездесулері жайлы өзі ұстамды әңгімелейді. Роман соңында жазушы сүйгенін тауып, аға-женгесімен елге оралған Ақбілектің заман алдындағы, ескілік алдындағы рухани жеңісін паш етеді. Ол арманына жетеді. Бір кезде Ақбілектің қайғысына куә болған Алтай табиғаты ол күндері найзағайлы қара бұлтымен үстінен түнеріп басып тұрса, бұл жолы «ойын да, бойын да көтеріп», «кешкі самалы бетінен сүйіп» қарсы алады.

Ақбілек – романның негізгі кейіпкері болғанмен, ол жалғыз емес. Жазушы оның өскен, әрқилы өмір кешкен ортасын қарым-қатынастағы адамдарды суреттеу арқылы заман шындығын жан-жақты шынайы бейнелейді. Романдағы елдің тұрмыс-тіршілігі, әдет-салты, табиғат көріністері – бәрі тұтаса келіп, негізгі шығарма идеясын толықтырады және аша түседі. Жүсіпбек Ақбілектің шыққан ортасы – ауыл мен оны тәрбиелеп қатарға қосқан жаңа ортасы – қала тіршілігін көп жағдайда салыстыра көрсетеді. Ел, ауыл, табиғат – қазақтың стихиясы, жазушы оны сыйлайды, жақсы көреді, елдің жақсы дәстүрлерін құрметтейді. Сонымен бірге ол елді жайлаған ескішілдік дертті – жікшілікті, рушылдықты, жалқаулықты, еңбексіздікті, кергенсіздікті, қараңғылықты сынайды. Қаладан өнер-білім тапқанмен, оның да қазақтың жақсы ұлттың салтынан алыстап бара жатқан қылықтарын – ішімдікке құмарлықты, ұстамсыздықты, жүгенсіздікті шенейді.

Ақбілек шыққан ортаның негізгі несі – оның әкесі Мамырбай. Оның бейнесінде азын-аулақ дөңгелек шаруасын өзі басқарып, барын қонағына беріп, елмен сыйласып отырған қазақтың өз ортасына қадырлы ақсакалының мінез-кұлқы жинақталады. Қай әке отбасының амандығын, балаларының өсіп адам болғанын қаламайды? Мамырбай да романда осындай балажан, мейірімді әке ретінде суреттеледі. Оның үстіне заманның ыркын аңғарғыш: Төлегенді қалаға жіберіп, оқытуы – осының белгісі. Бірақ ол «жат болып» елге жуымай қойды. Шешесі өліп, қарындасы қолды боп кеткенде де хабарласқан емес. «Жат жұрттық бала ғой, бізбен қанша жолдастығы бар, оң жақта аз күн дәурен сүрсін», – деп маңдайынан шертпей өсірген Ақбілегі мынандай күйге ұшырады. Сүйекке таңба салып, масқара кылып кетті. «Пәленшенің қызы сондай бопты» деген атак жойылар ма? Мамырбай бейнесін Жүсіпбек осындай ойлы, намысқой адам ретінде ішкі психологиялық тебіреністе көрсетеді.

Романның жазылу стилінде, композициясында ешқандай қалыптасқан дағды жоқ. Бұрын үлкен прозасы болмаған әдебиетте ондай дағдының болуы да мүмкін емес. Оқиғаны негізінен үшінші жақтан баяндай отырып, жазушы кейде кейіпкердің өзін сөйлетуге, оның түсінігін, іс-әрекетін өз ұғымына лайық жеткізуге жол береді. Романның соңғы тарауы диалогқа құрылғанын жоғарыда айттық. Ал романның басын жұмбақтап бастап («Манағы ала атты кім? Қыз алып қашқан орыстар кім? Бұларды қуам деп оққа ұшқан кім? Олардың кім екенін біз айтайық па? Өздерін сөйлетеік пе?»), сол жұмбақты жазушы кейіпкерлердің өздерін сөйлете отырып шешеді. Сондағы сөйлейтін кейіпкердің бірі – қыздың атастырған күйеуі – Бекболат (қуам деп оққа ұшқан сол), екіншісі – офицер (қыз алып қашқан ақ офицері), үшіншісі – Мұқаш (қызды шығарып беріп жүрген ала атты кісі).

Бекболат – ерке өскен бай баласы. Оның характері мен іс-әрекеттерінде ескі қазақ ауылы бозбалаларының мінез-кұлқы жинақталған. Олардың бойынды жұмыссыздықтан,

пайдалы тіршіліктен тыс берекесіздік те аз емес. Әр нәрсені ермек етіп жүріп, ақыры ұстап қалғаны – аңшылық, саятшылық болыпты. Әкесі, Бекболаттың айтуынша, біраз жыл ел билігінде болған, әлі де шеттен қалмай оған араласқыш адам. Оған Бекболат сын көзімен қарайды.

Бекболат тіршілігіндегі тағы бір ерекшелік – оның әкесінің айттырған қызды менсінбей, Ақбілекті өзі таңдап сүйөі. Ақбілек те оған теріс емес. Мамырбайдың малын тегіс алмай, қызын беруді созбалаңға салуына қарамай, Ақбілекке жолығам деп келе жатып ол сол қайғылы оқиғаға кездеседі. Қыз алып қашқан орыстарды қуам деп жараланады. Өзі қалада ауруханада жатып, Ақбілек тағдырын көп ойлайды. Шығарманың бұл тұсында жазушы билікті Бекболат сөзіне емес, өзі алып суреттейді. Бекболат бейнесінде, әсіресе оның Ақбілекке қатысты ойларын суреттеуде Жүсіпбек кейіпкерінің ішкі сезім арпалысына көп көңіл бөледі.

Жүсіпбектің өздерін сөйлетіп таныстыратын кейіпкерінің бірі – офицер. Жазушы оның аты-жөнін айтып, түсін түстеп жатпайды. Оның бейнесінде патшашыл орыс офицерінің мінез-кұлқы, түсінігі, ұғымы жинақталған. Тағдырдың тығырығына тірелген адамның ойында өмірден түңілу, сол үшін ызаланып, айналасының бәрінен өш алу, кектену бар. Оның қазақ халқы жөніндегі ұғымы патшаның отаршылдық саясатымен үндес. Қазақты ол надан, тағы аңмен тең көреді. Оны өз алдына ел қып ұстауды емес, қорқытып, бағыныштығын ұстауды, малын, өлі бұйымын пайдалануды ғана ойлайды. Кекшіл, ашынған, ессіз, тауда ерігіп жатқан ақ офицерінің қазақ қыздарына көз тігуі де халықты басынуынан туады.

Романда өзін-өзі сөйлеп таныстыратын кейіпкердің бірі – Мұқаш. Кедей баласы, тіршілігінің бәрін кісі есігінде, байдың малын бағып өткізген. Талай рет әркілы себептермен байдан таяқ та жеген. Сондықтан бай атаулыға қас. Осындай, шыққан тегінің әлсіздігіне карамастан Мұқаш – ұнамсыз тип. Жасынан байлардың тепкісінде жүрген ол кекшіл болып өседі. Кекшілдікті кейін тек өшіккен байына

емес, көңілінен шықпаған адамның бәріне жасайды. Адам көңіліндегі нәрсенің бәрі бола бере ме – бірақ соның бәрін адамға өштікке, кек алуға бола ма? Бұл жағынан Мұқаш – адамдық жақсы қылық-мінездердің сыпайы қарым-қатынастың бәрін кекшілдікке жеңгізген арам адам. Оның кеңес өкіметін пайдаланып, кедейлігін айтып, болыс болам деген талабы іске аспағаны үшін Мамырбайдың қаладағы баласы Төлегенге өкпелеп, Акбілекті ақ офицерлерге шығарып салып беріп жүргені сол. Мансапқұмар, жағымпаз, алаяқ Мұқаш бірде ақтарға, бірде қызылдарға қызмет етіп, кімнің тарысы піссе, соның тауығы болып күн көруге шыққан. Акбілекті шығарып берген ақтарды кейін қызылдарға ұстап берген де сол.

Романда Мұқашқа ұқсас тағы бір тип бар. Ол – Тақырдың Жылтыры. Жылтырдың Әбен байға қарсы күресі – жалпы бай атаулыға қарсы күрес емес, қара басының қамы үшін күрес. Кезінде Әбенге тілмаш болған ол қызмет бабын пайдаланып қазынаны да, елді де жеген, сорған. Елге сайлаушы боп шығып, параны өкірткен. Бір тайна ауылға ет астырып, енді «өздерің же» деп жүріп кеткен. Ұлықтығын көрсетем деп, шалқасынан жатып, жеті қызға аяғын жуғызған. Қорқытып, алдап, елден көп салық жинап алған. Кісі өлтіру, ұрлық істеу, жалған құжат (документ) жасау – ол үшін қиын емес. Жазушының айтуынша, абақтыға жүз түсіп, жүз шыққан. Орысша, қазақшаға бірдей, өтірігіне найза бойламайды, талай қызды алып қашып, тастаған, қатын алу, тастау – оған тымақ ауыстырғанмен бірдей.

Осылардың бәрі – революция дәуірінің белсенділері.

Біріне бірі ұқсамайтын ескі қазақ аулында кездесетін типтерді даралап, бейнелеуде Жүсіпбектің суреткерлік шеберлігі айрықша танылады. Романдағы қазақ ауылы өмірінің шындығы сол кездің қоғамдық жағдайларымен байланысты ашылады. Ауыл-ауыл болып бөлініп, ортасында бас көтеретін бір адамның маңына топтасқан шағын-шағын қауым әр қайсысы өз кәсібімен, шаруа күйімен танылады. Ағайын боп, біріне-

бірі жалғасып күн көріп жатқан ел. Бүкіл казак аулының тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрып, салты – бәрі осы топтар өмірімен тығыз байланыста суреттеледі. Әбен, Мұсабай, Тезекбай – бәрі де бір ауылдың иелері. Эпизодтық кейіпкерлер болғанмен, олар жалпы ел шындығының бір-бір пұшпағын танытар бейнелер.

Романда ел тұрмысы суреттерінің негізінде жасалған әйелдердің нақты образдары мол. Қанша дегенмен, казак аулының сыртқы тіршілігі, мал қамы ерлермен байланысты болса, ауыл, үй тіршілігін ұстайтын, оны реттейтін, ұқсататын да, ұқсата алмайтын да әйелдері ғой. Осы тұрғыдан жазушының әр үйдің тұрмыс-тіршілігін суреттеуді сол үйдің әйелінің характерін бейнелеумен байланысты көрсетуі әбден сай келеді. Мұқаш үйінің тіршілігі тек Алтынаймен, Мамырбай үйінің соңғы өмірі Өрікпен тығыз байланыста ашылса, Мұсабай үйі мен сол үйдің бүкіл көрші-қоланындағы әйелдер «Сауулы інген» арқылы суреттеледі. Әйелдерге тән жинақылық, шаруақорлық немесе салақтық, өсек-аянға үйірлік, көрсеқызарлық, ұрысқак мінездер – бәрі де түптеп келгенде казак әйелінің әркілы бейнесін ашуға пайдаланылады.

Романның негізгі оқиғасы казак ауылында өткенмен, жазушы оны белгілі дәрежеде қала өмірімен байланысты көрсетеді. Қазак ауылы дегенмен, ол да томаға-тұйық, жанжағымен байланыссыз орта емес, революция дәуірінің аласапыран оқиғалары оның есігін, іргесін ашып, айналасындағы басқа тіршілікпен қарым-қатынасқа келтіргені даусыз. Қазак ортасындағы көзі қаракты, алдын ойлай алатын адамдар балаларын қалаға жіберіп, оқытуға тырысты. Солар арқылы қараңғы қауым ортасына жарық түсе бастады. Осындай байланыстың романдағы көрінісі – Мамырбайдың баласы Төлегеннің қалаға оқуға кетуі, жараланған Бекболаттың болашақ қайнағасының көмегімен қалаға барып емделуі, Төлеген үйінде қала жігіттерімен кездесуі, Жылтыр мен Мұқаш сияқты белсенділердің қалаға шабуы, ақыры ауыл-

дан пана таппай қалған Ақбілектің ағасымен еріп кетуі, т. б. Осы эпизодтар негізінде жазушы қала өмірін, оның өзіндік ерекшеліктері мен жаңа адамдарының бейнесін ашуға ұмтылады. Әрине, ауыл адамдарына қарағанда, романда қала адамдарының бейнесі толық емес, эпизодтық сипаты молырақ. Дегенмен жалпы образдар легінде, қала тіршілігімен байланыста оларды әбден тануға болады. Олардың ішінде бүгін іс басынан сырғыған, бірақ ескі беделін сүйенішқып жүрген Ықаң мен Тыпаң, қаланың жаңа дәуірі тудырған жас буын өкілдері – Ақбала, Балташ, Доға, Жорғабек, тағы басқалар өзіндік мінез-кұлқымен танылады.

Жазушы шеберлігі оның тілінің образға байлығымен, ұйқаста тапқырлығымен, сөйлесу, жазу үлгісінің сонылығымен ерекше көзге түседі. Суреткерлік, өмірді сурет, образ арқылы тану, бейнелеу, ретті жерінде оған өзінің ой-толғаныстарын қосу – Жүсіпбек өнерінің басты белгілері. Жазушы стиліндегі осындай әр қилылықтың түйіндесуі қатқабат өмір шындығын, соған деген жаңа заман көзқарасын айқындау үшін әдейі алынғанға ұқсайды. Оның суреткерлікке публицистік өнерді қабаттастыратыны да осыдан. Кейде өзіне ұнамсыз өмір фактыларын жазушы сатиралық үлгіде суреттесе, оқиғалардың бірінен-біріне ауысу тұсында халық әдебиетінің әңгімелеу стилін пайдаланады.

Қазақ романының алғашқы үлгілерінің бірі бола тұрса да, Жүсіпбектің бұл жанрдағы ізденісінде «Ақбілек» көрнекті орын алады. «Қартқожаны» жазған кездегі тәжірибесін толықтыра отырып, ол бұл шығармасында адам характерін тереңірек ашуға, образдың психологиялық жайларын толықтыруға көбірек көңіл бөледі. Жазушы суреткерлігі де артып, оның авторлық позициясы айқындала түсті. Сондықтан «Ақбілек» қазақ романының тууы тарихында да, жазушы творчествосында да алғашқы кесек үлгі боп саналады.

Жүсіпбектің эпикалық проза саласындағы соңғы туындысы – «Күнікейдің жазығы». Ол «Жаңа әдебиет» жур-

налында (1928 жылғы 7-8-9; 1929 жылғы 2-3 сандарында) жарияланған. Қолжазбасы сақталмаған. Қазір повесть журналдық нұсқасы бойынша басылып жүр.

Бұл шығарманың негізгі тақырыбы – әйел тағдыры. Көшпелі қазақ ауылының феодалдық – патриархалды тұрмысы жағдайындағы кедей шаруалардың тіршілігін жазушы сол ортадан шыққан қыз тағдыры арқылы бейнелейді. Ауылдағы аумақтылар мен әлсіздердің ара қатынасын, қоғамдық әділетсіздіктің мүсәпір адамдарды езіп, рухани тоздырып бара жатқанын суреттейді. Осындай ортада өскен Күнікейдің сол бір әділетсіздікке қарсы бас көтеріп, өзінің адамдық, азаматтық құқықын қорғауға ұмтылуы, атастырған күйеуін менсінбей, өзі сүйген жігітпен қашып кетуі ескі тәртіпке, ата-ана салтына берілген үлкен соққы тәрізді елестейді. Повесть басталғанда біз осы әйелдің жалғыз, қараңғы үйде күйзелісте жатқанын көреміз. Маңында адам жоқ, иесіз үй, ауру әйел неге олай, күйеуі қайда? Туған-туыстары, балалары қайда? Жазығы не бұл әйелдің? Сөйтсек, жазығы сүйіп, өз еркімен Байманға қосылуы екен. «Бала көтермедің, аурусың», – деп Байман Күнікейден безіп, жаңадан үйлену қамында көрінеді. Бұл – Күнікей ауруына ауру жамап, жүрекжарасын ұлғайтып жатыр. Жазушы бұл арқылы қазақ әйелі теңіне қосылды дегенмен, әлі де теңдікке жетіп болған жоқ. Оған деген көзқарас өзгермеген. Ескі салт, ұғым әлі де қолбайлау болып, аяқты шырмап, бөгеуде екенін көрсетуді көздейді.

Күнікейдің жатқан жерін, үйінің сиқын көргенде жаның ашиды. Жүсіпбек өзінің ақындық, шешен тілімен оны сүмірейтін суреттейді.

«Жаялықша жалшиған, жарқанатша қалқиған, жермен жексен шым қора, бейнеуі жоқ сұм қора. Шым қорада – жер үйде, желпіндірмес көр үйде, арса-арса боп сүйегі, қалақтай болып иегі, жаңқадай жоқ жақ еттен, саусақтары шілбиіп, көлеңкедей кілбиіп, бұ жатқан қай аруақ?

Әлсін-әлсін демігіп, тық-тық еткен жөтелі өңменіңнен өткендей, алма ерні кезеріп, бетпақ кезіп кеткендей, кимеше-

гі қолқылдап қуыршаққа тіккендей, сатпак-сатпак жастығы – жастық емес, кетпендей, сары төсек боп сарғайып – бұ жатқанын қай әйел?» (Екінші том, 6-б.).

Шығарма оқиғасы шегініс арқылы дамиды. Онда Күнікейдің жастық шағы, ескен ортасы, кедей үйдің жұпыны тіршілігі суреттеледі. Әкесі Құлтума – «күл» атанып, өмірін жалшылықта, Ордабайдың қойын бағумен өткізген момын адам. Кедей үйдің барлы-жоқты тіршілігін ұйымдастыратын – шешесі Шекер. Шешенің тәрбиесімен пысық, өнерлі боп өскен Күнікей табиғаттың бойына берген жігер-қабілетін ешкімнің талқысына, кемсітуіне бермей еркін жүруді қалайды. «Сөйлесе – түбін түсіреді, оң қолынан өнері төгіледі, күлсе – аузынан дүр шашылады. Ән шырқаса сүйегінді шымырлатады».

Повесть композициясы негізінен, біріне бірі жалғасқан үш оқиғаның маңында топтасады. Олар – Ордабай ауылының жаңа жерге көшіп қонуы, бай қызы Шәмшидің күйеуін күту және Күнікейдің айттырған күйеуінің келуі. Шығарма кейіпкерлері осы оқиғалар төңірегінде кездесіп, характер есебінде танылады. Көшпелі елде көшу салтанатының көріністері, қыз ұзату, күйеу күту, елдің оны тойлауы, күйеу мен қызды кездестіру рәсімдері – барлығы да жазушы қаламы арқылы өмір шындығының кең жасалған суретіне айналады. Басты кейіпкер Күнікей бейнесі де осы оқиғалар тұсында толыса түседі. Сонымен бірге аталған оқиғалар қазақ қоғамындағы таптық қайшылықты, жіктелушілікті айқын көрсетеді. Тууында, адамдық жолында, мінез-құлқы, іс-әрекетінде айырма жоқ адамдар қоғамдағы орнына қарай бөлінеді, бірі артық, бірі кем саналады. Осы негізде жазушы қоғамдық әділетсіздік мәселелерін алға тартып, кедей баласының байдан кем болуы себептерін іздестіреді.

Күнікейдің күйеуі келіп, онымен кездесетін түні қашып шығуы, Байманға еріп кетуі де қыздың әділетсіз өмірге наразылығы ғана емес, оған қарсы күресінің белгісі. Ол ана ынғайымен сырттай көнсе де, іштей Тұякка жар болуға

көндіге алмайды. Өтірік, алдамшы сезімге бой алдырмайды. Оның сонша қиыншылықтан өтіп, өз басын, арын тапталмай, Байманға адал келіп қосылуы – қазақ қызының өз теңдігін қорғаудағы үлкен жеңісі.

Повестегі басқа кейіпкерлер де негізінен Күнікей тағдырына қатысты көрінеді. Олардың елеулілері – қыз шешесі Шекер, әкесі – Құлтума, атастырылған күйеуі – Тұяқ, сүйген жігіті – Байман т. б.

Шекер – өз заманының тәп-тәуір әйелі. Кем-кетік семьяның оны-мұнысын білдірмей, біріне-бірін құрастырып, бала-шағасын тәрбиелеп отырған да осы әйел.

Күнікейдің пысық, тәуір қыз болуында да Шекер тәрбиесінің рөлі үлкен. Кедейдің қызы болса да, «анасы жылтырағанды Күнікейдің үстіне жапсырады, шашын жылтыратып тарайды, өреді, омырауын қызыл, жасыл жіпшен кестелейді тана-мошакты камзолына тағады, уақ күмістен сылдырмақ шашбау да істейді. Құлтуманың тыккыштап әкелген пұшпақ жабағысына бақалшыдан айна, тарак, жұпар сабын, шаш майын әпереді. Ей, кімнің қызынан кем?» (9-б.). Шекер Күнікейге бай қызы Шәмшидің кебісіндей кебіс тіктіреді. «Шәмшидің кебісінен асырмасаң, кем қылма!» дейді ол етікшіге.

Сөйткен қызын Тұяққа беруге Шекердің шешім қабылдауы – өз жағдайын түсінген, тағдырға мойынұсынған адамның ісі. Момын, кедей бала айтқанынан шықпайды, өздеріне қолқабыс болады деп ойлайды.

Құлтума, Тұяқ бейнелері – кең жобаланбаған, эскиздік бейнелер. Олар, жоқшылықтың, кедейліктің, қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздіктің символы сияқты.

Повесте тәп-тәуір жасалған бейне – Байман. Бір кедей кемпір-шалдың жалғыз баласы Байман аталған өкіғалар кезінде өзінің балуандығымен, ойын-тойдың гүлі, ұйымдастырушысы болып көзге түседі. Ауыл жігіттерінің бас көтерері. Шәмшидің тойында күресте, көкпар тартыста, жерден күміс алуда, құдалармен қақтығыста жеңіс басында

Байман тұрады. Повесте ол Күнікейді адал сүйген («Жаным, күнім» деп жүрер ем, сенің жолыңа басымды берер ем», – дейді), сөзге берік жар боп көрінеді. Оның ұзатылайын деп отырған қызды алып қашуы – өз заманы үшін үлкен ерлік. Қазақтың айттырып қойған қызының ар жағында үлкен дау («Жесір дауы») жататынына қарамай тәуекел етуі – жігіттің қыз алдындағы уәдесіне беріктігі.

Шығарма Байманның Күнікейді алып қашуымен аяқталады. Біздің шегініс арқылы дамыған повесть уақиғасынан, кейіпкерлер тағдыры жайлы білетініміз осы. Ал, повесть басында суреттелетін Күнікейдің бүгінгі қайғылы халі мен Байманмен арақатынасы себептері оқырман үшін түсініксіз қалады. Осыған қарап, кейбіреулер шығарма аяқталмаған, оның жалғасы болуы мүмкін деп жорамал жасайды. Жазушы қолжазбасы, шығарманың жазылу жағдайын білетін куә болмағандықтан ол жағын кесіп-пішіп айту қиын. Композициясы жағынан повесть кейін өзгеріске ұшырауы, әртүрлі себептермен ерлі-зайыштылар арақатынасының бұзылуы өмірде бола беретін нәрсе ғой. Осы тұрғыдан повесть кейіпкерлері тағдырының осылай қалыптасуында ешқандай оғаштық жоқ тәрізді.

«Күнікейдің жазығы» – сол кездегі казак аулы өмірінің тұрмыстық жайларын, көшпелі елдің көшу салтын, қыз ұзату, жастардың ойын-сауығын ұйымдастыру сияқты әдет-ғұрыптарды кең суреттейтін шығарма.

Ондағы казак аулы өмірі суреттері Жүсіпбектің ел тіршілігін, оның сала-саласын, тіпті ұсақ детальдарына шейін өте жақсы білетінін, адам мінез-кұлқының қыры мен сырына әбден қанықтығын, үлкендерден балаларға, әйелдерден қыздарға дейінгі ел азаматтарының тіршілігімен өте таныстығын байқатады. Халық ішіндегі әрқилы әзіл-қалжыңдарға да шығармадан мол орын беріледі.

Ақ өлең үлгісіндегі шығарманың тілі – Жүсіпбектің шешен, тіл өнеріне қанық халықтың ырғақты, ұйқасты сөз мәнерін көркем прозаға кіргізуге жасаған зор талабы.

Жан-жақты білімді әрі талантты Жүсіпбектің сансалалы еңбектері өз дәуірінің талап-тілегінен туындады. Жазушының әдебиеттің әр жанрында қызмет етуі де сол жанрларға маманданған кадрлардың тапшы кезінде ұлттық әдебиет алдында тұрған міндеттерді түсініп, өз шама-шаркынша соларға жауап беру ниетінен туады. Мұның негізінде ұлттық өнердің көп салалық, өзара байланыстылық ерекшеліктері де жатқаны даусыз. Оны жана дәуір талаптары қанағаттандырды. Бір Жүсіпбектің емес, оның көп замандастарының жан-жақтылығы да осындай қажеттікті өтеу міндетінен туындайды.

Жүсіпбек балаларға арнап бірсыпыра шығармалар жазған. Кезінде оның «Жаман тымақ», «Шал мен Кемпір», «Көк өгіз», «Үш қыз» атты ертегі кітапшалары басылған. Олар – кіші мектеп жасындағы балалар үшін қазақ тілінде шыққан алғашқы суретті кітапшалардың үлгісі.

Жүсіпбек – өз заманының белгілі сыншысы болған, әдебиет мәселелеріне қатысты көптеген ой-пікір қалдырған жазушы. Оның мақалаларынан, хаттарынан, тіпті көркем шығармаларының ішінен де автордың жазу өнері жайлы, оның ерекшеліктері туралы, суреткердің психологиялық, творчестволық сипатын түсінудің принциптері жайлы қызықты ойлар кездеседі. Әдебиеттің жана дәуірдегі міндеттерін түсіне білген жана көзқарасты қаламгер ретінде ол сөз өнеріне, оның өкілдеріне тың міндеттер артты. Олардың ішінде белгілі бір дәуір әдебиеті дамуына арналған шолуда, жеке акынның творчестволық бетін анықтауға құрылған портрет те, рецензиялар да кездеседі.

Жүсіпбектің алғашқы сын еңбектерінің бірі – оның М.Әуезовпен бірігіп жазған («Екеу» деп қол қойған⁹) «Абайдан соңғы акындар» атты мақаласы. Ол «Абай» журналының бірінші санында (1918) басылған. Мұнда қазақтың болашақ

⁹ «Екеу» деген псевдоним әдебиетте кейін де қолданылған. 20-жылдары әдебиет дамуының бағыты жайлы айтысқа қатысқан А.Байтасов пен Д.Ысқақов та «Екеу» деп жазған. Оларды шатыстырмау керек. – С.Ж.

екі ұлы жазушысы өздері сусындаған, ұлттық әдебиетінің бүгінгі күйі мен болашағы жөнінде сыр бөліседі. Онда ұлттық сана-сезімнің оянуы, оның әдебиетке әсері, қазіргі ақындар творчествосының бет алысы сияқты маңызды мәселелер қаралады.

Әдебиеттің өркендеп, ақын-жазушылардың қатары өсуін олар ұлттық оянумен байланыстырады. «Бұл оянуға бірінші – Абай, екінші – «Қазак» газеті, үшінші – жалпы жұрттың ғылымға бет алуы себеп болды», – деп жазады.

Аталған дәуір ақындары творчествосы мақалада үш топқа бөлініп талданады. Оның бірі – сыршыл (лирик) ақындар, екіншісі – «сезім мен қиялға тәрбие, әсері аз, ақылға азығы бар, халықшыл (народник) ақындар», үшіншісі – ескі өлең, жыр, такпақтарға еліктеушілер. Осы қатарда сыншылар Мағжан, Ахмет, Сұлтанмахмұт, Ахмет Маметов, Міржақып, Сәбит Дөнентаев сияқты сол дәуірдің көрнекті тұлғаларының шығармашылық өнерін салыстырады. Мағжан мен Сұлтанмахмұттың кейбір сыршыл жырлары мен Ахметтің «ойды оятуға, миды сергітуге мұңлы, мұқтаж, терең мақсат түртіп шығарған» өлеңдерін зор бағалайды. Сонымен бірге мақалада сол дәуір әдебиетінің елеулі олқылықтары сөз болады.

Жүсіпбектің сын еңбектерінің ішінде оның «Мағжанның ақындығы туралы» атты мақаласы (Лениншіл жас, 1925. – №5) айрықша орын алады. Бұл – Кеңес әдебиеті сынының калыптасып, кәсіптік мамандығын жетілдіре түскен тұсында жаңа сын үлгісіне бағыт, бағдар берген мақала. Онда Жүсіпбек Мағжан ақындығы жайлы ойларын оның шығармаларын талдау арқылы дәлелдей отырып, әдеби шығарма талдаудағы сынның негізгі міндеттеріне, әдебиеттанудың келелі мәселелеріне назар аударады. Әсіресе, жазушының көркем туындыны бағалаудың өлшемі, принципі туралы ойлары маңызды.

Үлкен таланттардың қай-қайсысы болса да өз заманымен, оның жағдайларымен, ереже-қағидаларымен қайшылыққа

келмей тұрмаған. Сол үшін таяқ жеген, қағажу көрген. Абай да өз тұсында ешкіммен түсінісе алмаған. Мағжан да осы кепті киді. Өз дәуірімен ымыраға келіп, оның жақсы жақтарын жырлаған Жүсіпбек те іштей коммунистік режимнің адам ыркын тежеп ұстауға тырысуын мойындамаған. Кейінгі Қасым Аманжолов, Мұқағали Мақатаев тағдырында да осыған ұқсас жайлар аз емес. Ақын тағдырын қиындататын да оның осы өр мінезі, ойындағысын жасырмай еркін айтатыны. Бетке айтқанды қандай режим болса да ұнатпаған. Жүсіпбектің Мағжан арқылы күн тәртібіне қойып отырғаны да осындай жағдайларды материалистік, маркстік, адамгершілік тұрғысынан әділ бағалау.

Ақын творчествосын бағалаудағы сынның міндетін Жүсіпбек айқын тұжырымдайды. Оның шығармашылық өнерді талдау әдісі дүниені, құбылысты өз ортасы, уақыт, кеңістік шындығымен байланыстыра қарайтын ғылыми методологияға негізделеді. «Әр адамның, әр ақынның өрісі бірінші – заманға, екінші – туып, өскен әлеуметіне, үшінші – нәсіліне (тұқымына) байлаулы» – дейді ол. Оның Мағжан ақындығы жайлы толғамдары да осы принциптен өрбиді.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары елдің бәрі тап күресі, тап мүддесі деп жатқанда, жалпы қазақтың жалпақ елін жырлап, оның қайғысына ортақтасқан Мағжанның сыршылдығына Жүсіпбек түсіне қарайды. Ақынның «жалғыз таптың пайдасына сөйлемей, тап көлемінен шығып», «жалпы шындыққа, жалпы адам баласының қамына да құлаш ұрып кететінін» сыншы талант табиғатының ерекшелігі деп таниды. Оның шығармашылығын, көзқарасын туып-өскен ортасымен, қазақ халқының әлеуметтік дамуы жағдайларымен байланыстыра қарайды. Мағжанның «ұлтшылдық сезімге жармасуын» ол халықтың отаршылдыққа қарсы, азаттық аңсаған идеяларымен тұтастықта түсінеді. Ақын поэзиясының дарашылдық сипатының төркінін де дәуір өзгешіліктерінен іздейді. Мағжан творчествосындағы уайымшылдық сарынын да заманның, қазақ халқының

басына түскен ауыртпашылығынан көреді. Қоғамдық құрылыстардың тарихи алмасуы тұсында мұндай ақындық көзқарастың тууы заңдылығын сыншы дәлелді фактылармен логикалық талдау арқылы түйіндейді. «Әдебиет тарихын тексерген кісіге мәлім: ескі тұрмыстың шаңырағы ортасына түсіп, жаңа тұрмыс әлі орнықпаған көшпелі дәуірдің ақындарында мұң-зардың, торығудың сарыны болады. Ақын жаңаның жақсы екенін білсе де, сол өмірге тосаңсып түсіне алмай, жаңа заманның адамы бола алмай, көп тайкалақтайды. Ақсүйектер дәуірі күйреп, капитал дәуіріне көшерде, ақсүйек ақындарында да торығу, ескіні жырлау болған. Өйткені ескі өмірдің жақсы жақтары көңілде сайрап тұрады, жаңаның не боларына көзі жетпейді», – деп жазады Жүсіпбек. Сыншының бұл пікірінің жалпы әдебиет тарихы үшін де маңызы зор.

Жүсіпбектің творчестволық мұрасының ең бір көрнекті жағы – оның аудармалары. Аудармашы есебінде ол қазақ әдебиеті мен орыстың және дүниежүзілік классикалық әдебиетінің творчестволық байланысын ұлғайтуға көп күш жұмсады және өзі шеберлікке жетілді. Соңғы жылдары оның аударуымен басылған Н. В. Гогольдің «Бақылаушы» (ревизор), А.С.Пушкиннің «Тас мейман», «Сараң сері», Ф.Дюшеннің «Дәмелі» (Тамилла), Дж.Лондонның «Телегей теңіз», К.Берковичтің «Өрбике», С.Чуйковтың «Тау еліндегі оқиға» атты шығармалары табылды. Олардан басқа Жүсіпбек Джек Лондонның, Г.Мопассанның, Р.Тагордың, А.Чеховтың, М.Горькийдің әңгімелерін аударған. Жүсіпбектің ақындық мұрасында дүниежүзі пролетарларының гимні «Еңбекшілер ұраны» (Интернационал) мен азамат соғысы кезінде туған «Жас әскер» («Молодая гвардия»), «Жас көсемдер маршы» («Марш юных пионеров») өлеңдерінің аудармалары барлығы жоғарыда айтылды.

Жүсіпбек кезінде бірқатар саяси, тарихи еңбектерді, оқулықтарды қазақшаға аудару ісіне қатысқан. Оның аударуымен Н.И.Бухарин мен Е.А.Покровскийдің «Коммунизм

әліппесі» («Азбука коммунизма»), М.Н.Покровскийдің «Ресейдің ХІХ-ХХ ғасырлардағы төңкеріс қозғалыстары тарихынан» («Очерки по истории революционного движения в России ХІХ и ХХ веков»), «Орыс тарихы» («Русская история»), Богдановтың «Саяси экономияның қысқаша курсы» («Краткий курс политической экономии»), П.И.Стучкийдің «РСФСР Конституциясы» («Конституция РСФСР») атты кітаптары басылған. Бұлар Жүсіпбекті өз заманының жан-жақты білімді адамы, ғалымы, ағартушысы есебінде тұлғаландыра түседі.

Жүсіпбек Аймауытов – әдебиет пен жазушылық іске қоса, бүкіл өмірін оқу-ағарту ісіне арнаған адам. Ол негізгі кәсібін «мұғалім» деп санаған. Сондықтан өзінің саналы өмірінің көбін бала оқытуға бағыштаған. Ол тәрбие, оқу, оқыту мәселелеріне арнап көптеген мақалалар, кітаптар жазған. Олардың ішінде «Тәрбиеге жетекші» (Орынбор, 1924), «Психология» (Ташкент, 1926), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (Москва, 1929), «Сабактың комплекстік жүйесінің әдістері» (Қызыл Орда, 1929) атты зерттеулері мен оқулықтары бар.

Жүсіпбек өз заманының үлкен публицисі болды. Қазақ баспасөзінің көбейіп, жария жағдайға жеткен кезінде ол күнделікті газет-журнал арқылы үнемі халқымен тілдесіп, ой бөлісіп отырды, оларға өз көңілінің тілін жеткізді. Солардың көбін кезінде автор әртүрлі бүркеншік аттармен (псевдонимдермен) жазған. Олардың ішінде бізге белгілілері – «Қызыл тау», «Қызылбас», «Жанак», «Келешек», «Танашбай», т.б. Кейде ол «Ж», «Ж.А.» деп есімінің, өз аты мен әкесінің атының бас әрпін қойып қысқартып жазған. Соңғы қысқартуды жеке сөз ретінде пайдаланып «Жік» деп те жазған кездері болған. Жазушының бізге таныс шығармаларының барлығы дерлік осы тәрізді бүркеншік аттармен жарияланған.

Жүсіпбек қазақ қоғамы дамуының ең бір мазасыз шағында, әлеуметтік талас-тартыстар тұсында өмір сүрді. Өзінің бірсыпыра идеялас замандастары сияқты, оның да қалам

қызметіне қамқорлық болмады. 20-жылдары Қазақстанда құрылған пролетариат жазушыларының ассоциациясы оларды сыртқа тепті. Баспасөз бетінде «ұлтшыл-алашордашыл жазушылар» делініп, үнемі сыналып жүрді. Осындай жағдайда жазушы негізгі әдеби ортадан жырақ, оңаша жағдайда жұмыс істеуге мәжбүр болды. Сөйте жүріп, бой тасалап қалмай, заманнан оңашаланбай, елі, халқы жайлы ойларын, заман, дәуір сөзін айтты. Жүсіпбек творчествосын әрі қарай зерттеу ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының рухани оянуы, отаршылдық пен ұлттық езгіге қарсы күресі процесін, жазушының осы қозғалыстағы орнын анықтауға көмектеседі.

Р Ә Б И Ғ А

Бір перделі драма

Ойын адамдары

Б ә й д і л д а – койшы, 55 жаста

Р ә б и ғ а – оның келіншегі, 19 жаста

К е л и м е н – а к с а к а л, бай, 60 жаста

Ы с қ а қ – жай жігіт, 25 жаста

А р с а қ б а й – бозбала, 23 жаста

А х м е т – бұл да 23 жаста

Сахна

Қойшының лашығы. Үй ішіндегі көзге түсерлік нәрсе: акшымылдық, керегенің басындағы көк бикасап шапан, жердегі кара ала сырмақ, қызыл желең бүркенген ақ көйлекті, ак жаулықты Рәбиға. Өзгенің бәрі – жіп-шу, көне ыдыс, көр-жер.

Бірінші көрініс

Р ә б и ғ а (тізесіне салып, ақ көйлекті тігіп отырып, ыңырсып ән салады).

Сен соғар, дария толқын, үйірім жарға,
Құдай-ау, жолықтырма, бейлі тарға!

Таңда жоқ, бүтінгі дос, деген сөз бар,
Қалайық амандасып ағаларға...

Екінші көрініс

Ысқақ (*кіріп келіп*). Ия, ағаларыңа амандасып қал!

Рәбиға (*таңданып*). Мынау қайдан шыға келді!

Ысқақ (күліп). Көктен түстім.

Рәбиға. Арам болар.

Ысқақ. Несі бар?

Рәбиға. Көктен сендей пері түспей-ақ койсын.

Ысқақ. Сен кімсің?

Рәбиға. Мен бе? Мен – періште.

Бәйділдаға қор болған не қылған періште!

Рәбиға. Өзіңе келер сөзді де білмейсің-ау, есалаң байғұс!

Ысқақ. Пай-пай-пай! Кісінің арғы-бергісінен өткізбей сөйлемейсің-ау! (*Рәбиғаның қасына жантая кетеді*).

Рәбиға. Арғысы қайсы? Бергісі қайсы?

Ысқақ. Қармақтамай сөйлесейші!

Рәбиға. Қармағың болса, сен де қармақта! Қармақызы жалпақтасаң, шортан тұрсын, шабақ та қапшас.

Ысқақ. Па! Қармағыңа шортан ілініп жүр екен ғой!

Рәбиға. Ілінбей жүргенін қайдан білдің?

Ысқақ. Шортаның да, шолпаның да белгілі ғой, шырағым!

Рәбиға. Кекетсең де қазақтың шолпанына берем бе екем!

Ысқақ. Бермегенің ғой, энеугі болыс келген күні тал түсте болыспен жатып алып, байынды үй айнала жүгіртіп, безектетіп қойғаның.

Рәбиға. Болысқа мен еркіммен бардым ба? Арызың бар. Жауап алады деген соң бардым.

Ысқақ. Болыспен неткем жоқ деп танасың ба?

Рәбиға (*таңданып*). Мен не ғышпын!?

Ысқақ. Нанайын, тіліңді мұрнына жеткізші!

Рәбиға. Мұрныңа жеткізбек түгілі қайда жеткізсең де, бит шакқан құрлы ойыма ала ма екем. Өйтіп, оспақтамай-ақ қой. Таза кісіге шаң жапсыра алмайсың, болса болды деймін. Әкем айтса да қорықпаймын.

Ы с к а к. Сендердің осы қабырғасы жабық сөздерің-ау!
Қарағым-ау, менен басқаға айтсайшы!

Р э б и ғ а. Бакырай! Турашыл бола қалған екенсің... Ендеше,
шынымды айтайын, қолымызды жеткізетін болсаң.

Ы с к а к. Айтшы шыныңды, естиін!

Р э б и ғ а. Байым әрі кәрі, әрі қойшы, менсінбеймін, тұрғым
келмейді, қане, не жәрдемін бар? Еркектер! Басымызды кісен-
дейтін де өздерің, табалайтын да өздерің. Сен ер жігіт болсаң,
менің басымды тажалдан құтқаршы, көрейін.

Ы с к а к. Олай десең, өздерің адам болып жаратылдындар
ма?

Р э б и ғ а. Жаратылдык.

Ы с к а к. 12 мүшелерің бар ма?

Р э б и ғ а. Жоғы да бар шығар.

Ы с к а к. Тәйірі, қалжыңды қоя тұршы!

Р э б и ғ а. Ал, бар.

Ы с к а к. Бар болса, құдай-ау, өз ақылдарыңмен неге
жүрмейсіңдер?

Р э б и ғ а. Ой, сөрлы-ай! Ұсталатын жерің осы емес пе?
Ұрғашыға ерік берген қай қазақты көрдің?

Ы с к а к. Әне, сөйлегенде тілдерің мірдің оғындай.

Р э б и ғ а. Енді тілімізді де кесіп тастайсыңдар ма?

Ы с к а к. Тақылдаған тілден басқа табар өнерлерің жоқ.
«Басқа түссе басбақшыл», қорлықта, күндікте жүрсеңдер де,
«ит көзі түтін танымай», кеуделерінді сүйретіп жүре бересіндер.
Кісі болып жаралсаңдар, басына ерік ізде, «жыламаған балаға
емшек бермейді».

Р э б и ғ а. Ерікті қалай, кімнен сұрарсың. Біздің қол-аяғымыз
кісендеулі емес пе?

Ы с к а к. Міне, осыларың жаман. Бәрін біліп отырып, тіл мен
жаққа сүйенесіңдер. Ұрғашының өжеті, тілдісі Наукамбайдың
қарагер тоқалындай-ақ болар.

Р э б и ғ а. Тілді бөп қайтіпті?

Ы с к а к. Қадиша Наукамбайды да бір мүдірткен ғой.

Р э б и ғ а. Қадишаң кім?

Ы с қ а қ. Әлгі Науқамбайдың қарагер токалы. Науқамбай тоқалға арқасын сипатып отырып: «Құдайдың күдіреті, белі құрғырды жел ұстап, бойымнан кереңі кетпей жүргені», – депті.

Р э б и ғ а. Ия, тоқал не депті?

Ы с қ а қ. Тоқал жұлып алғандай: «Отағасы-ау, оныңыз рас, үш айдан бері кереңі бойыңыздан бір кеткен жоқ», – депті.

Р э б и ғ а *(жымып)*. Отағасысы оны ұғып па?

Ы с қ а қ. Ұқпағаны бола ма? «Мен белімнің желін айтып отырсам, ит не оттап отыр», – депті. Сонда тоқал тұрып: «Желіңіз бен беліңіздікі бір сабақтас науқас қой. Бойдан кете қоя ма?» – депті. Сонда айтып отырған қарагер тоқал әлі күнге Науқамбайдың қойнында жатыр. Сен де Бәйділданың қойнында өмірің өксіп, күнің өтеді.

Р э б и ғ а. Ол байдың тоқалы ғой. Байға кім қызықпайды. Бәйділданың мен қызығатын несі бар?

Ы с қ а қ. Көрерміз әлі...

Д а л а д а н. Ысқақ, сені ауылнай шақырады.

Ы с қ а қ *(атып тұра келіп)*. Ол ит тағы ақша сұрайды ғой. Бұл үйде екенімді қайдан біліп қойып еді. *(Кетіп бара жатып)*. Рәш, сенімен тағы ондап тұрып бір сөйлесемін.

Р э б и ғ а. Жарайды, сөйлесерміз.

Үшінші көрініс

Р э б и ғ а *(жалғыз өзі тізесін көтеріп, шыншағымен тізесін таянып, ойланады, уайымдайды, анда-санда қамығып, күрсініп қояды)*. Құдай-ау, қойшыларға қор болып, жақсыға жыр болып өткенім бе?! Екі сөздің бірінде қойшы шалды бетіме салық қылмайтын жан болсайшы. Балдырғандай қызықты жас басым, дәуренім, қызығым шынымен қойшы шалға зая болғаны ма? Жасаған-ау! Не бейілімнен мұндай болдым?! Тең-күрбыңның теңіне барып дәурен сүргенін көргенде, зығырын қайнайды. Бармағынды шайнайсың. Өз ішінді өзін жарып жібергендей боласың. Құдай-ау! Бұқарбайдың келінінен де қор

жараттын-ау! Оның күйеуі қортық та болса, ынжық та болса, жас қой. Жасқа тигеннің не арманы бар?! Біздің төбеттей арсылдамайды ғой ол. Біздің собалақ өмір бойы кісі өлтірген кісіше қабағынан қан жауып отырғаны. Өмірі құлағың бір жылы сөз естімейді. Қит етсең, иттің тұқымы, шошқаның баласы, әкеннің ауызы, түп тұғияның, зау-затыңнан басқа айтары жоқ. Қайтіп шыдарсын? Қайтіп күн көрерсің?..

Д а л а д а н (*Бәйділданьң айғайы шығады*). Е-е-й! Бармысын, мына торсықты ал!

Р э б и ғ а (*селк етіп, тұра келеді, тысқа шығады*). Бармыз. (*Теріс қарап*). Жексұрын келіп қалған екен ғой.

Төртінші көрініс

Бәйділда үйге кіріп, күпісін шешіп тастайды. Төрдің алдына екі аяғын көсілтіп, талтайып төмен қарап отырады.

Р э б и ғ а (*торсықты керегеге іледі, Бәйділдаға жайраңдап*). Бүгін торсығыңды толтырып әкепсің ғой!

Б э й д і л д а (*арс етіп*). Оны қайт дейсің?

Р э б и ғ а. Толғанына қуансам, арс еткені несі?!

Б э й д і л д а. Әкеңе ас бергелі толтырдым.

Р э б и ғ а. Асты өз әкеңе бер! Менің әкем сенен қойыртпақ сұрады ма? Қит етсе, әкең-әкең дейсің, жазығы қызын бергені ме?

Б э й д і л д а. Қызын маған аяп берген шығар. Не шатып отырсың?

Р э б и ғ а. Аямағанда, сенің 3 мүшеңе қызыққан шығар.

Б э й д і л д а. Менің көркіме берген екен ғой.

Р э б и ғ а. Сен шіркіннің көркінді қойсайшы! (*Ернін шығарып*). Адырам қалайын! Өзіне-өзі әлдеқандай көрінеді-ау!

Б э й д і л д а. Дүниеде қордың қызы жалғыз сен! Құдайдың артық жаратқан жаны сен! Қыртып, шатып тұрғанын.

Р э б и ғ а. Екі ауыз сөзге келмей қорс ете қаласың-ау! Жақсылардың әдеті ғой.

Б э й д і л д а. Сүйреңдемей, қысқарт енді. Ана шапанды жамадың ба? Күн ұзайын тағы қыдырған шығарсың.

Р э б и ғ а. Жіп жоқ! Ішегіммен жамайым ба?

Б э й д і л д а. Ішегіңмен жама! Шошқадан жаралған иттің тұқымы! Ертеден кара кешке ыржақ-ыржақ! Екі езуің бір жиыла ма?

Р э б и ғ а. Кісімен бір ауыз сөз қатпай, аузымды буып қоямыз ба?

Б э й д і л д а. Осы таусылмайтын не қылған сөз! Бізбен неге сөйлеспейді жұрт? Сөзге өзіңнің жаның құмар ғой. Бозбала көрсең, естен айырылып қаласың ғой мүлде...

Р э б и ғ а. Е-е-у, байғұсың! Бастамасын тағы бастап келеді! *(Аяқта құюлы тұрған қымызды әперіп)*. Мә, сөзді көбейтпей, сусыныңды іш!

Бәйділда көз қырымен қасқырша қарап, аяқты алмайды.

Р э б и ғ а. Ұстаушы ма ең?

Б э й д і л д а. Немене тықпалатып отырғаның?

Р э б и ғ а. Ұста, ішетін болсаң? Бірдеме үйреніп келдің бе? Мені апарып тастайын деп отырсың ба? *(Аяқты жерге қоя салады)*. Ал, ішпесең, атаукерең.

Б э й д і л д а *(аяқты алып жатып)*. Жерден жеті қоян тапқан немеше, неге тықпалатып отырсың?

Р э б и ғ а. Мелдігіңнен атып келсең, бері бер.

Бәйділда ала көзімен қарап отырады. Қымызға көзі түсіп кетіп, қылқылдатып бір-екі рет тартады. Ішіп болып аяқты лақтырып жібереді.

Р э б и ғ а. Жай кесірленіп отыр ма өзі? Құдай ондырмай жүргені осы ғой! *(Аяқты алып қояды)*.

Б э й д і л д а *(қақырынып, түкірініп маңдайын сүртіп біраз отырады)*. Жә! Жә! Жетер! Доғар енді! *(Баптанып тұрып Рәбигаға ала көзімен қарап, тысқа шығады)*.

Бесінші көрініс

Р э б и ғ а (*жалғыз, керегеге сүйеніп тұрып ойланады*).
Құдай-ау! Екі аяқтының итіне душар қылдың-ау! Күліп-ойнап
бір аяқ асыңды дұрыс іше алмайсың, тым болмаса, жаркылдап
отырса, кедейлігі де, шалдығы да білінбес еді. Бүйтіп көрген
күнің кұрсын! (*Есіктен қарап орнына келіп отырады*). Екі
атты кісі осы үйге қарай келеді. Біреуі анау күнгі болыстың
қасындағы Арсақай жынды ғой! Енді бірі кім екен? Төбет
көріп қойса, тағы әңгір таяқ ойнатады ғой. (*Сандықтан айна-
сын алып жағын сыланып, көзін түкіріктеп сүртіп, түзеледі.*
Аздан соң Арсақай мен Ахмет сәлем беріп кіріп келеді).

Алтыншы көрініс

Р э б и ғ а (*сызылып ісін тіккен болып отыра қалады*).
Жоғары шығыңыздар!

А р с а қ а й (*тымағын қасқита тұрып киген. Емін-еркін,
теңселе басып, жүктің алдына таяна отырады, бір аяғын
көсілген. Рәбигаға шұқшып мойнын былғаңдатып сөйлейді*).
Рәш, тәуірсің бе, шырақ!

А х м е т (*сытайы жігіт*). Есенсіз бе?

Р э б и ғ а (*екеуіне де*). Үш-шүкір! (*Көзінің астымен Ахмет-
ке қарайды*).

А р с а қ а й. Рәш, күйлі-жайлы жүрсің бе?

Р э б и ғ а (*жымшып*). Жүрміз.

А р с а қ а й. Е-е! Арымай, ашпай жүрсің ғой.

Р э б и ғ а (*мырс етіп*). Жүрдік.

А р с а қ а й. Денің сау ғой?

Р э б и ғ а (*тағы жымшып*). Сау болмасак отырамыз ба?
Бірдеме болып қалды деп есіттің бе?

А р с а қ а й. Жок, әншейін, амандығыңды сұрап жатырмын.
(*Қасындағы Ахметті нұсқап*). Мынау Ахмет. Ахметті білуші
ме едің?

Р э б и ғ а. Қайырлы болсын!

А р с а қ а й. Айтқаның келсін, бірге болсын! *(Жан-жағына алаңдап)*. Міне бір сар қаншықтарыңның мінезі жаман ғой.

Р э б и ғ а. Ит киімі жаманды қабады деуші еді. Ондайларыңыз жок көрінеді ғой.

А р с а қ а й. Дүниеде осындай үйдің қабаған итін жек көретінім-ай!

Р э б и ғ а. Осындай үй деп, бізді қандай үйге теңеп отырсыз?

А р с а қ а й *(шаңыраққа қарап)*. Осындай оқшау тұрған үйді айтам.

Р э б и ғ а. Жазығы оқшау тұрғаны ма? Басқасы да бар ма?

А х м е т *(жымшып)*. Басқасы да бар шығар. Айтты, айтпады, шешек шыққан үйдей, тым шеткері тігіпсіздер.

А р с а қ а й *(кеңкілдеп күліп)*. Ия, ия! Не конак үй емес, не орыска тіккен үй емес, дәл бүйірден...

Р э б и ғ а. Үйіміздің орнын да сөкет көрдіңіздер-ау! Қой сүйкенбесін деп, оңаша қонамыз. Оның несі сезікті?

А х м е т. Басқа себебі болмаса, шаруа ойлаған дұрыс қой!

Р э б и ғ а. Қазбалап қоймадыңыздар-ау! Өзім оңашаны жақсы көрем. Сонан соң үйімді аулақ қондырамын.

А х м е т. Мен де оңашаны жақсы көремін, мұныңыз дұрыс.

А р с а қ а *(алақтап, ана екеуінің әзіліне бөгет болмайын деген кісіше)*. Рәш, домбыраларың қайда? Дыңғылдатып отырайық.

Р э б и ғ а *(орнынан тұрып, жүктің артынан домбыраны қолына алып береді)*. Балалар шегін үзе берген соң тығып қойып едім.

А р с а қ а й түрегеліп, домбыраны қолына алып, олай-бұлай жүріп, құлағын бұрайды.

Р э б и ғ а *(орнына отырып)*. Өзі де жаман домбыра, келмейтін шығар.

А р с а қ а й *(күрсініп)*. Жаман да болса, бізге алтын домбырадай.

Р э б и ғ а *(насақтанғып жымшып)*. Домбыра біткен сізге солай ма?

А р с а қ а й. Жок, ойбай! Сіздің домбыра бізге алтын.

Р э б и ғ а *(жымияп)*. Енді қайтсін...

А р с а қ а й *(олай бір, бұлай бір жүріп, Рәбиғаның қасына жантайып жатады. Ауыр күрсінеді)*. У-у-һ!

А х м е т. Неге күрсіндің?

А р с а қ а й. Ішім күйіп барады.

Р э б и ғ а. Ішіңіз күйсе, тұз берейін.

А р с а қ а й. Тұз бермек түгіл, у берсең де берші, жаркыным!
(Домбыраның құлағына, тиесіне түкіріп, шерте бастайды).

А х м е т. Екпінің тәуір екен, бірдеме айтып жіберіп жүрдің.

Р э б и ғ а *(екі қолын айқастырып салып, Арсақайға қарап)*.

Қане, тындайық.

А х м е т. Енді, мына кісінің меселін қайтарма!

А р с а қ а й. Меселін қайтаратын дәрмен бар ма? Аузыма өлеңі бар болғыр түспей қор қылады ғой енді.

А х м е т. Дүние екі айналып келмейді, не де болса, тәуекел деп соғып қал! Солай емес пе, женгей?

Р э б и ғ а. Ол рас.

А х м е т. Әлі сізді женгей деппін-ау! Замандас, күрбы дегенім лайық шығар-ау!

Р э б и ғ а. Не десеніз де, ерік өзіңізде ғой.

А х м е т. Сонда да, бір көрген біліс, екі көрген таныс деген бар ғой.

Рәбиғаға таянып, телмеңдеп сөйлейді. Рәбиға Ахметке бұрылып, жымияп сөзіне жауап беріп отырады.

Арсақай мойнын бұрып салып, екі көзін Рәбиғадан айырмай, өзінен өзі мас болып, домбырасына қайта-қайта түкіре береді.

(Арсақай қиялға кеткен).

А х м е т. Мен сізді бұрын көргенім жоқ-ау деймін?

Р э б и ғ а. Солай шығар.

А х м е т. Күйеуіңізді де көрмеген шығармын? Күйеуіңіз қандай кісі?

Рәбиға (аз бөгеледі, тыржияды). Қандай болады. Кәдуілгі кісі.

Ахмет. Сонда да, жас па, кәрі ме дегенім ғой?

Рәбиға (күрсініп). Жас емес, шал. Келимен байдың қойшысы.

Ахмет (таңданып). Шын ба?!

Рәбиға. Өтірік айтып отыр дейсіз бе? Шын.

Ахмет. Нанайын ба? Нанбайын ба?! Япырай: Осы түріңізбен бір жас жігіт табылмады ма? Неге шалға тидіңіз?

Рәбиға (солғын). Құдайдың жазуынан артық бола ма?

Ахмет. Құдайдың жазуы тұрыпты ғой. Бір тәуір жігітпен кетіп қалуыңыз екен.

Рәбиға. Кетіп қалуға бола ма?

Ахмет. Неге болмайды?

Рәбиға. Әке-шешенің қарғысын қайтеміз?

Ахмет. Шын жаны ашыған әке-шеше сүйгенімен кеткенге қарғамайтын шығар.

Рәбиға. Мал алып қойды ғой. Ішіп-жеп қойған малды қайта құсу онай ма?

Ахмет. Сол әкенің алған малы сізге жар болды ма?

Рәбиға. Бата бұзған, қарғыс алған оңбайды дейді. Қайдан білейін...

Ахмет. Ол бекер сөз, талай бата бұзып, теңімен қашып кеткен әйелдер дәурен сүріп-ақ отыр.

Рәбиға. Пәленшенің қызы қашып кетіпті деген, атаның намысына тиеді ғой деп те қорғаладық, ақыры құдайдың жазуынан артық бола ма?

Ахмет. Осы айтып отырған дәлелдеріңіз өмірдің бір күнгі өксігеніне төтеп бермейді ғой. Мен сіздің орныңызда болсам, қарғыс, бата, әдет-ғұрып, намыс, құдайдың жазуы деп отырмас ем. Бір шал қойшыға қызықты жас дәуренімді зая қылмай, сүйген жігітіммен кетіп қалар едім.

Рәбиға (ауыр күрсініп). Қайтейін, кетпейін деген жоқ едім, аулымыздағы Ыбырай молданың ызғарынан қорықтым. Со кісінің сөзінен шыға алмадым. Жасымнан сол үйде қолқанат болып өсіп едім.

А х м е т. Ыбырай молданың жаны ашығаны шалға сатқаны ма?

Р э б и ғ а. Осы шал күйеуім бұрын сол үйдің койын көп бағып, еңбегі сінген ғой.

А х м е т. Мен әлі де болса, сізге кеш емес қой деймін. «Жас жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір» деген бар. Жастық басымда болғанға жаным ашиды, әлде болса қорлықта жүрмей біреумен кетіп қалыңыз!

Р э б и ғ а. Оныңыз рас қой, әркім сүйдеп айтады. Қайдан білейін, реті қалай боларын... Ойбай-ау! «Әңгіме бұзау емізер, бұзау таяқ жегізер» деп, әңгімемен отырғанда, шалым келіп шаңымызды қағып жүрер-ау! *(Тысқа шығып, қайта келеді).*

А р с а қ а й. Немене? Шалың көріне ме?

Р э б и ғ а. Көрінеді, койын косып жүр.

А х м е т. Арсақбай, Рәбиға жеңгей кісінің көңілін бұзды ғой, зарлы бірдеңе айтып жіберші!

А р с а қ а й. Зарлы не бар?... Зұлқияны айтпасам.

А х м е т. Зұлқияны-ақ айт!

А р с а қ а й *(ыргалып, тамағын қайта-қайта кенеп, домбыраның құлағын әлденеше бұрағаннан кейін, Рәбиғаға қарап, мойнын былғаңдатып, Зұлқияның екі ауыз өлеңін әнге салады).*

Қызы едім мен Зұлқия Оспанбайдың,
Ол Қасым қол астында Болсынайдың,
Тақсыр-ау, мизамыңа мүмкін болса,
Өтініп, кішілікпен жол сұраймын.
Ақа-қа-қау-ой, жалған!
Бұл дәурен екі айналып, келмес саған.

Ауылым Қызыл шілік арасында,
Сол жаман теңім емес, барамын ба?
Сол жаман егер менің теңім болса,
Сакина сау басыма саламын ба!?
Ақа-қа-қау-ой, жалған!
Бұл дәурен екі айналып, келмес саған.

Жетінші көрініс

Бәйділда қабағы аузына түсіп, түтігіп, түксініп кіріп келгенде, Рәбиға екі жігіттің ортасында жайрандап, қаннен қаперсіз отыр еді. Бәйділда жұлқынып, кіріп келгенде. «Тұр, иттің баласы!» деген даусы зенбіректің даусынан кем шыққан жоқ. Екі жігіт те, Рәбиғада қалай атып тұра келгенін өздері де білмей қалды.

Б ә й д і л д а. Шошқадан жаралған, иттің тұқымы! Неден есің шықты!

Ахмет, Арсақай аңырып тұрып қалды. Рәбиға тұра келіп, мөлііп тұр.

А р с а қ а й *(сасқанынан)*. Бәйділда, амансың ба?

Б ә й д і л д а. *(Арсақайға оқты көзімен қарады, сөз қатқан жоқ. Ол Рәбиғаға төнді)*. Бұл не?! Қыз ойнак бар ма бұл үйде?! Не қылған ойын-сауық?!

А х м е т. Отағасы... ақсақал... ағай... сабыр етіңіз! Сабыр етіңіз! Бұ кісінде түк жазық жоқ.

Р ә б и ғ а *(түсін жылытып)*. Қой енді! Кісі кеткен соң да жетер.

А х м е т. Ия, шатақты қойыңыз! Ашуды тастаңыз! Біз үшін ашулансаңыз, біз кетейік.

А р с а қ а й. Ия. Біз кетейік, жарықтығым!

Б ә й д і л д а *(жігіттерге қарамайды, екі көзі Рәбиғаны ішіп-жесіп барады)*. Ертеден кара кешке... ертеден кара кешке... есің шығып... есің шығып... *(Жолында жатқан домбыраны есікке қарай лақтырады)*. Домбыра, ойын-сауық... Қыз ойнак..., Жынның ойнағы... *(Жігіттер жөнеледі)*.

Р ә б и ғ а *(есік жаққа барып, күйбеңдейді, құманды түзеіп қояды, домбыраны көтереді)*. Жә, жә! Кісі кеткесін де жетер! Болар енді, болады ғой.

Б ә й д і л д а *(жігіттердің шығуы-ақ мұң екен, тістеніп, дірілдеп, қалшылдап, білегі сыбанулы)*. Мә саған болады! Мә саған болады! *(Рәбиғаның басына міне түседі, жұдырықтың*

астына алады). Қашанғыдан бұрын... сенен-ақ өлдім ғой!.. Сен-ақ тірідей өлтірдің ғой!.. Иттің баласы! Күнде өлгенше, бірақ өлейін, құныңды бірақ көрейін!.. Иттің тұқымы! Құдайдың құтты күні... Бозбаланы жинап алып отырғаның... Мен сартылдап жүремін... Сен үшін мен сартылдап, табанымнан таусылып жүремін... Бұ не деген жүзқара!? Бұ не деген бетпак!? Бұ не деген каншық еді, ойбай!?

Р ә б и ғ а (тістеніп жылап). Ойбай!.. Ойбай!.. Өлдім... Өлтір!.. Өлтір!..

Сегізінші көрініс

К е л и м е н (ақ көйлекті, таяқты, аяғының басына кебіс ілген ақсақал кіріп келіп, Бәйділданы жасауырын ортадан таяқпен салады). Құтырып кеткен шіркін! Кісі өлтіремісің?! *(Бәйділда ұрғанын доғарады)*. Құнға қалдырайын деп пе едің?! Өлтіресің ғой... Қатынды ұрғанда, солай ұра ма? Жаман неме! Сенің қатын алғаның пәле болды ғой! *(Рәбигаға)*. Түрегел, шырағым! Жылама! Бұл бір ақымақ! Қой қосусыз, жұмыс қылусыз, сен мұнда келіп, қатын сабайсың! 5 көй, 5 киімді сұрағанда қандайсың?! Тұр! Қойынды қос! Боқ жеген иттің, карашы! Кісінің құнын тартқызып, шығынды басыңнан асырайын деп жүр екенсің! Кет! Бар! Жоғал! *(Желкелеп айдап алып кетеді)*.

Р ә б и ғ а (дуана талағандай, ұйқы-тұйқы болған, ыза, намыс кернеген, дауысы саңқылдап). Енді саған қатын болсам, ... әкеме қатын болайын! Бір күн де, бір сағат та тұрмаймын. Міне, мен кеттім, адыра қалғыр! Қара қорымынды адыра қалдырайын! Күндіктен, қорлықтан құтылайын! Басыма теңдік алайын! Кел, қазақтың күн қыздары! Қол ұстасып, бостандық тұрмысқа жетейік!

Шымылдық

МАНСАПҚОРЛАР

Екі перделі драма

Кісілері

- Қасқырбай – болыс, 55 жаста
Күланда – оның қатыны, 22 жаста
Мүслім – тілмаш (болыстың туысқаны), 30 жаста
Сүлеймен – молда (болыстың ақылшысы), 57 жаста
Қожантай – қажы, 50 жаста
Әбділ – ауылнай, 40 жаста
Көбекбай – жаман бай, 65 жаста
Әубәкір – болыстың шабарманы, 30 жаста

БІРІНШІ БӨЛІМ

Сахна

Ортасы бөлінген екі бөлме, бір жағы тілмаштың кеңсесі, 3-4 орындық, жазу үстелі бар. Екінші бөлме болыс отыратын үй. Болыстың орны – кілем жаюлы биік төсек, еденде төсеніш.

Бірінші көрініс

МҮСЛІМ

Мүслім (*кеңсесінде, екі қолы қалтада, аузында шылымы, аяңдап, сөйлеп жүр*). Мені оқытпаймын деп осынша жантала-сып еді. Ол ойы болмады. Мен қашып-пысып жүріп оқыдым, нан жерлік білім алдым. Бір шешеден тумағандығын кылып, әкеме де талай зорлық кылып еді. Енді сол кегімді бір алсам, осы сайлауда болыс болып, кеудене бір мінсем, арманым болмас еді. (*Тоқтап сөйлейді*). Бірақ... Көзі тірі тұрғанда, бұл жауыз менің өркенімді өсірмейді, бұның көзін жоғалту керек! Қалай жоғалтамын? Қалай құтыламын? Жатсам да, тұрсам да ойлайтыным осы.

Осы оймен оның қатынымен тамыр болдым. Қатыны мені сүйеді. Ол жас, маған қызығады. Оның махаббатын пайдалануым керек... Мен – тілмаш. Тілмаш үлкен дәреже ме? – Жалдама хатшы. Менде билік жоқ. Мен ел билегім келеді.

Болыс болғым келеді... жоқ, Мүслім болыс болу керек. Мүслім кісіге бағынбайды. Бағындырады. Болыс болу үшін, бак алу үшін, арды, адамшылықты аяққа таптамай болмайды.

Екінші көрініс

МҮСЛІМ, КҮЛӘНДА

Күләнда (*бұраңдап*). Молда жігіт! Ә, молда жігіт!

Мүслім (*қасына таянып*). Не айтасың, жаным?

Күләнда. Үлгі пішетін газетің бар ма?

Мүслім. Газет табылады ғой. Менің айтқанымды не қылдың?

Күләнда. Молда жігіт-ай! Қанша ойласам да батылым бармайды?

Мүслім. Мені жақсы көргенің бекер болды ғой?

Күләнда. Қалкам-ау! Сені жанымдай жақсы көремін. Қайтейін, болыстан тағы қорқамын.

Мүслім. Оныға нанбаймын.

Күләнда. Жаным-ай! Сұмдық қой... обал ғой... қиын ғой...

Мүслім (*еріп қысып*). Тіс-е! Ақырын сөйле! Өзін кімді артық көресің? Болысты ма? Мені ме?

Күләнда. Әрине, сені... Бірақ болысты өлімге тағы қимаймын... Молда жігіт! Осылай ойнап-күліп жүрсек болмай ма?

Мүслім. Саған не керек? Қымбат көретінің байынның болыстығы ма? Менің болыс болмасымды қайдан білдің?

Күләнда (*қуланып*). Молда жігіт! Сен болыс болсаң қандай жақсы болар еді!

Мүслім. Құдай жеткізсе, осы сайлауда болыс болғанымды көрерсің.

Күләнда. Молда жігіт! Сені ел сайлай ма?

М ү с л і м. Байынның жауыздығы елді өзінен бездірді. Байында ел жоқ. Ел менікі, елге мен сүйкімдімін, керек десе, белетке де ақша алмаймын.

К ү л ә н д а. Болыс болсаң, мені аласың ба? Жақсылықты ұмытып кетпейсің бе?

М ү с л і м. Не деп ант іш дейсің?

К ү л ә н д а. Қарғанбай-ақ қой, сендім... Бірақ сенің артындағы еліңді мен де байқаймын.

М ү с л і м. Байқасаң, байқа!

К ү л ә н д а. Мені аласың ғой?

М ү с л і м. Қолыңды әкел! Серттен тайғанымызды осы қол ұрсын!

К ү л ә н д а *(қолын беріп)*. Жарайды, қолға тапсырдым. *(Сүйісіп айрылады)*.

Үшінші көрініс

МҮСЛИМ

М ү с л і м. Ақымақ ұрғашы! Мені шын алады деп ойлайды.

Қайдан білсін... Мен өзімнен басқа, бір адамды жақсы көре алмаймын. Менің мақсатым: мансап табу, кек алу. Өлтірсін байын, маған не керек?.. Бірақ мақсатыма жеткенше, сыр білдірмеуім керек.

Төртінші көрініс

МҮСЛИМ, ӘУБӘКІР

Ә у б ә к і р *(келіп)*. Маған тапсыратын жұмысыңыз жоқ па?

М ү с л і м. Қайда барасың?

Ә у б ә к і р. Болыс Қойбағардың бір ту биесін ұстап әкел дейді.

М ү с л і м. Оны қайтпекші?

Ә у б ә к і р. Союға.

Мүслім. Тағы зарлатады екенсің ғой. Олай болса, сен Қойбағарға менен сәлем айт! Мүслім биесін алма деп, болысқа осынша айтса да болмайды де! Ренжімесін, тірі болсам оның есесін кайырармын деп айт, білдің бе?

Әубәкір. Дұрыс, айтамын.

Мүслім. Тағы мына жұмысты тапсырамын. Көрпебайдың кызы басына бостандық сұрап нашалнікке арыз беріпті. Оны бергізіп жүрген болыс болу керек. Қызды нашалнік шақыртып отыр, Көрпебайға айт, арызды мен баса тұрамын, менің жақсылығымды ұмытып кетпесін де!

Әубәкір. Айтайын, бірақ Көрпебайдан бірдеңе алу керек еді. Пабеске жазып берсеңіз, мен оны өкіртер едім.

Мүслім. Алатын күн табылар, сайлау өтсін. Жалғыз сырласатын кісім сен ғой, Әубәкір! Сен байқайсың ғой, ел мені қалай көреді?

Әубәкір. Құдай біледі деп айтайын: сіз болыс болам десеңіз, сізді сайламайтын кісі бола қоймас деп ойлаймын.

Мүслім. Мен болыс болып шығайын, алудың әкесін сонда көрсетермін.

Әубәкір. Өзімнің де ішім сезеді.

Мүслім. Ауылнайлық пайдалы ма? Шабармандық пайдалы ма?

Әубәкір. Ауылнайдың шені үлкен ғой, түсімге шабармандық та теріс емес.

Мүслім. Ендеше, сені ауылнай қоярмын. Сен осы бастан елді маған қарай икемдей бер.

Әубәкір. Оны өзім де ескеріп жүрмін. Мен жүрейін. *(Кетеді).*

Бесінші көрініс

МҮСЛІМ

Мүслім. Елді алдаумен, еппен ұстау керек. «Әуелі бала еш нәрсесін тартып алмай, көрсетпей, ептеп алсаң оқасы жөк» деп Абай дұрыс айтқан. Қасқырбай елді қырып-жойып, қорқытып ұстады. Мен ел ұстасам, олай ұстамаймын. Алсам да, білдірмей аламын, езілген ел уысыңнан шықпай тұрмайды.

Алтыншы көрініс

МҮСЛІМ, ҚОЖАНТАЙ ҚАЖЫ

Қожаңтайқажы (*Мүслімнің қасына келіп күрсініп отырады*). Ей, құдай-ай, сактай гөр! Бұ не деген сұмдық еді!

Мүслім. Болысыңызбен жарастыңыз ба?

Қожаңтай. Жарасатын емеспіз, шырағым! Ауызын үлкен ашатын көрінеді.

Мүслім. Не алам деп отыр?

Қожаңтай. Маңдайыма басқан жалғыз тор жорға атты аламын дейді, оған тағы бір кара қосасың дейді, шашым шак келетін емес.

Мүслім. Құрытады десеңізші!

Қожаңтай. Құрытқаны ғой... Құрытайын дегені ғой.

Мүслім. Бұның адамға жаны ашымайды. Қанынан қарайып кеткен адам. Ертең сайлау болғанда тағы ұмытып кетесіңдер ғой.

Қожаңтай. Ай, енді есімізден қала қалмас.

Мүслім. Кімді болыс қояр едіңіздер?

Қожаңтай. Шырағым-ау, тіпті өзің неге болмайсың?

Мүслім. Бізге болыс боламын деу ұят қой.

Қожаңтай. Не ұяты бар? Жасың жетеді, ақылың жетеді. Қайта көзі ашық сенің болғаның жақсы болар еді.

Мүслім. Мені ел сайлай ма?

Қожаңтай. Мен өзім бесіншіні тырп еткізбей қолыңа берейін.

Мүслім. Рас айтасыз ба?

Қожаңтай. Расым. Қашанғыдан бұрын көзіміз ашылар еді. Өлдік қой әбден.

Мүслім. Ендеше, Қажеке, уәде қылып қоялық. Бесіншінің міндетін аласыз ғой?

Қожаңтай. Бесіншіден бір үй шашау шығарсам, маған сәлем берме!

Мүслім. Ыбқот шықса, шығынға да шыдайсыз ба?

Қожаңтай. Несі болса да шыдаймын.

М ү с л і м. Қолыңызды әкел. *(Қол соғысады)*. Қай бұзылғанымызды осы қол ұрсын! Құдай ұрсын!

Қ о ж а н т а й. Құдайға тапсырдық. Тек, сен де серігіңе тартып кетпесен.

М ү с л і м. Құдайға тапсырыңыз.

Қ о ж а н т а й. Жарайды, сені де бір сынайық.

Жетінші көрініс

Б ұ р ы ң ғ ы л а р, БОЛЫС, СҮЛЕЙ МЕН МОЛДА

Б о л ы с *(Мүслімге)*. Немене? Поштаны бүгін жөнелтуші ме едің?

М ү с л і м. Жөнелткелі отырмын, тығыз қағаздар бар еді.

Б о л ы с. Менің керегім бар ма?

М ү с л і м *(бірталай қағазды болыстың алдына салып)*. Міне бір қол қоятын қағаздар бар еді.

Б о л ы с. Бұл не қағаз?

М ү с л і м. Жұматай Қосар баласы бар ма? – деп прыстап сұрайды. Мен жоқ деп жауап жазып отырмын.

Б о л ы с. Олиттің орыстың атын ұрлаған шатағы болатын. Сайлауда бұлтақтап тұрмайтын, соққан еді, оның өзін басымен әлек қып қою керек. Бұ қағазды қайырмай тұра тұр.

М ү с л і м. Ендеше, жата тұрсын. Міне бір қағаз Байжолдан төрт жылқы көреді.

Б о л ы с. Көретін кім?

М ү с л і м. Желтау қазағы Шүмекбай Терлікбай баласы.

Б о л ы с. Байжол өзіміздің кісі ғой... Оның мәнісі бар, қоя тұр, болмаса елде жоқ деп қайырайық. Солай болсын.

М ү с л і м. Міне бір қағазды 5-інші үшаскенің меровой содиясы түсіріп отыр. Ана жылғы Тұяқбайлардың жұмысы тақырыпты 30 кісіні жауапқа шақырады.

Б о л ы с *(Қожантайға қарап)*. Қажы, сіз бара тұрыңызшы! *(Қажы шығады)*. Молда! Осыны қалай қыламыз?

С ү л е й м е н. Құданың күдіреті, жоқ жерде баска болысқа шығамын деп, жарты ауылнай елді кұртуға таяды-ау!

Б о л ы с. «Әлін білмеген әлек» деген ғой, 288-інші ыстатьялар Тұяқбайдың түсіне кірер ме екен?

С ү л е й м е н. Қатқанының ыстатьясын білсін бе?

М ү с л і м. Бұған не жауап қайырамыз?

Б о л ы с. Оны ақылдасу керек. Оның ішінде әлгі қажы да бар шығар.

М ү с л і м. Қожантай бар ма?

С ү л е й м е н. Басты адамдарын шақырып алып, қорқытып, нетсе қайтеді?

Б о л ы с. Сіз алу жағын айтасыз ғой. Менің ойым: бас көтерместей кылып, жаншып тастаса деп едім.

С ү л е й м е н. Олардың өзі де құруға таянған шығар. Быт-шыт болып тозып кеткен жоқ па? Елде қанша үйі қалды екен?

Б о л ы с. Ауып кеткен, күн көре алмайтын кедейлер ғой. Аз жұқанасы бар екі-үш-ақ үй ғой.

С ү л е й м е н. Олар да бітеді ғой.

Б о л ы с. Бітсе бітсін!

С ү л е й м е н. Мен осы ел быт-шыт болып көшіп таусыла ма деп шошимын, елдің сиқы жаман, мал бітіпті.

Б о л ы с (*мырс етіп*). Әй, молдеке-ай! О жағынан қорықпай-ақ қойыңыз, біздің ел қалар.

М ү с л і м. Әлі ел құрығанда, кімге болыс боласыздар?

Б о л ы с (*шытынып*). Оны сенен сұрамаспыз, елде не жұмысың бар? Қағазыңды жаз!

М ү с л і м. Мейілдеріңіз.

С ү л е й м е н. Шырағым, сен әзір жассың ғой, ел сөзіне араласып не қыласың? Алдыңда мына аған тұрғанда, ел сөзі осыдан аспас.

Б о л ы с (*көтеріліңкіреп*). Сен менің жұмысыма кіріспе! Елдің не тауқыметі болса да көтеретін мен. Тәңір алдында да мен жауап беремін.

М ү с л і м. Дияла менің қолымда болған соң, кіріспей қалай тұрамын?

Б о л ы с (*ашуланып*). Олай болса, сен дияланы көтере алмайтын болсаң, дияланы көтеретін кісіге берерміз.

С ү л е й м е н. Ондай сөзді не қыласыз? Оныкі де рас, кіріспеу де қиын. Басқа біреуге береміз дегенді сіз де қойыңыз.

Күдайға шүкір, бақ та, дәулет те жететін ғой, ренжісті тастау керек.

Мүслім. Мен қойдым, ұнамаса... *(болыс үндемейді)*.

Сүлеймен. Әлгі қағазды жайырақ кеңесу қол болар, мұндай жұмысты тегінде маслихатпен істеген дұрыс болар.

Болыс. Дұрыс, жата тұрсын.

Мүслім. Жарайды ендеше... Онан басқа қағаз жоқ шығар. *(Қағаздарын жинап шығып кетеді)*.

Сегізінші көрініс

БОЛЫС, СҮЛЕЙ МЕН МОЛДА

Сүлеймен. Менің байқауымша, осы баланың бақтан дәмесі бар ма деп ойлаймын.

Болыс. Болыс болам дей ме? *(Өз бөлмесіне барады)*.

Сүлеймен. Кім біледі...

Болыс. Олай ойлар ма екен?

Сүлеймен. Мансапқа қызыкпайтын адам болады дейсіз бе? Мансапты теріс көрмейтін шығар.

Болыс. Қой, мен тұрғанда болыс болам деп айта алмас.

Сүлеймен. Сонда да бұ баланы айламен ұстау керек шығар, елде де беделсіз бола қояр ма екен?

Болыс. Оныңыз рас, ел жек көре қоймас, бірақ мен тұрғанда, жарқырап шыға қоймас, менімен таласарлық не малы бар?

Сүлеймен. Тегінде қаупін айтқаным ғой. Әйтпесе, дәулетсіз кісі болыс болу оңай емес қой... Сүйтсе де арғыдан ойлайтын зымиян бала.

Болыс. Бұл аса сұм бала, қулығы біздің әр жағымызда. Мен ағалық қылып тежеп тастаған боламын. Еркіне жіберсен, бізді сыртымыздан сатып жіберер. Осының арамзалығын мен ерте сезгемін ғой. Оқып шыкса, төбемізді тесер деп, осынша оқытпайын деп арпалыстым, болмады. Қашып кетіп оқып шықты.

Сүлеймен. Сізге әлгідей ақыру, жекірудің керегі жоқ, кім біледі, бір шешеден тумағандығын істейді деп кектене беруі ықтимал.

Б о л ы с. Бірақ ылғи жалынып-жалпая берсең, басыңа шығып кетеді ғой.

С ү л е й м е н. Түбінде осы елді ұстайтын осы болады, бірақ біз алмаймыз.

Б о л ы с. Оған дау жоқ...

С ү л е й м е н. Менің сак болу керек дейтін бір себебім: болысты орысша білгеннен сайлайды деген бір лақап бар ғой.

Б о л ы с. Ол әлі анық хабар емес. Ол әзір бола қоймас. Орысша білген табыла бере ме? Бак дүниеге табылатын болса, Калпаковский орнында тұрса, бір есебін табармыз.

С ү л е й м е н. Діні кәпір де болса, о шіркін алғанын ақтар... Менікі уайымын сөйлеген ғой.

Б о л ы с. Сайлаудың мезгілі жақын ғой, қамсыз жатқан жарамас. Сіз атка мініп, ел окпанын байқағаныңыз дұрыс болар.

С ү л е й м е н. Өз ойым да сол, атка міну керек. Мінетін атым да жоқ, тегі сіздің көк атты мініп кетемін ғой.

Б о л ы с. Өзім мінерлік аттың өзі де сол еді, сүйткенмен мініңіз, мініңіз.

С ү л е й м е н. Мен енді қайтқаным дұрыс болар... Үйде де ол-бұ шаруа бар еді... Қадишаның шайы таусылған екен, Күләнда келіннің шайы бар шығар, қаладан жуықта алдырды деп естіп едік.

Б о л ы с. *(дауыстайды)*. Күләнда! Күләнда!

Тоғызыншы көрініс

Бұрынғылар һәм КҮЛӘНДА

К ү л ә н д а *(келін)*. Не айтасыз?

Б о л ы с. Молдекен бәйбішесінің шайы таусылған екен, бір қағаз шай әкеп бер, бибіге мақтанып барсын!

С ү л е й м е н. Ұрғашы да аңдып отырған бір жау ғой.

К ү л ә н д а. Шайдың өзі де шағын еді...*(Кетеді)*.

С ү л е й м е н. Болыс тірі болса шай шағын болмас. *(Біраз тым-тырыс)*.

К ү л ә н д а *(шайды әкеліп береді)*. Женгейге сәлем айтыңыз!

Шашу апарып, құттықтайтын жөніміз де бар еді, қол тиіп бара алмай жүрмін.

Сүлеймен *(шайды қойнына салып жатып)*. Қадишаға бірталай талшық болсын... Барыңыз, барыңыз...

Күләнда. Барамын, кісі толас болған соң, қалайтын қалауым да бар.

Сүлеймен. Қаланыз, қалаңыз! *(Күліп)*. «Алушының баласы шалушы келеді» деген ғой, сізге жарарлық нәрсе табылса, қаланыз...

Болыс. Молданың зәресін ұшырып не қыласың... *(Күледі)*.

Күләнда. Зәресі неге ұшсын? Алғанды молдакең өзі де жақсы көреді. «Береген қолым алаған» деген емес пе?

Сүлеймен. Сізден аяйтын не дүние болады дейсіз? Алыңыз, алыңыз! Мен жүрейін, қош бола тұрыңыздар! *(Шығады)*.

Оныншы көрініс

БОЛЫС, КҮЛӘНДА

Күләнда. Пай-пай-пай-ай! Осы молдакеңнің сұрамшағы-ай! Келген сайын сілімтіктеніп бірдеңе алмай кетуі жоқ.

Болыс. Қожа, молданың кәсібі емес пе?

Күләнда. Бұ кісі жай қожа, молдамен бір бас па? Ел адамы емес пе?

Болыс. Қайта ел адамының араны ашылып кететін шығар. Алмай, кім жолдас болады дейсің. Бәрінікі бір құлқыны, бір тамағы!

Күләнда. Сүйткенмен «бер-бер!» дей бергенше, «жок» десеніз болмай ма? Шайдың өзі де азайып қалды.

Болыс. Оттаған шіркін! Менің мырзалығым ұстап беріп отыр дейсің бе? Кімге берсең де өзің үшін бересің.

Күләнда. Шай таусылып бара жатқанға айтам, әйтпесе мен не қылайын...

Болыс. Таусылса, төркінің көтермес, ел көтерер, елдің дәулеті таусылса, біздің шайымыз да таусылар *(Күләнда кетеді)*.

Он бірінші көрініс

БОЛЫС, СҮЛЕЙМЕН, ҚОЖАНТАЙ

Сүлеймен *(отырып жатып)*. Қажы сізге жолығып кетер едім дейді, атқа бірге мінейік деп едік.

Болыс. Не жолығатыны бар? Айтқаным – айтқан.

Қожантай. Атты өзіме қайтарыңыз, өзгесін қамдап көрейін.

Болыс. Ол болмайды.

Сүлеймен. Қожеке! Осы жұмаға келгеніңіз мақұл болар. Кәпірдің қаламына бір ілінген соң, құтылу оңай болмайтын.

Қожантай. Қалам қылғанда, акпын ғой! Нақакпын ғой! «Қызың бала тапты, дүрбі салдырамын» деген не деген сұмдық! Құдайдан үміті бар адам осындай іс қыла ма?

Болыс *(ашуланады)*. Сенің қызыңа бала таптырған мен бе? Оттама! Тілінді тартып сөйле!

Қожантай. Құдай алдында, мақшар күнінде теңдікке жетпесек...

Болыс *(көтеріліп, екіленіп)*. Қажы! Қысқарт тілінді! Шауып алармын! Күлінді көкке ұшырармын! Мақшарыңмен қабат!

Қожантай *(жағғысын ұстап)*. Астапыролда! Кетейін, кетейін! «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деп еді. *(Жөнеледі)*.

Болыс *(тұра ұмтылады)*. Сакалыңнан түк қоймай жұлайын, бері келші!

Сүлеймен *(болысты ұстап жібермейді)*. Сабыр етіңіз! Не керек, қажы кісі ғой..

Болыс *(орнына отырып)*. Тілі мірдің оғындай ащы неме өзінің! Қажымын дейді, не қылған қажы! Кересін сатып, бақал қыдыртып жүретін шірік неме еді! Өлген қажыны тонап келіп, әулие бола қалыпты!

Сүлеймен. Не қыласыз соны, сөз білмеген соң қайтесін... мен жүрейін... жолықтыр дегенге ертіп едім... өзі бүлдіріп алды... Өз обалы өзіне.

Болыс. Мұндай итті ит қылып ұстау керек. *(Сүлеймен кетеді)*.

Он екінші көрініс

БОЛЫС ӘМ ӘБДІЛ АУЫЛНАЙ

Ә б д і л. Салаумалейкүм!

Б о л ы с. Аманбысың?

Ә б д і л. Құдайға шүкір, мал-жаныңыз аман ба?

Б о л ы с. Сен қайда жоғалып кеттің? Алымың бітті ме?

Ә б д і л. Бітуге таяды, 20 шакты үй қалды.

Б о л ы с. Қара басқыр! Сенің жұмысын бір бітер ме екен?

Ә б д і л. Біткенше сойып жатыр. Елде ақша жоқ.

Б о л ы с. Ақша жоқ болса, маған қайт дейсің? Жаныңнан төле.

Ә б д і л. Төле десеніз, амалым бар ма? Жалғыз атымды сатсам да төлеймін тағы.

Б о л ы с. «Жұлдыздың 15-нен қалдырма!» деп каксап жібердім. Боштабайшыдан және тапсырдым. Не бітіріп жүретінінді шорт біледі.

Ә б д і л. Өңкей қара қасқа кедей. Күн көріп отырған жалғыз сиырын алмасак, түк бәлек-салағы жоқ, борыш-карызына беріп бітірген.

Б о л ы с. Алсаң ал! Маған не қыл дейсің? Кім-кім бермеген?

Ә б д і л. Алтыбай ауылында үш үй, Қара жалда екі үй, жауыр жирен шолактан басқа дымы жоқ жылтыр Құлтамбай, өзіңізге неше рет зарлап келетін жалғыз сиырдан басқа үрерге иті жоқ ақсақ Кемелбай, міне, қалып отырған осы сияқты ылғи қара қасқа кедейлер. 30 сом тауып беру жан бергеннен бір кейін емес, қатыны баласымен шулап қарғағанда, иманын қасым болады. Қарғыстан әбден ішіміз кебеді.

Б о л ы с. Қарғыстан қорықсаң, қызметте не ақын бар еді?

Ә б д і л. Қызметі бар болсын!

Б о л ы с. Сайлау кезінде көрерміз.

Ә б д і л. Енді ауылнай болғаннан да мойныма қап салғаным артық.

Б о л ы с. Сөзді көбейтпе! Қалған алымды екі күннен қалдырмай тапсырасың!

Ә б д і л. Ойбай-ау! Екі күннің ішінде бір жақтан ақша келе ме?

Б о л ы с. Жерден қазсаң да табасың! Сенің алымың үшін мен абақтыға жата алмаймын! Оны білесің бе?

Ә б д і л. Қайтейін! Бар малымды сатып, қатын-баламды шұбыртып кетем дағы...

Б о л ы с. Маған десе, Тескен тау кет!

(Әбділ шығады).

Он үшінші көрініс

БОЛЫС

Б о л ы с. (аздан кейін). Әлгі иттің сөзі де рас. Ел кедей болды. Осы шығынның көбі өзіміздікі. Бірақ ел жемей азулы болмайсың. Азулы болмай, дәулет табыла ма? Бақ, атақ, дәулет – көздің жасы ғой... Елді ойлағанда, кейде жаның қынжылады... Қанша бақты болсаң да жүрегіңнің басынан бір тікен кетпейді... Нәпсі шіркін тағы шыдамайды, алмай тұра алмайсың... Қайтесің, ел жеген жалғыз мен бе? Қазақтың жақсыларында бұрынғы, соңғыда ел қанамағаны болды ма? Біз солардан артықпыз ба? Мен алмағанмен біреуі алады... Құдай бізді алуға жаратты, дүние күштінікі...

Он төртінші көрініс

БОЛЫС, КӨБЕКБАЙ, ӘУБӘКІР

Көбекбай қолын қусырып, басын еңкейтіп, сәлем беріп кіреді. Тұқыраңдап етігін тастап, тізесімен жорғалап болысқа қол береді.

Б о л ы с (қолын қағып жібереді). Тарт қолыңды! Мен Меккеге барғам жоқ, не қылған қол!? (Әубәкір мырс етіп күледі).

К ө б е к б а й (қалбалақтап). Жок, жок. Мәртебеңізге, бағыңызға... кішілік... мал-жан шаруаңыз аман ба?.. Есен жақсы отырсыз ба?.. Құдай деп... күйлі жақсы... келін... бәйбіше... бала-шаға... құдай деп... ауыл-аймағыңыз аманшылық па?

Б о л ы с. Өзің де аманбысың?

К ө б е к б а й. Күдай деп... күдай деп... *(Аузын жыбырлатып, тамағын кенеп қояды).*

Б о л ы с *(аздан соң)*. Қайдан келесің?

К ө б е к б а й. Ауылдан шығып едім... осы жаққа таман...

Б о л ы с. Қайда барасың?

К ө б е к б а й. Сізге сәлем берейін... жолығайын... арыз берейін деп...

Б о л ы с *(жантайып жатып)*. Не қылған арыз?

К ө б е к б а й. Мырза!.. Үйірдегі жалғыз айғырымызды алдырған екенсіз... соның жайын айтайын, жайын білейін деп...

Б о л ы с. Не жайы бар? Айғырды мен алдым. Мен алуға жараймын ба?

К ө б е к б а й. Жарайсыз, жарайсыз... алдырғаныңызды нетпеймін... Алам десеніз, аласыз, сізге қарсылық қылатын шамамыз бар ма?.. Бірақ қатын-баладан тынышым кетіп келіп отырмын... Мал ішінде ырым қылатын бір мал болады ғой, мырза! Өзге малым да, айғырым да бір төбе еді! Мырза, тағың да ағар! Бағың өсе берсін! Айғырымды өзіме қайырыңыз, орнына бие аласыз ба? Өзіндей шұбар құнаны бар. Соны аласыз ба?

Б о л ы с. Айғыр қайтпайды.

К ө б е к б а й. Мырза-ай! Мұқым құрытқаныңыз ғой! Мені өлтіргеніңіз ғой, қатын, балаға табашы қып, күнде өлтіргенше, бір жола өлтіріңіз! Өзіңіз бауыздаңыз! Аяйтын жаным да жоқ, міне басым! *(Болыстың саяғына жығылады).*

Б о л ы с. Тұр арман! Айбарын қарашы төбеттің!

К ө б е к б а й. Таксыр-ай! Жаныма теңеп жүрген жануарым еді. Айғырымды алғаннан баламның біреуі өлгені жақсы еді.

Б о л ы с. Айғырыңды кәдірлі көрсең, екі сары биен мен құнаныңды бер!

К ө б е к б а й. Ойбай-ай! Жарықтық-ай! Үшеуін бірдей берген соң, нем қалады?

Б о л ы с. Өзің білесің.

Ә у б ә к і р. Шұбар құнан ендігі жылы өзіне айғыр болмай ма?

К ө б е к б а й *(көзін сүртіп, төмен қарап отырады. Азdan соң)*. Мырза, мені қайтесіз енді?

Б о л ы с. Қайтейін сені?

К ө б е к б а й. Екі биенің таңдағанын алыңыз!

Б о л ы с. Болмайды.

Ә у б ә к і р. Көке, екі биенді қабат беріп неге байкамайсың?

К ө б е к б а й. Құрытайын дегені ғой, құрытып тыныш болсын! Қайтейін!.. *(Жылап, шығып кетеді)*.

Ә у б ә к і р. Екі сары биені қабат бер десе болмайсың... *(Бірге шығады)*.

Он бесінші көрініс

Б о л ы с *(басын көтеріп сөйлейді)*. Ай, Көк төбет! Көзін сулап, айғырын ала қоймақ. Жылағанды көріппін бе сірә?.. Не мініп, не киіп, қызығын көрмейтін жаманға жақсы айғырдың не керегі бар екен! Көбекбайда жүргенде шұбар айғырды кім біледі? Адам да білмейді. Итте болғанша, иесінде болсын... Аман болса он сақа биеге салып, жылкымды шұп-шұбар қып алайын... Пай-пай-пай! Қояндыда Жардың баласы үш шұбармен бір жүрді-ау! Ауызымен күс тістейді!.. Үш шұбарды тройке-летіп жәрменкене жегіп барсам. Көшеде мойнын қайыртып, құтыртып бір жүрсем, жұрт: «Бұ қай мырза, қай болыс!» деп таңданса, сонда менің Қасқырбай атым алты алашқа кетеді, сонда менің кім екенімді жұрт біледі... Қасқырбай осыны ойлап шұбар айғырды алып отыр ғой!

Шымылдық

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Сахна әуелгі

Бірінші көрініс

Мүселім ауыз үйде Қожантай, Көбекбай, Әбділ үшеуін отырғызып қойып сөйлеп тұр. Күләнда төргі үйдін есігінде тыңдап тұр.

Мүселім. Бір күнде сіздер Қасқырбайдың жемі едіңдер. Енді міне, елу басы болдыңдар. Сендерді елу басы қып шығаруға әуелі құдай, сонан соң мен себеп болдым. Оны білесіздер ғой?

Әбділ.

Көбекбай.

Қожантай.

Білеміз, неге білмейік?

Мүселім. Бүгін нашалнік келеді, шар салады. Бәйгілі жерге таяндық. Елу басылардың көбі мендік екенін білесіздер. Әсіресе, қатты сенетін тастарым үшеуіңіздікі.

Қашан шар салғанша мені сайлаймын деп ешкімге ауыздан шығармайсыздар! Ұқтыңыздар ма?

Үшеуі. Ұқтық.

Мүселім. Сендерді болыс тағы айналдырар, дүние-мүлкін үйіп-төгер. Болысқа уәдені бере беріндер, бергенін ала беріндер. Қажеке! Көке! Әбе! Уәде осылай еді ғой?

Үшеуі. Осылай.

Мүселім. Бұ сайлауда болыс болам деп шарға түсуші көп болғалы тұрғанын білесіздер ғой?

Үшеуі. Білеміз.

Мүселім. Басқаларға шар сал дегенде, тастарыңызды жәшіктің қара жағына саласындар, маған келгенде, ақ жағына саласындар. Ұқтындар ма?

Үшеуі. Ұқтық.

Мүселім. Енді онаша сөйлесе беруге уақыт болмас. Ақырғы уағдамыз осы болсын. Қане, тағы қол ұстасалық! (Үшеуінің қолын ұстайды). Қолға, Құдайға, аруакқа тапсырдық.

К ө б е к б а й. Менде бұлтарыс жоқ.

Қ о ж а н т а й. Мен де Қасқырбайдан тойғам.

Ә б д і л. Мен де сенімен біргемін.

(Соңғы үшеуі шығады).

Екінші көрініс

МУСЛИМ, КҮЛӘНДА

К ү л ә н д а. Молда жігіт! Түсімде сен ақ боз атқа мініп, тау басына шықтың, сен болыс болады екенсің, енді көзім жетті.

М ү с л і м. Көзің жетсе, уәдені орындайтын уақыт та жетті. Бүгін нашалнік келеді. Шар салады. Бүгіннен қалсаң, менен күдерінді үз! Енді бұлғақтауға болмайды.

К ү л ә н д а *(Мүслимді құшақтап)*. Ойбай-ай! Енді қалай ғып беремін!?

М ү с л і м. Қымызға мал да, араластырып жібер! Түк дәмі жоқ, білінбейді. *(Қалтасынан қағазға ораулы ұды алып береді)*. Мә, жаным! Титтей қорықпа! Шімірікпе! Тірі жан біледі деп ойлама!

К ү л ә н д а *(дәріні қалтасына салады)*. Жүрегім дірілдеп барады... Дәтім шыдамай тұр...

М ү с л і м. Байың бүгін болмаса, ертең өледі. Сонда сені алатын әменгерің кім екенін білесің бе?

К ү л ә н д а. Сенен басқа кімім бар?.. Бірақ құдай жүзін қайтіп көреміз?

М ү с л і м. Құдай жүзін шын көретін біз боламыз. Байың жемеген ел бар ма? Ол зарлатпаған жетім-жесір бар ма? Бұның көзін жоғалтсақ, бейуаздардың көзі ашылады. Бұдан сауап таппасақ, обал таппаймыз.

К ү л ә н д а. Молда жігіт-ай! Сенің көңіліңді кимастықтан істеймін. Әйтпесе, адам істемейтін жұмыс қой... Қайтейін, құдайдың не салғанын көрем дағы... Бірақ түбінде мені алдап кетпейсің бе?

М ү с л і м. Сен баланың сөзін айта берсең, маған серік бола алмайды екенсің...

К ү л э н д а. Көндім ғой, жаным! Көндім енді. Сен үшін жанымды отқа салдым.

М ү с л і м. Көнсен, енді ұрғашылық қылма. Сөзді, ойды таста, жұмысты бітір! *(Күләнда шығып кетеді).*

Үшінші көрініс

МУСЛИМ

М ү с л і м *(түрегеліп тұр, ауыр ойда)*. Елдің бетін өзіме қараттым, елу басыны алдым, енді бір-ақ өткел қалды. Ол өткел: нашалнікке жолықтырмай, Қасқырбайды бір жайлы қылу. Нашалнікке жолықса ол әкетеді, параға сатылмайтын ұлық жоқ... *(Жүрегін басады)*. Жүрегім алып ұшып барады. Көзіме бақ елестейді. Күләнда айтқанымды орындаса жарарды... орындар... Ол мені жанындай жақсы көреді.

Мен ше? Мен оны сүймеймін. Мен оны ақымақ қылып жүрмін... Болыс болсам, қыздың төресін алмаймын ба? *(Тықыр естіледі, Мүслим отырып қағазын жазған болады).*

Төртінші көрініс

МУСЛИМ, БОЛЫС, СҮЛЕЙМЕН

Б о л ы с *(кіріп, Мүслимді көріп, молдаға)*. Мұнда, төргі үйге барайық. *(Төргі үйге барып, отырып сөйлеседі. Мүслим құлағын салып тыңдап отырады).*

С ү л е й м е н. Мұндағы сенімсіз елу басы, менің топшылауымша Қожантай кажы, Көбекбай, Әбділ үшеуі.

Б о л ы с. Өзгелері де пәлендей сенімді емес. Әсіресе үшеуі, бұларға не істеуіміз керек?

С ү л е й м е н. Мен былай ойлап тұрмын: Қожантайға құдалық беру керек, оның былтыр бір әйел баласы туған.

Б о л ы с. Дұрыс екен! Табылған ақыл, өз ойымда да бар еді... Көбекбайды қайтеміз?

С ү л е й м е н. Көбекбай айғырын өзі алып еді ғой?

Б о л ы с. Айғырды әлде қашан бердік қой. Ол 200 сом ақша да алып отыр.

С ү л е й м е н. Алынған малдың бәрі қайтты ғой?

Б о л ы с. Қайтып жатыр ғой, артының қайырын тілемесек...

С ү л е й м е н. Көбекбай мал-жанды төбет қой. Оған тағы бермесе болмас, құдалыққа ол сене қоймас.

Б о л ы с. Оған тағы ақша береміз дағы... Ал Әбділ ше? Бір беткей, бірмойын адам Әбділ ғой.

С ү л е й м е н. Әбділдің қатыны өлді ғой. Оның есіл-дерті бір қатын. Мен ойлап едім: энеугі осында қашып келетін Байжанның қызын әпереміз десек, тоқтамас па екен?

Б о л ы с (қуанып). Ай, молдеке-ай! Осындай қысылған жерде табасың-ау! Бұл әбден жарайды! Оларды қазір шақырып сөйлесу керек.

С ү л е й м е н. Шақырғаннан да жеке-жеке тысқа алып шығып, оңаша сөйлескен мақұл болар.

Б о л ы с. Бұ да дұрыс екен, жұмысты тығыздатпаса болмайды, бүгін нашалнік келіп қалуы ықтимал ғой.

С ү л е й м е н. Тығыздату керек... Елу басылар жайсыз, қолайсыз кісілер...

Б о л ы с. Өзім де қауіп қыламын, түсім келіспейді.

С ү л е й м е н. Осы елу басылардың көбі Мүслімге тілектес адамдар ғой. Мүсліммен тағы бір сөйлесіп көрсек қайтер еді?

Б о л ы с. Сөйлескенмен ол сыр бермейді. «Болыс болғың келсе шыныңды айт, қолымыздан берейік», деп мен талай айналдырдым. «Болмаймын» деп азар да безер болады.

С ү л е й м е н. Әйтеуір осы баладан қауіптенем де тұрам, сүрені келмейді.

Б о л ы с. Оны елеп сөзге ала берсең, болыстықтың тұтқасын өзі ұстаған кісімсіп, мүлде құтырып кете ме деп қорқамын.

С ү л е й м е н. Оныңыз да дұрыс, жас кісі, жақын адамға жалына беру – сіздің бойыңызға лайық емес.

Б о л ы с. Маған намыс қой, өлім ғой! Қартайғаныңды, әлсіздігіңді білдіресің ғой.

С ү л е й м е н. Олай болса, елу басыларды айналдырайық.

Б о л ы с. Жүріңіз!

(Шығады).

Бесінші көрініс

МҮСЛІМ

М ү с л і м. Батыр қысылайын деген екен, қалай айла кұрсаң да көрін казылған... Күләнда қымызды бере алса, жарады. *(Есіктен қарап келеді).*

Күләнда кайда жүр екен? Енді беру керек еді.

Алтыншы көрініс

МҮСЛІМ, ӘУБӘКІР

Ә у б ә к і р *(мойында знагы, ентігіп кіреді).* Нашалнік келіп калды!

М ү с л і м. Қай жерде? Қай жерде?

Ә у б ә к і р. Сарыадырдан жана аттанды.

М ү с л і м. Қайда түседі?

Ә у б ә к і р. Тура осында келеді.

М ү с л і м. Шарды кашан салады?

Ә у б ә к і р. Бүгін, бүгін саламын деп келеді. Жұмысы асығыс болса керек, елу басылар кайда? Даяр ма еді?

М ү с л і м. Даяр, болысқа айтғын ба?

Ә у б ә к і р. Жоқ, айткам жоқ, алдыменен саған келдім.

М ү с л і м. Бар ендеше, болысқа айт! Қай үйді тазалатады екен? *(Әубәкір кетеді).* Күләнда, Күләнда! *(Сасқалақтап біресе жоғарғы үйдің, біресе ауыз үйдің есігіне жүгіреді).* Күләнда!

Жетінші көрініс

МҮСЛІМ, КҮЛӘНДА

К ү л ә н д а *(жүгіріп кіреді).* Немене молда жігіт?!

М ү с л і м. Нашалнік келіп калды. Берген жоқсың ба?

К ү л ә н д а. Беруге уақыт болды ма?

М ү с л і м. Кәзір бер! Кәзір бер!

К ү л ә н д а. Үйге келер ме екен?

Мүслім. Кәзір үйге келеді, киім киеді. Ызнагын салады, нашалніктің алдынан шығады.

Күләнда *(жүрегін басып)*. Ойпырмай, жүрегім шошып кетті ғой!

Мүслім. Биттей сескенбе! Асығыста ескермейді. Осыдан қолайлы уақыт жоқ.

Күләнда. Жарайды. Жүре бер! Бірдене қып көрермін. *(Мүслім кетеді. Күләнда төргі үйге барып аяқтағы қымызға ұды салады, араластырады, иіскейді, тыржияды, қорқады, үрейленеді)*. Алла-ай!.. Жасаған-ай! Кеше гөр!.. Қалай беремін? Байымды қалай өлтіремін? Мүслімнен қалай айрылармын?.. Қой, не де болса басымды берген соң, бір жола берейін... Құдайдың салғанын көрермін.

Сегізінші көрініс

Болыс *(ентігіп, алқынып, асығып кіреді)*. Күләнда! Күләнда! Ызнагым қайда? Ызнагымды әпер!

Күләнда *(сандықтан ызнагын алып береді)*. Міне, ызнағыңыз.

Болыс. Белбеуім, тымағым... Уһ, әһ, уһ! Түтігіп кеттім ғой! Күләнда *(ілулі тұрған белбеуі мен тымағын әперіп жатып)*. Кішкене сусын жұтасыз ба?

Болыс *(ызнагын мойнына салып)*. Әкпел, әкпел! *(Отырып жұтып салады)*. А, құдай! А, құдай! Я, аруақ! Қолдай гөр! *(Түкірінеді)*. Немене, ап-ащы, тамақты қырды ғой?

Болыс *(түрегеліп белін буынып)*. Әкел бері. Бер! *(Күләнда артына шығып белбеуін әпереді)*. Үйінді жинап, тазалап қой!.. Нашалнік осында келіп қала ма, кім біледі...

(Шығып кетеді).

Тоғызыншы көрініс

КҮЛӘНДА, МҮСЛІМ

Мүслім *(кіріп)*. Немене? Бердің бе?

Күләнда *(үрейленген)*. Бердім... Құдай-ай, сақтай гөр!...

Мүслім. Сызген жоқ па?

Күләнда. Ашырканды, түкірді, тамағын кырды білем.

Мүслім. Бәрін ішті ме?

Күләнда. Шөлден келген екен, жұта салды. Алла-ай!
Жасаған-ай!

Мүслім. Жарайды, жұмыс бітті. *(Курсінеді)*.

Күләнда. Мен енді қайтем?

Мүслім. Қайтесің? Түк көрмеген кісі болып жүре бер.
(Күләнда үйдің ішін жинап жүреді).

Оныншы көрініс

Бұрынғылар, ҚОЖАНТАЙ, КӨБЕКБАЙ, ӘБДІЛ

Үшеуі *(ауыз үйге кіріп)*. Мүслім жоқ па?

Мүслім. Мен мұнда. *(Ауыз үйге шыға келеді)*. Сіздер ме едіңіз?.. Немене? Болыс не айтты?

Қожантай. Маған құдалық береді, мал аяйтын емес.

Көбекбай. Маған тағы 300 сом берді.

Әбділ. Маған катын әпермек болды.

Мүслім *(мырс етіп)*. Бүгін бәрінді жарылқайтын күні ғой.
Немене? Көніп қалдыңыздар ма?

Үшеуі. Құдай сақтасын!

Мүслім. Сендердің жақсылығың өлгенімше есімнен қалмас. Менің тар жерде жолдас болған жан досым сендер.

Қожантай. Жеуден көзіміз ашылса, шығыннан қағас қылсаң – менің сұрайтыным сол.

Көбекбай. Малыма не қылсаң, аз мінгішімді кім көрінгенге сабатпасаң, тимей жүрген ақымызды әперсең, менікі сол, шырағым!

Ә б д і л. Нашарға көзіңнің қырын салсаң, қатарыңнан қалдырмасаң – менікі сол.

М ү с л і м. Сендердің тілегінді орындамасам, өзім де оңбаспын. Менің де көретін қызығым алдымда ғой. Сендерді ұмытсам, құдайды да ұмытармын.

Ү ш е у і. Біз де ұмытпаспыз.

М ү с л і м. Енді нашалнік жаққа барайық. Жүріңіздер!

Ү ш е у і. Барайық, барайық! *(Шығады).*

Он бірінші көрініс

КҮЛӘНДА, ӘУБӘКІР

Ә у б ә к і р *(асығып кіріп)*. Күләнда! Күләнда! *(төргі үйден жүгіріп шығып)*. Немене? Немене? Болыс құсып жатыр, сырқаттанып қалды, төсек сал!

К ү л ә н д а. Жасаған-ау, не болды? Не дейді? Молда басын сүйеп отыр. Өні кашып кетіпті.

К ү л ә н д а. Ойбай-ай! Не сұмдық болды?

Ә у б ә к і р. Бол, төсек сал! Кәзір әкелеміз! *(Әубәкір кетеді. Күләнда төсек салады).*

Он екінші көрініс

КҮЛӘНДА, БОЛЫС, СҮЛЕЙМЕН, ӘУБӘКІР

К ү л ә н д а. Не болды? Не болды? *(Жүгіріп алдынан шығады. Сүлеймен мен Әубәкір болысты қолтықтап әкеліп жатқызады).*

С ү л е й м е н. Жүрегі қозғалды ма, қалай... карап отырып құсып жібергені. *(Болыс ыңқылдап төсекке жатады).*

К ү л ә н д а. Дәл сайлау күні, құдай-ай сақтай гөр, жасаған!

С ү л е й м е н. Жай шығар, дақ етпес, бұрыннан талыксып кететіні ескіде де бар еді ғой?

К ү л ә н д а. Онда бүйтпеуші еді, қалшылдап құлап кетуші еді. *(Әубәкір кетеді).*

Б о л ы с *(қабазын шытып, ішін уқалап)*. Ішім күйіп, жанып барады... Бұ не әлемет болды. Нашалнікке де жолыға алмадым, сайлау әлде не болады?

С ү л е й м е н. Тірі болсаңыз, сайлау қайда кетер дейсіз, сырқатты айтсаңызшы.

К ү л ә н д а. Я, жаны қалғанын айтсаңызшы!

Б о л ы с. Молда, сіз нашалнікке жолығыңыз! Менің ауырып қалғанымды айт. Айып ете көрмесін.

М о л д а. Дұрыс, барайын.

Б о л ы с. Шарды кешіктіре тұруға болмас па екен? Соны сұра! Омырау қалтамда пакетке салулы ақша бар еді. Осы ақшаны ретін тауып беріп көр.

С ү л е й м е н. Оныыз дұрыс, сақтық қылған жарайды. Берудің есебін табамыз ғой.

Б о л ы с. Қатын, қалтамнан әперші! *(Күләнда алып молдаға береді)*.

Б о л ы с. Сізге құрмет көрсетуге асық еді, жақсылығын ұмытпаспын, сайлауды кейінге қалдыра тұрсын деп айтыңыз...

С ү л е й м е н. Айтатын сөзді білеміз ғой.

Б о л ы с. Барыңыз енді. *(Сүлеймен кетеді)*. Қатын, сенің манағы кымызыңның бір пәлесі болды ма? Ішімді жау тигендей қылды...

К ү л ә н д а. Қымызда не бар дейсіз? Дәненесі жоқ кымыз еді...

Б о л ы с. Соны қалай іштім, солай пәле боп жабысты... Ай, сұм қатын-ай! Сен бірдене қылдың ба, қайтпін?

К ү л ә н д а *(жағасын ұстап)*. Сақтай гөр! О не дегеніңіз?

Б о л ы с. Мен білем ғой! Сенің көңілің жас байда ғой...

К ү л ә н д а. Жасаған-ай! Жоқты айтпаңызшы!

Б о л ы с. Ой, ішім, ішім! Бауырым өртеніп барады ғой! Не болды? Не пәле болды?!

К ү л ә н д а. Құдай-ау не болды?!

Б о л ы с. Ей, жалған-ай, дүние-ай! Шіркін... Жанның тәттісі-ай! Алдамшы бақ, опасыз дәулет! Сендерге алданып, жаныма жақсылық қылмаппын ғой... Талайды қақсаттым, талайды зарлаттым... о дүниеде заманым әлде не болады!? Ішім, ішім!.. әкетті... өртеді... күйдірді... жандырды...

(Ішін уқалайды).

Күләнда. Жасаған-ай! Не пәле болды!?

Болыс *(аздан соң)*. Бала сүйін қызық көрем бе деп едім, құдай о тілегімді бермеді. Менің балам аттан жығылады – мойыны үзіледі, не суға кетеді. Не қағынып өледі... Жас қатын алсам жүрегім жібір ме екен деп едім, жібімеді. Сен де маған қиянат қылдың...

Күләнда. Құдай-ау! Қай жерде қиянат қылышын?

Болыс. Сөйлеме! Білемін... Менен құтыласың, құдай тілегінді береді, жас байға тиесін...

Күләнда. Құдай-ай! Сақтай гөр! Жоқ сұмдықты айтпаңызшы!

Болыс. Ішім, бауырым, бауырым...*(Лоқсиды)*. Шылап-шын! *(Күләнда шылапшын тосады. Болыс құсады. Құсып болып ыңқылдайды)*. Маған пәле жабысты. Молданы шақыр!

Күләнда *(жүзгіріп есікке барады, Әубәкір қарсы жолығады)*. Әубәкір! Молданы шақыр!

Әубәкір. Қалай? Неғып жатыр?

Күләнда. Жайсыз. Жылдам молданы шақыр!

(Әубәкір кетеді).

Болыс *(Күләндаға)*. Молда қайда?

Күләнда. Жібердім, кәзір келеді.

Он үшінші көрініс

Бұрынғылар әм СҮЛЕЙМЕН

Молда. Немене? Қалай?

Болыс. Менің калым нашарға айналды. Мен сірә өлермін...

Молда. Олай деменіз! Жан шошыған шығар. «Бас ауырса, жан шошиды ғой».

Болыс. Нашалнікке жолықтыңыз ба?

Молда. Жолықтым.

Болыс. Ақшаны бердіңіз бе?

Молда. Бердім.

Болыс. Бекер берген екенсіз...

М о л д а. Бер деген сон, кайтейін...

Б о л ы с. Не айтты? Шарды кешіктіретін бе?

М о л д а. Өзіңізге жолығармын деді.

Б о л ы с. Мүслім қайда?

М о л д а. Сонда отыр.

Б о л ы с. Мүслімнің көзінше бердіңіз бе?

М о л д а. Жок, онаша жерде бердім.

Б о л ы с. Мүслім нашалнікпен сөйлесті ме?

М о л д а. Мен кеткенде сөйлесіп қалды.

Б о л ы с. Ай, нашалнікті бұрын әкетпесе еді.

М о л д а. Бұра алмас, бұра алмас...

Б о л ы с. Ой, ішім, бауырым!.. жаным... киналды ғой. Молдеке, киналды ғой жаным! Бауырым күйіп барады... ой-ой!.. Әкетті... өртеді!

М о л д а. Ей, Паруардігер-ай, бұ не галамат болды?

К ү л ә н д а. Қараңызшы, неғып жатыр?

М о л д а *(жүрегіне қолын салып)*. Талықсып кетті білем.

К ү л ә н д а *(үрейленіп)*. Молдеке, ауылға хабар айтқызсак кайтеді?

М о л д а. Сабыр етіңіз, ауылдың қолынан не келеді дейсіз?.. Сізге еш нәрсе айтпады ма?

К ү л ә н д а. Нені дейсіз?

М о л д а. Жаназама пәлен мал шығар, пәлендей малды пәленшеге беріндер деген сыжылды өсиет қылмаса дегенім ғой...

К ү л ә н д а. Жок, ондай дәнеңе айтқан жок.

Б о л ы с *(көзі жұмулы, ыңқылдап, күрсілдеп, бір қолын созып)*. Ей, ананы карашы! Жан алғыш!.. Әзірейіл!.. Әзірейіл!..

К ү л ә н д а. Алла-ай! Қорқып барам...

М о л д а. Қорықсаңыз, ауыз үйге бара тұрыңыз. *(Күләнда ауыз үйге шығып, орындыққа отырады. Молда теріс қарап). Саңдырақ кірді, таянған екен. (Қалтасынан пәкетті алып көреді). Бермегенім мақұл болған екен! (Ақшаны көкірегіне басып). Мың сом! Бір мың сом! Қандай нәсіп! «Біреу өлмей, біреу күн көрмейді» деген осы. Мың сом менің қолымда, қалғанын*

бір бәнде білмейді. Алла тағала бергісі келгенде, қайдан береді?! Құдіретіңе шәк келтіруге бола ма?

Б о л ы с *(дірілден)*. А-е-е-ей! Айдашы мына торы биені!.. Басты ғой... тепті ғой... ей... ой...

М о л д а. Құдіреттің жарлығы-ай, бұ қай торы бие? Боранбайдікі ме, әлде, Тойбазардан алатын торы бие ме? Елден алған малдар ғой...

Б о л ы с. Көбекбай! Көбекбай! Әкет айғырыңды! Аяғымды езіп кетті ғой... ай-й! жыланды қарашы!.. Шағады-ау! *(Мойнын жұлқылап)*. Ал... ал! Мойныма оралды... *(Қылғынып)*. Қысып барады... шықты жаным!.. ой! Ей! Ай! *(Талықсып кетеді. Болыс қысылған кезде Күләнда қорқып, қоқысып отырады)*.

М о л д а. Жалғандікі жалғанда қайтады деген осы-ау! Көзіне көр ғазабы елестеп жатқанын қарашы. Байғұстың жанын қинамай, тез алса жарар еді... Осы жолы болыс болмаймын деген ойында бар ма еді? Ей, бендешілік-ай! Ажал шіркін алыс па? Бір сағатта шап ете түсті. Қыруар дәулетті жинап еді, енді мынау иесіз қалғаны! Артында бала да қалған жоқ. Қатыны да жас адам! Байға тимей не отырсын? Кім алар екен? Мүслім алмаса, ендігі жақыны со ғой. Малды үш тоғыздан кем шығармас. Жаназасын Ыскак казірет шығарады ғой. Біздің жолымыз сүйекке түсу болар. Жаксы ішіктердің бірін соқсақ жарар еді...

(Мұртынан жымияды).

Б о л ы с. Молда, ай молда!

С ү л е й м е н. Мен қасыңыздамын.

Б о л ы с. Сайлау не болды?

С ү л е й м е н. Хабар келген жоқ.

Б о л ы с. Дүние-ай! Дүние шіркіннің ыстығы-ай! Жаны құрғырдың тәттісін-ай! Ажалдың түсінің суығы-ай!.. Мен ұйықтап кеттім бе? Қайттім?

М о л д а. Тыныштанғандай болдыңыз...

Б о л ы с. Көзіме әлде нелер көрінді: тергейтін періштелерді көрдім, бүйірімнен көр қысты.

Он төртінші көрініс

Бұрынғылар әм ӘУБӘКІР

Ә у б ә к і р *(Күләндаға келіп)*. Сүйінші! Мүслім болыс болды.

К ү л ә н д а *(ұшып түре келіп)*. Ырас па?

Ә у б ә к і р. Ырас! Ырас! Болыстан сүйінші сұрасам қайтеді?

К ү л ә н д а. Барма, қысылып жатыр.

Ә у б ә к і р. Ендеше, мен елге шабайын. *(Кетеді)*.

Б о л ы с. Молда, ауыз үйдегілер не дейді?

К ү л ә н д а *(төргі үйге кіреді)*. Молдеке!

М о л д а. Әлгі не деп кетті?

К ү л ә н д а. Ініңіз болыс болыпты.

Б о л ы с *(қысылып)*. Ай!.. уһ! Ой! Жалған-ай! Мүслім... на-шалнік... сайл... л-ай!

(Тілін қояды).

Он бесінші көрініс

Бұрынғылар әм МҮСЛІМ

М ү с л і м *(жалаң бас, көңілі шат, ауыз үйге кіріп келеді)*.
Қайда бәрі?

К ү л ә н д а *(қарсы шығып)*. Бағын құтты болсын!

М ү с л і м. Айтқаның келсін!

К ү л ә н д а. Сенің ойлағаның болды, мені қайтесің?

М ү с л і м. Қайтейін сені? Байға тиерсін.

Күләнда. Кімге?

М ү с л і м. Біреу табылар.

К ү л ә н д а. Өзің ше? Уәде қайда?

М ү с л і м. Мен қатын алмаймын.

К ү л ә н д а. Ой! Ұрған екенсің ғой, болыс, болыс! Қайран болыс! *(Төргі үйге жүзгіре кіреді)*.

М о л д а (*Болыстың бетін жауып, иман айтады*). Лә-иләһә
Иллалла...

К ү л ә н д а. Ой, болыс-ай! Қорғаным-ай! Арыстаным-ай!
Арманда айрылдым, қапыда айрылдым! (*Жылап болыстың
аяғын құшақтап жығылады*).

Мүслім келіп кіреді.

М о л д а. Жұмыс бітті. Қазаның кайыры болсын. Бағың
кұтты болсын!

(*Мүслімде дыбыс жоқ, қолын айқастырып кеудесіне қойып,
сазарып, сілейіп тұрып қалады*).

Шымылдық

Аяғы

ҚАНАПИЯ МЕН ШӘРБАҢУ

Төрт перделік драма

И с а т а й – момын кара шаруа адам, 55 жаста

Ү м с ы н а й – онын қатыны, 47 жаста

Ш ә р б а ң у – олардың қызы, 18 жаста

Ы н т ы қ б а й – олардың ұлы, 22 жаста

Қ а н а п и я – қыздың асық жары, 25 жаста

С а з а м б а й – жуан бай, 55 жаста

Қ а л и п а – оның бәйбішесі, 45 жаста

Қ о й ш ы б а й – байдың малайы, 30 жаста

О р а з – байдың қоңсысы, 40 жаста

И т б а с – о да 36 жаста

Ә ш і м – комиссар, 22 жаста

М и л и ц и я – 27 жаста

БІРІНШІ БӨЛІМ

Алаң. Исагайдың кірпіш үйі. Төрте жүк: әбдіра, сандық, төсек, жабдық. Жерде құба төбел төсеніш, алаша, сырмақ, оң жақта көтерулі шымылдық. Кішірек бір-екі терезе, есік біреу.

Бірінші көрініс

ҮМСЫНАЙ

Ү м с ы н а й *(бір қолында әсерге тіреулі ұршығы, бір қолымен оң көзін сипап отыр)*. Көзі түскір неге тартып отыр, қуанам ба, жылаймын ба?! *(Ұршығын созады)*. Көрінде өкіргір Мекалай көрмегенді көрсеттің ғой. Ноғайлар солдатқа барады деп естуші едік. «Құлақ естігенді көз көреді» деген осы. Қазақтан солдат алмайды дейтіні қайда? Қане алмағаны? *(Күрсінеді)*. Ей, жасаған не-ай! Жалғыздың жанын қалдыра гөр. Кісі-місі көрінер ме екен? *(Терезеге барып орнына қарай жүріп)*. Үлкен ауылдан бір кісі келе жатыр екен, әлдекім... Басындағы өнеу күн Шәрбанжан іздеген тымақ тәрізді екен. Жаным-ау, бұл Қанапия болар ма?! Біздің Ынтықбайға ұсаған бұ да бір жалғыз еді. Сорлы әлде кайтеді...

Екінші көрініс

ҰМСЫНАЙ, ҚАНАПИЯ

Қ а н а п и я (*келіп отырады*). Мал-жандарыңыз аман ба, шеше?!

Ұ м с ы н а й (*ұрышығын қойып*). Шүкір карағым, өз мал-жандарың есен ғой?!

Қ а н а п и я. Аманшылық.

Ұ м с ы н а й. Қайдан келесің, карағым?

Қ а н а п и я. Орын-морын табыла ма деп заводқа барып, содан келемін.

Ұ м с ы н а й. Немене, таптың ба, карағым?

Қ а н а п и я. Жок, шеше, орын болмады.

Ұ м с ы н а й. Біздің жалғыз да сенделіп жүр.

Қ а н а п и я. Мал айдауға кіре алмады ма?

Ұ м с ы н а й. Нашар адамның қолы жеткен бе? Ынтықбай кіріскелі тұрғанда оның орнын болыс тартып алыпты. Бір жақынын кірістіріп қойыпты.

Қ а н а п и я. Әй, жауыздар-ай!

Ұ м с ы н а й. Біреудің өлгенін біреу неғылсын?

Қ а н а п и я. Өздері қайда кетті?

Ұ м с ы н а й. Бірдеме табыла ма деп әкесімен екеуі тағы кетті, дағдарғандық қой. Жұрт ақша беріп қалып жатыр дегенге сары атанды саттық, көк атты саттық. «Қалдырам» деп болыстар ақшасын алдап алып қойып, оны да бермей жүр. Қаншасы қалғанын да білмеймін.

Қ а н а п и я (*құшырланып налып*). Жұрт жанымен қайғыланып жылап жатқанда, әй, жалмауыздар-ай! Осындай күнде де қақсатқанын қоймады-ау! Өңкей жасты көгендей тізіп әкеткенде елді жетістірер!

Ұ м с ы н а й (*қамығып*). Жасаған-ай десейші, құдай тілеуін берер дейсің бе?!

Қ а н а п и я (*күйініп*). Осы қылықтарына бауыздан кетер ме еді иттерді.

Ұ м с ы н а й. Жаман сөзді не қыласың, карағым!

Қанапия. Күйінгеннен айтам, шеше! Кісі қанына карайып кетеді екен.

Ұмсынай. Құдайдың салғанын көре береді де кісі.

Қанапия. Түбінде кететін болсақ, жастығымызды ала кетерміз.

Ұмсынай. О не дегенің, карағым! Құдайға шет болып, құдай сақтар, жеткізер...

Қанапия *(аз ойланyp)*. Әжемді ойлап, өзіме тоқтау саламын. Әйтпесе құдайдың не салғанын көрер едім.

Ұмсынай. Жалғызға біздің жанымыз шығатыны сол емес па? Қарағым, ешқайдан тамақ іштің бе, шай қояйын ба?!

Қанапия. Тамақ ойға да келмейді.

Ұмсынай. Оның рас, карағым! Жүрегіңе ас батпайды екен.

Қанапия *(жан-жаққа қарап)*. Шеше, Шәрбану қайда кеткен?

Ұмсынай. Көрпе қабуға шақырып кетіп еді, келетін де уағы болды.

Үшінші көрініс

Бұрынғылар, ШӘРБАҢУ

Шәрбану кіріп келіп, Қанапияны көріп именген, қуанған сипатты, қызарып, шешесінің қасына келіп, бір қолымен жер таянып отыра кетеді.

Қанапия *(қозғалып, ажарланып)*. Көңілі-қарын тиыш па?!

Шәрбану *(бір қолымен иегін ұстап)*. Шүкір.

Ұмсынай. «Кімді айтса, сол келеді» деген рас-ау, сені ауызға алғанымыз сол еді.

Шәрбану *(Қанапияға көзін төңкеріп қылымси қарап)*. Апа, менің не керегім бар?

Ұмсынай. «Қайда кетті» деп Қанаш сұрағанға айтам. Қарағым, Қанашқа самауыр қайнат. Ана шелекте су тұр.

Ш ә р б а н у (*ынтасы Қананияға ауып, анасының сөзін естімейді*). Апа, маған не істе дедің?

Ұ м с ы н а й (*ұршығын иіріп отырып*). Қанашка самауыр қайнат деймін.

Ш ә р б а н у (*аздан соң*). Ағаш бар ма еді, апа?

Ұ м с ы н а й. Ескі қораның малы жатқан, түйенің құмалағын қосып қайнатарсың!

Ш ә р б а н у (*көңілі бөлініп отырып*). Апа, әлгі не қайда? Немене еді? Есімнен шығып кеткенін қарашы. Е, сіріңке, сіріңке.

Ұ м с ы н а й. Сіріңке жүктің арасында шығар. (*Шәрбану шелекті алып шығады*).

Төртінші көрініс

Бұрынғылар және ШӘРБАҢУ

Ш ә р б а н у. Апа, шымшуыр көрдің бе?

Ұ м с ы н а й. От басында жатыр ғой.

Ш ә р б а н у (*Қананияға есімді аударып әкеттің зой, деген кісіше қарап тамсанып*). Тегінде, менің көзіме бірдеңе болған шығар. (*Шығады*).

Бесінші көрініс

ҚАНАПИЯ, ҰМСЫНАЙ

Ұ м с ы н а й. Мен құсап мұның да есі шығып жүр. Заманы әлде қалай болады сорлының.

Алтыншы көрініс

Бұрынғылар және ШӘРБАҢУ

Ш ә р б а н у (*келіп*). Апа, жантақ мүйізін жанасып жатыр екен. Бұзауын байлап қойдым.

Ұ м с ы н а й (*ұршығын ірге жаққа қойып түрегеліп*). Сауып жіберейін, желіні айрылып бара жатқандай, азынап кетпес.

Ш ә р б а н у. Ауылдың сиыры да өріп бара жатыр.

Ұ м с ы н а й. Өріске барар. Қарағым, шайынды дұрыстап кайната бер. *(Бір күрсініп тысқа шығады).*

Жетінші көрініс

ҚАНАПИЯ, ШӘРБАҢУ

Қ а н а п и я *(Шәрбануға қарап жымшиып)*. Шымшуырын табылды ма?!

Ш ә р б а н у *(мырс етіп)*. Табылды ғой. *(Аздап кейін)*. Неме-не, өзіңіз орын таптыңыз ба?

Қ а н а п и я. Тапкам жоқ. Соғысқа кеткеннің өзін дұрыс көріп жүрмін.

Ш ә р б а н у. Сонша біреуден көңіліңіз қалды ма?

Қ а н а п и я. Көңілім қалды.

Ш ә р б а н у. Айтуға бола ма? Кімге өкпеледіңіз?

Қ а н а п и я. Саған өкпеледім.

Ш ә р б а н у *(таңданып)*. Маған ба? Мен қалайша өкпелеттім?

Қ а н а п и я. Жаксы көргенің шын болса, манадан бері мойнымнан құшақтар едін...

Ш ә р б а н у. Жазған басым-ау, апам отырғанда ма?

Қ а н а п и я *(тұрып Шәрбанудың қасына келіп)*. Ойнап айтам жаным, сені сағынып қалғанымды білесің бе?!

Ш ә р б а н у. Басқа да сағынатын кісі бар шығар?

Қ а н а п и я *(қолынан ұстап)*. О кім?

Ш ә р б а н у. Алыста емес шығар.

Қ а н а п и я. Әлде сен де сағындың ба? *(Бір қолымен құшақтап)*. Ой, жаным. *(Бетінен сүйеді)*.

Ш ә р б а н у. Соғысқа шынымен барасыз ба?

Қ а н а п и я. Бармаймын дегенмен бола ма? Жұрттың бәрінен менің жаным ардақты ма?

Ш ә р б а н у *(аузын қомпитып, еркелей ренжіп)*. Жұртпен басыңыз бір ме?

Қ а н а п и я. Енді маған қайт дейсің, жаным?

Ш ә р б а н у. Өйтіп-бүйтіп қалып жатқандар бар ғой?

Қ а н а п и я. Қалқам-ау, өзгелердей Ынтықбай екеуміздің қолымыз ұзын ба?

Ш ә р б а н у. Екеуіңіз бірдей кетсеңіз, мұндағы жұрт жетіседі ғой.

Қ а н а п и я (*жұбатып*). Уайымдама, жаным! Ден сау болса, бір күндегідей де болмас.

Ш ә р б а н у. Уайымдамас едің-ау, сіздер қайтқанша бәрі қаз-қалпында тұратын болса.

Қ а н а п и я (*таңданып*). Әлде сенің бөтен ойың бар ма?

Ш ә р б а н у. Менде бөтен ой болады дейсіз бе? (*Күрсініп*). Әкейдің не ойлайтынын қайдан білейін?

Қ а н а п и я. Ағаң біреуге берем десе, үн жоқ, түн жоқ жүре бересің бе?

Ш ә р б а н у (*батылы бармай*). Ондай күн болса, қайдан білейін. Ағамды ренжітуге қиын. Тым болмаса сізбен атастырып та қойған жоқ.

Қ а н а п и я (*назаланып*). Құданың күдіреті сәті түспей-ақ қойды. Сөйлесеміз деп бір оқтанып жүргенде, әкем ондай болып кетті. Әжем келем деп жүргенде, тағы мұндай күйге ұшырадық.

Ш ә р б а н у. Кісінің беті ашылса бір сәрі ғой.

Қ а н а п и я (*төмен қарап мұңайып тұрып, басын көтеріп алады*). Шәрбантай, егер мен жоқта сені біреуге ұзатып жіберсе, қайтер едің? Мені ұмытар ма едің?

Ш ә р б а н у. Шыбын жаным кеудеде тұрғанда сізді ұмыта алмаспын.

Қ а н а п и я. Олай болса, келешек күнге серт етісейік. Тірі болсам бір табар едім. Сонда менің сонымнан еруге жарайсың ба?

Ш ә р б а н у. Құдай біледі-ау, құдайға сала айтайыншы, қашан да болса, сіздің айтқан жеріңізден табылармын.

Қ а н а п и я. Ендеше, ауыздан ант етісейік.

Ш ә р б а н у. Жарайды.

Қ а н а п и я. Қолыңды бер! (*Қол ұстасады*). Дүниеде менің қымбат нәрсем, жалғыз әжем. Мен әжемнің ақ сүтімен ант етемін, сені іздеп таппасам, қызығымды кара жер көрсін.

Ш ә р б а н у. Менің қимайтын кісім, жалғыз бауырым, Сізді алдасам, жалғыз бауырымның өлігін көрмейін.

Қ а н а п и я *(бауырына тартып құшақтап)*. Шыбыным, жаным. *(Аузынан сүйеді)*.

Ш ә р б а н у *(даусы қалтырап, елжіреп көзіне жас алып)*. Қуатым, сәулем! *(Мойнынан құшақтап сүйеді. Аз тұрған соң «Самауырды қарайын» деп тысқа шығады)*.

Сегізінші көрініс

ҚАНАПИЯ, ҰМСЫНАЙ

Ұ м с ы н а й *(омыраушасын шешіп жатып)*. Бауырсақ та аз еді, шешеннің күрт-майымен ішесің ғой.

Қ а н а п и я. Болады ғой, шеше.

Ұ м с ы н а й *(дауыстап)*. Шәрбанжан.

Ш ә р б а н у *(есік жақтан дауыс шығады)*. Әу!

Ұ м с ы н а й. Шайың болса жаса карағым, манадан бері бере қоятын ақ болмады. Кеше бұзау жамырап кетіп, бүгін айран да болмай қалды.

Қ а н а п и я. Не қылсын, уақа етпес. *(Ұмсынай отырып ұршығын бастайды)*.

Тоғызыншы көрініс

Бұрынғылар және ШӘРБАЛУ

Ш ә р б а н у *(асығып кіріп ентігіп сөйлейді)*. Апа-ау, үлкен ауыл жақтан бар ғой, бір кісі құйғытып тұрып шауып келе жатыр.

Қ а н а п и я *(ұшып түрегеліп)*. Ол неғылған адам? *(Терезеден қарайды)*.

Ұ м с ы н а й. Жасаған-ай, жақсы хабар әкеле жатқан біреу болғай-акты. *(Түрегеледі)*.

Даладан. Уа, сүйінші, сүйінші! *(Деген айғай естіледі)*.

Қ а н а п и я. Құдай берерсің!

Ш ә р б а н у. Ой, алақай-ай!

Ұ м с ы н а й. О, жасаған-ай! *(Деп жамыраса сөйлейді).*

Қанапия мен Шәрбану тұра жүгіріп таласа-тармаса шығады, олардың артынан Ұмсынай шығады.

Оныншы көрініс

Иесіз үй

Терезеден, есіктен айғай-ұйғай, жамыраған дауыс естіліп тұрады.

Еркектердің дауысы:

– Уа, немене, жаным немене?

– Сүйінші, құдай жарылқады.

– Уа, немене, не болды?

– Батыстан телеграмма келді. Қазақты босатыпты.

Жарыса: – Қашан келді?

– Кімнен келді?

– Бүгін келді. Қаладан кісі келді.

Жарыса: – Анық хабар ма?

– Мүлде қалдырып па?

– Қазақты алмайтын болыпты, мүлде қалдырыпты.

Жарыса:

– Құдай жарылқады десейші!

– Ақ түйенің қарны жарылды десейші.

Әйелдердің дауысы:

– Айналып кетейін-ай!

– Аузыңнан айналайын-ай!

– Ой, аузыңа май.

Жарыса:

– Тәубә, жасаған.

– Көптің көз жасы ғой.

– О не дегенің, көптің тілегі көл емес пе?

– Көздің жасы қабыл болмасын ба?

– Көздің жасы қабыл болмасын ба?

Еркектер: Ал, беріндер, сүйінші беріндер!

Он бірінші көрініс

ҰМСЫНАЙ, ШӘРБАҢУ

Ш ә р б а н у *(ентелеп жүгіріп кіреді)*. Не береміз, апа! Не береміз.

Ұ м с ы н а й *(қалбалақтап, сасып)*. Күмістерің қайда? Менің жаулықтығымды әпер. Айналайын жасаған. *(Екеуі әбдіраны ашып, жаулықтық ақ нәрсені алады. Шәрбану сылдыратып күмістерін алады)*. Алла-ай, жасаған-ай! *(Жөнеледі)*.

Ш ә р б а н у. Ағатайым-ай, Қанатым-ай! *(Жүгіре шығады)*.

Он екінші көрініс

Үйде адам қалмайды

Даладан.

– Беріндер, беріндер.

– Төгіндер дүниені.

– Жүріндер, біздің үй жаққа.

– Осындайда бермегенде, қайда бересіндер. *(Деген дауыстар естіліп, алыстап, ақырындап басылады)*.

Он үшінші көрініс

ҚАНАПИЯ, ШӘРБАҢУ, ҰМСЫНАЙ

Ұ м с ы н а й. Шәрбан! Қанаш! Жасаған-ау, өңім бе, түсім бе? Ұзағынан сүйіндіре гөр.

Қ а н а п и я *(келе жерден белбеуін алып, буына бастайды)*. Иә, кұдай, иә, кұдай, шын болғай-ақты.

Ш ә р б а н у *(Қананияға қарап)*. Қайда барасыз?

Ұ м с ы н а й. Қарағым-ау, қайда барасың? Шай қайнап тұр ғой.

Қ а н а п и я. Ауылға барып әжемді қуантайын.

Ш ә р б а н у. Даяр тұр ғой, бір-екі шыны-аяқ ішсең болмай ма?

Қ а н а п и я. Жоқ, шеше. Алла разы болсын, жүрегім көтеріліп кетті. Отыра алатын емеспін.

Ұ м с ы н а й. Қарағым-ау, қайнап тұр ғой.

Ш ә р б а н у. Әзір болады ғой.

Қ а н а п и я. Ештеңе етпес, ауыл жақын ғой. Қош бола тұрыңыз, шеше!

Ұ м с ы н а й. Қош, карағым. Әжеңе сәлем де, Шәрбану аттандыр, карағым! *(Қанания, Шәрбану кетеді).*

Ұ м с ы н а й. Әжесін қуантқалы асығып отыра алмады ғой. Естігенде о байғұстың не жаны калады дейсің? Осыдан басқа не тілегі бар-ау. *(Ұршығын алды).* Ынтықбайлардан біреу барып сүйінші де сұрамайды-ау! *(Терезеге барып).* Шәрбанжан!

Ш ә р б а н у *(даладан).* Немене, апа?

Ұ м с ы н а й. Ағаңдар көрінбей ме?

Ш ә р б а н у *(даладан).* Жоқ, апа, көрінбейді.

Ұ м с ы н а й *(терезеден аулағырақ кетіп).* Қарағым, Қанаштың артынан карап тұр. Ай-хай, жастық дәурен-ай. Жас күнінде кісі қызыкқа тоя ма? Қарақтарым-ау, біріне-бірі жанын үзеді. Менен жасырған болады. Оны мен көрмей жүрмін бе?! *(Мырс етіп күледі).* Ей, балалык-ай, десейші. Құдай тек қызықтарыңды көрсетуге жазсын.

Он бесінші көрініс

ҰМСЫНАЙ, ШӘРБАЛУ

Ш ә р б а н у *(қуанып).* Апа-ау, артына жалт-жалт карап шауып барады. Әжесі кандай қуанар екен?

Ұ м с ы н а й. О байғұстың осыдан басқа несі бар?

Ш ә р б а н у *(басын былғақтатып).* Апа-ау, сүйіншіге дәл бір уыс акша берді.

Ұ м с ы н а й. Қанаш па? Ой, карағым-ай, әкесі марқұм кандай мырза еді? Аумаған, аңкылдаған әкесі. Шешесі кандай момын адам. Өсекпен, аяңмен биттей жұмысы бола ма? Жо, жо, жо.

Ш ә р б а н у. Апа-ау, бұрын солар бай болған ба?

Ұ м с ы н а й. Е, ауқатты болып еді. Құдайға шүкір, әлі де ораза ашары жаман емес. Қанаш тірі болса кедейлік бар ма? *(Күрсінеді)*. Әкесі марқұм Ынтықбайдың ағасына: «Пәленше-еке, құдай қосқан құда болайық, екеуміз де құдай деген адамбыз ғой», – деп жүруші еді. Жарықтық ол арманына жете алмай, дүние салып кетті. Шешесі де, «әне барам, міне барам» деп сәлем айтып жүр еді. Тағы мынадай декірет келгенін қарасайшы.

Он алтыншы көрініс

Бұрынғылар, ИСАТАЙ, ЫНТЫҚБАЙ

Ш ә р б а н у. Сүйінші, аға, естідіндер ме?

Ұ м с ы н а й. О, жаным, естідіндер ме?

И с а т а й.

Ы н т ы қ б а й. Немене?

Ш ә р б а н у. Батыстан телеграмм келіпті. Қазақты босатыпты.

Ы н т ы қ б а й. Қашан келіпті?

Ш ә р б а н у. Түнде келіпті. *(Исатай «өтірік» дегендей қолын бір сілтеп, белін шешіп жантая кетеді)*.

Ы н т ы қ б а й. Өтірік хабар. Болыс аулынан Ыбырай жана келді. Оны шығарып жүрген бір мал тапқыш ку.

Ш ә р б а н у. Не дейді? Қойшы ағатай!

Ұ м с ы н а й. Шіркін, шын деп қарғанып еді ғой.

Ы н т ы қ б а й. Әлеметтің үлкені енді болар. *(Жантая кетеді)*.

Ұ м с ы н а й. О, немене, айтсаңшы, қарағым.

Ы н т ы қ б а й. Болыс іспесікті тапсырып келіпті. Жігіттер болысты өлтіреміз деп жиылып жатыр. Біз де үйде отыра алмайтын шығармыз.

Ұ м с ы н а й. Алла-ай, тағы бір пәле болды десейші.

И с а т а й. Орыстан бұрын қазақ өзді-өзі қырылып қалмаса не қылсын.

Ұ м с ы н а й. Жасаған-ай! Енді мұндай сұмдықты естірттің бе?

И с а т а й. Аман болсаң, онан да зорын естірсің?!

Ұ м с ы н а й. Тағы немене? Бірдеме естіп келдің бе?

И с а т а й. Естімек түгілі істеп келдім.

Ұ м с ы н а й. Не дейді? Ынтықбайды бірдеңе қылып келген шығарсың, айтшы өзің?

И с а т а й. Кенелетін болсаң естірсің.

Ұ м с ы н а й. Жүрегі құрғырды күйдірмей айтшы енді.

Ы н т ы қ б а й (*түрегеліп тысқа жөнеліп*). Шәрбану бері келші! (*Шәрбану екеуі кетеді*).

Он жетінші көрініс

ИСАТАЙ, ҰМСЫНАЙ

Ұ м с ы н а й. Ал.

И с а т а й (*қисайып жатып*). Ынтықбайдың орнына кісі жалдап жіберетін болдық.

Ұ м с ы н а й. О, жақсы болыпты ғой.

И с а т а й. Қатқанның басы жақсы болды.

Ұ м с ы н а й. Е, неғыпты.

И с а т а й (*аздан соң*). Екі балаңның қайсысын артық көруші ең?

Ұ м с ы н а й. Не деп отыр, жасаған! Екі қарғамның бірін артық, бірін кем деп қайтып аузым барып айтайын?

И с а т а й. Сен олай десең, мен Ынтықбай үшін Шәрбануды беріп келіп отырмын.

Ұ м с ы н а й. Не дейді, сығыр шұнақ?

И с а т а й. Үш мыңнан кемге кісі жалдауға шығатын болмады. Шәрбануды берсең, 3 мың сомға кісі жалдап беретін адам табылып отыр.

Ұ м с ы н а й. О, кім?

И с а т а й. Сазамбай.

Ұ м с ы н а й (*кекете, таңдана*). Сазамбай?

И с а т а й (*«Ал» кенелетін болсаң, деген кісіше*). Сол!

Ұ м с ы н а й. Ойбай-ау, не дейді, ойбай. Сазамбай сенімен құрдас емес пе? Жалғыз қызды қатынының текпісінде шіріткенше, құдайдың алғаны жақсы емес пе?

И с а т а й. Оны мен білмей отырмын ба? Оңай көрсен, ұлынды өлімге жібер!

Ұ м с ы н а й. Қайдағы жоқ сұмдықты айтпашы, тәйірі.

И с а т а й. Соғысқа барған өлімге барған емей, атаңның басы ма?!

Ұ м с ы н а й. Қой арман. *(Қолын сілтеп)*. Қой, қой, қой!

И с а т а й. Сазамбайдың беретін үш мыңы, бар кара орманыңды сатсаң да жоқ.

Ұ м с ы н а й. Қара орманыңды сатпак түгілі, мойныма қап салып кетсем де жалғыз қызымды бермеймін.

И с а т а й *(басын көтеріп алып, ұрсыңқырап сөйлейді)*. Ой, акылы шолақ сорлы. Мен Шәрбанудан құтыла алмай, болмаса малға қызығып сатып келді деп отырмысың? Жұмыстың артын ойласайшы. Қыз бала бізге жолдас емес, бүгін болмаса, ертең біреуге кетеді. Солдатқа беріп ұлдан айрылып, күйеуге беріп қыздан айрылып қу басың сорайып қалғанда ойбайдың әкесін сонда көресің. Құрымыңа ие болатын кім екенін білесің бе? Артымызда қалса, бата қылатын кім екен, есінде бар ма? Ертең менің көзім жұмылған күні, кімге сүйеніп, кімге сүйкенбексің? Шәрбану жыламайды деп отырғаным жоқ, жылайды. Қорлық та, бейнет те көрер. Сөйткенмен өлімге айдағаннан гөрі жеңіл ғой. Тірі қалады ғой. Ынтықбайдан айрылсақ, өлі бола ма, тірі бола ма, кімнің көзі жетеді?

Ұ м с ы н а й *(төмен қарап отырып)*. Құртқан екенсің ғой. Суалған екем ғой! *(Кеңкілдеп жылап жібереді)*.

Он сегізінші көрініс

Бұрынғылар және ЫНТЫҚБАЙ

Ы н т ы қ б а й *(келіп дауысы қалтырап)*. Әке, Шәрбануды жылатпай-ақ, құдайға сыйынып өзім-ақ барайын.

И с а т а й. Шырағым-ау, Шәрбанжанның жылайтынын білмеппе едік? Сендердің бірінді ала, бірінді құла көреді дейсің бе? Қайтейін. *(Дауысы қалтырап төмен қарап жылап жібереді)*.

(Ынтықбай да көзін сүртіп жылайды).

Ш ә р б а н у (*есіктен кіре*). Апатай-ай, енді қайттік? (*Анасын бас салып көріседі*).

Ы н т ы қ б а й (*көрісіп жатқан Шәрбануды қолынан тартып арқаға қағып, аяған, қалтыраған дауыспен*). Бауырым, жыламашы, қалқатайым. Сені жылатпаймын. Сенің жолында өзім-ақ құрбан болайын.

Шымылдық

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Бірінші көрініс

Алаң. Бірінші бөлімдегі бірінші көрініс
ҰМСЫНАЙ, ШӘРБАҢУ

Ұ м с ы н а й *(жіп иіріп отыр. Ауыр күрсініп)*. Жасаған-ай, аманында алың қайтса жарар еді...

Ш ә р б а н у *(шапан жамап отыр)*. Кешікті ғой. Бір сойқан болмаса не қылсын.

Ұ м с ы н а й. Орысты женем дей ме екен түге?

Ш ә р б а н у. Апа-ау, орыс емес, болысқа өшігіп, жиналып жүрген жоқ па?

Ұ м с ы н а й. Болысы несі? Бәрінің ымы-жымы бір ғой. Бір болмаса елге казак-орыс әкеліп, қырғын қылар ма еді?

Ш ә р б а н у. Апа-ау, жігіттер тауға бекінді ғой, орыстар тауға шыға ала ма?

Ұ м с ы н а й. Орыс жүрмейтін жері бар дейсің бе? «Патшаның құрығы ұзын» деп неге айтты дейсін.

Ш ә р б а н у. Орнына кісі жалдап қойып, ағатайымды айтсайшы, жасақта не жұмысы бар екен?

Ұ м с ы н а й. Байғұс бала Қанашқа елігіп келе алмай жүр ғой.

Ш ә р б а н у. Жігіттерге басшы боп жүрген сол дейді.

Ұ м с ы н а й. Бұл не қылған жүрек жұтқан десейші.

Ш ә р б а н у. Апа-ау, 500 казакка елу орыстың әлі келе ме?

Ұ м с ы н а й. Кім біледі, орыстың мылтығы алыстан тиеді дейтін. Сойылмен салғанша, атып қалса кім біледі. Құдай-ай, біздің жалғыз жазым болып кетер ме екен? Байғұстар соғыспай-ақ көне қойса қайтеді екен.

Ш ә р б а н у. Жігіттердің әбден желіккені ғой, болыстың жылқысын айдап әкетіпті.

Ұ м с ы н а й. Қай жақсы ырым дейсің. Сорлыларды әлденеге бастап жүр.

Ш ә р б а н у. Жігіттердің ішінде ағатайымның орнына баратын Бағдығұл да бар дейді. Оныкі не екен?

Ұ м с ы н а й. Желіккен соң қайтесін. *(Күрсініп қояды)*.
Өзгеден бұрын Сазамбай төбеттің ызасын айтсайшы.

Ш ә р б а н у. О, неме, апа!

Ұ м с ы н а й. Неткен ұятсыз адам десейші.

Ш ә р б а н у. О, не ғыпты, апа!

Ұ м с ы н а й. Жаны ашымай, шіркін! Акшасын кеше бере сала, бүгін жесірімді берсін дегенін қайтерсің! *(Шәрбану ауыр күрсінеді)*. Жұрттың жанымен қайғы боп жатқаны мынау, оған кызық керек.

Ш ә р б а н у *(жыламсырап)*. Мен адам болмаймын ғой.

Ұ м с ы н а й *(қамығып)*. Қайтейін менің қолымда не бар?

Екінші көрініс

Бұрынғылар және ЫНТЫҚБАЙ

Ынтықбай өң жоқ, сұр жоқ, үрейленген, кіріп келеді.

Ш ә р б а н у *(жсалт қарап, атып түре келіп қуанып)*.
Ағатайым-ай! *(Мойнынан құшақтай алады!)*

Ұ м с ы н а й. Қарағым-ай, зәре-құтымыз қалмады ғой. *(Деп қамығып бетінен сүйеді)*.

Ш ә р б а н у. Ағатайым-ау, аман келдің бе?

Ұ м с ы н а й. Шыбыным-ай, жаның қалды ма?

Ы н т ы қ б а й *(белін шешініп отырады)*. Жанымыз қалды.
Қалғанмен жұмыс жаманға айналады.

Ш ә р б а н у

Ұ м с ы н а й. *(жарыса сөйлейді)*. Не болды, не болды?

Ы н т ы қ б а й. Үлкен соғыс болды.

Ш ә р б а н у *(үрейленіп, ішін тартып)*. Алла-ай!

Ұ м с ы н а й *(үрейленіп)*. Жасаған-ай!

Ы н т ы қ б а й. Кісі өлімі болды.

Ш ә р б а н у. Құдай-ай, сактай гөр.

Ұ м с ы н а й. Не дейді жасаған!

Ы н т ы қ б а й. Біздің жеті кісі оққа ұшты.

Ш ә р б а н у.

Ұ м с ы н а й. Қанаш аман ба?

Ы н т ы қ б а й. Қанаш аман.

Ұ м с ы н а й. Ей, жасаған-ай, өз жақындарымыз аман ба, әйтеуір.

Ы н т ы қ б а й. Аман.

Ш ә р б а н у. Өлген кім, кім?

Ы н т ы қ б а й. Жаушыдан үш жігіт өлді, Серғазының баласы өлді. Байдың баласы өлді. Тағы бір қымбат кісіміз өлді.

Ш ә р б а н у.

Ұ м с ы н а й. О, кім?

Ы н т ы қ б а й. Бәдігүл!

Ш ә р б а н у.

Ұ м с ы н а й. Бәдігүл.

Ы н т ы қ б а й. Атыс жаман болды. Таудың басына шығып алып, қазақ-орыстар мылтықты сатырлатып еді! Жаңбырдай жауды, көзің жамандық көрмесін.

Ш ә р б а н у (*үрейленіп*). Күдай-ай!

Ұ м с ы н а й. Сақтай гөр.

Ш ә р б а н у. Енді кайтетін болды?

Ы н т ы қ б а й. Қайтушы еді? Қазақтың басы қосылған ба? Біреуі іреп, біреуі сойып, ақырында баратын болды.

Ұ м с ы н а й. Өзің қайтгің?

Ы н т ы қ б а й. Ағам біліп келмесе, менің халім белгісіз.

Ш ә р б а н у. Ағама жолықтың ба?

Ы н т ы қ б а й. Жолықтым.

Ұ м с ы н а й. О қайда қалды?

Ы н т ы қ б а й. Сазамбай ауылында қалды.

Ұ м с ы н а й. Сазамбай енді қайтпек?

Ы н т ы қ б а й. Қайдан білейін кайтетінін. Сазамбайдың ақшасын Бәдігүл жоғалтып алыпты.

Ұ м с ы н а й (*қынжылып*). Бәрінен мұнысы қиын болды ғой. (*Шәрбану ойланып, маңдайын тіреп отырады*). Жасаған-ай, енді кайттік. Бұ да біздің сорымыз-дағы. Топты кісінің ішінен оқтың оған тигенін қарасайшы!..

Ш ә р б а н у. Ағатай, жігіттерді кашан жүргізеді?

Ы н т ы қ б а й. Қайдан білейін, нашандік бүгіннен қалсаңдар, солдатпен айдатам деп кетті.

Ұ м с ы н а й. Тағы не дейді, жасаған?

Үшінші көрініс

Бұрынғылар және ИСАТАЙ

Исатай сұры қашқан, үн-түн жоқ, солбырайып келіп отырады.

Ұ м с ы н а й *(отырып жайланған соң)*. Неғып келдің, жарықтығым!

И с а т а й *(аз кідіріп)*. Қырсық шалған іс қайтейін.

Ұ м с ы н а й *(аздан кейін)*. Күйеуің не айтады?

И с а т а й. Не айтушы еді? Күшті кісінің сөзі белгілі емес пе?

Ұ м с ы н а й. Ынтықбай енді кайтеді?

И с а т а й *(күрсініп, қамығып)*. Қайтсін? Құдайдың салғанын көреді де!

Ұ м с ы н а й. Сорым қайнаған екен ғой. *(Деп еңкілдеп жылап жіберді)*.

Ш э р б а н у *(қасына отырған Ынтықбайды құшақтап)*. Бауырым, кайтып айрыламын... *(Деп жылайды)*. *(Исатай тымағын көзіне киген, көзін сүртіп, мұрнын сіңбіре береді)*.

Ы н т ы қ б а й *(көзін сүртіп жылап отырады. Аздан кейін сөйлейді. Даусы қалтыраңқы)*. Қалқам, жыламаншы! *(Шәрбанудың қолын алады)*. Жылаған жаман болад – дейді. Мені аман-есен келсін десеңдер, апам екеуің жыламандар! Жылағанмен түк өнбейді, ден сау болса, бір күнгідей де болмас. Алты айдан кейін қайтарады деген сөз бар. *(Шәрбану орнына отырады)*. Тірі кісіге алты ай алты күнмен бірдей емес пе?! *(Дауысы дұрыстала береді)*. Сөйтіндер! Жылағанды қойыңдар. Жалғыз біз емес, көпке келген себеле ғой. *(Аз тымтырыс)*. Аға, жүргізу қашан екен?

И с а т а й *(күңгірлеп)*. Бүгіннен қалмай, жүргізесіңдер деп кетті ғой. Жылағанды қойып, жүргізудің камын қылыңдар. Күн

де кешкіріп қалды. Енді тағы солдат келіп, бәлеге ұрынғанша, аманда жүрген жақсы... Құдайға тапсырамыз да... *(Аз тым-тырыс)*.

Ы н т ы қ б а й. Шәрбану! Қалқам, менің кірлерімді даярла. Шапаным жамалып па еді?

Ш ә р б а н у. Біте қойған жоқ еді.

Ы н т ы қ б а й. Бітпегенмен алам ғой.

И с а т а й *(Ұмсынайға қарап)*. Азыққа не бересің? Жұрт құрт-май беріп жатқан көрінеді.

Ы н т ы қ б а й. Көп азықты алып жүре алмаспыз. Акшаның қалғанын аламыз да.

И с а т а й. Акшаны да ал, азықты да ал. Тамақтың ауырлығы болмас. Қатын, енді сен отырғанды қой. Ас үйге барып азығын жайла!

Ұ м с ы н а й *(сөзінің ара-арасында бөгеліп, көзінің жасын сығып алады)*. Жайлармыз. Бір қарын май бар еді, түгел алады да... Орта қап құрт сол қалпымен берерміз.

Ы н т ы қ б а й. Өздеріңе де керек емес пе? Қоржынның бір басына құрт сал, майынның жарымын сал, со да болар.

И с а т а й. Өзің біл, карағым! Ауырсынбасан, бәрін алып кет. Мұндағы кісі аштан өлмеспіз.

Ы н т ы қ б а й. Жоқ, алып жүруі бейнет болар.

И с а т а й. Қатын, тұр! Екеуміз ас үйге барайық *(түрегеледі)*. Майыңды көрсетші.

Ұ м с ы н а й. «Уһ» *(Деп ауыр күрсініп, орнынан әрең тұрып Ынтықбайға бір-екі қарап шығып кетеді)*.

Төртінші көрініс

ЫНТЫҚБАЙ, ШӘРБАҢУ

Ынтықбай (*аздан соң*). Тұр, қалқам! Менің ол-пұлымды даярла.

Шәрбану (*салмақпен тұрып, әбдірені ашып, кірлерін алып қоржынға салады*). Бөкебайыңды салайын ба?

Ынтықбай (*қисайып жатып*). Салсаң сал!

Шәрбану. Жалбағайыңды аласың ба?

Ынтықбай. Тымағым бар ғой. Жалбағай мұнда-ақ қалсын.

Шәрбану (*әбдіреден бір ақ нәрсені алып*). Кестелі орамылымды салайын, бетіңді сүртіп жүрерсің!

Ынтықбай. Өзіңе керек болмай ма, қарағым?

Шәрбану. Керек болғанда, сенен артық па? Маңдайыңның терін сүрткенде, мені есіңе алып жүр.

Ынтықбай. Берсең бер.

Шәрбану. Көрпе-жастық аласың ғой?

Ынтықбай. Алам ғой.

Шәрбану. Өз көрпеңнің астары жыртылып жүр еді. (*Ісік қолымен ернін тіреп аз ойланып*). Сәтен көрпемді берейін.

Ынтықбай. Өзің қайтесің?

Шәрбану. Мен киім жамылсам да болар. Жыртық көрпені қалай аласың?

Ынтықбай. Аяулы нәрсе еді. Былғанып қалады ғой.

Шәрбану. Аяулы болмай-ақ қойшы! (*Жылдамсырап*). Сендерден аяулы ма? (*Көзінің жасын сығып алады*).

Бесінші көрініс

Бұрынғылар және ИСАТАЙ

Исатай. Махамбет келіп кетті. «Кіші ауылдың жігіттері жүріп жатыр», – деді.

Ынтықбай. Жүрсе арба-сайманымды даярлау керек еді ғой. (*Түрегеледі*).

И с а т а й. Арбаны мен даярлайын, үйдегі оны-мұнынды өзін түгелдеп алшы.

Ы н т ы қ б а й. Қанапиялар қайда екен?

И с а т а й. Олар да жүрсе керек. Мұнда соғатын шығар.

Ы н т ы қ б а й. Арбаңызды даярлай беріңіз.

И с а т а й *(бірдеңе айтайын деп ұмытып қалған кісіше, Ынтықбайға қарап тұрып)*. Иә, сол. *(Деп шығып кетеді)*.

Алтыншы көрініс

ЫНТЫҚБАЙ, ШӘРБАҢУ

Ы н т ы қ б а й *(түрегеліп)*. Қанапиялардан қалуға болмайды, олармен от боламыз ғой.

Ш ә р б а н у. Ағатай-ау, қайда болса да екеуің бірге болындар. Сенен гөрі ол жол көрген ғой.

Ы н т ы қ б а й. Менің жалғыз сенетін кісім сол емес пе?! Саған айтып кетейін, Қанаш екеуміз айрылмайтын дос болғанбыз.

Ш ә р б а н у. Қайырлы болсын, ағатай хат салып тұрасындар ғой?

Ы н т ы қ б а й. Аман болсақ, салып тұрамыз ғой. *(Кейін, қынжылып)*. Құдайдың күдіреті-ай, жоқ жерде мына Сазамбай деген жауыздың кармағына ілініп қалдық. *(Шәрбану күрсініп, мұрнын сіңбіріп қояды)*. Ол иттің ақшасы да босқа кетті. Қайдан білейін, ағатайымның қалай құтылатынын...

Ш ә р б а н у *(мұңайып)*. Ағатай, берген ақшасы қанша қараның сомасы болады.

Ы н т ы қ б а й. Он бес, жиырма қараның сомасы болар.

Ш ә р б а н у. Біздің үйдің бар малы жетпейді екен ғой...

Ы н т ы қ б а й. Оның жөнін ағаммен, Қанапиямен ақылдасып көрерміз. Малға бітетін болса, Қанаш та мал аяп қалмас.

Ш ә р б а н у *(ақырын гана)*. Ол үйдің қанша малы бар?

Ы н т ы қ б а й. Жиырмаға тарта қарасы бар шығар.

Ш ә р б а н у. Жиырмаға тарта. Ынтықбай, екі үйдің малын қосса, жетеді екен!

Ы н т ы қ б а й. Қанаш екеуміз елде болсақ, бәрінің есебі табылар еді.

Ш ә р б а н у. Маған сендер тірі қалсаңдар болады. Құдайдың не жазғаны болса да көрермін. *(Қамығады)*. Тек амандықтарыңды білдіріп, хат жазып тұрыңдар.

Жетінші көрініс

Бұрынғылар және ҰМСЫНАЙ

Ұ м с ы н а й *(еңкейіңкіреп, аяғын әрең басып келеді, баласына қарап күрсінеді)*. Қарақтарым, карақтарым, керек нәрселеріңді түгелдеп салдыңдар ма?

Ш ә р б а н у. Салып жатырмыз.

Ы н т ы қ б а й. Апа, майыңды қайттің?

Ұ м с ы н а й. Киізге орап тіктім. Уһ! Шәрбанжан, көрпе-жастық бердің бе?

Ш ә р б а н у. Бердім, апа!

Ы н т ы қ б а й. Апа, Шәрбану болмай өзінің көрпесін беріп отыр.

Ұ м с ы н а й. Мейлілерің, карақтарым, мен не қылайын, тек іші құтты болсын.

Ы н т ы қ б а й. Шәрбан, ағам арбасын жекті ме екен? Тысқа шығып келші. *(Кетеді)*.

Сегізінші көрініс

ҰМСЫНАЙ, ЫНТЫҚБАЙ

Ы н т ы қ б а й. Апа, Шәрбанды ренжітпеңдер!

Ұ м с ы н а й. Қарағым-ау, Шәрбанжанға менің қабырғам қайыспай жүр дейсің бе? Әлгілер Сазамбай түскірден қалай құтылатынын қайдан білейін...

Ы н т ы қ б а й. Шәрбануды Қанашқа береміз ғой деп ойлаушы едім.

Ұ м с ы н а й. Өзім де соны ойлаушы едім.

Ы н т ы қ б а й. Сазамбай шығынын даулайтын болса, Қанания мен біздің малдан беріп құтылыңдар! *(Ұмсынай Ынтықбайдың қасына келіп отырады)*. Қанаш та ұнатар... Ағама тапсырамын.

Әйтеуір, Шәрбануды жылатпандар! Тірі болсақ, аштан өліп, көштен қалмаспыз.

Ұ м с ы н а й (қамығып, Ынтықбайдың басын өзіне таман еңкейтіп бетінен сүйеді). Ақылыңнан айналайын! Бауырыңа жаның ашығанынан, айналайын! Қарағым! Құлыным! Қашан көрем жүзінді? (Деп алақанымен бетін аялап, қимай отырады).

Тоғызыншы көрініс

Бұрынғылар, ИСАТАЙ, ШӘРБАҢУ

И с а т а й (кіріп келіп, үндемей аз тұрып). Кәні, болдыңдар ма?

Ы н т ы қ б а й (анасының қолынан басын босатып). Болды ғой... болмаған не бар енді?

И с а т а й (төрдің алдына келіп отырады). Күннің сүреңдігі жаманға айналды. Жол Темірқазыққа шығып, ызғырайын деді. Бұлттың да түсі суық, қабағын жауып түйіліп келеді. Сірә, нөсер болар ма екен? Қайтер екен... Қара жолмен жұрт азан-қазан болып, күңіреніп кетіп жатыр. Күн де ұясына кіріп барады. Енді отыруға болмас. (Бәрі тым-тырыс, нөсердің алдында бұтаға қорғаланған торғайдай бүрісіп, еңсесі салбырап отырады. Әлден уақытта Исатай күрсініп). Енді жылағанды қойыңдар. Құдайдан тілек тілейік. Қолдарыңды жайыңдар! Батамызды бергеннен басқа қолымыздан не келеді. (Исатай қолын жаяды, өзгелері де қолын жаяды. Анда-санда). Ей, рақымы мол алла тағала! Оң сапарыңды бере гөр! Аман сақтай гөр! Я, пайғамбарлар, я шариярлар... я әулиелер! Жолдарыңа боз қасқа, аксарбас айттым. Қолдай гөр, медет бере гөр!.. (Деген күңіренген дауысы үзіліп-үзіліп естіледі).

Ұ м с ы н а й (көзінің жасын тия алмай анда-санда). Жасаған ие!.. Көздің жасын қабыл ете гөр... Жалғыздың жанын аман сақтай гөр... (Деп солқ-солқ жылай береді).

Ы н т ы қ б а й (төмен қарап). «Әумин, әумин» дей береді. (Шәрбану солқылдап ол да «әумин» деген болып ерні қыбырлайды).

И с а т а й. Аллау-акпар! *(Деп бәрі бетін сипайды, тағы тымтырыс. Аздан соң Исатай, одан кейін Ынтықбай түрегеліп киімдерін киіп, белдерін буынады).* Кәні, енді жылағанды, дауыс шығарғанды қойып, құдайға сыйынындар! Алланың ісіне карсылық қылған болмайық. Өзіне тапсырайық. Желызғырық, жаурап қаларсындар! Шәрбану, карағым! Қатын сенде тыста көп тұрмандар! Күн жауа ма қайтеді. Біз суыт кетерміз. Кәні, нәрселерің, алып шығындар! *(Дыбыс жоқ, ақырын гана аяңдап, нәрселерін көтеріп, бәрі шығады. Үйдің іші тымтырыс. Бір минуттан кейін терезеден «Қош, қош, карағым! Есендікке жазсын!» – деген қалтыраған, күңіренген дауыстар естіледі).*

Оныншы көрініс

ҰМСЫНАЙ, ШӘРБАЛУ

Ұмсынай келіп, күрсініп, сылқ-сылқ етіп, маңдайын алақанымен тіреп отыра кетеді.

Шәрбану терезенің алдына келіп, сүйеніп, көзін сүртіп отырады.

Ұ м с ы н а й *(аздан кейін).* Жыламайын десен де көзі түскірге жас қайдан келетінін білмейсің! *(Жылайды).*

Ш ә р б а н у *(аздан соң).* «Ағатайымдар жылаған жаман болады», – дейді ғой. Апа, жыламайық!

Ұ м с ы н а й. Оның рас қой, карағым! Қайтейін іші-бауырын елжіреп тұрған соң!

Ш ә р б а н у. Бүгін күн де түнеріп кетті. Ағатайымдардың аттануына қарап тұрғандай жаңбыр құйып жіберді ғой.

Ұ м с ы н а й. Карағым-ау, жаңбыр деймісің, осынша жұрттың көзінің жасы да.

Ш ә р б а н у. Тым болмаса, үйге бір түнеуге мұршасын келтірмеді-ау.

Ұ м с ы н а й. Кәуірдің ісінің бәрі тығыз болмай тұра ма?

Ш ә р б а н у. Апа-ау, ағатайымдар қайтып келмейді деген биттей ойым жоқ, үміт үзгім келмейді.

Ұ м с ы н а й. Кім біледі, құдай бірдене сездіретін шығар. *(Күрсініп)*. Жылай-жылай есіміз де шығып кетті. Бұл үйдің бұзауы, сиыры қайда екен?

Ш ә р б а н у. Енді екеуміз екеуден-екеу жылай бергеннен түк өнбес, ағамдар жокта малдан айрылып қалмайық.

Ұ м с ы н а й. Оның рас, карағым! Мен тысқа шығайын. *(Шығады)*.

Он бірінші көрініс

ШӘРБАҢУ

Ш ә р б а н у. Япырым-ау, Қанаш, шынымен-ақ ақылдаспай кеткені ме? Әлде Сазамбайға берді деп өкпелеп жүр ме? Менін риза емес екенімді білсе керек қой. *(Терезеден қарайды)*. Жауын әлі ашылған жок, түк көрінбеді. Дүниені қараңғылық басты ғой. *(Лампы жағады)*.

Он екінші көрініс

ШӘРБАҢУ, ҚАНАПИЯ

Қ а н а п и я *(үсті-басы су, кіріп келеді)*. Бүгін құдайдың күні де кәрін төкті ғой.

Ш ә р б а н у. Е, келдіңіз бе? *(Қарсы жүреді)*.

Қ а н а п и я *(құшақтап бетінен сүйіп)*. Мені келмей кетеді дедің бе?

Ш ә р б а н у. Қайдан білейін тым кешіккенге.

Қ а н а п и я. Ынтықбайлар жүріп кеткен бе?

Ш ә р б а н у. Жүріп кетті.

Қ а н а п и я. Жүрсе мен де қуып жетермін.

Ш ә р б а н у. Қалай аттанды, солай жаңбыр да құя салды.

Қ а н а п и я *(күрсініп)*. Заман осылай болды, сәулем! *(Тым-тырыс)*. Тым болмаса, Ынтықбай да қалмады. *(Шәрбану Қананияның қолтығына кіріп көзін сүртеді)*. Сонда да үмітсіз шайтан деген ғой, ақырының қайырын тілейік.

Ш ә р б а н у. Кеше түнде мен бір түс көрдім.

Қ а н а п и я. Қандай түс, айтшы қалқам!

Ш ә р б а н у. Түсімде ел көшкен екен деймін. Біздің қара інгеннің жүгі ауыр, жатып алды. Ұрамын кеп тұрмайды, ұрамын кеп тұрмайды. Әбден шаршап жан-жағыма карасам, көштің бәрі арылып кетіпті. Күн батып, ымырт жабылып барады. Қорқып зәрем ұшып отырғанда, көзі бақырайған бір еңгезердей адам келіп, қолтығына қысып алды да жөнелді. Дауысымды шығарайын десем, бүйірімнен қысып қалады. Енді өлем ғой деп келе жатқан едім. Қолыңызда сойылыңыз бар сіз келіп, төбелесіп, мені айырып алып қалдыңыз. Сізбен құшақтасып тұрып, оянып кетіпмін.

Қ а н а п и я. Сәулем-ай! Бұл жақсы түс екен. Екеуміз түбінде косылады екенбіз.

Ш ә р б а н у. Айтқаныңыз келсін. *(Қанания аузынан сүйеді)*. Апам келіп қалар тұрайық. *(Отырады)*. Сіз ағатайыма айтқан екенсіз ғой.

Қ а н а п и я. Не деді саған?

Ш ә р б а н у. Сізбен дос болғанын айтты және Сазамбайдың шығынын төлеп құтылу керек дегенді айтты.

Қ а н а п и я. Қалай құтылу керек деді.

Ш ә р б а н у. Сіздің үй мен біздің үйдің малынан берсек жетер деді.

Қ а н а п и я *(қуанып)*. Онысы ақыл-ақ екен! Мен әжеме тапсырып жіберейін.

Ш ә р б а н у. Ағатайым ағама тапсырам деп кетті. Маған өлгенше жаны ашиды. Бауырым! Қуатым! Бәрін ойлап жүргенін қарашы.

Қ а н а п и я. Ынтықбай ма? Тірі болса адам болады ғой.

Он үшінші көрініс

Бұрынғылар және ҰМСЫНАЙ

Ұ м с ы н а й *(Қананияға алақанын көлеңкелеп, сығалап қарап)*. Қарағым-ау, Қанашпысың?

Қ а н а п и я. Иә, шеше. Жүріп бара жатыр едім. Қош айтысайын деп келдім.

Ұ м с ы н а й. Ынтықбайды біз де жаңа жөнелтіп, Шәрбанжан екеуміз жылап-жылап жаңа басылып отыр ек...

Қ а н а п и я. Тірі кетіп бара жатқан кісіге жылай ма екен? Аман болсақ, бір күнгідей де болмайды.

Ұ м с ы н а й. Оның рас қой, қарағым! Сен бұрын түзге үйреніп қалдың ғой. Біздің жалғызды айтсайшы... Әжен байғұстың да кұр сұлдері қалған шығар!

Қ а н а п и я. Қайтсін, құдайдың салғанына көнеді де. Жолдастар ұзап кеткен шығар, мен жүрейін, дәм ауыз тигізіңіз, шеше!

Ұ м с ы н а й. Тигізейін, қарағым! Наннан үлкен дәм жоқ деуші еді, бауырсақ берейін, қарағым! *(Тәрелкеге бауырсақ салып, орамал жайып алдына қояды).*

Қ а н а п и я *(бір бауырсақты аузына салып)*. Шәрбану сен де ал.

Ұ м с ы н а й. Қарағым, Қанашпен бірге сен де же! Бір дастарқаннан дәм татқанша әлдене заман *(Шәрбану бір бауырсақ алады)*. Мен алайын. *(Алып жейді)*.

Қ а н а п и я *(дастарқанды қайырып)*. Абиыр бер! Аман сақта! Аллақпар деп *(Бата қылады)*.

Ұ м с ы н а й. Ей, жасаған-ай, сақтай гөр!

Қ а н а п и я *(түрегелді, өзгелері де тұрады)*. Қош, енді шеше! *(Ұмсынайдың қолын ұстайды)*.

Ұ м с ы н а й *(жыламырап бетінен сүйіп)*. Қош, қарағым, қош! Шәрбану, кұрбыңды аттандыр, қарағым! *(Қанания. Шәрбану шығады)*.

Он төртінші көрініс

ҰМСЫНАЙ

Ұ м с ы н а й *(Қананияның артынан қарап)*. Қызығыңды көрем бе деген екі үйдегі екі жалғыз едің. Екеуің де кеттің бе? *(Деп жылап отыра кетеді)*. Жасағанның ісінің бәрі оң ғой, сонда да адамның дәті шыдамайды екен-ай! *(Деп тағы солқылдап жылайды)*.

Он бесінші көрініс

ҰМСЫНАЙ, ШӘРБАҢУ

Шәрбану көзін басып, жылап келіп, тізесін құшақтап, бүрісіп отыра кетеді. Аз тым-тырыс.

Он алтыншы көрініс

Бұрынғылар, ИТБАС, ОРАЗ

И т б а с (*ит қуған ешкідей ежіреңдеп кіріп келеді де*). Е, екеуден екеу отыр екен ғой.

О р а з (*асығып, қорқып, алақтап кіреді*). Амансыздар ма?!

Ұ м с ы н а й (*таңданып*). Шүкір, жарықтығым, қай баласындар! (*Шәрбану ақырын басын көтеріп, таңданып қарайды*).

И т б а с. Танымасаңыз, танытайық. Біз құдаңыз боламыз.

Ұ м с ы н а й. Қай құда, жасаған!

И т б а с. Сазамбай деген күйеуіңізді естуіңіз бар ма?

Ұ м с ы н а й. Бар, бар.

И т б а с. Бар болса, балтай-шалтай керек емес, жесірімізді алғалы келдік.

Ұ м с ы н а й. Опырым-ай! Бұ не деген сұмдық! (*Деп тұра жүгіріп Шәрбануды құшақтай алады*).

Ш ә р б а н у (*бүрісіп шешесіне тығылып*). Апатай-ай!

И т б а с (*Оразға*). Не тұрыс бар, тарт қызды!

О р а з (*қипақтап*). Батылым бармай тұрғаны.

И т б а с. Не оттап тұрсың! Не бар аяйтын. (*Айғайлап*). Са-зеке, Сазеке!

Он жетінші көрініс

С а з а м б а й (*ентігіп, алақтап*). Қыз кайда?

И т б а с (*қызға ұмтылып*). Мұнда-мұнда.

С а з а м б а й (*ойбайлаған Ұмсынайды итеріп тастап*).
Өлейін демесең, қоя бер!

Ұ м с ы н а й. Ойбай-ай, жасаған-ай! (Деп шалқасынан құлайды. Сазамбай, Итбас қызды ойбайлатып, апатайлатып көтеріп алып кетеді).

О р а з (Ұмсынайға қарап). Ой, сорлы! (Шығады).

Шымылдық

Алаң. Сазамбайдың үйі. Сол жақта Сазамбайдың кілем жапқан төсегі, еденде сырмақ, алаша, кілем, оң жақта есік, төрде екі терезе.

Бірінші көрініс

МАЛАЙ

Малай *(бірдеңе қарап жүр. Пештің түбін, іргені, төсек астын, терезенің алдын бәрін қарайды, тоқтап тұрып сөйлейді)*. Пештің түбінде жатыр дейді, жатқаны қайда, кәне? Бит болып кетті ме? Қайда жұттырып жіберді, оңбаған кубас, жыннан жаралған баксының тұқымы. Осы қақпастың тілін алып жүрген Сазамбай да бір көк төбет. Шәрбанудың бір тырнағынан садаға кеткір. Ой, болыстан тапқыр жүзі қара. Кәрі ит. Әлі күнге ой-нас қылады. Болыс келсе жағын сылап, қылмың-қылмың етіп өліп қалады. Тұзды суды қайнатып тұрып сауырына құяр ма еді келіп, кашак көк сиырдай қылып. *(Соңғы сөзді бітірместен Қалипа кіріп келеді)*.

Екінші көрініс

МАЛАЙ, ҚАЛИПА

Қ а л и п а *(адуындап кіріп, Малайға төнеді)*. «Немене, көк сиыр, көк сиыр», – деп шатып тұрғаның? Көзіңе сайтаның елестеп тұр ма?

М а л а й *(теріс қарап күңкілдеп)*. Көк сиыры не айтып тұрған, кілтті таба алмай сандалып тұрсам.

Қ а л и п а. Көзіңді шел қаптап кетті ме? Түйнеме келгір, жайрап қалғыр! Қыршыныңнан қиылғыр! Ірге жақта дегенім

кайда?! *(Іргеден кілтті суырып алып)*. Мынау әкеннің кеуіп қалған шекесі ме?

Малай. Қайдан білейін.

Қ а л и п а *(екіленіп)*. Қайдан білейін. Көзіңе қояншығын көрініп тұр ғой, боқ жеген, тентіреген шошқа. Неге бадалып тұрсың? Бар жұмысыңды қыл! Сілейіп, мені атып жібергелі тұрсың ба?

М а л а й. Айтып бол, айтып бол!

Қ а л и п а. Айтып болғанда қайтейін деп едің?*(Өршеленіп)*. Ой, өзің менімен тайталасқың келіп тұр ма? Жерге қағып жіберейін бе?

Малай. Енді айтарың бар ма?

Қ а л и п а. Маған «сен» деп сөйлеме! Семіп қалғыр, шешендей кісінің бетінен алатын неткен көргенсізсің өзің?

М а л а й. Сенің көргендігің мынау болса, *(күбірлеп)* дәл көмейіңнің... *(Деп шығып кетеді)*.

Үшінші көрініс

ҚАЛИПА

Қ а л и п а. Ой, тіліңе құлғана шықсын, ой, күйдіргі шықсын! Ой, оңбаған, тентіреген ит. Есік-есіктен, тесік-тесіктен өт. Өл де маған. Ол не қылғаны екен? *(Бұрқыраған бетімен төсектің қасында жатқан жаулықты жұлып алады)*. Осы адыраны ұстағалы қашан?! *(Сілкілейді)*. Күнде будырап аяқтың астында жатқаны. Керіліп-созылып іс қылайын демейді. Қағаз оқитын бір өнер тауып алыпты. Маған молда қылуға алып па еді осы қаншықты. *(Ернін бырс еткізіп)*. Әдірам қалайын! Қатынға қағаз не керек?! *(Ойланып тұра қалады)*. Токтай тұр!.. Осы катын біреумен хат жазысып жүрмесін. Тұра тұр. Байпағыңды отқа қалайын! Боқ сасыған жаман күң! Бала табам, байға жағам деп шалжактайтын шығарсын! Бетіңнің қызылына, шашыңның ұзынына мардымситын шығарсың! Жоқ, карағым! Оныңа бола қоймаспын. Сен бала тапқанша өзіңді де көк жұлын ғып өлтірермін. Қалипаның көрген қоқайы жалғыз сен емес.

Төртінші көрініс

ҚАЛИПА, МАЛАЙ

М а л а й *(есікті ашып, теріс қарап тұрып)*. Бай шақырады.

Қ а л и п а *(жалт қарап)*. Бай шақырса сазайыңды бергізейін боқ жеген неме! *(Жөнеледі)*.

Бесінші көрініс

ШӘРБАҢУ

Ш ә р б а н у *(шапан бүркенген, жез құманды жерге қойып, төрдің алдына келіп қалтасынан хатты алып оқиды)*.

– Сізге, ғизатлу уа құрметлу, сүйікті көргуші Шәрбану құрбымызға изгі сәлемдеріңізді жолдаймын. Бәғында бізден хал-ахуал сұрасаңыз, алхамды иллә сағ-саламат келдім... *(Қуанып, масайрап)*. Жасаған-ай, келіп қалған екен ғой! Сәулем-ай, жаным-ай! Құдай-ау, өңім бе, түсім бе? *(Хатты тағы оқиды)*. Науқас болған соң дәрігерге ақша беріп қайттым. Енді наукастан арылдым. Ынтықбайдың да дені сау, орны жайлы. *(Тағы тоқтап)*. Ой бауырым, қуатым. *(Оқиды)*. Сенің халінді естігелі бері ішкенім у, жегенім желім болды. Өзім жақында барамын. *(Таңданып)*. Жасаған-ау, қалай келеді. Уәдеде бар болсаң, бір жола алып кетемін, даярлана бер. *(Таңданып)*. Ойпыр-ай, қалай алып кетеді?! Ендігі сөзді жолыққан соң сөйлесерміз. Даю калам тербеткуші ғашық жарың Қанапия деп білерсіз. *(Хатты қалтасына салып ойланады)*. Ойпырым-ай! Қалай кете аламыз?! Қалай жолығар екен? Бәледен қалай құтылар екенбіз! *(Ойланып тұрады)*.

Алтыншы көрініс

ШӘРБАҢУ, ҚАЛИПА

Қ а л и п а *(келіп)*. Мынасы нағып тұр сілейіп?!

Ш ә р б а ң у *(артына қарап)*. Жай тұрмын.

Қ а л и п а. Жай тұрмын дегенше ісінді істетесейші. Бірдеме шалып кеткен кісіше мелшиіп тұра бермей.

Ш ә р б а ң у. Апа-ау, сонша асығыс не шаруа бар?

Қ а л и п а *(кекетіп)*. Не шаруа бар? Шаруа болмаса, ертеден кара кешке салпылдап неғып жүрміз! Осы үйдің іші судай ағып бара жатса «е» дер ме екенсің? Мұрнымды кесіп берейін!

Ш ә р б а ң у. Апа-ай, тіпті жоқ жерде сөз қылады екенсіз.

Қ а л и п а. Қатқанның басы жоқ жер ме? Бір жаулықты ұстағалы табандатқан ай болған жоқ.

Ш ә р б а ң у. Қашан, екі-үш-ақ күн болған жоқ емес пе?!

Қ а л и п а. Қашан екі-үш күн? Дәл бір жұма болған жоқ па?

Ш ә р б а ң у. Ұрыспаңызшы, бәрі де бітер!

Қ а л и п а. Қайдан бітеді? Түзге барғанға бір ай жоғаласың...

Ш ә р б а ң у. Енді дәретке де шығармайсыз ба?!

Қ а л и п а. Қысқа күнде тап қырық шығасың ғой. Сенің-ақ қуығың жарылып тұра ма? Біздің сінбіруге де мұршамыз келмейді.

Ш ә р б а ң у. Маған не қыл дейсіз?

Қ а л и п а *(кекетіп)*. Не қыл дейсіз? Тілін қарашы, тілінді қайшымен қыркып алар ма еді?!

Ш ә р б а ң у. Елден-жұрттан ұят-ау!

Қ а л и п а. Сенікі ұят емес пе? Тәйт, әрі суырылмай! Тайталасқанды қайдан шығарып алдың, тілінді суырып алайын ба? *(Сазамбай келген соң дәуірлеп кетеді)*.

Жетінші көрініс

Бұрынғылар және САЗАМБАЙ

С а з а м б а й (*кіріп келе жатып*). Пай, пай, тағы немене шанкылдап жатқандарың? Не болды? Не бүлініп қалды.

Қ а л и п а (*шаптығып*). Не болсын? Мына сойканды қаншығың «е» десе, «мә» деп түрегеледі.

Ш ә р б а н у. Мен не деппін. Құдай бар ғой.

Қ а л и п а (*кимелеп сөйлетпейді*). Ой, құдайдан садаға кет! Ой, тілің қыршылып қалғыр! Осы үйді күртпай сен тыныш таппайсың!

С а з а м б а й. Не жоқ, не боп қалды?

Қ а л и п а. Не болсын, дүниеге түк береке қоятын емес. Жарты қағаз шайдан кеше айрылып қалды. Әне күні бастап, бес пұт ұн тағы құрып қалыпты.

Ш ә р б а н у. Япырым-ау, мен тіпті ас үйіне бармаймын ғой.

Қ а л и п а. Қой әрі, сөзіңді! Сенің жүргенінді кім аңдып отыр?

С а з а м б а й. Ұнды кім қопарып кетті?

Қ а л и п а. Кім қопарушы еді? Алыстан жау келді дейсін бе? Бұрын керек десе, сынық инеміз де жоғалмаушы еді. (*Сазамбайға*). Жоғалып па еді? Өзің айтшы? (*Шәрбану көзін сүртеді*).

С а з а м б а й (*Шәрбануға оқты көзімен қарап*). Сендер-ақ құлағымның етін жеп бітірдіңдер ғой!

Қ а л и п а (*Шәрбануға қарап*). Қылатынын қылып алып монтансып тұрғанын сайқалды қаншықтың...

С а з а м б а й (*Шәрбануға түйіліп*). Көзіңді ағызып жіберейін бе?!

Ш ә р б а н у (*жыламсырап*). Жасаған-ай, күн көрсетпедін-ау!

Қ а л и п а. Күн көрсетпей не қылдық? Ішкеннен, жегеннен кенде болдың ба? Ішінде арамдығың бар ғой, бәлең бар ғой. Енді бір хат жазатынды шығарып алыпты. Кімге жаза беретінін құдай білсін?!

С а з а м б а й (*елеуреп*). Не дейді? Хат жазған деген тағы не сұмдық! (*Ұшып түрегеліп Шәрбануға төнеді*). Кімге жазып жүрсің, қайдан үйрендің?

Ш ә р б а н у (*жыламсырап*). Құдай біледі, жазғам жоқ...

С а з а м б а й (*тістеніп Шәрбануды жұлқылап*). Мә, хат жаз, мә саған! Жаз! Көрсетейін саған иттің баласы! (*Деп жұдырықтай бастайды*).

Ш ә р б а н у. Жасаған-ай, өлдім-ау!

Қ а н и п а. Өлмесең ішің кепсін!..

Сегізінші көрініс

Бұрынғылар және ДУАНА

Д у а н а (*басында үкілі шошақ тақия, қолында асасы салдырлатып кіріп келіп*). Хақ! (*Деген ышқынған дауысы саңқ ете түседі*). Сабыр, сабыр, сабыр! (*Деп Сазамбайды ұстай алады*).

С а з а м б а й (*сасқалақтап*). Ассалаумағалейкум, таксыр! (*Қол береді*).

Д у а н а. Уағалейкумассалам! (*Қолын алып*). Ә, бай, жарамайды. Жарамайды... жас бала ғой, жас бала ғой. О, бакыр-ай! (*Сазамбайға басын шайқап*). Біреудің жас баласы ғой, жарамайды, жарамайды.

С а з а м б а й (*қалбалақтап*). Жоғары шығыңыз, таксыр! Аман, жақсысыз ба?!

Д у а н а (*төрге барып отырып, басын шайқап асасына сүйенеді*). Жарамайды, жарамайды.

С а з а м б а й. Таксыр, үй іші болған соң, ұрыс-қағыс болмай тұра ма?

Шәрбану көзін сүртіп отырып қалады. «Бұ сұм қайдан келіп қалды?» деген кісіше дуанаға ала көзімен қарайды.

Д у а н а (*Шәрбануға қарап*). Ей, балақай-ай! Жылама балақай! Жылама! Адам боларсың, құдай жеткізер! Адам боларсың, құдай жеткізер! (*Кенеттен «хақ» деп ақырып қалады*).

С а з а м б а й *(Селк етіп, шошып қалады. Сасқанынан)*.
Таксыр кайдан шықтыңыз?

Д у а н а *(асасын сүйеп қойып)*. Міне жердегі ауылдан
шықтым.

С а з а м б а й. Е, Табекен аулынан ба?

Д у а н а. Табекен бе, Сазекен бе білмеймін!

(Шәрбану таңданып дуанаға қарайды. Қалипа шығып кетеді).

С а з а м б а й. Қай туған боласыз, таксыр?

Д у а н а *(жауап бермей Шәрбануға қарап)*. Ей, бақырай, тұрымтай бұқтырған томашадай бүрісіп отырғанын бақырдың.

С а з а м б а й. Руыңыз қай ел болады, таксыр?

Д у а н а *(Сазамбайға төніп)*. Мені құдай айдап келген шығар кайдан білесін? *(Тізесімен жорғалап Сазамбайға таянады)*. Ана бақырдың көзінің жасы айдап келген шығар!.. Қайдан білесің? *(Шәрбану тамсанады)*. Жас бала ғой, жас бала ғой, обал ғой.

С а з а м б а й. Перзентке зарлымыз, таксыр! Перзент үшін алғам ғой. Таксыр! «Қырықтың бірі – Қыдыр» деп еді, қайта батаңызды беріп кетіңіз!

Д у а н а. Құдай бермеген баланы мен берем бе?

С а з а м б а й. Сонда да себеп қой, «себепсіз нәрсе болмайды» деген сөз бар ғой, таксыр!

Д у а н а. Құдайдан сұра, құдайдан сұра! *(Өзін нұсқап)*. Мынадан сұрама! *(Сазамбайды қарыңға түртіп қалып)*. Мынадан да сұрама!

С а з а м б а й *(түртіп қалғанда)*. «Е!» *(Деп шошып, кейін шегінеді. Шәрбану мырс етіп күледі)*.

Д у а н а *(күліп)*. Қорықпа! Қарныңды құдай теспесе, мен теспеймін.

С а з а м б а й. Таксыр, жолдасың жоқ па?

Д у а н а. Жолдасым бір алла!

С а з а м б а й. Бал ашпайсыз ба, таксыр! *(Дуана басын шайқайды)*. Қайыр-садақа аласыз ба?

Д у а н а. Мен садақа берейін, аласың ба?

С а з а м б а й. Жок, эншейін ел аралап жүргенге айтып жатырмын.

Д у а н а. Аллатағаланың жаратқан ғаламын тамашалап жүрмін. Басқа еш нәрсе маған қажет емес... Әй, балақай, балақайым, маған құман тауып берсең, мен дәрет алар едім, балақайым! Қалқатайым, – деп жүрер едім...

С а з а м б а й (*Шәрбануга*). Тұр дуанаекене құман әкеп бер. (*Шәрбану ауыз үйден құман әкеледі*). Таксыр, рұқсат болса, мен малға шығайын.

Д у а н а. Рұқсат, рұқсат! (*Түрегеліп дәретке ыңғайланып*). Малыңды жайла, шайыңды сайла!

С а з а м б а й (*кетіп бара жатып Шәрбануга*). Дуанаекене дәрет алғызып, орамал, жайнамаз тауып бер! (*Кетеді*).

Тоғызыншы көрініс

ДУАНА, ШӘРБАЛУ

Д у а н а (*Шәрбануга таянып*). Балақайым, Дуананы таныдың ба?

Ш ә р б а н у (*шегініп, таңданып*). Жок!

Д у а н а. Дуананы ұмыттың ба?

Ш ә р б а н у (*тамсанып*). Даусыңызды бұрын естіген сияқтымын, шырамытамын. (*Қадалып қарайды*).

Д у а н а. Танымасаң. (*Деп сақалын жұлып алып*). Мен – Қанания.

Ш ә р б а н у (*бетіне қарап жіберіп*). Қалқатайым-ай! (*Деп мойнынан құшақтай алады*).

Қ а н а н и я (*аймалап сүйіп*). Жаным, зорға шыдадым ғой. (*Айрылысады*).

Ш ә р б а н у. Япыр-ау, Дуана болып келу қайдан ойыңызға түсті?

Қ а н а н и я. Кісі ойлай берсе, не тапшайды?!

Ш ә р б а н у. Осы дауысты қайда естідім деймін кеп! Сақалыңыз болғанға тағы күдікпенем.

Қ а н а н и я. Біздің көсегемізді көгертетін сақал осы. (*Сақалын киіп алады*).

Ш ә р б а н у. Сізді танып қоймаса.

Қ а н а п и я. Атасының басы танысын ба? Зәресін ұшырып қойдым. Айтпақшы, менің хатымды алдың ба?

Ш ә р б а н у. Бүгін ғана алып, қуанып отыр едім.

Қ а н а п и я. Алсаң, жарайды, немене? Маған ересің бе?

Ш ә р б а н у. Ермей енді, көрген күнім әлгі ғой.

Қ а н а п и я. Жаным-ай! Қорлықты көрсеткен екен ғой жауыздар!

Ш ә р б а н у (*жыламсырап*). Екі күннің біріндегісі осы. Кеудеде шыбын жан болған соң, шыдай береді екен кісі...

Қ а н а п и я. «Мехнат түбі – рахат», – деген, енді жылама, жаным! Жылайтын жер бұл емес, жаным, мен сені біржола алып кеткелі келдім!

Ш ә р б а н у (*қуанып*). Шын ба, сәулем?

Қ а н а п и я. Шын болғанда, қандай!!!

Ш ә р б а н у. Жалғыз өзіңіз қалай әкетесіз?

Қ а н а п и я. Жалғыз емеспін, жолдастарым бір шақырым жерде күтіп отыр.

Ш ә р б а н у. Жасаған-ай! Жеткізе гөр. Құтқара гөр, жасаған!

Қ а н а п и я. Күн ұясына кіріп барады. Күнбатыс сары алтынға боянғандай, жарқырап тұр. Дала майдай жылы. Баяулаған өкпек желдің ғана лебі білінеді. Шыбын ызылдап, торғай шырылдап жүр. Несін айтасың кісі тоңатын емес! Түзге шыққан болып, кезеңнің астына түс! Мен де сол жерде атыммен күтіп алармын. Жолдастарға бір жетсек, «шүу» деп қалаға бір-ақ тартамыз.

Ш ә р б а н у (*жүрегін басып*). Менің жүрегім тулап барады. Біз биттей шімірікпейміз-ау!

Қ а н а п и я. Қорқатын түк жоқ. Үйде қойшының тор шолағынан басқа дөңгелек тұяқ көрінбейді. Қуғыншы болмайды. Мен намазды оқып, жайланып, атымның қасына барармын, көп кешікпей сен де шығарсың! – деген апақ-сапақ мезгіл, жүргенінді адам сезбейді.

Ш ә р б а н у. Жарайды, қалқам, жарайды! Кеудемде жаным болса жетермін. Мен тысқа шығайын. (*Деп, кетеді*).

Қанапия кестелі жайнамаздың үстінде үкісі былғандап қол жайып отырғанда Сазамбай кіреді.

Оныншы көрініс

ДУАНА, САЗАМБАЙ

Сазамбай аяғын қатты басса, әулиенің бәлесіне қалатындай аяғының үшімен басып, ақырын келіп жүгініп отырады. Дуананың бата қылғаны да бір килы – екі білегін қоса созып, алақанын көкке жайып, көкке сермеп басын салбыратып отырады. Сазамбайға бұл да жат көрінеді, дуанаға мүлде ден қойып, қолын жаяды. Анда-санда дуананың күрілдеген дұғасы естіледі, «Япаяз, япшай, ая» деп бір қояды. Сазамбай «иләки әумин», – аузын толтырып, ерні қыбыр-қыбыр етеді.

Д у а н а. «Ягаусыл-ағызам бәлегерден, бәлегерден...»

С а з а м б а й. Илләки әумин!

Д у а н а. Имам ағызам! Әбу Қанапия! Ашшарбану ашшарбану.

С а з а м б а й. Илләки әумин.

Д у а н а. Дертіме дәрмен, дертіме дәрмен.

С а з а м б а й. Илләки әумин.

Д у а н а (*аят оқыған кісіше*). Қирағатмеи сайхатәу-уә қайда таң қимылым тиді қатаң. Уәмина ашпа жағайпас Сазамбайнел харинайн! Қарныңды алазина күмпілдете мол мойнун. (*Деп бетін сипайды*).

С а з а м б а й. Әумин, әумин! (*Деп бетін сипайды*).

Д у а н а (*түрегеліп артына қарап*). Я жуан қарным! Келдің бе?

С а з а м б а й. Келдім, тақсыр, келдім. (*Деп қалбалақтап жайнамазды жинап, Дуананың астына төрт қабат көрпе төсейді*).

Д у а н а (*отырып*). Бок қарным менің ақсақалым көріне ме?

С а з а м б а й. Ұкпадым, тақсыр!

Д у а н а. Астыма мінетін ақсақалым!

С а з а м б а й. Е, атыңыз ба? Жок, байкамадым, отқа қойып па едіңіз?

Д у а н а. Біздің ақсақал аузы қимылдағанды сүйеді.

С а з а м б а й. Аксақалыңызды алдырайын ба? Тұрсын ба?

Д у а н а. Тұрсын, тұрсын! Аксақалымның мінезі жаман. Өзімнен басқаны жолатпайды. Бокқарыңға бір-ак тебеді.

С а з а м б а й. Мінезі шөлкес екен ғой. Жарықтық кейбір малдың сондай мінезі болады ғой.

Д у а н а. Аксақалыма тимеңіз, ақсақалымды өзім күтем. Өзім әкелемін. *(Жан-жаққа мойнын созып отырып, «Аһ» деп асасын алып түрегеледі).*

С а з а м б а й *(түрегеліп)*. Таксыр, қайда барасыз?

Д у а н а. Аксақалыммен әңгімелесемін, ақсақалым үркіп кетеді.

С а з а м б а й. Япырым-ай, малшылар әкелетін еді ғой. *(Деп қалбалақтап кебісін салады).*

Д у а н а *(кетіп бара жатып)*. Бок қарным, малыңды жайла, тамағыңды сайла, шайыңды майла!

С а з а м б а й. Құп, таксыр! Бәрі болады. Шайыңыз да, майыңыз да табылады. *(Дуана кетеді).*

Он бірінші көрініс

САЗАМБАЙ, ШӘРБАҢУ

С а з а м б а й *(есікке қарап)*. Әй, қайсың барсың, біреуің мұнда келші!

Ш ә р б а н у. Мен бармын. *(Деп кіріп келеді).*

С а з а м б а й. Шәрбанумысың, лампаларыңды жағып, дуананың шайын дұрыстап беріңдер!

Ш ә р б а н у. Жарайды дұрыстайық. *(Лампы жағады).*

С а з а м б а й. Жарықтық, бір әулие адам көрінеді. «Қырықтың бірі Қыдыр» деп еді. Қандай адам, әлдекім біледі?

Ш ә р б а н у. Өзі бір түрлі дуана екен.

С а з а м б а й. Садақа алмайтын бір ғажап адам екен. Тегі бір қасиетті адам ғой бұл. Қатын, сен ренжіп қалдың ба? Дуана ренжітпе деді ғой, енді ренжітпеймін. Кәпір сол кәрі қатынмен сөйлесіп не қыласың? Үндемей жүре бер.

Ш ә р б а н у. Оған сөйлеген кім бар? Жазықсыздан жазықсыз қарап отырып күйдіреді.

С а з а м б а й. Жаман үйреніп кеткен іші тар кемпір емес пе? Сенің қойнына жатқанды да көре алмайды. Сол кәрі итті сенен артық көреді дейсің бе? (*Шәрбану аққұманға шай салады*). Бар болса қағаз шайыңнан сал!

Ш ә р б а н у. Салып жатырмыз. (*Аққұманды алып, шапанын жамылып шығып кетеді*).

Он екінші көрініс

САЗАМБАЙ, ҚАЛИПА

Қ а л и п а (*сөйлей кіреді*). Әлгі бір қоңыр козының аяғын мал басып кетсе керек, қиралаңдап жүре алмай жатыр.

С а з а м б а й. Төл салған кезде сиырды жолатпау керек қой, қойшы қайда, қойшы не карап жүр?

Қ а л и п а. Ылғи өз көзің жүрмесе, бірдеңені шығындатпай қоймайды. Қойшы деп қойшы не караушы еді? Қойдың кабырғасын күйреткеннен басқа. Анасына да, мынасына да жүгіремін, қайсы біріне жетерсің...

С а з а м б а й. Өзің жүрмесең, кімнің жаны ашиды дейсің?

Қ а л и п а. Әлгі бір жынды құнажын төлді қиратып кете жаздағаны. Мен болмасам ешқайсысының ойына келетін емес, уһ, уһ, ах...

С а з а м б а й. Төл салған кезде сиырды қой қораға қаматып қоюың ғой, әйтпесе сиыр ит жай жүре ме, соқтыкпай.

Қ а л и п а. Қой қораның киын ойдырып алмаса, сиыр кірген соң ки бола ма? Ендігі жылы отын да керек болар?!

С а з а м б а й. Бір қалт еткенде Қойшыбайға ойдырып тастауың керек қой.

Қ а л и п а. Қалт еткен күн оның қолы тие ме? Өзге жұмыс қылынбаса да, қиды ойдырып алсам-дағы.

Он үшінші көрініс

Бұрынғылар және ҚОЙШЫБАЙ

Қ о й ш ы б а й. Самаурын қайнап тұр, жасайтын болсаңдар.

Қ а л и п а. Жасайтын болсаңдар дегенше, әлгі катын қайда? Шақыр мұнда! Шайға да мен жүрейін бе? *(Қойшыбай кетеді)*. Дымым құрып отыр. *(Күрсініп қояды)*. Қайда жоғалып кететұғынын білмейсің, апақ-сапақта кісі далаға бара ма екен?

С а з а м б а й. Ылғи ұрыс-қағыс қыла бергенше, оны былай баулып, үйретсең болмай ма? Дуана айтқандай біреудің жас баласы ғой ол.

Қ а л и п а. Мен үйретпей жүрмін бе, үйреткенінді істеп отыр ма?

С а з а м б а й. Ақыл ғып жай айтсаң, неге үйренбесің. О да адамның баласы емес пе? Әке-шешесі қияңқы адамдар емес еді. Сенің айтқаныңнан шығып қайда барар дейсің?

Қ а л и п а. *(Сазамбайға қасқырша қарап)*. Немене, тоқалға жаның аши қалды ма, сөзін сөйлей қалдың!

С а з а м б а й. Қатын, кейде сенің жоқты айтып кететінің бар. Күнде ұрыс-қағыс қылатын сендерге не жетпей барады? Құдайға шүкір, киімге, тамаққа зарлы емессіңдер.

Қ а л и п а. Киімі де, тамағы да құрысын! Жаны құрғырды отқа салып қойған соң...

С а з а м б а й. Жаныңа не қылды? Малшылар бар, тоқал бар!

Қ а л и п а. Ой, тоқалда басың қалсын, тоқал, тоқал деп әлі құрығаныңды білмессің.

Он төртінші көрініс

Бұрынғылар және ҚОЙШЫБАЙ

Қ о й ш ы б а й *(келіп)*. Әлгі Шәрбану бұл өңірде жоқ.

С а з а м б а й. Қайда кетіпті, шақыр!

Қ о й ш ы б а й. Қайдан шақырайын, жоқ.

Қ а л и п а. Ораздың катынымен аузы жабысып отыра беретін, сонда барған шығар.

Қ о й ш ы б а й. Ораздікіне де бардым. Итбастікіне, Ұйпалактікіне де бардым, бір адам көрмеді.

С а з а м б а й. Түзге барған шығар.

Қ о й ш ы б а й. Күндегі баратын босаға төбенің астына да бардым, жым-жылас.

С а з а м б а й. Япырым-ай, ол қайда кетті.

Қ о й ш ы б а й. Қайдан білейін, көк жұтқанын, жер жұтқанын...

Қ а л и п а. Әлгібір қонағың қайда? Дуанасы ма еді, сайтаны ма еді?

С а з а м б а й. Дуана бар ма?

Қ о й ш ы б а й. Дуана түгіл, сайтан да жоқ.

Он бесінші көрініс

Бұрынғылар, ИТБАС

И т б а с (*кіріп келіп*). Әлгі бір мінгесіп жөнелген кім?

С а з а м б а й (*ұшып түрегеліп*). Кім, кім, не дейді?

И т б а с. Босаға төбенің астынан мінгесіп шаба жөнелді. Айқайлап едім, тоқтамады.

Қ а л и п а. Мәссаған безгелдек!

С а з а м б а й. Шәрбану жоқ, тоқал жоқ!

И т б а с. Алдындағысының көйлегі ағарғандай болды.

С а з а м б а й. Уһ, сол болды, әлгі Дуана ұрып кеткен екен.

Қ о й ш ы б а й. Дуанам жарайсың?

Қ а л и п а. Ал, «тоқал-тоқал» деуші едің.

С а з а м б а й. Ат қайда, ұмтыл, ат әкел.

Қ о й ш ы б а й. Тор шолақтан басқа ат жоқ.

С а з а м б а й. Қап, кап.

Шымылдық

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

Алаң. Кеңсенің бір бөлмесі, жазу столы, орындықтар, бірекі ұзын скамейка, екі жақта екі есік.

Бірінші көрініс

МИЛИЦИЯ, КОМИССАР

М и л и ц и я (*ауыз үйдің есігінде күзетте тұр. Есіктен сығалаған біреуге мылтығын оқтанып*). Қарама! Көзге соғып алармын. **Комиссар** (*қолтығында портфелі, кіріп келеді*). Арыз көп пе?

М и л и ц и я (*честь беріп*). Қаптап отыр.

Комиссар (*орнына отырып*). Шәрбану Исатайқызы бар ма?

М и л и ц и я. Бар.

К о м и с с а р. Шақыр мұнда! (*Портфелден қағазын алады*).

М и л и ц и я (*қуаңқыланып*). Шәрбану Исатайқызы!

Екінші көрініс

Бұрынғылар және ШӘРБАЛУ

Шәрбану шапанын бүркеніп, ақырын аяңдап, именіңкіреп келіп отырады.

К о м и с с а р (*түрегеліп*). Бері таман келіңіз. (*Деп үстелдің алдына орындық қояды*). Отырыңыз! (*Шәрбану созылып отырады*). Сіз басыңызға бостандық сұрап арыз бердіңіз бе?

Ш ә р б а н у. Бердік.

К о м и с с а р (*арызды көрсетіп*). Мынау арыз сіздікі ғой.

Ш ә р б а н у. Біздікі.

К о м и с с а р (*қоразданып, шашын жоғары тарап, шылымын тартады*). Қош! (*Арызды қарап*). Сазамбай Боктыкөт баласына, черт возьми, осындай да ат бола ма екен. Я, Сазамбайға еркіңізбен шықтыңыз ба?

Ш ә р б а н у. Жок, тартып алды.

К о м и с с а р. Қалайша, бұрын сізді айттырып па еді?

Ш ә р б а н у. «Призывтын» тұсында ақша беріпті.

К о м и с с а р. Да, арызыңызда айтылған екен. Словна арыздағы сөзіңізді айтасыз ғой?

Ш ә р б а н у. Иә, арызда түгел айтылған шығар!

К о м и с с а р (*Шәрбануға қарап, мойнын бір бұлғақтатып*). Мына Қанапия деген жігітпен қалай тамыр... жақын болдыңыз ба?

Ш ә р б а н у. Бұрыннан уәдеміз болушы еді!

К о м и с с а р (*қалжыңдап*). Ә, ғашық болдыңыз ба?

Ш ә р б а н у (*төмен қарап, бөгезжектен*). Ұнатқан үшін уәде қылады ғой кісі.

К о м и с с а р. Может быть, жақындықтың белгісі де болған шығар.

Ш ә р б а н у (*именіп*). Болды ма, болмады ма ол арасын не деп айтайын сізге?

К о м и с с а р (*күлімдеп*). Ұялмай-ақ айтып жіберіңіз, жастық басымызда бар. Ондай жұмыстың жайын білеміз ғой.

Ш ә р б а н у. Болса болған шығар...

К о м и с с а р. Бұ жігітті қалай, қатты жақсы көресіз бе?

Ш ә р б а н у (*бойы үйреніп*). Жақсы көрмесек, соңынан жүреміз бе?

К о м и с с а р. Правда... О, молодчина! Енді қосатын сөзіңіз жоқ қой.

Ш ә р б а н у. Қосатын сөзім жоқ, қолыма бостандық қағаз берсеңіз екен!

К о м и с с а р. Қағаз береміз, бір әйелді күндіктен құтқарамыз, правосын еркекпен бірдей қыламыз деп жүрген кісінің біріміз. Әйелдің бостандығына жанымызды құрбан қыламыз деп жүрген кісіміз о жағынан биттей де безпокойется етпеңіз. Бұл кешегі қанішер Николайдың заманы емес. Ол жауыздың қарашығы батты. Бұл бостандық, теңдік, құрдастық заманы. Так что, сіз нетпеңіз! (*Арызды қарап*).

Үшінші көрініс

Бұрынғылар және ҚАНАПИЯ

Қанапия басы орамалмен байлаулы келіп тұрады.

К о м и с с а р (*скамейканы нұсқап*). Пожалуйста, отырыңыз. Немене, басыңыз қалай?

Қ а н а п и я. Азырақ ауырады.

К омиссар. Во хулиганы, немен ұрған?

Қ а н а п и я. Кірмен ұрса керек.

К о м и с с а р. Милиция кез келмесе, өлтіретін ғой шама-сы.

Қ а н а п и я. Әдейі өлтіру үшін жалдаған, жатақтың жүліктері ғой.

К о м и с с а р. Мынау әйелдің жауабын сіз де растайсыз ғой.

Қ а н а п и я. Рас деймін. Бар сөзімді кеше өзіңізге айттым ғой. Жалғыз-ақ сізге ескертетінім, әнеугі Николай тактан түскен күнгі қуаныштың ішінде болып жұртқа айтқан сөздеріңізді естіп едім. Сондағы кара бұқараға, кедейге деген теңдіктеріңіз рас болса, біз де жуаннан зорлық көріп жүрген нашардың біріміз. Соны ғана айтамын.

К о м и с с а р. Теңдік әперемін. (*Көтеріліп*). Сазамбайды атып тастауға әмірімнің жүретінін білесің ғой.

Қ а н а п и я. Әбден білеміз.

К о м и с с а р (*қатуланып*). Шакыр Сазамбайды. Я его сейчас сукина сына!

М и л и ц и я (*ақырып*). Сазамбай!

Төртінші көрініс

МИЛИЦИЯ мен САЗАМБАЙ

Сазамбай сасып-пысып, есіктен зорға сияды, кіре беріп тымағын шешіп, қолын кеудесіне қойып, тағзым етеді. Қолын ұсынып комиссарға ұмтылады.

К о м и с с а р (ақырады). Тұр солай.

С а з а м б а й (шауып келе жатып жарға киліккен жылқыдай, лоқып тұра қалады). Тұрдым, таксыр, тұрдым.

К о м и с с а р (түрегеліп, айбаттанып ақырады). Қайда барасың омыраулап?! Сенің бұрынғы крестьяиск начальнигін жок! Николайдың көзі жойылған. Елді жеп-жеп, қарны кебежедей болып, талтак-талтак етеді.

С а з а м б а й (басын шұлғып). Қарсылық болса, кешіріңіз, таксыр! Білмедім, таксыр!

К о м и с с а р. Құтырма, тайтаңдама! Тайтаңдайтын күнің кеткен

С а з а м б а й. Не десеніз де, құлдық, таксыр!

К о м и с с а р. Ұста тілінді. «Құлдық» жок, «таксыр» жок.

С а з а м б а й. Мырза-мырза. (Деп тілін ұстайды).

К о м и с с а р. Мырзан жок бұрынғы.

С а з а м б а й. Енді не дейін, шырағым! «Аксақал» деуге жас бала көрінесің.

К о м и с с а р (даусын созып). Мен сізге айтамын енді «мырзашора», «төре», «қары» жок, «таксыр», «құлдық» деген сөздер айтылмайды. Одардың орнына «жолдас» деп айтасыздар. Енді бәріміз де гражданин болдық, ұқтыңыз ба?

С а з а м б а й (басын шұлғып, аузын жыбырлатып). Ұктым, таксыр, краждан жолдас, ұктым.

К о м и с с а р (отырып шылымын тартады. Сазамбайдың ерні қыбырлап «краждан жолдасты» ішінен айтып тұрады). Мен енді сізге сұрау қоямын, жауап бересіз.

С а з а м б а й. Берейін так... краждан жолдас!

К о м и с с а р. Әнеу әйелді қалай алдыңыз?

С а з а м б а й. Әйел ме? Әйел қазақша мал беріп алған қатыным. Кәдуілгі. Кәдуілгі некелі қатыным. Мына жігіт өзім жокта үйімді шауып, зорлықпен әкетіп отыр. Сондықтан екі мың сом ақшамды, бар капиталымды алып кетті. Кәрі кісінің қатынын тартып алсын деген заңыңда бар ма, шырағым!

К о м и с с а р (жымшып). Ал сонымен? Бұл өзі бұзық жігіт екен ғой.

С а з а м б а й (көтеріліп). Бұл елден шыққан бұзакы, өзі ұры жігіт. Айтып отырғанының бәрі өтірік.

К о м и с с а р. Тақтайды теуіп қалады. Сіз біреуге тіл тигізіп оскорбить етпей сөйлеңіз, кеңсенің ішінде ондай сөз айтсаңыз, қазір арестовать етермін.

С а з а м б а й. Жо, жоқ, қораз, қоразтан жолдас...

К о м и с с а р. «Жолдас» десең болады, орыс тілін қоспай сөйле!

С а з а м б а й. Дұрыс, шырағым! Сізге түсіндіргелі жатырмын. *(Сақалын ұстап)*. Мынау сақалыммен өтірік айтады дейсіз бе? Менің қандай кісі екенімді бір болыс елден сұраңыз, құдаларымнан сұраңыз. Кісіге қиянатым жоқ ақсақал адаммын, шырағым! Енді пайғамбар жасына келгенде, құдай өтірік айтқызбасын.

К о м и с с а р. Кім болғаныңыз маған керек емес, қатынды қалай алдыңыз, айттырып алдыңыз ба?

С а з а м б а й. Е, айттырып алдым, мал беріп алдым.

К о м и с с а р. Ақша емес, мал бердіңіз ғой.

С а з а м б а й. Ақша бердім, ақша мал емес пе, шырағым!

К о м и с с а р. Мына жігіт шауып кетті дедіңіз бе?!

С а з а м б а й. Шауып кетті, қанша мукамал жасау әкетті.

К о м и с с а р. Қандай, қандай нәрсе?

С а з а м б а й. Жібек кілем, жібек шапан, асыл бұйым, жақсы ішік дейсіз бе? Толып жатқан нәрсе...

К о м и с с а р. Ақша да әкетті ме?

С а з а м б а й. Ақша әкетті, екі мың сом әкетті.

К о м и с с а р. Екі мың сом, қандай-қандай ақша еді?

С а з а м б а й. Ылғи бес жүз теңгелік сап ақша.

К о м и с с а р. *(Қанатияны көрсетіп)*. Ананың басын жарған кім?

С а з а м б а й. Білмеймін, көріп отырғаным осы. Өзіңіз көріп отырсыз, кісі ұрғандай түрім бар ма? Керек десе өз бетіммен атыма да міне алмаймын.

К о м и с с а р. Құдаларың кім, кім?

С а з а м б а й. Құдаларым Итбас Жылпос баласы, Ораз Ұлтарак баласы.

К о м и с с а р. Отыр.

С а з а м б а й. *(отырмай тұрып)*. Тақсыр, мыр... жолдас! Шырағым! Мен бір инабатты ақсақал адам едім. Бұрын кісіден

корлық-зорлық көре койған жоқ едім, шырағым, түсің жылы бала көрінесің, «түсі игіден – түнілме» деп еді.

Комиссар. Жарайды, жарайды отыра беріңіз. Итбас Жылпос баласы!

Милиция. Жылпос Итбас баласы.

Бесінші көрініс

Бұрынғылар және ИТБАС

Итбас кіріп тымағын қолына алып, жауап беретін жерге келіп тұрады.

Комиссар. Атың кім?

Итбас. Итбас.

Комиссар. Әкең аты?

Итбас. Әкем аты – Жылпос.

Комиссар. Сен не білесің, сөйле?

Итбас. Менің білетінім мынау ақсақалдың некелі қатыны Шәрбану Исатайқызын Қанапия Ерланов қанша отрядпен келіп тартып әкетті.

Комиссар. Отряд деген немене?

Итбас. «Отряд» деп бір топ кісіні айтамыз.

Комиссар. Жарайды, тағы немене әкетті?

Итбас. Көп капитал әкетті, екі мың сом сап акшадай әкетті.

Комиссар. Екі мың әкеткенін қайдан білдің?

Итбас. Ауылдас болған соң білмей тұра ма кісі?

Комиссар. Ә, өзің ауылдас па едің?

Итбас. Е, аулымыз бір болушы еді.

Комиссар. Акшаны бұрын көріп пе едің?

Итбас. Көргем, көргем.

Комиссар. Көрсен қандай, қандай акша еді?

Итбас. Қандай дейсіз бе? (Сазамбайға қарайды).

Комиссар. Қарама оған, айт жылдам.

Итбас. Он сомдық, жиырма бес сомдық, қырық сомдық, елу сомдық, жүз сомдық.

К о м и с с а р. Токта, кырык сомдық акша бола ма екен?

И т б а с. Ә, жоқ, жаңылып тұрмын.

К о м и с с а р. Мына Қанапияның басын жарған кісіні көрдің бе?

И т б а с. Жоқ, көргем жоқ, мұны көріп отырғаным осы.

К о м и с с а р. Ну жарайды, отыр. *(Итбас отырады)*. Ораз Ұлтарақов!

М и л и ц и я *(есікті ашып)*. Ораз Ұлтарақов, пожалуыста.

Алтыншы көрініс

Бұрынғылар және ОРАЗ

О р а з *(саеқалақтап есіктен кіре беріп тымағын алып, алақтап)*. Здрасти, салаумағалейкум!

М и л и ц и я *(ақырып қалады)*. Тек! *(Ораз милицияға жалт қарап басын бір шұлғиды, комиссарға қарап және шұлғиды)*.

К о м и с с а р *(езу тартып)*. Бері маған таман келіңіз. *(Ораз жыбырлатып бір-екі адымдап тоқтайды)*. Берірек, берірек! *(Тағы бір аттап тұрады)*. Тағы бір-екі атта. *(Ораз жақындайды, зәресі ұшқан, көзі аларып шығып барады)*. Атың кім?

О р а з *(сасып)*. Атым дейсіз бе? Атым, атым, атым – Ораз!

К о м и с с а р *(түсін суытып, ақырыңқырап)*. Әкең аты кім?

О р а з. Әкем аты, әкем аты. *(Жан-жаққа алақтап)*. Әкем аты дейсіз бе? Байпақ, жоқ ол емес, шұлғау – ол емес, Байпақ... Жоқ, ой, бәрекелді-ай, аузыма түспей қалғанын қарашы... Шұлғау, байпақ. *(Бәрі ду күледі. Ораз қосылып, аузы қыбырлап, жоғары қарап ойланады)*.

С а з а м б а й. Ой, әбілет, ой, әбілет. *(Деп Оразға сыбырлаған болады, жаңғырыққан күлкі естіртпейді)*.

К о м и с с а р *(күлкісін тоқтатып)*. О, немене? Табылды ма?

О р а з. Байпақ, Байпақ... шұлғау... ұлынан... о, Ұлтарақ... Ұлтарақ...

К о м и с с а р. Ну, и слово богу... бұрын тергеуде болдың ба?

О р а з. Жо, жоқ... сот алдын көріп отырғаным осы.

К о м и с с а р. Ендеше, өтірік айтпайсың ғой.

О р а з. Құдай біледі өтірік айтпаспын.

К о м и с с а р. Смотри! Өтірік айтсаң католешкеге жауып қоямын.

О р а з. Жалғыз жаным бар ғой, әруақ-құдайға тапсырыңыз!

К о м и с с а р. Сазамбай анау әйелді алып қашып алды ғой?

О р а з. Алып қашып алды.

К о м и с с а р. Тартып алды ғой.

О р а з. Тартып алды.

С а з а м б а й (*тістеніп*). Тек! Қашан тартып...

К о м и с с а р (*столды жұмырықпен қойып қалады. Сазамбай қоя қояды*). Сөйлем! Сен бүйтіп безобразить ете берсең, казір арестовать етемін.

С а з а м б а й. Қойдым, таксыр! Мырза! Жолдас қойдым!

К о м и с с а р (*Оразға*). Мына Қанапия қалай әкетті?

О р а з. Ол ма? Ол бетіне сақал жапсырып, дуана болып келді де, іңірде мінгестіріп алып кетті.

К о м и с с а р (*таңданып, Қанапияға қарап*). Солай ма еді?

Қ а н а п и я. Онысы рас.

К о м и с с а р (*рахаттанып*). Вот какой артист молодчина. (*Оразға*). Иә, Сазамбайдың үйі аман ба?

О р а з. Біз кеткенде аман еді. (*Сазамбайға қарап*). Байдың өзі бірдеңе естімесе...

К о м и с с а р. Қарама оған.

О р а з (*басын бұрып*). Мен ештеңе естігенім жоқ.

К о м и с с а р. Жарайсын отыр. (*Қағаздарын алып түрегеледі*). Сіздер отыра тұрыңыздар! Мен әзір келіп, постановление естіртемін...

С а з а м б а й (*түрегеліп*). Таксыр... мырза... жолдас маған мархабат қылыңыз, менің шығыным, қатыным кетіп отыр ғой...

К о м и с с а р (*қолын сермен*). Жарайды, жарайды! (*Дешығып кетеді*).

Жетінші көрініс

Комиссардан басқалар

С а з а м б а й (*түрегеліп милицияға қарап сөйлейді*). Шырағым, сен білесің ғой, не қылар екен?

М и л и ц и я (*қоразданып, аяңдап*). Сізге жаман болады.

С а з а м б а й (*Милицияға жақындап*). Не істер екен? Не істер екен?

М и л и ц и я (*басын былғақтатып, иығын қысып қалып*). Может атып тастарға.

С а з а м б а й (*жақындап*). Не дейсің, шырағым? Не дейсің?

М и л и ц и я. Мұндай жұмыстың біз талайын көргенбіз. Сіздікі уголовный жұмыс, уголовный жұмыстың жазасы аз болса бес жыл.

С а з а м б а й. Шырағым, бұл өзі қатаң жігіт пе еді?

М и л и ц и я (*олай-былай жүріп қоразданып*). Көңіліне жакпаса, атып тастауға да правосы бар.

С а з а м б а й. Шырағым, бұл жігітпен кашаннан қызметтес едің?

М и л и ц и я. Мен бе? Неше жылдан бері жолдастын.

С а з а м б а й (*есікке қарай көзімен ымдап*). Маған тысқа шығып келуге болар ма екен?!

М и л и ц и я (*көпке қарап*). Мен мына кісіні қазір шығарып әкелемін, ешқайда кетпей отырасыздар! (*Милиция Сазамбайды ертіп шығады*).

Сегізінші көрініс

Милиция мен САЗАМБАЙ

Қ а н а п и я (*түрегеліп*). Бай қайда жөнелді бұл?

И т б а с. Дәретке отыратын шығар.

Қ а н а п и я. Дәрет болса жарайды ғой, әлгі милицияны айналдырып жүрмесе.

И т б а с. Е, оның несін айналдырады?

Қ а н а п и я (*олай, былай аяңдап*). Кім біледі? Біреуге беріп жаман үйреніп қалған адам.

И т б а с. Біреуге жаман үйреніп, кімге беріпті?

Қ а н а п и я. Бермесендер, жатақтың жүліктерінің менде не акысы бар еді.

И т б а с. Ой, карағым-ай! Біреуден таяк жегенінді бізден көресің бе?

Қ а н а п и я. Бұрын кісіден таяк жесем көзім көрмеді ме?

Ш ә р б а н у. Не керегі бар? Қойшы енді өткен нәрсені сөз қылмай...

Қ а н а п и я. Мынау иттердің жегенінен гөрі, бәле жапсырғаны өтіп барады. Көрермін, бәлем, Сазамбайдың жарылқағанын.

И т б а с. Көрсек көрерміз.

Тоғызыншы көрініс

Бұрынғылар, САЗАМБАЙ, МИЛИЦИЯ

Сазамбай бірдеңе тындырып келген кісіше тамағын кенеп, қоқиланып отырады.

М и л и ц и я (*Қанатияға түсін суытып*). Мұнда гулят жоқ, орныңызға отырыңыз.

Қ а н а п и я (*ажырайып*). Гулят жоқ болса, ананы неге тыска шығардың?

М и л и ц и я. Онда сенің не делаләрің бар? Не жолы сен маған заң үйретесің? Мен өз правомды сенен сұрамаймын, далаға шығаруға менің правом бар.

Қ а н а п и я. Сен есік күзетсең, бәрімізге бірдей болып күзет.

М и л и ц и я (*омыраулап*). Сен маған заң үйреткің келе ме? Не имеешь право. Раз мен әбәзін, мен жауап беремін. Ото қазір комиссарға доложит етермін.

Қ а н а п и я. Етсең ет. Сазамбайды оңаша алып шыққаныңды мен де айтармын.

М и л и ц и я. Қалайша, сен маған бәле жабасың? Мені взятка алды деп тұрсың ба? Неужели айтасың? Куәң бар ма?

Қ а н а п и я. Сенің қолыңнан келсе көрерміз.

Он үшінші көрініс

Бұрынғылар және КОМИССАР

К о м и с с а р *(келіп)*. Тұрындар! *(Бәрі түрегеледі)*. Мен қазір постановление оқимын. Қазақша қысқаша переводын айтып шығамын, тыңдап тұрындар!

1917 жылында 15 мартта Павлодар уезінің комиссары Акбеттау елінің қазағы Шәрбану Исатайқызының, Қанапия Ерланұлының арыздарын тексеріп, қаулы тұрғыздым:

1. Төңкерістің әйелге берген правосын пайдаланып, Шәрбану Исатайқызына сүйген жігіті Қанапия Ерланұлына тиюге бостандық беремін; 2. Қанапия Ерланұлын жаладан таза деп табамын; 3. Шынын айтқан Ораз Ұлтарақұлын жазадан азат қыламын; 4. Әйелдің правосына қол салған себепті, Шәрбану Исатайқызына, Қанапия Ерланұлына өтірікпен жала жапқан себепті, Қанапия Ерланұлының өміріне қастық кылып, самосот жасаған себепті Сазамбай Боқтықөтұлына он алты ай абақты кесемін; 5. Өтірікке куә болған Итбас Жылпосұлына алты ай абақты кесемін.

С а з а м б а й *(жыламсырап)*. Таксыр, мырза жолдас! Менен бір білместік болды, кешіңіз.

И т б а с. Нашар адам едім, кешіңіз, жолдас!

Қ а н а п и я *(Шәрбанумен қол ұстасып келіп, комиссарға еңкейіп)*. Рақмет, бақытты болыңыз, жасаңыз!

К о м и с с а р. Сендер де жасандар!

С а з а м б а й *(жыламсырап)*. Кәрі кісімін ғой, мырза, балам жоқ еді, мырза! Кешіңіз мені, кешіңіз.

К о м и с с а р. Жұмыс бітті. Енді арыз тыңдалмайды.

М и л и ц и я *(айғайлап)*. Шәрбану, сүйінші, сүйікті бауырың келді. Ынтықбай келді.

Ш ә р б а н у *(есікке қарай жүгіріп)*. Қойшы!

Қ а н а п и я. Шын ба, жаным! *(Деп есікке ұмтылады)*.

Ы н т ы қ б а й *(кіріп келіп)*. Бауырым-ай, жаным-ай! *(Деп, Шәрбануды құшақтай алады, бетінен сүйеді)*.

Қ а н а п и я. Жан досым-ай, аман келдің бе? *(Деп, қазақша көріседі).*

Ш ә р б а н у *(көзін сүртіп)*. Бауырым-ай, сені де көретін күн бар екен ғой.

Қ а н а п и я *(қуанып, дауысы қалтырап)*. Бауырым, құдай жеткізеді. Шәрбануды босатып алдық. Міне, сен де аман келдің? Енді біздің төрт құбыламыз түгел.

С а з а м б а й *(комиссарға)*. Бізді босатыңыз, таксыр! Бостандықтың құрметі үшін босатыңыз.

К о м и с с а р. Мынау тұрған Қанапия мен Шәрбанудың аяғына жығыл! Солар кешсе, мен де кешейін.

С а з а м б а й. Жығылайын, жығылайын. *(Деп, Қанапия, Шәрбанудың алдына барып, тізесінен жығылып, аяқтарына басын қояды)*. Балалар, менен білместік болды, бір шалды кайтсеңдер де, кешіріндер, балалар!

И т б а с. Мені де кешіріндер. Нашар адам едім *(Деп, о да жығылды)*.

Қ а н а п и я *(Шәрбануға, Ынтықбайға қарап, бастарын изеп)*. Біз кештік.

Ш ә р б а н у.

Ы н т ы қ б а й. Біз кештік.

К о м и с с а р. *(қолын көтеріп)*. Жасасын бостандық! Жасасын әйел теңдігі! Жасасын бұқара өкіметі.

Б ә р і *(шулап)*. Жасасын! Жасасын!

Шымылдық

ЕЛ ҚОРҒАНЫ

Бір перделі пьеса

Қатынасшылар:

Ораз – еті тірі кедей

Әбіш – о да кедей, ел кегін қуушы

Оқыған жігіт

Байбек – бай

Құрмаш – 16-17 жасар кедей баласы

Домбай – қазаншы қара малай

Көпжасар – кедей

Қордабай – ауыл жігіті

Қасен – орташа, о да ауыл жігіті

Командир

Би

Болыс

1-бай

2-бай

1-аксақал

2-аксақал

1-эпесер

2-эпесер

1-салдат

2-салдат

3-салдат

Аксақалдар, жастар, байлар, кедейлер, ауыл адамдары, салдаттар.

Бірінші көрініс

1-аксақал (*еңкейіп, орта кездегі жуан байға қарап*). Бай, жұмысының бетін білдіңіздер ме? Неге шақырған екен?

1-бай (*тыржыып*). Біле алмадық. Тағы шығын жинайтын шығар. Қай бір жақсы хабарға жүр дейсіз?

2-бай *қоздайтын қойша ыңыранып, күшеніп қояды.*

1-а қ с а қ а л *(даусын созып)*. Е-е, сүйтпей, тағы не қылар дейсің... Ей, жасаған алла-ай!.. Елді құртпаса не ғылсын?..

1-а қ с а қ а л *(биге қарап)*. Би, сіздің ауыл да шығындап қалды деді ме?

Б и. Шығындады. Әйтеуір кісі аман, мал мен мұкамбалды шауып кетті.

1-а қ с а қ а л. Құдай сақтасын! Ел рәсуа болды ғой. Тек артының қайырын тілеген болмаса, қолдан келер түк жоқ.

2-а қ с а қ а л. Бұл иттердің өзі неткен көп! Соғысып қырылып жатса да, таусылар емес қой!

1-а қ с а қ а л. Бұ кәпір өскен жұрт! Қытайдан соңғы көп жұрт басы шығар. Кеше Шыңғысқа бой бермеген орыс емес пе?

2-а қ с а қ а л *(басын изеп)*. Солай енді, солай!

Б и *(байға қарап)*. Бұ келген кім екен? Қай ел екен?

1-бай. Өзіміздің кіші жүз болса керек.

Б и. Үлкен кісі ме екен?

1-бай. Жас жігіт болса керек.

Б и. Бұ жастар ел билеп не оңдырады?

1-а қ с а қ а л *(даусын созып)*. Не оңдырушы еді? Заман ақырдың белгісі де. Жарықтық Мөңке би болжап кетті ғой.

Жас баладан биің болар,
Жас балшықтан үйің болар.
Ат жақсысы арбада болар,
Жігіт жақсысы саудада болар, –

денгі ғой өтерінде. *(Қасындағыларға)*. Сол айтқанының бәрі келген жоқ па?

Б а й, б и, а қ с а қ а л *(басын изеп)*. Рас айтасыз, әулие ғой олар.

Екінші көрініс

М и л и ц и о н е р *(қолында мылтығы бар, адыраңдап есіктен шыға келеді)*. Ти-ші! *(Жұрт тымағын жөндеп киіп, қымтырылып, жөнделіп, басын көтерісіп, есікке аңтарыла қарайды)*.

О қ ы ғ а н ж і г і т (*киімі орысша, қасына болысты ертіп есіктен шығады*). Ассалау-мәле-е-йкүм!

А қ с а қ а л д а р (*көздерінің қырымен қарап*). Уәлік сәлем.

О қ ы ғ а н (*үстел басына келіп түрекеліп тұрады. Сол жағынан екі қолын комзолының қалтасына салып, жұртқа қарап айбаттанып, болыс келіп тұрады*). Е, қауым! Мәжілістеріңіз қайырлы болсын!

А қ с а қ а л д а р. Аумин! Бірге болсын!

Т ө м е н г і л е р. Айтқаның келсін! (*Деп шу етеді*).

О қ ы ғ а н (*тамағын бір ұстап, кенеп алып бастайды*). Әлеумет, мен сіздерге гүбірнеден келіп отырмын. Ел-елге жүріп айтпақ сөзім бар. Алғашқы көріп отырғаным сіздің ел. Енді сіздерге келген жұмысымды баяндайын.

Ж ұ р т. Баяндаңыз, айтыңыз!

О қ ы ғ а н (*тамағын тағы бір кенеп*). Өздеріңіз де естіп жатқан шығарсыздар, кешегі қанішер жауыз Некалайды құлатқаннан кейін үкіметті «есерлер» қолына алған. Кешегі Кереніский сол есер болатын. Ол есерлер бұ күнде құлады...

Т ө м е н г і б і р е у (*сөзін бөліп*). Есердің құлағаны жақсы! Естілері билесін!

Қ а с ы н д а ғ ы б і р е у (*оны түртіп*). Қоя тұр, сөзді бөлмей!

О қ ы ғ а н. Енді үкіметті балшабек партиясы қолға алып отыр.

1-а қ с а қ а л. Әлгі қызылымыз қайсы? Ағымыз қайсы?

О қ ы ғ а н (*ақсақалға қарап*). «Қызыл» деп сол балшабектерді айтамыз. «Ақ» деп патшашылдарды айтамыз. Осы күні Ресейді қызылдар билеп отыр. Қызылдар төңкерісшіл партия. Бұлар жұмысшыларды қолдайды. Біз сияқты кемдікте, қорлықта жүрген ұлттарға теңдік береді. Бұлар өздеріндей кара бұқараның, кара шаруаның, әсіресе, кедейдің қамқоры. Бұлар алдымен жарлыны, жалшыны жарылқамақ, елді соларға билетпек...

А қ с а қ а л б а й л а р (*теріс қарап*). Оңдырады екен.

К е д е й л е р (*мойнын созып, жауырынын қимылдатып*). Е-е-е...

О қ ы ғ а н (*тоқтамай сөйлей береді*). Қызылдар Ресейді түгел өздеріне қаратып алды. Сібірге қашқан ақтарды түре қуып, күн сайын үлкен қалаларды алып жатыр. Ақтың әскері еріген қардай тозып, жауынгер қызыл әскердің дүмпуіне шыдамай, қашып жатыр. Бірақ тек кетіп жатқан жоқ. Қазақтың кең даласын басып, жолындағы елді қырып-жойып, талап, бүлдіріп бара жатыр. Одан-бұдан қашқан-босқан ақтың әпесері, өңкей соғылғандарды ертіп алып, ел шауып, банды болып жүр. Өздеріңіз де көріп отырсыздар, осы күнде мал-жанға иеміз деп айта аласыздар ма?

Б и. Мылтығын кеудеге тіреп тұрған соң, қайдан ие боласың?

О қ ы ғ а н. Бұ қалыпта ел-ел болмайды, қазақ сықылды қарусыз, қамсыз, әлсіз ел, әскердің аяғы астында тапталып, жоғалып кетуге мүмкін.

І-б а й. Әлгі Алашордамыздың әскері қайда жүр? Алашордамыз бар ма?

О қ ы ғ а н. Алашорда азаматтары қашып кетті, әскері тарап кетті. Енді Алашордадан қайран жоқ.

І-б а й. Неге? Алашқа автономия аламыз, өз алдымызға жұрт боламыз дейтін солар емес пе еді? Өздерің қазаққа не пайда келтірмексіңдер?

О қ ы ғ а н. Біз де қазаққа автономия алу жолындамыз. Бірақ біздің көздегеніміз – байлардың автономиясы емес, елді кедейге билететін автономия алмақпыз. Алашорданың басындағы бұрын патшаға қызмет қылған төрелер, ақсүйектер, ескі оқығандар болатын. Олар саясат білмеді, төңкерістің бағытын болжай алмады, олар адасты. Адасқандығын кейбіреулері жаңа білді, енді бізге қосылып жатқандары да бар. Ахмет Байтұрсынұвты естулеріңіз бар шығар?

А қ с а қ а л д а р (*басын көтеріп*). Бар. О кісі қайда?

О қ ы ғ а н. О кісі қазақтың автономиясын алуға Мәскеу барды.

А қ с а қ а л д а р. Әй, жарықтық-ай!

О қ ы ғ а н. О кісі қазаққа пайдалы өкімет осы, балшабек өкіметі деп кеңес жұмысына араласты.

Ү л к е н д е р (*таңдана*). Сүйтті ме?

О қ ы ғ а н. Балшабек жолы казакка зиянды болса, Ахмет оларға қосылмас еді.

І-а қ с а қ а л. Өй, балам, тоқтай тұр! Әлгі байдың малын тартып алатын, екі еркекке бір қатын әперетін, намаз оқытпайтын, құдайды білмейтін, мешітке ат қамайтын балшабайың осы ма, басқа ма?

О қ ы ғ а н (*аз кідіріп, маңдайын, бет аузын сипап*). Ақсақал, оның бәрі бекер, өсек сөз, бұл ақтардың елге жайып жүрген лақабы.

І-а қ с а қ а л. Е, біз қайдан білейік? Қойнындағы қатынына ие қылмаса, оның казакка не пайдасы бар? Балшабайыңның оқығанын әлі көзіміз көрген жоқ; жалғыз-жарым келгені қырып жібере жаздайды.

О қ ы ғ а н. Елге қатан тиетіндері де бар шығар, жоқ деп айта алмаймын. Көптің ішінен не шықпайды? Аласапыран төңкеріс заманы, мұндайда лай судан балық аулайтындар да боялып балшабек болып жүр. Оның бәрін бір күнде екшеп алып тастауға қол тимей жатыр. Ондай жолсыздық істейтін жергілікті балшабектер, тәртіпті қызыл әскер елге зәбірін тигізбейді.

А қ с а қ а л. Қайдан білейік? Бірінен-бірі өтеді, бізге сары орыстың бәрі орыс. Тәртіптісінің қайда жүргенін қайдан білейік? Бізге келгені әйтеуір қырып кете жаздайды. Әне, келіп қалды, міне келіп қалды! – деп, бір аяқ асымызды жөнділікпен ішуден қалдық...

О қ ы ғ а н. Бұл дәуір – төңкеріс, алай-түлей дәуір. Бұл дәуір өтеді, бұ қалыппен тұрмайды. Елге тәртіп, тыныштық орнайды. Оған дейін қырғын-сүргіннен құтыла алмайсыздар. Сол тыныштық заманға тезірек жетуге қамқылу керек. Бүгінге шейін елдің мал-мүлкі талауда, адамы атылуда келе жатыр. Қазак не онда, не мұнда жоқ, қосақ арасында бос кетіп отыр. Қайткенде шығыннан толас боласыздар? Мал-жанға қайтсеңіздер ие боласыз? Басымызға келіп тұрған үлкен мәселе, зор ауыртпалық осы. Апаттан аздап болса да аман қалуға қандай лаж бар? Қауым бұған не айтасыздар?

О т ы р ғ а н ж ұ р т (*біріне-бірі қарап*). Не айтайық? Біз не білеміз?

О қ ы ғ а н (*даусын. көтеріп*). Ал, әлеумет! Алғанын ала берсін, қалғаны қалар деп, үйді-үйлеріңізде тыныш отыра бересіздер ме? Жоқ, сендер де жан екенінді, ел екенінді білдіріп, тіршілік қылып, қызыл қарын сар баланың қамын етесіздер ме? Қарап отырып өлесіздер ғой? (*Жұртта үн жоқ, төмен қарап жер шұқи береді*). Үлкен, кіші, кәрі, жас – түгел отырсыздар. Қәне, не айтасыздар? Қырыла, талана берген жақсы ма? Аман қалған жақсы ма?

Б и (*төмен қарап отырып*). Әрине, аман қалған жақсы.

Т а й б е к б а й. Бізге не қыл дейсіз? Тағы мал бер дейсіз бе? Не қыл дейсіз?

О қ ы ғ а н. Мен мал сұрағалы келгем жоқ. Ел болып ұйымдассаңыздар, жан сауға қылатын амал бар.

Б і р к е д е й. Айтыңыз, қандай амал бар?

О қ ы ғ а н. Әтірет болуға жігіт беріңіздер, біз қару-жарак берейік, сүйтіп ел өзін-өзі қорғасын.

А қ с а қ а л д а р (*сандарын соғып*). Ойт деген!

Б а й л а р. Деген-ай!

О қ ы ғ а н. Неге шошыдыңыздар? Солдат болып жүрген де өздеріндей кісі. Қазақтың қару ұстағаны осы ма? Кеше Алашорданың әскеріне де ел жігіт бермен пе еді?

І-а қ с а қ а л (*жастарды нұсқап*). Мына боз балалар боламыз десе болсын. Бірақ... әй білмеймін. (*Басын шайқайды*).

О қ ы ғ а н. Кәне, жастар сөз сендерге қалды. Не айтасындар?

Жастар біріне-бірі қарайды, үндемейді. Тек Әбіш пен Ораздың екі көзі оқыған азаматты тесіп барады; қипақтап сөйлей алмай отыр.

О қ ы ғ а н. Әтіретке жазылам дейтін ер жүректі жігіттер жоқ па? Қазақ бір заманда жауынгер жұрт емес пе еді? Қанында ерлік бар емес пе еді? Неден мұнша ұнжырғаларың түсті? Үйде отырғанда аман қалатындарыңды қайдан білдіңдер? Талай адам тегіннен өліп кетіп жатқан жоқ па? Қолдарына қару алсаңдар, тым болмаса, армансыз өлесіңдер ғой! Кәне, кім жазылады?

І-а қ с а қ а л. Бозбалалар, неге үндемейсіңдер? Жазылсандаршы, біз болсақ картайдық. Мылтық алып жа-

умен соғыспақ тұрсын, таяғымызға сүйеніп, орнымыздан әрен тұрамыз. Жұмысқа төселген қарулы жігіттер, жазылыңдар.

1-б а й. Е, қаруы бар жігіттер жазылсын дені сау болса, баламызға жазыл деп айтар едік, басының сақинасы бар.

2-б а й. Жазыл дегенмен бала тілді ала ма? Осы күні бала түгіл қатынға қатты сөйлеуден қалып барамыз.

1-а қ с а қ а л. Иә, камалып отыра бермей, жазылыңдар түге! Замандарың осылай болды, қайтесіңдер? Өз маңдайыңнан көр. Біздің тұсымызда мұндай апатты көргеміз жоқ едік. Басыңа күн туған соң, өлмес қамдарыңды қыл!

О қ ы ғ а н. Әлеумет, мен осынша қақсадым. Мен өз қамдарыңызға бола келіп отырмын. Жазылмасаңыздар амал жоқ, қайта береміз. Бірақ күн бүтінгі, жыл биылғы емес, заман аумалы, төкпелі. Бастарыңа бұдан да ауыр күн тумасына кімнің көзі жетеді. Мұнша қорғалап, жан тәттілік қылғандарың жақсы ырым емес. Бұл ел болмайтын елдің мінезі. Түптеп келгенде, кім күшті, кім ұйымды, кім өжет болса, дүниеде сондай жұрттар ғана өмір сүреді. Қазақ сықылды қорқақ, берекесіз, әлсіз ел – ел болып жасай алмайды. Бұл табиғаттың заңы... Естеріңде болсын.

Ә б і ш *(қоңыр пенжсекті, кепе қалпақты, тышқан қара сұр жігіт ұшып түре келіп, үстел қасына келеді)*. Мен жазыламын. Бірге туғандай жолдасымды өлтірді, ағамды өлімші қып кетті, ауылымды талады, енді аянар жаным жоқ. *(Ақсақал, байларды көрсетіп)*. Мынау отырған өншен шонжарлар, бірі баласын бергісі келмей отыр. Байлар жазылмай-ақ қойсын. Көрермін малға ие болғанын! Балшабек кедейдің партиясы екен ғой? Ендеше кедейлер жазылу керек, біз өз өкіметіміз үшін соғысамыз! *(Артына қарап, қолын сермен)*. Кел, кедейлер, жазылыңдар! Артымызда дәулетіміз қалып бара жатқан жоқ, бәрібір, бір-ақ өлім. Қолға қару алсақ, елді де қорғаймыз, мынау отырған жуандардан теңдік те аламыз. Бізге атты кім береді? Жолдас, соны айтыңыз!

О қ ы ғ а н. Сендерге атты ел беру керек.

Ә б і ш. Ел бермесін, байлар берсін! Ел берсін десеңіз, мынау отырған байлар кедейлерге шығын қылып салады. Қолымызға мылтық беріңіз! Атты кімнен алуды өзіміз білеміз. Кәне жазыңыз мені!

О қ ы ғ а н. Аты-жөнің кім болады?

Ә б і ш. Әбіш Қошімет баласы.

О қ ы ғ а н *(жазып алады)*. Отыра бер, карағым! Тағы кім жазылады?

О р а з *(дембел, төрт бақ, жар қабақ қара жігіт түре келеді)*. Жалғыз атымды банды әкетті. Жаяу жүргенше, соғысып өлейін, жазыңыз!

О қ ы ғ а н. Аты-жөнің кім?

О р а з. Ораз Онбай баласы.

О қ ы ғ а н *(жазып алады)*. Тағы кім жазылады?

(Ешкім үндемейді).

Ә б і ш *(қасындағы жігіттерге)*. Неге бұғып отырсындар? Жазылындар, саламыз сайранды!

Қ ұ р м а ш *(16-17 жасар кедей баласы, түрегеліп)*. Мені де жазыңыз!

О қ ы ғ а н. Атың кім?

Қ ұ р м а ш. Құрмаш.

О қ ы ғ а н. Әкең аты?

Қ ұ р м а ш. Тезекбай.

О қ ы ғ а н *(жазып алады)*. Тағы кім жазылады?

Д о м б а й *(қазанышы қара малай)*. Мен.

О қ ы ғ а н. Атың кім?

Д о м б а й. Домбай.

О қ ы ғ а н. Кім баласы?

Д о м б а й. Түйебағар баласы.

О қ ы ғ а н *(жазып алады)*. Тағы кім?

К ө п ж а с а р *(қу жақ, шүңірек көз, сар шұбар жігіт, ұрыға біткен пішіні бар)*. Мені де жазыңыз.

О қ ы ғ а н. Атың кім болады?

К ө п ж а с а р. Көпжасар Майтабан баласы.

О қ ы ғ а н *(жазып алады)*. Тағы кім жазылады? *(Дыбыс жоқ)*. Жазылатындарың жоқ па? *(Дыбыс жоқ)*.

Ә б і ш. Еті тірі кедейлер жазылды. Елге тұлға болатын, жаны аяулы мырзалар жазылар дейсіз бе?

О қ ы ғ а н. Енді жазылатын кісі жоқ па? Қапы калып жүрмеңіздер! *(Жігіттер біріне-бірі қарасып, үндемейді)*. Жоқ болса, енді мәжілісті жабуға тура келеді. *(«Жоқ, жоқ» деген*

дауыс шығады). Ендеше болыс, сіз мынау жазылған бес жігітке бес байдан бес жақсы ат әперіп, ертең кешке қалаға жеткізесіз.

Б о л ы с. Құп болады. *(Кеудесін қағады).*

О қ ы ғ а н. Мәжіліс жабылды. Жазылған жігіттерден басқаларыңыз тарауға рұқсат. *(Жұрт орнынан тұра, төпырлай жөнеледі. Оқыған, болыс, мелісенер, бес жігіт үйге кіреді).*

Шымылдық 5 минут шамалы түсіріліп, қайта ашылады. Сахна аз өзгереді, Манағыдан гөрі кедейлеу үйдің есігі, үстел, орындық жоқ. Босағада шылапшын, құман, түйенің жабуы тәрізді нәрселер жатса да жарайды.

Үшінші көрініс

Шымылдық ашылғанда сахнада төрт кісі тұрады:

О р а з – милиционер, мылтықты.

Б а й б е к б а й – қамшылы.

Қ о р д а б а й – кедей, ауыл жігіті.

Қ а с е н – орташа, о да ауыл жігіті.

Б а й б е к *(ашуланып, қолын сермен, тепсіне сөйледі).* Менен басқа бай құрып қаппа? Өзгелерден неге мінбейсің?

О р а з *(саеспай, жай сөйлейді).* Кезегі келгенде олардан да мініледі.

Б а й б е к. Табандатқан он бес күн міндің ғой? Енді өлтіресің ғой?

О р а з. Отағасы, сіз атты айтасыз, біз жанымызды неғып қиып жүрміз? Менің жолдасым Әбіш ақтарға қолға түсіп қалыпты деп естідім. Ол кім үшін түскенін білесіз бе?

Б а й б е к. Кім үшін түсіпті?

О р а з *(нығызданып).* Сендер үшін түсіп отыр.

Б а й б е к. Мені сақтамай-ақ қойсын.

О р а з. Сені емес, елді қорғап жүр. Сен ел емеспісің? Әбіш хабар бермесе, энеугі банды бар жылкынды айдап кетер еді, онда не қылар едің?

Б а й б е к (*атқа бір қарайды да*). Сөзді қойып, атымды бер!

О р а з (*теріс қарап*). Мен жаяу жүре алмаймын.

Б а й б е к (*бажылдап*). Ана Мұса байлардан, Жақыптардан неге мінбейсің. Олардың жылқысы сенің шекене тар кеп тұрма?

О р а з. Олардан мінбеймін.

Б а й б е к. Неге мінбейсің?

О р а з. Олар сендей кедейдің қызыл бұзауынан байыған жоқ. Сен жайшылықта үйіңнен кісіге бір тостаған саумал бересің бе?

Б а й б е к (*қаттырақ ашуланады*). Өзің маған бола мелісе болып па ең? Не сөйлеп тұрсың? Малды саған бола жиып жүр екеміз ғой. Қой, бала, қалжыңдама! Атымды бер!

Қ а с е н. Ораз, үлкен кісімен ерегісіп қайтесің, саған ат табылмай ма?

О р а з. Маған беретін атың бар ма?

Қ а с е н. Қайдан атым болады? Елдегі бай мен бе екем? Бір айғырдың үйірін кімге жеткізейін?

Қ о р д а б а й. Маған салсаң берме атын? Ана жылы бір жарым бұт тарысына екі тайыншамды қуып алған. Мұның кедейге мұсылманшылығы жоқ адам, берме атын?

Б а й б е к (*адырайып Қордабайға қарай қалады*). Үйбай, шірік құлау! Сенің мұнда не жұмысың бар? Пысық болсаң қашып кеткен қатыныңды тауып ал!

Қ о р д а б а й. Маған қатын не керек? Қатын табылмай ма? Балшабайым келсе сенің тоқалың менікі.

Б а й б е к. Ондай өнер саған қайдан пайда болды? Мұрнына иісі келмес.

Ораз мырс етіп күледі.

Қ о р д а б а й. Келе ме, келмей ме, кезінде көрерміз.

Б а й б е к. Саған сөз қалған жоқ, қыстырылма! (*Оразға*). Шырағым, тәлкегің жетті, ақын болмаса атымды бер.

О р а з. Өзің шын айтып тұрмысың, бермеймін.

Б а й б е к. (*омыраулап*). Қалай бермейсің, менде не өтесің бар еді?

О р а з. Омыраулама! *(Мылтығын оқтанып)*. Қалай аласың?

Б а й б е к *(мылтыққа жармасып)*. Әй, өзің кісі өлтірейін деп пе ең?

Қ а с е н *(араға түсіп)*. Қойындар, қойындар!

О р а з *(теріс айналып, мылтығының құлағын сартылдатып)*. Атшы, кәне, құдай екенсің!

Төртінші көрініс

Б і р ж і г і т *(жүгіріп келіп)*. Ойбай, банды келіп қалды!

Қ а с е н. Ойбай, ат кайда? Ат, ат! *(Тұра жүгіреді)*.

Б а й б е к *(Оразға)*. Бәлем, бересің бе? Дереу мен сені бандыға ұстап берем. *(Тұра ұмтылады)*.

О р а з *(Қордабайға)*. Сенде ат бар ма? Мынаны кайттік?

Қ о р д а б а й. Менің қолау байталым тұр.

О р а з. Мен соған мінейін, шакыр ана төбетті!

Қ о р д а б а й *(айқайлап)*. Әй, әй бай – төбет! Ала бер атыңды!

О р а з *(мылтығын Қордабайға беріп)*. Мынаның көзін жытыр! Мен бандыға кеттім. *(Жөнеледі)*.

Қ о р д а б а й. Әй, құтырдың ба?

О р а з *(кетіп бара жатып)*. Үндеме бір іс қыламын!

Қ о р д а б а й. Мынау жынды ма?

Б а й б е к *(келеді)*. Анау кайда кетті?

Қ о р а б а й. Жұмысы бар білем.

Б а й б е к. Ер тоқымын кайтеді екен?

Қ о р д а б а й. Сыпырып таста. *(Байбек жүгіріп кетеді)*. Бұ мылтықты кайда тықтым? Әлгі құтырған шығар... Тезектің астына тықсам ба екен? Уа, таптым. *(Тұра жүгіреді)*.

Шымылдық 3-4 минут түсіріліп, қайта ашылады.

Бесінші көрініс

Есік алдына екі әпесер аяндап келеді. Қастарында Ораз.

О р а з. Өтірік айтсам, құдай біледі онбайын!

К а з а к-о р ы с ә п е с е р. Қызылдар атымды алды ғой?
Тағы не істеді?

О р а з. Әкемді өлтіріп кетті, ауылымды шауып кетті, өлімші
кып сабады.

К а з а к-о р ы с (*басын шайқап, көзіне қадала қарап*). Иттің
баласы сен бізді алдап тұрсың. Шыныңды айт, алаяқ!

О р а з. Құдайға расы, азырақ атқа мінетінім бар еді.

К а з а к-о р ы с. Немене, немене?

О р а з. Азырақ ұрлық кылушы едім.

К а з а к-о р ы с. Ә, ұрымысын?

О р а з. Оның мәнісі бар еді. Болыстың бір жақын адамының
малын ұрлап, мені ұстаймыз дегенін есітіп, қашып шығып едім.
Сіздерге еріп жаным қалмаса, ел ішіне сия алатын емеспін. Не
кыл дегендеріңізді қандай жақсы білемін. Қызылдардың қайда
жүргенін де біліп беремін.

2-ә п е с е р. Не дейді?

К а з а к-о р ы с. Ұрлық кылып қашып жүр едім дейді.

2-ә п е с е р. Ендеше, тіпті жақсы!

Екі әпесер орысша сөйлессе де жарайды.

Не дейді? – Что он говорит?

– Украл лошадь... и крывается.

– Тогда совсем хорошо!

– Примем что ли?

– Примем. Он будет хороший разведчик.

К а з а к-о р ы с. Аламыз ба?

2-ә п е с е р. Алу керек. Бұл жақсы шолғыншы болады.

К а з а к-о р ы с. Жарайды, біз сені кісі кылып алайық. Но,
смотри, алдап жүрме? Онда басың бір-ақ шабылады.

О р а з. Құдай сақтасын! Сіздерді алдап басым екеу дейсіз
бе?

К а з а к-о р ы с. Біз азырақ дем аламыз. Бізге қой сойғызып,
тамақ даярлат!

Орыстар үйге кіреді. Мылтықтарын ішкі босағаға сүйеп қояды. Есік ашық тұрады. Ораз қой союға кетеді.

Алтыншы көрініс

Бірінің артынан бірі бандының екі салдаты кіреді.

1-с а л д а т (*иығында мылтығы, жанында қылыш, қолында кішірек кілем*). Осыдан басқа жақсы нәрсе таба алмадым. Бәрін тығып қойыпты.

2-с а л д а т (*О да қару-жарақты, қолында білезік сақина*) Мынау біздің қатынға қандай тарту! Мұнда қанша алтын-күміс бар?

1-с а л д а т. Сен мұны қайдан таптың?

2-с а л д а т. Найзамен бір сандықтың аузына сұғып, көтеріп қалып едім, ішінен сау ете түсті.

1-с а л д а т. Мен де ашын едім, мұндай нәрсе табылмады, жіп пе, арқан ба? Шорт-мазарат... Сен қатын көрдің бе?

2-с а л д а т. Екі кемпір көрдім. Одан басқа әйел жоқ. Қашып кетті-ау бұлар.

Жетінші көрініс

Тағы бір салдат келеді.

3-с а л д а т (*қолында құран*). Не сөйлесіп тұрсындар?

1-с а л д а т. Сен қатын таптың ба?

3-с а л д а т. Таптым.

1-2 с а л д а т. Рас па?

3-с а л д а т. Құдай біледі таптым?

1-с а л д а т. Мынауың не? (*Кітапты түртеді*).

3-с а л д а т. Бұл құран. Бір кемпірден жылатып тартып алдым.

1-с а л д а т. Мұны қайтесін?

3-с а л д а т. Шылым қып тартамын.

1-2-с а л д а т. Қатынды қайдан таптың?

3-с а л д а т. Не деген айлагер. Тезектің астына тығылып жатыр екен.

1-2-с а л д а т. Жас па?

3-с а л д а т. Жас.

1-2-с а л д а т. Жаксы ма?

3-с а л д а т. Жарайтын қатын.

1-с а л д а т. Әйда, жүр, бізге көрсет!

Сегізінші көрініс

Ораз келеді.

1-с а л д а т. Сен бізге кісі болдың ба?

О р а з (*қолындағы нәрселеріне қарап*). Болдым.

1-с а л д а т. Сен мына нәрселерді карап тұрасың.

О р а з (*кілемді нұсқап*). Мұның не керегі бар?

1-с а л д а т. Атка тоқым болады.

О р а з (*кітапқа қарап*). Мынау не?

3-с а л д а т. Бұл шылым қылуға...

О р а з (*құранды ашып көріп, басын шайқап*). Обал емес пе?

3-с а л д а т. Какой шорт обал? Пажалыста, сен бізге үйретпе!
(*Ораз үндемейді*)..

1-с а л д а т. Мыналарды байкай тұр. Біз анда барып келеміз..
(*Жүре бастайды*).

О р а з. Қайда барасыңдар?

1-с а л д а т. Маржа, маржа...

О р а з (*үндемейді. Олар ұзаган соң қабағын шытынады, тістенеді, күрсінеді*). Әй, корлык-ай! Ақ некелі әйел сүндетсіздерге рәсуа болды-ау!.. Жарықтық құран дәретсіз қолға түсті-ау! Шошқа етін жейтін арам ауызда шылым болып тартылды-ау!.. Таланып жатқан мүлікті не қылайын?!.. Япыр-ай! Бұл қалай болды?!.. Арамдалмаған, аякка басылмаған не қалды? Мынаны көре тұра, дәтін қалай шыдар? Жүрегін қайтып байыз табар? Бірақ кішкене шыдау керек: жалғыз менін қолымнан не келеді? Қой, әзір сыр білдірмейін! Бір есебі табылар... (*Сазарып, қабағы түсіп бір-екі минуттай тұрады*).

Әйел даусы (алыстан). Ойбай-ай! Жасаған-ай!.. Құдай-ай, мені неге алмадың?! (Деп біресе шырылдап, біресе аузы басылып, тұншыққан дауыс естіледі).

О р а з (елең етіп, құлақ қояды). Ой, адамның күйка тамырын шымырлатты ғой!..

Д а у ы с. О р а з-ау!.. Ағажан-ау!.. Өлтірді-ау!.. Келсейші!..

О р а з (бет-аузы тыржыып, тісі ырсыып, құшырланып, малға шабатын қасқырша, құнтыып, оңтайланады). Қайтсем екен?.. Қайтсем екен?.. Қарындасым, бауырым! Жан даусың өңменімнен өтті-ау! Не бар енді?.. Қой, не де болса көрейін!.. (Түсін бұзып, қалтыраған буынын бекітіп, жайымен үйге кіреді. Әпесерлер ұйықтап жатыр. Ораз босағада сүйеулі тұрған мылтықты алып, әр жерін көреді, құлағын қайырады. Сол кезде).

К а з а к-о р ы с ә п е с е р (басын көтеріп алып). Алма мылтықты! (Деп ақырды).

О р а з. Алса несі бар? (Деп мылтықты атуға оңтайлап, ұстай бастайды).

К а з а к-о р ы с. Таста мылтықты! Атылып кетеді! (Деп көтеріле бергенде, Ораз басып салады. Казак-орыс құлайды. Қалған біреу шошып оянып: што-што! деп тұрып жызылып, қалбалақтап жүргенде Ораз тағы атады. О да өкіре барып жер құшады. Ораз дереу үйден шығады да, алақтап қарайды. Қараса салдаттар шауып келе жатыр. Аттың дүбірі естіледі. Ораз үйге кіріп, босағада тұра қалып, екі-үш рет басып жібереді. Алыстан өкіріп жызылған адамдардың даусы естіледі. Ораз босағадан сығалап тұрады да, атып тысқа шығады). Атын ұста! Атын ұста! (Деп тұра ұмтылады)

Шымылдык төрт минуттай жабылып, қайта ашылады. Сахна, бұрынғы есік алды. Жерде өлтірілген төрт банды қатар сұлап жатыр.

Тоғызыншы көрініс

ОРАЗ бен ӘБІШ

Екеуінің де қолында мылтық.

Ә б і ш *(қалтағы шекеде, екі езуі құлағында, қолды сермен, Оразды иыққа бір қағып сөйлейді)*. Не дегенмен жарадың, сабазым! Сертімізге жеттік, кегімізді алдық. Әлгі біреуі құтылмағанда, тіпті онды болатын еді. Атын жаман болды ма? Не ғып жете алмадың?

О р а з. Ұзап кетті, жалғыз өзім олай жүгіремін, бұлай жүгіремін. Ат ұстасуға біреуі шықсашы. Мылтық даусы шыққан соң, жым-жылас бәрі де ініне тығылып кетіпті.

Ә б і ш. Нысанаға ілінсе, бірдеме қылсаң керек еді, ілінбеді ме?

О р а з. Ілінбеді. Екі шақырымға таяу ұзап кетті. Ат үстінен атқан болдым. Не керек? Ал енді өзіндікін айтшы! Қалай құтылдың?

Ә б і ш *(күлімсіреп, қолын сермен)*. Қапысын тапқан соң, құтылмай тұра ма? Қазақ ауылына келсе қойға шапқан қасқырдай есі шығып, ұмтылатын бұл иттердің әдеті емес пе? Бәрі жабырласып, үйді-үйге кезіп, жасау іздеп жүргенде, жаушы-жалам бір атқа міне сала, өзекті өрлей жытқаным ғой. Қуып берді. Батырлатып атып келеді. Зәрем зәр түбіне кетті. Апақ-сапақ мезгіл еді. Ылдиға түскен соң көз жаздырып кеттім. Со күні түнімен жүріп, сұрастырып отырып өзіміздің кісілерді тауып алдым. Әтіретті алып, іле кудық. Ертеңінде қас қарая Қара шығанакқа жаңа келіп, кірген жерде келіп басқанымыз ғой.

О р а з. Атысты ма? Қанша кісі екен?

Ә б і ш. Атыса алмады, есі шығып кетті. Он бес шақты кісі еді. Бес арба азық-түлігі, қару-жарағымен қолға түсті. Бізді көп екен деп ойлап қалса керек, үйткені қаланы қамап алып тұс-тұстан оқтың астына ала бастап едік.

О р а з. Өзің таяқ жеген жоқсың ба?

Ә б і ш. Қолға түскенде ме?

О р а з. Иә.

Ә б і ш. Жегенде кандай! Бұл иттер қыл бұрауды шекеден салады екен. Бас сүйегім сынып кетер ме екен деп едім. Сүмбе мен жалаң аяқ табанға дүре сокканы-ақ жанды көзге көрсетті-ау!

О р а з. Қолға түскенде мылтықсыз ба едің?

Ә б і ш. Мылтықты апам аулына тығып, киімді өзгертіп, тыңшы боп барған кісі емеспін бе?

О р а з. О жерің ақыл болған екен!

Ә б і ш. Мылтығым болса сөзге келе ме? Бірақ қалбитады ғой. *(Оң жақты қолымен нұсқап)*. Әне, шықты!

О р а з. Алдынан шығамыз ба? Күтеміз бе?

Ә б і ш *(далаға қарап тұрып)*. Таянсын, таяныңқырасын... Мұндағы көпті олар білген жоқ қой. Сені мен бір мақтап берейін!

О р а з. Мақтайтын онша не бар? Сәті боп кеткен бір жұмыс қой! Жан күйген соң тәуекелге бел байлағандық та.

Ә б і ш. Сүйтсе де мынауың көзсіз ерлік қой!

О р а з. Сен болсаң қайтер ең?

Ә б і ш. Ретіне қарай көрер ек: Болмадым, не керек!

Оныншы көрініс

Қ о р д а б а й. *(ентігіп, жүгіріп келеді)*. Ана көрінген солар ғой?

Ә б і ш. Солар, солар...

Қ о р а д б а й. Біз қайтеміз?

Ә б і ш. Даяр болдыңдар ма?

Қ о р д а б а й. Даяр, даяр... Жалғыз-ақ қызыл шүберегі түскір табылмай жатыр.

Ә б і ш. Қатындардың дамбалы болса да табыңдар!

Қ о р д а б а й. Құрғырлардың қай жөнді ыстаны бар дейсің?

Ә б і ш. Не де болса табыңдар!

Қ о р д а б а й. Шыға береміз бе? Тосамыз ба?

Ә б і ш. Таяна бергенде сендер де осы жерге келесіндер... Уай, әлі ауыл атынан кім сөйлейді?

Қ о р д а б а й. Сөйлей алад деймісің? Өздерің бірдеме демесең, үрейі ұшып жүр...

Ә б і ш. Сен өзін сөйле!

Қ о р д а б а й. Қой, ойбай! Түк білмеймін, не сөйлейін?

Ә б і ш. Болмайды... сөйлейсің? Аузыңа құдай нені салса, соны айт?

Қ о р д а б а й. Міне, қызық!.. Таянып қалды ғой, мен енді әкеле берейін.

Ә б і ш. Бар жылдам! *(Қорабай жүгіре жөнеледі. Сауылдан дүрс-дүрс еткен аяқтың тықыры, марш күйін гулеткен дуқабай оркестрдің даусы таянып келе жатқандай естіледі, таянған сайын, Әбіш пен Ораз елең қағып дамылсызданып, қару-жаразын, белбеуін түзеп, үйдің екі жағына кезек шығып қояды, жатқан өліктерге қарасып, ауыл жаққа қолдарын былғасып қояды).*

Он бірінші көрініс

Қызыл жалау. Марш күйін екілендіре тартып, алдымен қызыл жалау көрінеді, оның артынан оркестр адамдары шығады, оркестр тынады.

К о м а н д и р. *(Қызыл әтіретті бастап «раз, раз, раз» деп командир келеді), Рәді строй! (Деп команды береді, сап тізілді). Стой!*

Ауыл адамдары. Қордабай бағанға байлаған қызыл шүберегі бар, үш-төрт еркек, екі кемпір, төрт-бес бала-шағаны ертіп, сол жақтан келіп кіреді. Кемпірлердің қолында аяққа, табакқа салған бауырсағы, тұзы болады.

Ә б і ш *(Командирдің қасына келіп, честь беріп).* Камандір жолдас, хабар естіруге рұқсат сұраймын.

К о м а н д и р. Сөйленіз!

Ә б і ш. Жолдастар! Қызыл әтіретке жазылып, қызмет істеп жүрген мынау тұрған Ораз дейтін жолдасымыз бүгін осы ауылда бандының екі әпесер, екі салдатын өлтіріпті. Өлген бандылар міне жатыр *(деп беті жабулы кісілерді ашады).*

(Бәрі мойнын созып қарайды).

К о м а н д и р. Жолдастар, біздің төңкеріс жауларымызды өлтіріп, кеңес үкіметіне жанын қиған Ораз жолдасқа қызыл әскер атынан алғыс айтамын. Мұндай ердің еңбегін кеңес үкіметі бағалайды. Атын қызыл тақтайға жазады, мақтау береді деп сенемін. Жасасын жауынгер қызыл әскер! Жасасын төңкеріс ері Ораз жолдас! Ура!

О т р я д. Ура! Ура! Ура!

Оркестр қошемет шолақ күйін тартады.

Қ о р д а б а й (*жалауын Қасенге ұстатып, алдына таман шығады*). Қызылдар, жолдастар, кедейді, нашарды жақтайды дегенге біз қатты қуанып, сіздерді құрметтеп, алдарыңызға нанымызды, тұзымызды әкеп тұрмыз. Нан мен тұздан қадірлі тамақ жоқ, сіздерге тілеулестігіміздің белгісі осы. Қадамдарыңыз құтты болсын! Елге береке, тыныштық орнап, кедейдің көз жасын иіп, өмірлі баянды болыңдар!

К о м а н д и р. Жолдастар, біздің жауынгер қызыл әскер зор Октябрь төңкерісінің жемісін еңбекші елге жегізуге, ішкі, тысқы жауымен алысып, күн санап жеңіп келеді. Қызыл әскер тұрғанда, кеңес өкіметін ешбір жау ала алмайды. Езілген еңбекші елді, жалшыларды теңдікке жеткізуге, тегістік тұрмысын орнатуға жанымызды құрбан етеміз. Бұл жолда талайымыз өлерміз, қырылармыз, бірақ біздің еңбегіміз өлмейді, біздің атымыз адам баласының тарихында алтын жазумен жазылып, мәңгі қалады. Кәмунес партиясы бастаған кеңес өкіметі – дүние жүзінде болмаған өкімет, бұл бар адам баласын сәулетті, бақытты тұрмысқа жеткізуге көш бастаған өкімет. Ұлтың, қаның, дінің, тілің басқа деп, жұрт біткенді алақұла көрмейтін, кім қорлықта, зорлықта жүрсе, соның мұңын тыңдайтын, соның тілегін орындайтын өкімет. Бұрынғы мал есебінде жүрген ұлттардың бәріне өз алдына жұрт болуға, өз тілі мен білім-өнер үйренуге, өзін-өзі билеп қатарға кіруге кеңес үкіметі ерік беріп отыр. Қазақ өз алдына ел болды, республикесі жарияланды.

Енді қазақ кедейлері күндерін туды, заман сендердікі, оқы, талпын, талаптан, ұйымдас, еңбегінді, есенді байға, жуанға жегізбе! Біз сендерлік, қорғалама, қорықпа! Қазақ кедейлерінің қызылдарға тілектестігін білдіріп, нан, тұзын алып шыққанын

біз де қуанышпен қарсы аламыз, нан, тұзды ақтаймыз деп серт береміз. Сіздермен бірлескеніміздің белгісіне қызыл жалауды тәжім еткіземіз. *(Жалау еңкейеді, ауыл да жалауын еңкейтеді).* Жасасын камунес партиясы! Жасасын кеңес өкіметі!

Жасасын оның қызыл әскері! Жасасын қазақ аптанамиясы!
(Оркестр интернационал күйін тартады).

Шымылдық

Ескерту. Бұл пьеса азамат соғысы кезінде ел ішінде болған оқиғадан алынып жазылды. Оқиға 20-жылдың жазында Елек уезінде болған. Сахнада киіз үйдің алды көрінсе жарар еді, табылмаса амал жоқ.

Жиылыстарда адамдар саны 20 шақты болып, көбі сахнаның артында көрінбей отырған сықылды отырғызылсын. Сахнаның жарымына жақыны бос тұрса да жарайды, оны сахнаның көлеміне қарай көру керек.

Ел қазақтарының киімі, сақал, мұрты, қолдарында таяғы, қамшылары өздерінікіндей болғаны жөн.

Бұл пьеса елде ойналса, әйтпесе қалалы жерде сахна қолайлы болса, бандылар, Ораздар, бай-бектер атымен көрінгені дұрыс болар еді. Әсіресе, Байбек пен Ораздың атқа таласқан жерінде, бандылардың дүрсілдетіп шапқан жерлерінде ат болғаны артық.

Қызыл әтіреттің алдынан нан, тұз алып шығатын ауыл адамдары кедейлер, орта шаруалар болғаны лайық. Пьеса ойналарда, шымылдық үш қайтара жабылып, аз кідіріп қайта ашылатындығын, шымылдық түскенде шығып, тұрып кетпеуін ескертіп қою керек.

Оркестр мен қызыл әтірет адамдарының саны сахнаның ыңғайына, ойнаушылардың табылуына қарай болар.

Сахна. Орта кезде, әнтек оңға таман есік көрініп тұрсын, екі жақ ашық дала, алыстан көгерген аспан көрінсін, есік алдында оң босағада бір кішірек үстел, бір-екі орындық тұрсын.

Есік алдында ел қазақтары аулағырақ шегініп отырсын, көпшілігі сол жақта болсын, оң жақ ашығырақ тұрсын. Алдыңғы ретте келбетті екі зор ақсақал, оларға таяу жақсы киімді, жуан қарынды үш бай, оған тете орташа киімді би, ауылнай сықылдылар орын алысын. Төменгі жақта жаман тымақты, жалба киімді кедейлер, орыс, қазақ киімін араластыра киген мұғалімдер, жастар, жай жігіттер отырсын. Ақсақалдар жақ, есікке таяу отырғандар тамақ жейтіндей қатарланып, алқа қотан сала отырса да, төменгі жақтағылар ұйлығып, үйме-жүйме отырғаны жөн. Төменгі жақтағылар бастары еңкейіп, кейбіреулері күбірлеп, сөйлесіп, кейбіреулері насыбай атысып, жөтеліп, түкірініп отырғанда, ақсақалдар сақалдарын сипап, шалқайып, маңызданып отырғаны жөн. Кейбіреулер төмен қарап, кейбіреулер ақсақал, байлардың аузына қарап, сөз тыңдағаны жөн.

Жазушы

ШЕРНИЯЗ

Шернияздың шері бар,
Шерлі қалған елі бар,
Көзінде канды селі бар,
Аузында зарлы желі бар,
Ел ниязы – Шернияз.

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып күн болам.
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда, кім болам?! –

деп өрттей заулап келе жатқанда, ажал оғына тап болып, арманына жете алмай, жастай кеткен арқаның арқар жанды, асқар жүректі, аяулы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғырұлының аруағына арнаймын.

Кісілері

Ш е р н и я з – оқыған жігіт, жасы 26-да

Р а у ш а н – кырдың қызы, Шернияздың әуелгі қатыны,
жасы 17-де

Ж ә м и л а – оқыған қыз, Шернияздың екінші қатыны, жасы
21-де

Б а з а р б а й – оқыған жігіт, жасы 25-те

А л ш а ғ а р – кыр қазағы, Шернияздың ағасы, 40-та

К о р д а б а й – Раушанның әкесі, 60-та

Ж а ң ы л т а й – келіншек, 22-де

Р ә з и я – даяршы қатын, 25-те

І с а х н а

Алыста тау, етегінде ауыл, ауыл сырты бұталы бұлақ, жарык айлы жаздың түні.

ШЕРНИЯЗ бен БАЗАРБАЙ

Ш е р н и я з (*қамшылы қолымен көкті нұсқап*). Міне, жұмақ!

Б а з а р б а й (*артын ала бұлақты нұсқап*). Әне, бұлак!

Ш е р н и я з (*шапанын төсеп, отырып*).

Мынау қырдың қасында

Қала бір бейне тамұқ қой!

Б а з а р б а й (*отырып*).

Жазғы әуесі демесең,

Қалаға, жаным, не жетсін.

Ш е р н и я з. Ой, тәңірі-ай!

Орыс болған екенсің ғой.

Б а з а р б а й (*мырс етіп*).

Па, шіркін-ай!

Көрермін әлі.

Қаладан безгенінді.

Ш е р н и я з. Сен, сірә, елді

Сағынасың ба?

Б а з а р б а й. Сағынам.

Ш е р н и я з. Несін сағынасың?

Б а з а р б а й. Несін деймісін?

Таза әуесін,

Ет, қымызын сағынам.

Ш е р н и я з. Одан басқа?

Б а з а р б а й (*ойланып*).

Тағы несі бар еді? Уа, ха!

Қызын сағынам!

Ш е р н и я з. Міне, сенің тап орыс болғандығың,

Қазақтың кең сахара даласына,

Даланың судай тұнық ауасына,

Біз түгілі, келеді орыстар да,

Қызығып қымызы мен мол асына.

Б а з а р б а й. Ал енді өзің несін сағынасың?

Ш е р н и я з. *(омырауын ағытып, сыбанып, серіп)*. Мен бе?

Мынау тұрған көк күмбездей көк шатыр,

Жымындаған меруерттей көп жұлдыз,

Сар табақтай жарқыраған сұлу ай!

Анау жатқан ұлан байтақ кең дала,

Саңғыраған салауатты сандал тау.

Бұта сайын бұлбұл құсы сайраған,

Жұпар иіс жасыл гүлі жайнаған,

Осы отырған миуа талды сай бұлақ,

Осыларды қалай көрмей шыдарсын!

Б а з а р б а й. Сен бұ жерде ақындықты ақтадың,

Осылар ед менің-дағы айтпағым.

Ш е р н и я з *(Базарбайды түртіп)*. Әне, тыңда!

(Қой күзеткен баланың әні естіледі).

Қалай сыңғырлаған күміс, не болат!

Неткен таза, неткен тәтті, неткен жат!

Тау, сай, дала – бәрі үн қосып саңғырлайт!

Б а з а р б а й *(тыңдап)*.

Рас, мынау нағыз әнші бала екен. *(Тыңдасады)*.

Қала әншісі он есе артық болса да,

Мұның әні жағып кетті-ау құлаққа.

Ш е р н и я з *(тыңдап)*. Токта, токта! *(Тыңдайды, дауыс басылады)*.

Құлағыма майдай жағып барады,

Бойым балқып, жаным сая табады.

Б а з а р б а й. Орыстың қай ақыны еді,

Туған жерін жырлаған?

Ш е р н и я з *(әндетеді)*.

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,

Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.

Жастық алтын, қайтып келмес күнімде,

Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер!

Жаратылдың топырағыңнан сен түбім,

Жалғаны жоқ, бәрі сенде жан-тәнім.

Сенен басқа жерде маған караңғы,
Жарық болар, Шолпан, Айым – сен Күнім...
(Аяқ кезінде қаттырақ көтереді).
Б а з а р б а й (түртiп қалады).
Өй, ақырын!
Ш е р н и я з (шошып).
Не көрiндi, япырым!
Б а з а р б а й. Ауыл жақын, қатты айғайың естiлед.
Ш е р н и я з. Менен гөрi сен болдың-ау естiрек...
Ауыл деген естен шығып кетiптi...
Шiркiн, қырдың ән-күй, сауық-сайраны,
Еркiндiктi, ерлiктi еске салғаны!
Б а з а р б а й. Серке тартқан көкбарды мен ұнатам.
Ш е р н и я з. Күрес, жарыс, алтыбақан, ақ сүйек,
Соқыр теке, кара құлак, әйгөлек,
Айт пен тойда қыз қуатын қызығы.
Шылдахана, қынаменде – бiр бөлек.
Неше түрлi ойындарды iстеушi ек,
Қыз-бозбала отырысып дөңгелек.
Б а з а р б а й. Талай қызық сонда болады екен ғой:
Беттен сүю, қол жүгiрту не керек!
Қаладағы ноғай қыздарын әкеп,
Сол ойында ортаға алса не дер ед?
Ш е р н и я з. Ноғай қызы сүйiсуге тым құмар,
Сүймек тұрсын, ерiнiңдi жеп қояр.
Б а з а р б а й. Уай, сен байқадың ба?
Ш е р н и я з. Немененi?
Б а з а р б а й. Тәлiмсiген талай ноғай әйелi,
Театрда бiтiредi екен шаруаны.
Ш е р н и я з. Ондай жұмыс тұрмыстан туады ғой !
Не пәле ұялғаннан шығады ғой...
Неғұрлы бiр нәрсенi қымтай берсе,
Соғұрлы көңiлiң соған ауады ғой.
Қазақтың карап тұрсаң әдет-ғұрпын,
Мiнез жоқ адамыңда қылтың-қылтың.

Сүйсе де, жек көрсе де ашып айтад,

Боялып бұзбайды әйел мінез-кұлқын.

Б а з а р б а й. Сеніңше бар жақсының бәрі қырда,

Қалада қасиетті нәрсе жоқ па?

Ш е р н и я з. Қаланың театры, музыкасы,

Әйелдің көлгірсіген қылмыңдасы,

Көңіліме кейде менің мұң салады:

Бәрі алдау, бәрі сауда, кадам басы.

Б а з а р б а й. Қаланың музыкасы, бұраң белі,

Билесең бұраңдатып бұрар сені.

Қызбайтын сол думанға қандай жүрек?!

Қызықтың рол емес пе тұрар жері!

Ш е р н и я з. Сол айтқан қызығына бармас едім,

Көзімді бұраң белге салмас едім.

Соның бәрін қырдағы қара көздің,

Жаудырап бір қарасына алмас едім.

Б а з а р б а й. Пай, пай, пай! Сонша әулие қылатұғын,

Қыр қызының сонша артық несі бар еді? *(күледі)*.

Ш е р н и я з. Күлме. Көздің мәнісін сен білмейсің?!

Б а з а р б а й. Не ғып білейік?!

Ш е р н и я з. Білсең айтшы!

Б а з а р б а й. Жақсы көз беп-белгілі несін айтам?

Ш е р н и я з. Құр белгілі десең де,

Көз бағасын білмейсің?

Шіркін, бір қара көз болад:

Қарап қалса көзіңе –

Жұмақ лебі енеді.

Бойыңды бір бу жеңеді:

Тұңғиық терең сыры бар.

Бейне бір гауһар нұры бар...

Дәриға, сондай есіл көз,

Жаманға кез келеді.

Енді бірі бота көз,

Айнаны көр де, оны көр.

Бейне бір моншақ мөп-мөлдір,

Барлық ойы, жүрегі
Көзінде оның сайрап тұр.,
«Айналайын көзіңнен,
Жаутаңдаған!» дегізіп,
Жаныңды билеп, жайнап тұр.

Б а з а р б а й. Қиялға кеткен екенсің,
Қайырын берсін, шырағым!
Көздеріңді сорттай бер!

Өзіме бір-ақ көз жақсы.
Ш е р н и я з. Қандай көз?

Б а з а р б а й. Өзімді менің кім сүйсе,
Соның көзі жақсы көз.

Ш е р н и я з. Сүймейтін сенің қызың жоқ,
Бәрінің көзі жақсы ма?!

Б а з а р б а й. Әрине, жақсы.
Біз көзді мадақтап әуре болмаймыз,

Не де болса бір дене,
Таматын жағын ойлаймыз.

Ш е р н и я з. *(жантая кетіп)*. Рас, енді солайсың... *(Аз тым-тырыс)*.

Б а з а р б а й. Өй!
Ш е р н и я з. *(басын көтеріп алып)*. Немене?

Б а з а р б а й. Көзді мақтап отырмыз,
Әлгі өз қызың қайда жүр?

Ш е р н и я з. Ауыл жатқан жоқ шығар.
Б а з а р б а й. Осы қызды шын алғалы жүрсін бе?!

Ш е р н и я з. Несі бар?
Б а з а р б а й. Отызға келмей қатын алып не керек?..

Басты байлап... қызық көрмей жастықта.
Ш е р н и я з. Қызықты кезі жастықтың,

Жиырма бес, отыз арасы.
Бұл дәуірде жар құшпай,

Сағым қуған, сарпалдаң,
Бір әуре байғұстай.

Б а з а р б а й. Оның кате, меніңше үйленуге,

Әйелдің сырын оңдап білу керек,
Өмірден көп тәжірибе алу керек,
Еркін жүріп, жастықтың дәмін татып,
Сол сарпалдан өмірден кашу керек.
Бұзылсаң да жақсы әйел тауып аласың,
Жақсы әйел ерді жолға салу керек.
Ш е р н и я з. Тәжірибе жаман әдетке үйретеді,
Жаман әдет мінезді күйретеді.
Орта жасқа келгенде қайта жасап,
Қатын түзей алмайды күн өтеді.
Б а з а р б а й. Сенінше, бізге енді түзелу жоқ па?!
Ш е р н и я з. Түзелуге болаттай жігер керек,
Сенде ондай жігер бар деп айта алмаймын.
Сондықтан саған тиген әйелдің де,
Бағы жоқ, сорлы деуге тайсалмаймын.
Б а з а р б а й. Қой, шырағым!
Бізге тиген әйел не сорлы болсын!
Ш е р н и я з (*ауылды, нұсқап*). Өне, шықты бүркеніп!
Б а з а р б а й. Е, құдай берерсің!
Қыз ба, қатын ба?
Ш е р н и я з. Басы ағарад.
Бұл әлде Жанылтай ма?
Б а з а р б а й. Қыз келмесе, құрыдың,
Акын батыр!
Ш е р н и я з. Келер, келер...
Хабаршым келе жатыр.
Б а з а р б а й. (*мырс етіп*).
Хабаршы жіберетін ұлық-ау ол!
Ш е р н и я з. Ол ұлықтың ұлығы, әмірі мол.
Б а з а р б а й. Бәсе, бәсе!
Қатын болды.
Ш е р н и я з. Қарлығаштың келіншегі...
Бүлдіршіндей тым-ақ оңды!
Б а з а р б а й. Ендеше, мен айналдырып көрейін.
Ш е р н и я з. Ой, соққан-ай!

Босап кетті-ау көмейің!
Б а з а р б а й. Міне, қызық!..
Сен қызыңмен
Мыршымға белден батқанда.
Сүйіп-күшып екі ғашық
Маукын басып жатқанда,
Сүйек күткен иттен жаман,
Көзін сүзіп отырған жан
Нағыз бір құдай атқан да!
Ш е р н и я з *(күліп)*. Тауып айттың Базарбай!
(Жаңылтай келеді).
Амансың ба!
(Қолын ұстайды).
Неге мұнша кешіктің?
Ж а ң ы л т а й. Есенсіздер...
Қашан сонша кешіктім?
Б а з а р б а й *(қолын ұстайды)*. Сәлеметсіз.
Ж а ң ы л т а й. Үш-шүкір.
Ш е р н и я з. Немене? Ел жатты ма?
Шырт ұйқыға батты ма?
Ж а ң ы л т а й. Тіпті асығыс екенсіз.
Б а з а р б а й. Сіздер сабырлы екенсіз.
Ж а ң ы л т а й. «Асыққан жетпес;
Бұйырған кетпес».
Ш е р н и я з. Батыреке!
Малыңды соң жайла,
Келе ме? Раушан қайда?
Ж а ң ы л т а й. Басы ауырып жатыр.
Ш е р н и я з. Басы ауырса, басына бас қосылар,
Ж а ң ы л т а й. Сіздер де ырым етеді екенсіз,
Ш е р н и я з. Сендерден жұққаны ғой.
Б а з а р б а й. Менің де басым ауырыңқырап тұрғаны.
Маған кімнің басы қосылар екен?
Ш е р н и я з *(Жаңылтай екеуінің басын соғыстырып)*.
Міне саған қосатын бас бар екен!

Жаңылтай (*шегініп*). Қойшы, қалқам, ұят емес пе?

Шернияз. Жас кісіге ұяты жоқ.

Жаңылтай. «Кісі асына сабыр» деген.

Шернияз. «Піскен астың күйігі ауыр»,

Ауызға салған тәуір деген.

Жаңылтай. «Неткен оңай батпан күйрық!

Шернияз. Же! — деп келді ақтан бұйрық...

Бос қалжыңды тасталық,

Раушанды тез алып шық!

Жаңылтай. Пай, пай, Шекен!

Сабырыңыздың жоқтығы-ай!

Қалай шығад, ауыл тегіс ұйықтамай? (*Кетіп бара жатып*).

Асықпаңыз, келерміз көп тоқтамай. (*Кетеді*).

Шернияз. Міне, шырағым, қазақтың әйелі,

Мынау аспан қандай ашық болса,

Бұлардың жаны да сондай ашық.

Базарбай. Мынаны мен бір айналдырып көрейін.

Шернияз. Бастап бердім, өнерінді білейін...

Базарбай. Кәпірің сөзге сайрап тұр.

Сүріндіріп кетпесе.

Шернияз. Жігіттігің құрысын,

Соған айлаң жетпесе.

Базарбай. Әзілге шорқақ болушы ем.

Шернияз. Боз бала боп көріп пе ең?

Базарбай. Кісі арқылы тұрушы ем.

Шернияз. (*ауылға қарап*). Әне шықты өзі де.

Базарбай. Оны аулаққа тартайын,

Сен жәрдем қыл сөзіме.

Шернияз. Дұрыс. (*Аз күтіп тұрады. Жаңылтай, Раушан келеді*).

Сау жүрдің бе, сәулем! (*Қолын ұстайды*).

Раушан. (*сызылып*). Үш-шүкір.

Базарбай (*Раушанмен амандасып*). Сәлемет пе, құрбым!

Раушан. Үш-шүкір.

Б а з а р б а й (*аналарға қарап*). Бақытты болыңдар!

Ш е р н и я з. Айтқаның келсін!

Базарбай, жан досым сен,

Сүйген жарым бұл

Раушан, Раушанның досы Жаңылтай,

Бәрің менің қасымда!

Достық, бақыт, махаббат,

Бәрі қазір басымда.

Өмірдегі бұл менің

Бір бақытты минутым.

Кел, достарым достыққа,

Қолдарыңды беріндер.

Б а з а р б а й. (*қол ұстап*). Мен кияметтік досың!

Р а у ш а н (*қолын беріп*). Етегіңнен ұстасам,

Жолыңа құрбан бір басым.

Ж а ң ы л т а й (*қолын беріп*). Талайың қалқам ашылсын!

Ш е р н и я з. Жана көңілім жай тапты,

Екеу екеу болайық.

Екеуің арман барындар,

Жас адамға сол лайық.

Ж а ң ы л т а й. Бә-ә-лі!

Ш е р н и я з. Жаңылтай, сен Раушанды,

Жақсы көрсен бұл түнді,

Қызыкпен алғым кеп еді,

(*Жаңылтай Раушанға жалтақтайды*).

Б а з а р б а й. Иә, құрбым бұл жалған,

Екі айналып келмейді.

Р а у ш а н. Бара ғой енді, кайтушы ед!

Ш е р н и я з. Өзілден басқа не айтушы ед.

Ж а ң ы л т а й (*жымиып*). Мыналарың жат екен!

Б а з а р б а й. Бұл екеуін әдейі

Андуга келмесеңіз,

Былай таман барайық. (*Жетектейді*).

Ж а ң ы л т а й (*азырақ жүріп тоқтайды*).

Осы жерде-ақ тұрайық.

Б а з а р б а й. Олардың сөзі бұл жерден
Естіліп тұрады ғой.

Ж а ң ы л т а й. Бұл жерден де естілмес.

Б а з а р б а й. Кішкене былай баруға,
Қорқасыз ба, замандас?

Ж а ң ы л т а й. Ондай кісі қорқатын
Құбыжығыңыз бар ма еді?

Б а з а р б а й. Жай... әшейін...

Ж а ң ы л т а й. Әшейін деген немене?

Б а з а р б а й. Әшейін тек, әшейін. *(Аналарға қарап)*.

Аналардың жарасуын!

Ж а ң ы л т а й *(жарыса)*. О тықырға, бұл тықыр не
қосылсын!

Б а з а р б а й. Не дедіңіз?

Ж а ң ы л т а й. Тек... әшейін. *(Базарбай желкесін қасиды)*.

Ш е р н и я з. Сағындың ба жаным?

Р а у ш а н. Сағынбай...

Ш е р н и я з *(бетіне қарап, аз тұрып)*.

Бүгін алып кетсем қайтеді?

Р а у ш а н. Кімді?

Ш е р н и я з. Сені.

Р а у ш а н. Шын ба? *(Күрсініп)*. Қаннен-қаперсіз кеп
тұрсам...

Ш е р н и я з *(жымпып)*. Ойнап айтам.

Р а у ш а н. Бәсе!

Ш е р н и я з. Осы келіп жүргеннің өзі қандай тамаша!

Р а у ш а н. Көріне келген жақсы ғой,

Жасырынбақтан оңаша.

Ш е р н и я з. Қол ұстауды айтасын ғой?

Күйеу болып сызылып,

Қатындар келіп қалмаса,

Дуанаша таласа,

Ойың сол-ау, балаша.

Р а у ш а н. Оңайын тәуір көресіз,

Әйтпесе елдің салты да.

Жарасымды емес пе?!

Ш е р н и я з. Жарастығын біздерден,

Өзгелер-ақ істесін.

Р а у ш а н. Боласыз ба айтқанға,

Өз еркіңіз болмаса.

Ш е р н и я з (*Базарбайға*). Базарбай!

Қал қалай?

Б а з а р б а й (*күліп*). Теріс емес.

Ш е р н и я з. Қайырлы болсын! (*Жаңылтай бетін басады*).

Қане, жаным! (*Раушанды сүйеді*).

Б а з а р б а й (*Жаңылтайға*). Аналарды кара, кел біз де...

(*Сүйеді*).

П с а х н а

Шернияздың отауы

ШЕРНИЯЗ бен АЛШАҒЫР

А л ш а ғ ы р. Шекен, әлгі сорлыға бір жапырақ
Қағаз бере салсаң ед жөнін сұрап.

Ш е р н и я з. Не деп? Малы ұрланғанын көргемін жоқ
Мойнына салған жерде болғамын жоқ.

А л ш а ғ ы р. Сот саған таныс адам дегенді естіп,
Бізді арқа ғып әдейі келгеннен соң.

Бір жапырақ қағазын да аяды деп,
Өкпелеп қайтады ғой бермеген соң.

Ш е р н и я з. Ағатай, тап осындай уак жұмысқа,
Қинамасаныз екен бостан-босқа.

А л ш а ғ ы р. Шырағым, саған уак болғанменен,
Бізге үлкен іс, ойласақ шаруа жайын.

Аз ғана малды соның шөбіменен,
Аман сақтап жүрміз ғой жыл-жыл сайын...

«Малын алып бере ғой» демесең де,

«Тезірек тексерсең» деген тәрізді.

Бірдене сүйкеп берсең демесінді.

Мәз боп кетед мал өндірген тәрізді.

Ш е р н и я з *(ойланып)*.

Батбакка мені батырмай,

Тыныш болмайсыздар ғой. *(Жазады)*.

А л ш а ғ ы р. Батпассың, ел ішіне келген соң,

Ел сөзінен басыңды аласың ба?!

Үй ішіне пайда келтірмей жүрген

Азамат жоқ қазақтың баласында.

Құр таза болам дегенмен бола ма?!

Әнеу күн қандай қызды Базарбайда.

Бір талай жыл оқыдың, адам болдың!

Сонда бізге келтірген пайдаң қайда?!

Ш е р н и я з *(хатты беріп жатып)*.
Енді тамыр-танысты қойыңызшы!
А л ш а ғ а р *(хатты бүктеп жатып)*.
Құдай тамыр-таныстан айырмасын!..
Күн бұрын есіңе сап қояйыншы,
Қала жүзін көруден ойым бар ед.
Үй-іші мүлде жүдеп, тозып барады.
Сататын малдың да ынғайы кем ед...
Рахымжан, Исайндар туғанына,
Союздан көп кездеме әперіпті.
Ш е р н и я з. Ағатай! Сауда ісіне кіре алмаймын,
Шатақ іспен шатасып жүре алмаймын,
Елдің пұлын жеп қойып сотты болып,
Жүргенін білмейсіз бе, Күреңбайдың?
А л ш а ғ а р. Сотты болған кісіні білгенім жоқ.
Алғандар киініп жүр кенеліп-ақ.
Ш е р н и я з. Жо, жо, жоқ. Атамаңыз. Кіріспеймін.
А л ш а ғ а р *(жымыып)*. Қойдык енді. *(Кетеді)*.
Ш е р н и я з. Күнде сөз, күнде мұңын шаққан қазақ,
Бір-бірін аунатып жеп жатқан қазақ.
Залымға, күштілерге күші жетпей,
Сот іздеп, теңдік іздеп шапқан қазақ,
Сөзіне кіріспесең, керегін жоқ,
Кіріссең өзіңе өсек жапқан қазақ,
Елге келіп тыныштық алам десем,
Басымнан артып кетті-ау тартқан азап!
(Раушан кіреді).
Р а у ш а н. Сіз естідіңіз бе?
Ш е р н и я з. Нені?
Р а у ш а н. Жаңылтай қашып кетіпті!
Ш е р н и я з. Барсын!
Р а у ш а н. Қойшы! Барған несі!
Ш е р н и я з. Әйелдің еркі өзінде.
Кетем десең сені де ұстай алмаймын.
Р а у ш а н. Ойыныңызды қоя тұршы...

Қарлығашқа обал болды ғой!
 Түлкібай деген куменен
 Сорлы ұстасын жүруші ед,
 Сол азғырып беріпті.
 Ш е р н и я з. Оны кім біліп қойыпты?
 Р а у ш а н. Әкемдер де айтып отыр.
 Ш е р н и я з. Жарайды, кешегі газет қайда?
 Р а у ш а н. Жатқан шығар... Жаңылтайды қайтеміз?
 Ш е р н и я з. Өзің не сөйлеп тұрсың?
 Қашқан қатын бай табад,
 Қатынды сот тексеред...
 Газет қайда кешегі?
 Р а у ш а н. Газетті қайдан білейін,
 Тетелес ұстап отырған.
 Ш е р н и я з. Тап газетті!
 Р а у ш а н. Қайдан табайын?
 Сан кісі келед,
 Сан кісі кетед...
 Ш е р н и я з. Газетке ие болмай не бітіресің?
 Р а у ш а н. Соған қарап отырам ба?.. *(Іздейді).*
 Ш е р н и я з. Әлде кімнің көйлек-жаулық, шүберегін тіккенше,
 осы үйдегі қағазға ие болсайшы!
 Р а у ш а н. Әдейі әкеп отырған соң, ұят емес пе қайтару? Табылар
 енді, ешқайда кете қойған жоқ шығар! *(Шығып кетеді).*
 Ш е р н и я з. Надандықты қой-ау бұл! Түк есі жоқ.
 Газет, қағаз жиюмен жұмысы жоқ,
 Мең-зең болып, езіліп отырғаны.
 Ертеден кара кешке іс тіге ме?!
 Қыз-қатынмен сөйлесіп бос жүре ме?!
 Жоннан-жонға шығандап тұз кете ме?!
 Бипазданып жұмысы бір бітпейді.
(Раушан кіреді).
 Ш е р н и я з. Бар ма?
 Р а у ш а н. Бала жібердім.
 Ш е р н и я з *(шығуға айналады, Раушан қалтағын әпереді).*

Күтпей-ақ қой! *(Қолынан жұлып алады да кетеді).*

Раушан *(ойланып)*. Киімін әперсең де жаратпайды,

Қолына су күйсең да жаратпайды

Кірі жаман жуылса тағы пәле,

Ішкен асың бойыңа таратпайды...

Күдай-ау! Бұған енді қалай жағам?

Осының бабын, тәңірі, қалай табам?!
(Қалаға шығады)

Қабағына қарап-ақ отырмын,

Неге тарыққанына қайран қалам!

Көңіліне әлде бөтен ой кірді ме,

Қалаға кетуге, әлде бой ұрды ма,

Әлде онда менен өзге жары бар ма?

Әлде қырдың қызығы тойдырды ма?!
(Қордабай, Алшағыр кіреді. Раушан бетін тасалап, шығып

кетеді).

Алшағыр *(Қордабайға)*. Жоғарылаңыз.

Шырағым-ай, тасаланбай-ақ қой деп ем,

Бұл отауға қалай кірмей тұрамыз?

Қордабай *(отырады)*. Жас адамның әдепті болғаны оң.

Ата-анадан әдеп пен ар көрген соң,

Жалғыз болып шалжандаған бала емес.

Алшағыр *(отырған соң)*. Сөзіңізді өзіңіз жайлап айтар-
сыз,

Қалада тік жүріп өскен бала ғой.

Бұралауға артық көне бермейді.

Ынғайына жіберіп, тартып, саумалап,

Жана ғана мұсылман ғып келеміз.

Қордабай. Шыққан жері казак қой,

Ешқайда кетпес жөндігер.

Елде бірер жыл тұрса,

Молда болып көндігер.

Алшағыр. Орыстың ұлықтарын да,

Қазекең илеп алатын.

Бұ да үйренеді ғой.

Кіділігі болмаса,

Өзіміздің бала ғой.
Қ о р д а б а й. Бұзатын көбін қала ғой,
Шәрлі жердің сүреңі.
Не ғып, шіркін, жеңбесін?
Ақылы кем болмаса,
Неге икемге келмесін?
Айналысқа келмейтін
«Бөйттік, шөрттік, шык!» дейтін
Ақылсыздан шығады.
(Шернияз кіреді. Отырған соң).
А л ш а ғ ы р. Шырағым, Шекен!
Ақсақалдың көңілінде
Мүддесі бар көрінед,
Жөні қандай тегінде,
Құлағын сап көрерсің?!
Ш е р н и я з. Тыңдайық.
Қ о р д а б а й. Балам, ол мынау еді тыңдағанда...
Қаракем кіндігінен туған жанда
Атадан аз өскені біз боламыз,
Мал да, жан да Жетпісбай тұқымында.
Қаракең ұлдарына енші берген...
Малды да, қонысты да қылдай бөлген,
О кезде омақалап жер бөле ме?
Айтты болды, қағазды кашан білген.
Қаракең тұстастарын қасына алып,
Сонау бәйге төбеге шыққан барып.
«Осыдан сонау қарын шиге дейін,
Жерімді бөлдім» депті екі жарып.
«Оң жағын Алпысбайым алсын», – депті,
«Жетпісбай сол жағында қалсын» – депті.
Бері келе Жетпісбай өсіп-өніп,
Атамыздың бөлігін жаншып өтті.
«Беткұдық» табынымды иеленді,
Неше қабат дауластым ақыр жеңді.
Олардың пысықтары теңдік бермей,

Тауып алды жақсыларға сүйенгенді...
Сол жерімнен нырай қап тұрайын ба,
Жоқ, сендердің тұсында сұрайын ба?!

Ш е р н и я з. «Беткұдықтан» басқа да шабындыңыз,
Бар емес пе отырған ши бойында?!

Қ о р д а б а й. Бар болғанмен ол жердің шөбіндей шөп,
Мен шабатын жерлердің көбінде жоқ.

Тау жайлаған арық ат бір ай қойсаң,
Семіруші ед жып-жылтыр көмірдей боп,

Ш е р н и я з. «Беткұдықты» алғанға қанша ма жыл?

Қ о р д а б а й (*ойланып*). Баяғы жұт мешіннен бұрын-ау
ол...

Ш е р н и я з. Қағаз жасап, не бөлік салмаған соң,
Бұ күнде ата сөзі болмас дәлел.

Қ о р д а б а й. Оған не дәлел керек? Елге мәлім:
Сәрсекең, Шалабайлар көрген бәрін...

Ш е р н и я з (*мырс етіп*).

Ол кісілер өлгелі атам заман,

Білмеймін қандай дәлел бола аларын?

Қ о р д а б а й. Жақсының өзі өлгенмен, сөзі өле ме,
Кейінгі үрім-бұтақ көзі өле ме?!

Тым ескірген дау екен аяксыған,

Жол табу қиын болар, сірә, бұған?!

(*Алшағыр жымыып отырады*).

Қ о р д а б а й. Шырағым, не дегенің Жетпісбайдың,

Тұкымы көптік қылад дәйім маған.

Шығын келсе, алдымен маған салад,

Ол тұкым жеті түндік, мен жалғыз-ақ,

Тым болмаса көзімнің тірісінде,

Бір жұлдысып, састырсам маған мұрат!

Ш е р н и я з. Шығынды түндікке емес, малға карай,

Бөлуге тиісті гой алаламай.

Қ о р а б а й. Өзге жұрт түндік басы тартып отыр.

Менің артық тартатын мәнім қалай?

Ш е р н и я з. Сөзіңіз жер туралы емес пе еді?

Қордабай. Жер туралы және бір жұмысым бар?
 Шернияз. Иә!
 Қордабай. Түлкібай деген алаяқ діннен безген,
 Бір қатын азғырып ап көршімізден,
 Болыстың шабарына сатып отыр,
 Бұған не жәрдемін бар? Қандай ізбен...
 Шернияз *(сөзін бөліп)*. Оған менен жәрдем жоқ,
 Әйелдің еркі өзінде.
 Қордабай. Әйелде ерік бар ма? Кім азғырса
 Соған күл. Қарлығаштан әзер болса,
 Шабардың екі-ақ карасы артық шығар...
 Соған кетті көрермін біраз тұрса!
 Шернияз. Қайтесіз?
 Қордабай. Бүйте берсе, кедейде қатын қалмас...
 Екі бірдей баласын азынатып,
 Бір үйді кетті құртып қаңыратып.
 Алшағыр. Байғұсқа тым обал ғып кеткен екен...
 Қордабай. Обалды ойламады, тәңір атып...
 Төртті-бесті караға қатын ала ма?!
 Әйтпесе балаларын асырай ма?!
 «Ұрғашыда шаш ұзын, ақыл шолақ»
 Деген сөз айтылған ғой осындай да.
 Көз жасы анау екі жас баланың,
 Барған жерде баркадар тапқыза ма?!
 Алшағыр. Өзінен туған балалар ғой?
 Қордабай. Ішінен шыққан баласы,
 Бұл сайтанды койсайшы! *(Базарбай кіреді)*.
 Базарбай. Ассалаумағалайкум.
 Қордабай. Уәлік сәлем!
 Базарбай *(Шерниязбен қол ұстасады)*. Сәлемет пе?!
 Шернияз. Өзің де амансың ба?.. *(Өзгелермен жай аман-
 дасады)*. Ауыл жақтан шықтың ба?
 Базарбай. Бестөбе жақтан келем,
 Соға кетейін деп...
 Шернияз. Қаладан хабар алдың ба?

Б а з а р б а й. Жоқ,
Ш е р н и я з. Қаладан әзір ойың жоқ па?!
Б а з а р б а й. Жүрмекші едім кешікпей,
Аз жұмысқа алданып. *(Ақсақалдарға қарайды).*
А л ш а ғ ы р. Ақсақал тысқа шығалық,
Жастардың сөзі бар шығар?! *(Екеуі кетеді).*
Ш е р н и я з. Иә, сені сот жақта
Жүр деп естідім бе?!
Б а з а р б а й. Барып едім бір жігіт
Қыз алып қашамын деп,
Мән-жайын айтайын деп...
Ш е р н и я з. Ағайынның сөзіне кірістім де.
Б а з а р б а й. Кіріспей енді қайтейін.
Көрнеу зорлық қылған соң...
Өзің-дағы кіріспей,
Қарап жатқан шығарсың.
Ш е р н и я з. Жөні бар іске болмаса,
Жөнсізге кірген жерім жоқ...
Қолға түскен ұрыны
Ағартқан өнерім жоқ.
Б а з а р б а й. Кім айтты қолға түсті деп?
Ш е р н и я з. Кім айтқаны не керек?
Смайылдың баласы
Ұрлық қылмаушы еді деп,
Куәлік бересің бе?!
Б а з а р б а й. Куәлікті беремін.
Бұл күнде оған сенемін.
Ш е р н и я з. Сен бұзылған екенсің,
Мынауың нағыз елдегі,
Партия басшы сөзі ғой.
Б а з а р б а й. Партия басшы өзіңсің,
Ұрылардың тізімін
Сотқа неге даттадың?
Біздің жақтан жиырма бес,
Ұрыны тізіп бергенде,

Өз жағыңның жетіден
Артықты неғып таппадың?
Ш е р н и я з. Шырағым, сенің жағың не,
Елді мен бөлмеледім бе?
Сот сұрады мен айттым.
Өзім білген ұрыны.
Б а з а р б а й. Әділдікке ол жатпайды.
Сені өз жағын жақтайды
Деп ойламаушы ем, сірә да.
Аудары байлап берген соң,
Ел бүлінбей тұра ма?!
Ш е р н и я з. Жоқ, ұрыны қайт дейсің?
Б а з а р б а й. Жоқ емес, ұрыларың бар,
Алыстан алмаса да
Ауыл үйді торитын,
Толып жатыр ұры-қар.
Кеше Әбдікәрімнің
Сырын ұрлап Арынның
Төлеп отырған жоқ па?!
Сотқа неге бермедің?!
Ш е р н и я з. Ол итті сотқа жібергем,
Астыртын бітсе білмеймін.
Б а з а р б а й. Жоқ сөз, әбден білесің.
Білмеген боп жүресің.
Одан-дағы «жақыным»
«Аядым» десен женесің.
Ш е р н и я з. Ондай жала жаппа сен,
Білмей қалсам шамам жоқ,
Біле тұра «жақын» деп,
Жамандығын жасырып,
Ондай кәсіп қылғам жоқ,
Сұмдығыңды асырып,
Маған келіп шатпа сен!
Б а з а р б а й. Шатпасаң, сен шатпа!
Сенің қанжығаңда

Жүрген мұнда кісі жоқ.

Ш е р н и я з. Ұрыскалы келіп пе ең?

Бар ендеше кырып ал!

Б а з а р б а й. Қырғанымды көрерсің!

Ш е р н и я з. Көрермін енді!.. Ұмытна!

Б а з а р б а й *(шығып кетеді)*. Сен де осыныңды ұмытна!
(Кетеді).

Ш е р н и я з. Оқудан садаға кет!

Онбаған, бұзылған ит!

Әкең сенің арам ед,

Ел бұзғыш бір лағынет!..

Бірге оқыған жолдасың,

Қол алысқан жан досың,

Мұндай болды қайтерсің?!

Туысканның есі-дерті,

Сен арқылы мал табу.

Кімге сөзінді айтарсың?..

Мынау ел, сірә, өртер.

(Алшағыр кіреді).

А л ш а ғ ы р. Мына бір хатты ауылнай беріп кетіпті.

(Шернияз жыртып оқиды. Қабағы түсіп, басын құшып отыра кетеді).

А л ш а ғ ы р. Не сөз екен, жай ма?

Ш е р н и я з *(аздан соң)*. Мен жүремін, ат камданыз...

А л ш а ғ ы р. Япыр-ай, не сөз екен?

Ш е р н и я з. Түбіме жеттіңдер.

А л ш а ғ ы р. Не қылдық, жаным?

Ш е р н и я з. Үстімнен шағым барышты.

А л ш а ғ ы р. Жат жұмыс екен... Кім жазыпты?

Ш е р н и я з. Ағатай! Барыңыз, ат... ат!..

А л ш а ғ ы р *(кетіп барады)*. Бұ кім екен, бұл!?

Ш е р н и я з. Кіріспеуге жауыздықты

Көре-тұра шыдамайсың!

Кіріскенде бұл сұмдықты,

Көресің де тұра алмайсың. *(Раушан кіреді)*

Раушан. Манағы газет жоқ болды.

Шернияз. Жоғалып қал, шошқа!

Раушан *(теріс қарап көзін сүртіп)*. Құлағым мұны да естіді ме?!

Шернияз. Одан да зорын естірсің! *(Шығып кетеді)*.

Раушан. Сорым бар екен ғой! *(Жастық құшып жылайды)*.

Шымылдық

Ш сахна

Бакша, түн. Ағаш түбінде орындық

Ш е р н и я з *(келеді)*. Бір кезде қырда көк шырайлы,
Мұнар тауы, күміс айы,
Сар даласы, бұлақ сайы,
Бейне бір жұмақ тәрізді ед.
Нәресте табиғат қойнында,
Нәрестедей таза жанды,
Ел бар ғой деп ойлаушы ем,
Дос та, жар да, махаббат та,
Елде ғой деп барлаушы ем,
Жүрегім елді кездірді,
Бұзылған елден бездірді.

* * *

Енді маған сұм қаланың,
Бакшасы жұмақ тәрізді.
Бакшадан бак, дос күтемін,
Дос жоқ, әлде бос күтемін.
Әйтеуір келем сандалып. *(Отырады)*.
Ел-жұртыңа қызмет ет деп,
Ар-намысым қоймады.
Қызмет еттім, азап шектім,
Жемісін көзім көрмеді,
Жақсылығым босқа кетті,
Дос-жараным жау боп шықты,
Күйзелгенім білер жан жоқ,
Көзім жасын көрер жан жоқ,
Бұл қорлықта жүргенімше,
Ит әуре боп өлгенімше,
Ең болмаса өз басыма,
Бақыт іздеп байқайын. *(Тұрады. Сағатына қарайды)*.

Сағат қазір сегіз жарым,
Келер кезі болды-ау, жаным!
Бұ қалайша кешікті. (*Артына жалт қарап*).
Ах, міне өзі! (*Жәмилә кіреді*).
Ж ә м и л ә. Сіз мұнда екенсіз?
Ш е р н и я з. Біз уәдешіл кісіміз. (*Орындық нұсқайды*).
Ж ә м и л ә (*отырады*). Солай екен... көп болды ма?
Ш е р н и я з (*отырады*). Жарты сағат күттірдіңіз.
Ж ә м и л ә. Кешініз... үйде кісі боп...
Ш е р н и я з. О, қай кісі?
Ж ә м и л ә. Күләнда жеңгей
Театрға шақырып,
Күнұзын босатпағаны...
Әрең деп кана құтылдым.
Ш е р н и я з. Әйел болса, уақа емес.
Ж ә м и л ә. Әйелден баска кім дейсіз?
Ш е р н и я з. Бозбала ма деп едім.
Ж ә м и л ә. Сіз күдікшіл екенсіз...
Ш е р н и я з. Алланың әмірі, ішім тар.
Ж ә м и л ә. Кім-кімге болса да ма?
Ш е р н и я з. Өзгеге ондай емеспін...
Ж ә м и л ә. Оныңыз қызық нәрсе екен!..
Шақырғанда кәнеки,
Не сөз айтпак едіңіз?
Ш е р н и я з. Өзіңізше қандай сөз,
Айтады деп ойлайсыз?
Ж ә м и л ә. Мен... кайдам?
Ш е р н и я з. Мен, Жәмилә, айтайын деп,
Әлденеше оқталдым.
Өзімді-өзім байқайын деп,
Айтпай талай тоқталдым...
Ж ә м и л ә. Айта беріңіз.
Ш е р н и я з. Үйде, түзде сені көрсем,
Азап шегем, бұлқынып.
Бұдан әрі шыдай берсем,

Өлетінмін тұншығып,
Ж ә м и л ә. Неге үйтесіз?
Ш е р н и я з. Сөзің майда, жүзің жарқын,
Дәтің берік тастайсың!
Ойын менен шынның паркын,
Білдірмейсің, ашпайсың?
Ж ә м и л ә. Қашан, жаным!
Ш е р н и я з. Әлде өзіңнен сөзің бөлек,
Сырыңды ішке сақтайсың,
Жүрегінді көленкелеп,
Ашар мезгіл таппайсың,
Әлде өзіңе қызық шығар
Әуре еткенің, мазағың!
Дейсің бе әлде – «болсын құмар,
Тарта түссін азабын». *(Түрегеледі).*
Сыр сақтағыш, ел сынағыш,
Берік жансып жүруші ем,
Жұртты сөгіп: «Таңыркағыш
Неткен жан!» – деп күлуші ем,
Бұл не ғажап өзгелерден
Артық болды жұлдызың!
Жүзінде әлде бар ма перден,
Көрмей қойды сын көзім.
Әйел адам жеңіл ойлы
Деп ойлаушы ем, іші тар.
Ол ойымның бәрін жойды,
Қаралдыңның несі бар?
Ойлап тынбай күні-түні,
Дуанамын делікүл. *(Отырады).*
Ақындық деп ұқпа мұны
Жанған оттын лебі бұл.
Ж ә м и л ә. Сөзіңіздің бәрі де шын,
Мен көптен сеземін.
Сыр аша алмай болып жақын,
Іштен тынып төземін.

Сізді не деп кемітейін,
Мен де сізді сүйемін.
Сүйемін деп мен не дейін
Ішке бәрін түйемін.
Жүзімдегі менің пердем,
Сіз байлаулы адамсыз,
Бөгеуші еді ақыл-зердем,
Болмағай деп табансыз.
Әйеліңіз бола тұрып,
Мені қалай көрмексіз!
Менің айтқан бұл сөзіме,
Не деп жауап бермексіз?
Ш е р н и я з. Жәмиләжан, не дегенің,
Шын ба мені сүйгенің?
Сүйген адам ойлай ма екен
Істің тиген-күйгенін?
Ж ә м и л ә. Мені өйтіп сынамаңыз,
Жеңіл ойлы жан емен.
Аз күндікке алданатын,
Ее білмейтін бала емен.
Ш е р н и я з. Бір күш жеңді жүрегімді,
Сүйем сені зар етем.
Қабыл етсең тілегімді,
Мәңгілікке жар етем.
Ж ә м и л ә. Екі жүрек қалай сияд,
Бір адамның ішіне?
Ш е р н и я з. Ол әйелді құрбан етсем,
Жұрттын бізде ісі не?
Ж ә м и л ә. Әйеліңіз сұлу шығар,
Байдың ерке баласы?
Қалай оңай құтылмаксыз,
Бүлінбей ме ел арасы?
Ш е р н и я з. Сұлуынан не пайда бар,
Жанға сусын бермесе?
Жалған сөзді айтам ба егер,

Тастауға әлім келмесе?
Қайным көшті, бай жер де емес,
Елге бүлік салатын.
Күштілерге сенген де емес,
Аяғымнан шалатын.
Табиғаттын берген бағы,
Қәдірім бар елімде.
Бұдан зор іс қылсам-дағы,
Басар жан жоқ, белімді.
Ж ә м и л ә *(ойланып)*. Сізге уәде берер едім,
Бірақ менің оқынқырап,
Елге қызмет етсем деген,
Көңілімде ойым бар!
Ш е р н и я з. Гимназия бітіресің
Осы оқу да аз емес.
Себең қылдың мұның несің?
Ол айтқаның сөз емес.
Ж ә м и л ә. Үй ішіммен кеңесейін...
Кесіп сізге не дейін?
Ш ә р н и я з. Өз басыңа өз билігің
Келмейтұғын болғанда...
Қалмаған соң балалығың,
Не болдың оқып болғанда?
Ж ә м и л ә *(ойланады)*.
Серік тауып, басты беру
Аса қиын жұмыс қой...
«Ол әйелден беземін» деп
Серт қылсаңыз дұрыс қой...
Ш е р н и я з. Анамның ақ сүтіменен
Тастауға ант ішейін!..
Ж ә м и л ә. Қарғанбаңыз, мен сенейін,
Тіліңізге көнейін...
Ш е р н и я з. Шын ба, сәулем, келші жаным!
Келші құшып өлейін! *(Сүйеді)*.
Неткен жақсы, неткен тәтті бұл минут!

Бізге қарап, бақшадағы гүл күлед.
Жәметайым! Жан-жағыңа қарашы!
Жер де, көк те жаңа түсте түрленед!
Ж ә м и л ә (*жол жаққа қарап*).

Ах!

Ш е р н и я з. О, не Жәмеш!?

Ж ә м и л ә (*шошып*). Базарбай!

Ш е р н и я з. Одан неге шошыдың?

Ж ә м и л ә. Ол көрсе өсек қылады.

Ш е р н и я з. Өсек бізге не керек?..

Басқа себеп бар шығар?!

Ж ә м и л ә. Неткен себеп, жасаған!

Ш е р н и я з. Айтпақшы, мен ұмытыпшын,

Жәмеш, енді айтшы маған,

Базарбаймен неге жүре бересің?

Ж ә м и л ә. Қаламызда қызмет қылып тұрды да,

Біздің жақпен таныс болған жайы бар.

Сондықтан ол кез-келгенде сөйлесіп,

Тек әншейін, шығарып сап жүреді.

Ш е р н и я з. Базарбайды мен жақсы білемін,

Әйелмен ол «тек әншейін» жүруші ед.

Ж ә м и л ә. Сенбейсіз бе, өзгелерін білмеймін,

Маған өйтіп аузын да ашып көрген жоқ.

Қылжалақтап жүргенге тек мәз болад,

Мақтан үшін, әлде әурелік кім білед?

Ш е р н и я з. Рас, онда мақтаншақтық үлкен бар.

(*Базарбай көрінеді*).

Б а з а р б а й (*өтіп бара жатып*). Отырыс қайырлы бол-
сын!

Ж ә м и л ә. Бері келші, Базарбай!

Б а з а р б а й (*тоқтап*). Немене?

Ж ә м и л ә. Күләнда женгейді көрдің бе?

Б а з а р б а й. Күзеттіріп қойып па ең?

Ш е р н и я з (*қырындап*). Мынау қалай о жар!

Ж ә м и л ә. Отыр бірге қайтайық.

Ш е р н и я з. Базарбайдың отырмайтын мәні бар.
Менімен көптен араз болатын. (*Түрегелін*).
Кел, Базарбай елдегіні тастайық!
Қолыңды бер, ескі жолдас едік қой.
Б а з а р б а й (*қолын беріп*). Араздыкка мен де құмар емес-
пін, сен тастасаң, мен не қылам кек сақтап?
Ш е р н и я з. Міне, жаңа жарасты!
«Онбағанның саяғы
Түзде жүріп тебісер»,
Деген мәтел рас сөз.
Бір калада бір жүріп,
Араз болу келіспейд.
Әсіресе тап бүгін
Араздықтың бәрін де,
Түгел кешкім кеп отыр.
Ж ә м и л ә (*жымыып*). Ішкеннен сау ма едіңіз?
Ш е р н и я з. Менің ішкен шарбатымды,
Кім ішсе де таскындар!
Б а з а р б а й. Тегі адамды мас кылғандай
Күшті нәрсе болды ғой?
Ш е р н и я з. Сондай күшті!
Б а з а р б а й. Ана жылғы жайлаудағыдан да ма?!
Ш е р н и я з. Одан да!
Б а з а р б а й. Үлкен қызық екен!
Ж ә м и л ә. Жұмбақ сөзді қойсаңдар екен.
Б а з а р б а й (*кекел*). Жұмбақ па!
Ж ә м и л ә. Жайлау-майлау дегенге айтам.
Ш е р н и я з. Жәмеш, әнтек сабыр қыл.
Базарбайға екі ауыз сөз айтайын!
Ж ә м и л ә. Мұндағылар туралы емес пе?!
Ш е р н и я з. Жоқ, баска.
Ж ә м и л ә. Жарайды.
Ш е р н и я з (*Базарбайды қолтықтап*). Былай таман
барайық.
Ж ә м и л ә. Енді қайттім?

Базарбайға немді айттым?
Жасаған-ай, қайдан кеп ем осында!..
Шекен менен арамызға от салып,
Мына сокқан бүлдірмесе жарар ед.
Бұ да мені өзімсініп жүруші ед.
Арамызда терең-терең сыр бар ед.
Мұны не деп жұбатармын, алдармын?..
Шекен менің ақтығыма сеніп ед.
Ол сенгіш қой, бәріне де көніп ед.
Қатынынан безуге ант беріп ед.
(Ер жігітті өз жарынан бездіріп, тартып алу, қандай үлкен керемет). Масқарамды шығармаса жарар ед.
Неде болса болып қалды болар іс.
Енді бұған не айла құрсам нанар ед. *(Ойланады)*
Өй, алақай! Таптым айла, ха-ха-ха!
Еркек біздің айламызға садаға!
(Шернияз, Базарбай келеді).
Ш е р н и я з. Неге күлдің, Жәмилә?
Жәмилә *(күліп)*. Сендер-дағы!
Ш е р н и я з. Неғыппыз?
Ж ә м и л ә. Ех, бозбала, бозбала!
Жалғыз тастап әйелді,
Кете ме екен құр дала?!
Мұндай үлгі қай елде?
Ш е р н и я з. ...шылығымыз жуырда
Арылып кете қоя ма?!
Б а з а р б а й. «Ондай-ондай хан қызында да болады»,
Шалдырмайтын адам тегі бола ма?
Ш е р н и я з. Базарбай, шылымың жоқ па?
Б а з а р б а й *(қалтасын басып)*. Жоқ екен, үйде қалыпты.
Ш е р н и я з. Мен қазір шылым алып келейін.
Б а з а р б а й *(сазарып)*. Жарайды. *(Шернияз кетеді).*
Әңгіме осылай болды ма?
Ж ә м и л ә. Қалай?
Б а з а р б а й. Білмегенсіп отырсың ба?

Жәмілә. Ал!

Базарбай. Уәде осылай ма ед?

Жәмілә. Не болды?

Базарбай. Менен сыр жасырмайтының қайда?

Жәмілә. Неғыппын?

Базарбай. Шерниязға тимекші бопсың!

Жәмілә. Базарбай, сен аптықпа,

Сені сүйгендігімнен

Осыны істеп отырмын.

Базарбай. Қалайша?

Жәмілә. Адамның көз тамыры алған жардан

Қызықты болмаушы мед он есе арман

Тиген жардан сүйгенге құмартқанды,

Көреміз өмір менен романдардан

Шекенге тием, бірақ сені сүйем,

Бір сені сүйген үшін оған тием.

Шығынымды – ол, қызығым сен көресің,

Жүрегімді жалғыз-ақ саған ием.

Базарбай. Бірақ сен Шерниязға артық көріп

Тимексің мені сорға малтықтырып,

Жаныма со бір жерің қатты батат,

Қаншама жұбатсаң да айтып тұрып.

Жәмілә. Базарбай, артық көрсем, бұйырмасын!

Көрсетер оны кейінгі ықыласым.

Базарбай. Құрысын той өткен соң алдағанын!

Шекеннен бір озу ед бар арманым.

Есімнен өле-өлгенше кете қалмас,

Бәйгелі жерде мені жер қылғаның.

Жәмілә *(мойнынан құшақтап)*.

Базарбай! Қалкам, сені артық көрем,

Көретіндігіме мен жаным берем.

Тығыл-таяң арада қысамашы,

Артынан мәні-жайын түсіндірем.

Базарбай *(бұлқынып)*.

Түсіндіргенің бар болсын!

Бұ жерде ит қылған соң,
Артық көріп тидін ғой,
Ол қалталы болған соң,
Жігіттігі несі артық?
Акынсынған бір тантық,
Желендеген бір бәдік,
Қатынын қайтпек ол аңғырт.
Ж ә м и л ә. Не бөлді саған, Базарбай?
Сыр білмейтін адамдай.
Сені разы қылайын,
Түсінді жылытшы сазармай. *(Жол жаққа қаран)*.
Келе жатыр анау да,
Қоя тұр енді қадалмай. *(Базарбайды отырғызады)*.
Б а з а р б а й. Құтыла алмайсың бәрібір...
Ж ә м и л ә. Құтылам деп кім айтты?
Үндемей енді жай отыр.
Ш е р н и я з *(келеді)*. Кәні, шылым тартайық!
(Базарбайға ұсынады). Жәмеш! Тартпайтын шығар?
Ж ә м и л ә. Тарта беріңіздер!
Ш е р н и я з. Серік тапқан, дос тапқан,
Шерлі көңіл қош тапқан.
Бүгін бір жақсы күнім ед,
Сірә, ішелік осы жақтан.
Ж ә м и л ә. Базарбайдың өкпесін,
Сырамен тарқатпасаңыз,
Қалдырмай жүрер бүкпесін.
Б а з а р б а й. Онша бүкпе сақтайтын,
Кісі өлтірген кегім жоқ.
Ш е р н и я з. Солай деші сен бәсе!
Жүріңіздер ендеше
Әйелсіз, әнсіз, сырасыз,
Айықпас көңіл кірлесе.
(Екеуін қолтықтап кетеді).

Шымьлдық

Шернияздың пәтері: орындықтар, үстел, кірауат, айна. Түс кезінде.

Ж ә м и л ә *(айна алдында)*. Қайтейін сені Базарбай,
 О баста беріп басымды,
 Әлі де жүрмін ала алмай
 Сені ойласам, есіме
 Қызықты күндер түседі...
 Хатымның бәрі сенде жүр
 Сендірем деп өзіме.
 Қандай жігіт хат жазса
 Алдыңа жайып салушы ем,
 Сен білмейтін сыр жоқ ед,
 Сенен қалай безермін. *(Отырады)*.
 Шекен сені қайтейін!
 Жаның сенің өзгеше.
 Жүрегің таза айнадай,
 Жұрт көзінде қадірің бар,
 Өнерлісің, акынсың!
 Өнерліге жақынсың!
 Не десем де көнесің
 Не десем де сенесін.
(Тұрмысым да көңілді).
 Алған жарым қалайша,
 Көзіңе шөп салайын. *(Күрсінеді, ойланады)*.
 Осынша ойланбайын десем-дағы,
 Ойымнан бір тікенек кетпей қойды...
 Жастық па, есерлік пе, бостығым ба,
 Әйтеуір, бір желбастық жеңді бойды.
 Қаршадай басынан-ақ бозбалаға,
 Көз салу қыз біткеннің ырымы ғой,
 Көзінен ата-ананың кеттім-дағы,
 Еркіндік жөні осы деп ұрындым ғой.
 Кетті деп жазатайым секіргеннен,

Шекенді алдап едім, нанған болды.
Әлде ар жағы сене алмай тұрса-дағы,
Сөзімді құлағына алған болды.
Сорлы жан әйелден де бар дейсің бе,
Қит етсек, кетпес таңба басылғаны,
Еркекке түк жұқпайды, қайта оларға,
Жігіттік мақтан болар жасындағы
Өмірден ләззат алу, көңіл соғу,
Жалғыз-ақ еркекке адал, бізге арам ба?
Қызықты олар көрген біз көрмейтін,
Ыстық қан бізде жоқ па, онда бар да?
Жарылған тиіп кетсе қағанактай,
Жаратқан бүйтіп шетіп жаны құрсын!
Мінгізген қылдан тайсаң ағаш атқа,
Өзімшіл еркектердің заңы құрсын!
(Шернияз кіреді). Неғып ерте келіп қалдың?
Ш е р н и я з *(газет-қағаздарын үстелге қойып).*
Үйде отырып жазбасам,
Кеңседе маза бермеді. *(Шешінеді).*
Ж ә м и л ә. Бүгін не жаңа хабар бар?
Ш е р н и я з. *(бір газетті көрсетіп).*
Міне, бүгінгі жаңа хабар.
Ж ә м и л ә. Ә, энеугі мақалаң ба? «Әйел теңдігі».
Ш е р н и я з. Сол, шырағым!
Ж ә м и л ә. Пах! Мақтанып қоясың-ау!
Ш е р н и я з *(мырс етіп).*
«Қатыныма мақтанбай...»
Деген екен бір жаман.
Сол айтқандай-ақ,
Саған мақтанбағанда,
Енді кімге мақтанам?!Ж ә м и л ә. Мақтануға тұрғандай,
Көлемді екен өзі де. *(Газетті аз оқып).*
Көңілді екен сөзі де...
Соң бажайлап отырмын.

Ш е р н и я з. Мұқтаж шәкірттердің пайдасына,
Әнеугі пьесамді де
Ойнайтұғын боп қойдык.
Ж ә м и л ә. Оның да іске жарады де!
Ш е р н и я з. Бәрі сенің арқаң ғой.
Ж ә м и л ә. Қалайша?
Ш е р н и я з. Шабытым сен болмасаң, келер ме еді,
Қаламым сенсіз ағып желер ме еді,
Алаңсыз орын теуіп отырмасам,
Еңбегім өрге жүзіп өнер ме еді?!
Ж ә м и л ә. Е, менің себебім де тиеді екен!
Ш е р н и я з. Қызметті өндіруге үйленудің,
Пайдалы екендігін байқап жүрмін.
Екі-үш айдың ішінде қарап тұрсам,
Күрделі көп жұмысты бітіріппін.
Ж ә м и л ә. Үнемі қызмет соңында,
Мені ұмытып кетерсің,
Менің ішім пыспай ма?!
Ш е р н и я з. Ішің пыспас ойынға,
Анда-санда барармыз.
Қонақта да болармыз,
Шаруаға да алданарсың!
Ж ә м и л ә. Жайым жоқ шаруаға алданар,
Ас істейтін қатын бар.
Ш е р н и я з. Өзің бас-көз болмасаң,
Қатын нені тындырад?
Әрі мен қолым тимейді,
Әрі сен көзің салмасаң
Тұрмысымыз оңа ма?!
Надандықтан құтылдың,
Гимназия бітірдің.
Тұрмысты енді білмесең,
Білімді босқа кетірдің?!
Әңгіме, роман оқумен,
Қысыр қиял тоқумен,

Қыдырып босқа жүрумен,
Сыңкылдап сұлу күлумен,
Құлаққа сырға тағумен,
Бетіңе опа жағумен,
Шашты бұрап туюмен,
Киімді кербез киюмен,
Әйелдің ісі біте ме?!
Ж ә м и л ә. Немене кербез киіндім?
Елден ерек не әпердін?
Ш е р н и я з. Жұма сайын партнойдан қол үзбейсің
Қалтама артық ақша сап жүргізбейсің...
Ж ә м и л ә. Олай десең, саған масыл болмай-ақ,
Қызметке түсіп, өзім-ақ ақша тауып алам.
(Бұртаңдап крауатқа барып отырады).
Ш е р н и я з *(ажырая қарап, аз тұрып).*
Жәмеш, саған не дейін...
Қиялым қия келгенде,
Жүрегім қайғы сезгенде,
Қыр қызынан безгенде,
Жаныма серік болад деп,
Сенімен дүнием толад деп,
Еркімді саған бергенде,
Сен де мұны айттың ба?..

* * *

Көшеде, үйде, кеңседе,
Күнде естіп көргенің.
Кедейлердің мұң-зары.
(Мұң-зары оның шын зары)
Елдің өңшең мұңдары.
Қиянат, зорлық қылғаны.
Жақыны тартып шырғаны,
Жаттың болып құрбаны.
Еңбегінді мұндағы,

Атқа мінген сұмдары,
Жауыздыққа бұрғаны.
Соларды көріп, білгенде,
Жаның бір кейіп келгенде,
Бір сенің ғана жаныңда,
Сенің ғана құшағыңда,
Еркелі, майда көзінмен,
Еркелі, тәтті сөзінмен,
Жансая табам ба десем,
Жарамды жазам ба десем,
Сен де мені отқа салдың ба?..
Ж ә м и л ә (*мойнынан құшақтап сүйеді. Сүйіп*),
Салмайын отқа Шекетай!
Айтпайын енді көкетай!
Тарылмашы Жанкейім!
Ш е р н и я з (*солғын құшып*),
Тарылмай енді кайтейін,
Ж ә м и л ә (*аялап, жұбатып*),
Қоя ғой енді, Шекешім!
Киімі түскір құрысын!
Ш е р н и я з. Қоймағанда не дейін...
Ж ә м и л ә. Айтқаныңа көнейін,
Сен өлген жерде өлейін,
Қабағыңды көтерші...
(*Шернияз қабағын көтереді. Аздан соң*),
Партнойға барып келейін.
Ш е р н и я з. Бара ғой. (*Жәмила кетеді*),
Әлде менің маңдайымның соры бар,
Әлде бүкіл әйелдердің ойы тар.
Әлде өзім жан жақпайтын казымыр,
Қам көңілім кашан менің толығар?!
Әйелден зор үміт күткен қиялшы,
Бүйте берсе мол қайғыға жолығар...
Қой, қағазды жазбай болмас.
(Папкадағы көп қағаздарды алады). Ел хабарлары:
(*Бір-бірлеп сөз бастарын қарап шығады*).

Мұғалімнің мұңы,
Боранбайдың ылаңы.
Сүзек кернеді.
Есеп бермеді.
Аксақалдың бұйрығы.
Ұрылардың кимылы.
Баксының емі,
Молданың жемі,
Аштардың жайы,
Мұқтаж шәкірт.
Паракорлар,
Бұған не ылаж?
Талан-тараж,
Талан тараж...
Талан тараж...
(Санын бір соғып, қағаздарды қойып, ойға кетеді).
Ой, кер заман, кер заман!
Талан-тараж қан жылау.
Қабак кату, қансырау.
Азаматы жабылу,
Малы күнде сабылу.
Ұлып жатыр ұлы жүз,
Қырғын тауып аштықтан,
Ел еңіреп егілу,
Ел іргесі сөгілу.
Кіші жүзі тұншығып,
Елін әскер жеміру.
Орта жүзі ойсырап,
Сұм Қалшақтан езілу
«Сорлатам» деп казакты,
Қазактың бар көз қарақты
Азаматын қырам деп,
Атаман Ринов желігу,
Кеше бір туған жарық күн,
Көріне түсіп шегіну.

* * *

Бұ не деген кеп болды!

Қанды соғыс ішінде

Қанды найза үстінде,

Қарусыз, камсыз қайран ел,

Қан жылаған пішінде.

Қасқыр тиген койдай боп,

Қырғын тауып қалар ма?!

(Маңдайын тіреніп, аз отырып).

Казак-орыс мүлде дәуірлеп алды,

Қазақ мал-жанға ие болудан қалды.

Газет жазып кенелткен боп біз жүрміз,

Еңбек зая, есептесең бұл қалды.

Жақын жерден елге тиер пайдан жоқ,

Алыстағы құр сөзіңнен не тамды?!

Бірақ елде тұра алмайсың, ел – толқын,

Түсіп кетсең, ағызатын бір жойқын.

Қарсы тұрсаң, жаншып, жиекке атады.

Қандай алып толқынға бой бермейтін?..

(Қағаздарды тағы ұстайды). (Алшағыр кіреді).

Елден келесіз бе?

А л ш а ғ ы р. Елден келем.

Ш е р н и я з. Жалғызсыз ба?

А л ш а ғ ы р. Жалғыз емен...

Жіберген хатыңды алып,

Дағдарып кеп отырмыз құр сандалып,

Ақсақал да кеп отыр баласымен,

Бір жолықтыр деген соң күштарланып,

Өзіңнен Шоқан деген бір ұл туыш,

Қуанышты болып ек жүрек жарып...

Ш е р н и я з! Ағатай! Бұ не сұмдық! Бәрің бірдей...

Шұбырып түгеліңмен кел дегендей...

«Апарып тастаңдар» дегенім кайда?..

Құдай-ау! Қырсық болды мынау нендей?!

А л ш а ғ ы р. Шырағым! Ол айтқаның оңай ма екен,

Біреудің жалғыз кызын әлпештеген...
Хатына нана алмай да, қоя алмай да,
Десті жұрт жолығуды қолайлы екен.
Ш е р н и я з. Бәрің кеп жолығатын не жұмыс бар?
Мені жөнге салатын қандай күш бар?
Алдым катын, тастадым, онда жұрттың,
Жұмысы не болғандай сонша күштар?
А л ш а ғ ы р. Шырағым, тарылмашы, балаға ұқсап!

(Мұңайып).

Аман көріп отыр ем көңілім босап...
Сасқан соң бізде қайбір мол ақыл бар.
Бар тапқан ақылымыз болды осы-ақ,
Мал беріп, сүйіп алған жарын еді,
Біреудің жалғыз кызы, аруы еді,
Сол Раушанды қалайша жылатармыз?
Мінезі ауыл үйге жағып еді,
Кәрі әкесін неменемен жұбатармыз?
Бар малын саған арнап жалбаңдаған,
Тілеуқор, бір бейшара кәріп еді.
Ш е р н и я з. Ағатай! Сіздің кимай келгеніңіз,
Сол шалдың азын-аулақ қарасы ғой.
Кім өліп, кімнің малын, кім малданад.
Ол үміт соқырлықтың сазасы ғой.
А л ш а ғ ы р. Малы құрсын! Малы мен не қылайын?
Жас бөбегім Шоканды қайтып қияйын?
Ш е р н и я з. *(ойланып)*. Баланы алып қаламыз.
А л ш а ғ ы р. Іштен шыққан жас Шоканды,
Қалай алып қаласың?
Емшектегі балапанды,
Қалай адам қыласың?!
Ш е р н и я з. Өзім-ақ асыраймын.
А л ш а ғ ы р. Жастықпенен айтатын шығарсың,
Жас бала асырау қиын болар...
Япыр-ай, енді қынжыларсың...
Айтпасам ойда түйін болар.

Қазақта екі қатын алған
Кісі көп қой ойлап тұрсаң,
Беттен қайтсаң катуланған...
Раушанға да көңіл бұрсаң...
Жаз болғанда елге келсең...
Жаңа әйелің жаныңда боп,
Қыс қалада тұра берсең...
Ш е р н и я з. Айтпаңыз оны, ағатай!
Екі қатын алмаймын,
Басымды дауға салмаймын.
А л ш а ғ ы р. Жетім деген жанның көз жасына қалғанда
Оңды емес деп ел де аңыз қылады.
Бұ бір қиын жұмыс болды жалғанда,
Өзің біл енді... бізден не ақыл шығады?
Ш е р н и я з. Менің ақылым сол,
Баласын мұнда әкеп беріп,
Өзін алып қайтыңыз.
А л ш а ғ ы р. Бере ме оны, қалай тартып алайық?
Ш е р н и я з. Ендеше мұнда жіберіңіз.
А л ш а ғ ы р. Жібереік, қайта өзді-өзің кінәлас,
Зарлатуға дәтіміз біздің шыдамас.
О басында сүйіп алған да өзіңсің,
Өзің жылат, бізге, жаным, ұнамас.
Ш е р н и я з. Жіберіңіз ендеше.
А л ш а ғ ы р. Қиын жұмыс...
Құдай қылды қайтеік? (*Кетеді*).
Р ә з и я (*кіреді*). Бұлар кім?
Ш е р н и я з. Біздің елдікі.
Р ә з и я. Үйлеріңіз аман ба екен?
Ш е р н и я з. Аман.
Р ә з и я. Төмен қарап отырғанға.
Бірдеме болды ма десем...
Ш е р н и я з. Ар жағында бір қатын келсе, кіргіз.
Р ә з и я. Кімнің қатыны?
Ш е р н и я з. Менің қатыным.

Рәзия. Көтек... шын ба?!

Шернияз. Бар енді.

Рәзия *(кетіп барады)*. Сығыр шұнақ-ай!

Енді қай жаққа барайын *(Шерниязға таңдана қарап шығады)*.

Раушан *(қарсы жолығып есікте тұрып)*. Сен кімсің?

Рәзия. Кім керек?

Раушан. Осы үйдің иесі керек!

Рәзия. Ноғай ма?

Раушан. Тәйт ары! Сен де мазақ қылдың ба? *(Кіреді. Шерниязға қарап аз тұрады. Шернияз тұрып орындықты нұсқайды. Раушан отырады)*.

Шернияз *(Рәзияға)*. Бара бер. *(Раушанға ақырын)*. Сәлемет пе?

Раушан *(Ернін қыбырлатады)*. *(Тым-тырыс)*.

Шернияз *(Баласына қарап)*. Бере тұршы. *(Раушан таңдана қарап, береді)*. Құлыным! *(Бауырына қысып иіскейді)*.

Раушан *(күрсініп)*. Құлының екенін жаңа білдің бе?!

Шернияз. Күйдірмеші.

Раушан *(мұңайып)*. Мен күймей жүрмін бе? Не жазығым бар еді?

Шернияз. Жазығың жоқ, бірақ... *(Қасына отырады)*.

Раушан *(сөзін бөліп)*. Тым болмаса өзіме, бірауыз сөз жазбадың.

Соны да маған көп көрдің ғой...

Шернияз *(шытынап)*. Өткен не керек,

Тағдыр жазбад,

Қайтесің?!

Раушан. Айтарың осы ма?

Шернияз. Осы.

Раушан *(қамығып)*,

Әдейі іздеп сонша жерден,

Жолығам деп келгенде,

Бар айтқаның осы ма?!

Ш е р н и я з. Болар іс болды, не айтайын?
Р а у ш а н (*зарлана*). Жаратқан ие, жасаған!
Мұндай сорлы қылғанша,
Жаратпасаң етті ғой!
Қайтып күнелте алармын?
Жүзіқара боп ел-жұртқа.
Не бетіммен барармын?!
Кімнің босағасында
Қорлықта шіріп өлермін. (*Баласын құшып*),
Сәулем-ай! Сорға туған екенсің!
Тірі жетім болуға,
Сен де арналған екенсің!
Елде кімге жалынып,
Көзге түрткі боларсың?..
Ш е р н и я з. Көзге түрткі қылмаймын,
Бала үшін қайғырма!
Р а у ш а н (*тікірейін*). Баланы сен кайтесің!
Ш е р н и я з. Балада жұмысың жоқ.
Бала менікі.
Р а у ш а н. Бала сіздікі бола алмас,
Өзім жаман, балам жақсы болды ма?!
Ш е р н и я з (*қынжыла*). Сен білместік қыласың.
Сен күйеуге тиесің,
Одан бала көресің.
Өгей әке оңдырмайд.
Р а у ш а н (*кектене*).
Бұдан соң сенен бала тумай ма екен?
Сенің қатының өгейлік қылмай ма екен?
Шеше өгейі әкеден кем болып па?
Баламды бермен қарға секектеген.
Ш е р н и я з (*жұбата*).
Әйелдік қылма, сөзге байлау керек,
Балаға екеуміз де бірдей күйрек
Кімде тұрса баламыз сорлы болмайды,
Жалғыз-ақ сол арасын ойлау керек.

Раушан. Бермеймін баламды,
Шернияз. Әйелдің аты әйел, тиген байың,
Шоқанға колы тисе жазатайым,
Балаға ара түсуге әлің келмей,
(Баласын иіскеп).

Сол күнде өкінерсің, шегіп уайым
Сонда сен жылайсың ғой, кішкентайым.

Раушан (жалына).

Қуатым! Сені көрген соң,
Айтайын деген сөзімнің
Оннан бірі келмеді...

Шынымен сорлы кылдың ба?

Сен мені жек көрсең-дағы,

Мен сені қандай көремін

Білесің бе? Мен сорлы.

Кімге шағам мұңымды,

Кімге айтамын зарымды?!

Аясайшы, жарқыным!

(Шернияздың тізесін құшып жылайды).

Шернияз. Жыламашы, Раушаным!

Басыңды көтер, айтайын.

Аяймын сені, кайтейін.

Раушан (басын Шернияздың тізесіне сүйеп).

Қараңды көріп қалқиып,

Күйеуім бар деп дардиып,

Баламды күтіп отырсам,

Содан артық тілекті,

Сұрамас едім, алтыным!.. (Қамығады).

Шернияз (аяп, арқаға қағып). Жәмила көнбейд,
кайтейін...

(Жәмила кіреді).

Жәмила(ажырайып). Бұ не?

Шернияз (ұшып түрегеліп). Жәмеш!

Жәмила (ақыра). Мынау кім?

Шернияз. Раушан.

Ж ә м и л ә. Бұ қай отырыс?

Ж ә м и л ә *(жұлқынып)*. Ойбай-ай! Мынау қайдан шыққан қатын еді! *(Раушанға телмеңдейді)*.

Ш е р н и я з *(Жәмиләні иығынан тартып)*. Жәмеш, Жәкеш!..

Ж ә м и л ә *(Шерниязға)*. Қатынынды алдырып,
Осы ма едің қылмағың?!

Р а у ш а н *(зілдене)*. Сен тергейін деп пе едің?

Р а у ш а н. Біреудің байын азғырып,
Сенікі не, жүзі қара?

Ж ә м и л ә *(тепсініп)*.

Не дейд, ойбай, бұ қаншық!

Шық үйімнен, дереу шық!

Р а у ш а н *(жарыса)*.

Сен қаншық!

Сен бетпақ!

Сенің үйің жоқ,

Байымның үйі.

Ж ә м и л ә *(долданып жылап)*. Шернияз! Естімегенімді естірттің! Жасаған-ай! Мынау қорлықты көргенше, кетейін ойбай, кетейін. *(Тұра жөнеледі)*.

Ш е р н и я з *(артынан жүре түсіп)*.

Жәмеш, Жәмеш!

Р а у ш а н *(балаға жармасып)*.

Құдай сені осындай

Көкайылға құмар ғып,

Амал бар ма, койғасын?..

Бері әкел, бер баламды.

Ш е р н и я з. Берілмейд, жүре бер!

Р а у ш а н *(жармасып)*. Бер, баламда ақың жоқ!

Ұстатпаймын қаншыққа!

Ш е р н и я з *(итеріп тастап)*. Оттама! Кет енді. *(Раушан таласады)*. Көресің бірдеме!

(Алшағыр, Қордабай кіреді).

А л ш а ғ ы р. Жаным, сендерге не болды?

(Раушан отыра кетеді).

Ш е р н и я з. Бермеймін баламды,

Күшпен ала ма?!

Заңмен ала ма?!

Кім алады? Шыксын!

Қ о р д а б а й. Шырағым, Шернияз!

Түсің суып кеткен екен.

Алам десең алып қал!

Не қыласың таласып?

Бұ да бір уақыт шығар!

Іштен шыққан соң,

Қимайтын шығарсың,

Қайтесің, ол түгілі,

Шернияздан да айырылып отырсың!

Құдайдың не салғанына көнбейміз.

Шернияз! Жаман да болсак,

Бір күнде әкендей болып ек!

Саған жамандық тілеп көргемін жоқ,

Әлі де тілемеймін.

Өмірің алдында!

Әлде болса талайың ашылсын!

Сол менің берген бағам!..

Жүр, шырағым, Раушан!

Жылағанмен қайтесің. *(Қолынан жетелеп).*

Р а у ш а н *(сүйретіліп зарлап).* Қарашығым!..

Шоқан!.. Қалғаның ба?!.

(Алиағыр, Қордабай, Раушан шығады. Шернияз баласы қолында ауыр ойда орындыққа отыра кетеді).

Шымьлдық

Тағы да сол бөлме. Ымырт жабылған кез.

Ш е р н и я з *(хатты оқып)*.

Әй, соғылған Базарбай-ай!..

Пара алад деп кім ойлар?!

(Қалтасына қолын салады. Сағатына қарайды).

Барар мезгіл таянды...

Әлде пәле, әлде қазаға ұшырау

Ғажап емес, ...бірақ өлім бір сұрау.

Түбінде бір өлу анық болған сон,

Не үшін өлдің, біліп өлген жақсылау.

Өлмеді ме ел тұлғасы нояндар?

Қаша берсін өңшең қоркак қояндар!

Солар ма екен елге тұлға болатын?

Николайға құл боп өткен құл жандар

Көбен екең, Көбен-дағы қашпак па?

Бар сылтауы «Ну, что же» депті бір топта,

Ой, шіркіннің балшебекпен қастығы-ай!..

(Киінеді).

Барма-ау, өлім, жеме-жемге келгенде

Үміт, үміт елестейді бір сәуле.

Азаттықтың, жарық күннің үміті,

Онсыз өмір – өлген көңіл, құр сүлде.

Көше солдат. Шабу. Айкай. Қан талау.

Ат сыпыру, Қамшы. Қашу. Ел жаяу.

Кенес адыра. Почта жым-жырт. Жұрт үрей.

Алай-түлей. Жақындады. Күн таяу.

(Жәмилә кіреді).

Ж ә м и л ә. Кеттік пе?

Ш е р н и я з. Кеттім. *(Кетеді)*.

Ж ә м и л ә. Күнде кешке зым-зия боп кетеді,

Қала – катер, үйде отырса нетеді?

Сыр айтпайды, тұнжырайды, жүреді,

Жасаған-ай, заман не боп кетеді?!

(Рәзия кіреді).
Ыңырсыды, баланы алшы.
(Айнаға барып түзеледі).
Рәзия *(баланы қолына алып).*
Тым нашарлап кетіпті,
Өліп қалмаса не ғылсын.
Жәмилә. Өліп тыныш болса екен.
Рәзия. Неғыласың байғұсты.
Жәмилә. Пәле болған жоқ па?!
Рәзия. Өзін де бала табарсын.
Жәмилә. Таппай-ақ қояйын.
Рәзия. Е, бітеу ме едің?
Жәмилә *(күліп).*
Не дейді, ойбай!
Рәзия. Енді не дейін?
Жәмилә. Сен былықтырасың ғой.
Рәзия. Жәмеш-ау! Сүтке су қоспай берсек, кайтер ед.
Жәмилә. Кет әрі!
Содан болды дейсің бе?!
Өзінің дерті бар.
Рәзия. Қайдан білейін,
Шешесінен қалғанда
Байбалқаш бала еді.
Жәмилә. Емшек сүтіндей бола ма?!
(Жоқ жерде балажан кісі боп).
Рәзия, мен дәрігерге барамын,
Баланы жатқыз да, кірді өтекте.
Рәзия. Өтектелер. *(Жәмилә кетеді).*
Жағынып, боянып, кетеді жоғалып,
Қайда бара береді екен?!
Партной мен дәрігері-ақ бітпеді.
Әй, қу катын-ай,
Базарбаймен көзқарасың жаман.
Шекенді жер соқтырып жүрсің ғой!
Өз байынан несі артық сайтан-ау...

Жап-жақсы қатынын тастап,
Бұ да бір есі шыққан сорлы.
Баланың түрі мынау.
Жата ғой байғұс! (*Жатқызады*).
«Оқыған, оқыған» деп емешесі күриды.
Ал, кенелтті оқыған!
Шаруаға түк пайдасы жоқ,
Осындай қатын көргем жоқ,
Есі-дерті, ехе-хе, ехе-хе...
(*Базарбай кіреді*).
Б а з а р б а й. Е, сәләмат пе, Рәзия!
Р э з и я. Шүкір.
Б а з а р б а й. Шернияз кетіп қалған ба?
Р э з и я. Кетті.
Б а з а р б а й. Жәмилә қайда?
Р э з и я. Дәрігерге барам дей ме, кетті.
Б а з а р б а й. Қашан келеді?
Р э з и я. Мен қайдан білейін, келетін шығар.
Б а з а р б а й. Қалай?.. Не қайда?.. Байың келді ме?
Р э з и я. Жоқ, әлі.
Б а з а р б а й. Сағынған екенсің ғой!
Р э з и я. Сағынғанмен қайтейін?
Б а з а р б а й (*мырс етіп*). Қайтейін деп жүре ме екен?
Р э з и я. Жүрмей қайда барайық?
Б а з а р б а й. Қарап жүру жарамайды,
Көңіл көтеру керек!
Р э з и я. Біз ондайдың кісісі емес.
Б а з а р б а й. Қартайып тұрсың ба?
Р э з и я. Пайдасыздың керегі не,
Жаман да болса әркімнің
Өз байынан жарылкасын...
Б а з а р б а й. Пайдасыз да болмайды,
Нанбасан байқап көр.
Р э з и я. Байқар жәйім жоқ.
Б а з а р б а й. Қалада карап жүруге болмайды.

Байқамағаныңды әлі көрермін.

Рәзия *(жымиып)*. Көрсек көреміз. *(Кетуге айналады)*.

Базарбай. Тоқтай тұр, Рәзия!

Рәзия *(тоқтап)*. Немене?

Базарбай *(жақындап)*. Бетіңнен бір сүйгізші.

Рәзия. Тәйт, әрман! Дәндеген екенсін! *(Кетеді)*.

Базарбай. Қап! Мына жаман кылды-ау!

Берігін карашы мұның!...

Өзімнің де жыным бар.

Әйел көрсем шыдай алмаймын.

Жәмиләнің бір тырнағына алмайтын

Жаман неменің менсінбеуін...

Бұл ит Жәмиләге айтпаса, не ғылсын...

Енді қайттым, бірдеңе берсем бе?

(Рәзия кіріп бірдеңе іздейді).

Базарбай. Рәзия!

Рәзия. Немене?

Базарбай. Ойнап айтқаным

Ашуланып қалдың ба?

Рәзия. Е, далада жатқан кісі бар деп пе ең?

Базарбай. Қой енді, ашуланба! *(Қалтасынан ақша алып)*.

Мә, мынаны алып, ашуыңды бас... Сені үйтеді деп ойлағам жоқ.

Рәзия. Не үшін алам?

Базарбай. Менің кәтем үшін.

Рәзия. Керегі жоқ.

Базарбай. Ал, енді керек болар!

Рәзия. Не деп алам?

Базарбай. Ешкімге айтпасқа!

Рәзия. Ауызбастырыққа де!

Базарбай. Иә, иә...

Рәзия *(жымиып алады)*. Борыштығы жоқ болса, жарайды!

(Кетеді).

Б а з а р б а й. Уһ! Бір пәледен құтылдым.
Жоқ жерде бір теңгем шығын болды-ау!
Барсын енді. *(Айнаға барып таранады).*
Неғып келмей жатыр. *(Жәмиләнің суретін алып).*
Міне, біздің жел Жәмеш!
Шернияз менің жолдасым.
Жәмеш менің ойнасым!
Осыным нағыз иттік-ау.
Ар-ұятты ойласам.
Жазығы жоқ қой Шекеннің!
Бұл Жәмешті мен алсам,
О да мендей етермед?
Достық сақтап әйтпесе,
Мұндай іске арланып,
Түзулікке кетерме ед?!
Қой, ол мендей қылмас ед...
Япыр-ай, осы жұмысты,
Енді қойсам қайтер ед.
Білінбей ойнас тұрар ма?!
Білген күнде Шекеннің,
Бетіне не деп қарармын,
Көңілі маған карайып,
Ішіне қан қатады-ау!
Сонысы маған батады-ау!
Үлкен істі бастайды-ау!..
Жәмешті онда ол тастайды-ау!..
Ах, мен алсам, қайтер ед,
Жұрт сонда не айтар ед,
Қандай атақ болар ед,
Ел де бұған қызар ед,
Біздің жақ дардияр ед,
Бірақ Жәмеш шынында
Қатындыққа жарар ма?!
(Жәмилә кіреді).
Ж ә м и л ә. Ә, мұнда ма ең?

Б а з а р б а й. Қайда кеттін жоғалып?
Ж ә м и л ә (*шешінеді*). Дәрігерге барып...
Б а з а р б а й. Мен көп күттім.
Ж ә м и л ә. Сағынып қалдың ба? (*Қасына келеді*).
Б а з а р б а й. Сағынбай. (*Сүйеді*).
Шаруаға ол қарар ма?!
Ойнастың әйелі ғой.
Сыры маған аян ғой.
Көз тамырлар бұрынғы,
Жағаласа жаман ғой.
Ойнас қылса қатыны,
Ол бір қырсықты адам ғой...
Ж ә м и л ә (*қолын босатып*). Қоя тұр, жаным, Рәзия келіп
калар!
Б а з а р б а й (*босатып*). Дәрігер не айтад?
Ж ә м и л ә. Ондай дәрі жоқ дейді,
Оборд істету керек дейд.
Б а з а р б а й. Істетсең істет.
Ж ә м и л ә. Ол қатер ғой.
Б а з а р б а й (*сазарып*). Өзің білесің
Ж ә м и л ә. Баланы өзім де жек көрем. Бірақ...
Б а з а р б а й. Шекен қалай көреді?
Ж ә м и л ә. Ол баланы тәуір көреді,
Әрі мені де аяйды.
Б а з а р б а й. Аямайтын шығар,
Баламен аяғыңа
Тұсау салам ба дейтін шығар...
Ж ә м и л ә. Маған сенбейді деп ойлайсың ба?
Б а з а р б а й. Кім біледі...
Ж ә м и л ә. Ойламайды, маған сенеді.
Б а з а р б а й. Жәмен, осы жұмысты,
Біліп қойса қайтер ед?
Ж ә м и л ә. Қайдан білед?
Б а з а р б а й. Зәуде білсе...
Ж ә м и л ә. Қой. Білмес.

Б а з а р б а й. Білген күнде?

Ж ә м и л ә. Онда жаман...

Б а з а р б а й. Сен мұны ойламадың ба?..

Ж ә м и л ә. Жоқ!

Б а з а р б а й. Қайғысын да ойлау керек!..

Ж ә м и л ә. Қойшы, жоқты айтпай!

Б а з а р б а й. Ол мүмкін, мен соны ойлап отыр ем.

Ж ә м и л ә. Сенің ойыңша, онда ол қайтет?

Б а з а р б а й. Онда ма, онда сенімен тұра алмайды.

Ж ә м и л ә. Тастай ма?

Б а з а р б а й. Тастайды, оған катын тастау жат емес.

Ж ә м и л ә. Онда сен қайтер ең?

Б а з а р б а й *(сайқалданып)*. Мүмкін... сені мен алар ем.

Ж ә м и л ә. Рас па?

Б а з а р б а й. Рас.

Ж ә м и л ә. Сен алмай-ақ кой!

Бірақ сен мені

Шын сүйеді екенсің! *(Құшақтап ұзақ сүйеді)*.

Ш е р н и я з *(ақырын кіріп)*. Ойбай-ай! *(Базарбайды желкеден қойып жібереді)*.

Б а з а р б а й. Ах! *(Атып түрегеледі)*.

Ж ә м и л ә. Ох! *(Қарауатқа жөнеледі)*.

Ш е р н и я з *(Базарбайға)*. Арамза, лағынет! Кет... Кет!..

Б а з а р б а й *(ойқастап кетіп бара жатып)*. Жә, жә, болар...

Ш е р н и я з *(Жәмиләге)*. Сен, сен не істедің?

Ж ә м и л ә *(сазарып)*. Дәнеңе де істегем жоқ.

Ш е р н и я з. Не дейсің, не дейсің?!

Ж ә м и л ә. Мен емес... өзі...

Ш е р н и я з *(құшырланып)*. Жаның барда шыныңды айт, не істедің?

Ж ә м и л ә. Сүйгеннен басқа дәнеңе...

Ш е р н и я з *(қойып жібереді)*. Сүйгеннен басқа!..

Арсыз, жүзі кара!

Ж ә м и л ә *(дереу)*. Ойбай-ай! *(Рәзия жүгіріп келіп арашалайды)*.

Р э з и я. Қойшы, Шекен!

Қойшы, калкам.

Ш е р н и я з (*жарыса сөйлеп*). Жоғалтайын көзіңді, өлтірейін сені!

Ж э м и л э (*Рэзияны тасалап, қауіпқалақтап*).

Өлтіре алмайсың,

Мұнда надан қатышың жоқ!

Ш е р н и я з. Не дейсің?..

Оқудан садаға кет,

Иттің ғана баласы!

(*Рэзия қой-қойлап, қолын ұстай береді, Шернияз тағы бір қойып жібереді*).

Ж э м и л э. Тигізбе тіліңді әкеме!

Сен иттің баласы.

Ш е р н и я з (*Рэзияны кимелеп, қойып жібереді*). Кет!..
Кет!..

Ж э м и л э (*сазарып, долданып*).

Кетем мен! Тұрмаймын сенімен! (*Кетеді*).

(*Шернияз ентігіп, тістетіп, құнысып қолдарын нығарлай қысып, қалшып тұрып қалады*).

Р э з и я (*күңкілдеп*).

Ей, құдай-ай,

Сақтай гөр!

Оқығаны бар болсын! (*Балаға барып*).

Байғұс шошып кетті ме! (*Үңіліп*).

Ойбай-ау, мынау неғып жатыр. Шернияз! Мынаның көзін карашы!

Демін карашы!

Ш е р н и я з (*үңіліп қарайды*). Немене?

Р э з и я. Көзі акшандап...

Танауы делдиіп,

Қиналуын!

Кішкентай, байғұс.

Ш е р н и я з. Шоқан, карағым!

Р э з и я. Үзіліп барады ғой!

Иман айтшы!

Ш е р н и я з. Шоқан! Құлыным!

Ажалыңа өзiм серiк болдым-ау.

(Өкiрiп баласына сүйенiп, тiзерлеп отыра кетедi).

Р э з и я *(көзiн сүртiп).*

Сорлы нәресте!

(Жарты минут өткен соң, мылтық дауысы естiледi. Әуелi бiр атылады, содан кейiн екi атылады).

Ш е р н и я з *(басын көтерiп).* Атыс!*(Мылтық түйдегiмен атылады).* Төнкерiс! *(Ұшып түрегеледi. Алыстан марсель-ез күйi естiледi).* Құлағыма күй келед!*(Аяғын бiр басады, күй анық естiледi. Терезеге барады).*

Күй келедi!

Күй келедi!

Жалау көрiнедi,

Топ келедi.

Қазақ та көрiнедi!

Заман туды!

«Қатын жолда,

Бала белде».

Кеттiм топқа!

Жолымды оңда!

(Тұра жөнеледi).

Ш ы м ы л д ы қ

Аяғы.

СЫЛАҢ ҚЫЗ

Бір перде, күлдіргі (комедия)

Ойнаушылар

Бай – Жабағы, жасы 50

Қатыны – Айсұлу, жасы 40

Қызы – Батима, жасы 19

Хакім – оқыған жігіт, жасы 35

Малайы – Өмірзақ, жасы 25

Нұрмаш – жас ақын, жасы 20

Әбутәліп – мұғалім, жасы 30

Ішымылдық

Жабағы байдың үйіндегі бір бөлме. Екі жақта екі есік, терезенің арасында үлкен айна. Айнаның алдында үлкен үстел. Қабырғаларда орындық, бұрышта үстел, жасаулы кереует. Кілем жапқан абдыра. Еденде киіз, алаша, кілем, үстел үстінде бірнеше кәртішке, сия-сауыттар, қалам, есеп-шот. Жерде дөңгелек үстел. Үстел жағалай бай мен қызы отыр. Қатыны шай құйып отыр.

Бірінші көрініс

Б а й (*бауырсақты аузына салып жатып*). Сен әлі нет!.. Салпы ауызда менің бес теңге жиырма бес тиын акшам бар. Бес теңге жиырма бес тиын. Келсе жағасынан алып, алып қал, басырақтан қалған акша еді, иттің тұқымы созып бермей жүргені. Ендігәрі нәрсе сататын кісі емес екен. Тағы кімде?

Ә... Байжұманың баласында жиырма бес тиын күміс бар. Ақ мұрттың баласында майдан қалған жеті сом қырық бес тиын бар. Жеті сом қырық бес тиын. Келсе ақшаны алмай босатпа. Менен кашып жүр. Өз бетінше енді көрсем екі зекет, бір сүндетке қоймаспын-ақ бәлем.

Қ а т ы н ы. Маған бере ме олар?

Б а й. Неге бермейді? Бермейтін әкесінің көз құны жоқ, бірдеңе өткізіп қойып па? Аларында боқ жеп жалынып алды да, беруге келгенде бәрі сырғак. *(Ойлап)*. Ау... әлгіні ұмытып кетіппін ғой! Қап! Ой, әттегенай!..

Қ а т ы н ы. О не? О не?

Б а й. Әлгі Мақамбеттен тапсырып жібермегенімді карашы!

Б а й. Сүгірдің күзені бар еді, маған әкелсін деп айтқалы отырып.

Қ а т ы н ы. Күзен табылар, ақшаға кім әкелмес дейсің.

Б а й. Қайдан табылады? Ол маған арзан сатады ғой. *(Қатынына)*. Бір жағынан жанғалақтап есімді шығарып. *(Қызына)*.

Бәтжан қарағым, сен де бәтенке деп жоқ жерде қысасың.

Б а т и м а. Мен не қылдым?

Б а й. Бәтенкені қайте бересің? Екі бәтенкең бар. Басмағың тағы бар. Сендерге киім шақ келетін емес қой. *(Аяғын көтеріп)* Міне бес жылғы мәсі, ұлтартып алып киіп жүрміз ғой!

Б а т и м а. Киім шақ келмей не әперіп едің?

Қ а т ы н ы. Не әперіп едің? Бәтенкесі қалпатымен сөгіліп кетіпті қайтып киіп жүрсін?

Б а й. Ұлтаны сөгілсе, кішкене *(қолын көрсетіп)* ілгізіп алмас па? Кішкене сөгілгенді тастай берсе түк шақ келе ме?

Қ а т ы н ы *(теріс қарап)*. Жалаңаяк отыра ма? Жоқты сөйлеп кетеді.

Б а й. Жалаңаяк... Қане жалаңаяк *(Батимаға)* көрсетпші бәтенкеңді.

Б а т и м а *(аяғын қымтап)*. Көрсетпеймін. *(Теріс қарайды)*.

Б а й. Бәтенке, бәтенке дейсіндер. Бәтенке нардың құны болған жоқ па? 200 сомнан кемге бәтенке келе ме?

Қ а т ы н ы. Қымбат деп жұрт жалаңаяк отырады екен ғой. Қымбат болса бір билам-ақ па? Темірбек те қызына бәтенке әперіпті. Марқия да жаңа бәтенке киіп жүр, солардан кем бе? Үйіңе келімді, кетімді кісі бар, бір құлақтың қызы құсап жұлығынан шұлғауы шығып қалай жүрсін.

Б а й (*сасыңқырап*). Япырай! Тоқтай тұршы, немене сөзді көбейтіп кеткенің ештеңенің ретін білмейсіңдер де, бетімен соғасыңдар, мен солардың қызынан кем қылайын деп жүр деймісің, құрдан құр борбайлап кетесің. Сауда бұрынғыдай емес. Расход бастан асып жатыр. Екі мың сом налог төлеп отырмын. Шептің арбасы жүз елу сом. Ұлт қазынасына миллион жарым сом беріп отырмын. Онда да Жақынтан ұялғаннан, айтуы жеткен соң... Құдайдың күдіреті, қашанғы жарылқағаннан бұрын қара таяқтардың зияны бастан асты.

Б а т и м а (*шын-аяғын тырс еткізіп жауып тұра жөнеліп*). Мен киім әпер десем, қайдағыны үйіп-төгеді, әпермей-ақ кой!

Б а й (*қатынына*). Сен қойғызады десе, азнап пәлені бастайсың да отырасың.

Қ а т ы н ы. Жалғыз қыздан аяған адыра қалғырдың керегі не? Жиырмаға келгенше үйде ұстап отырушы ма едің. Ақшаны аяп анда оқытпадың, бәрін шошытып, анда ешкімге құда болмадың. Қыздың көркі киім, киім болмаса жұрт пирамида қылмайды.

Б а й. Қой енді, кой күйеу табылар. Жамантай құда болам деп кісі салғызып отыр...

Қ а т ы н ы (*сөзін бөліп*). Жамантайдың әлгі бір мойын, қисық, бір бұғана баласына ма? Жалғыз қызыңды жақсы күйеуге берейін деп жүр екенсің. Анаған бергенше суға тастап жіберсем болмай ма?..

Б а й. Қаладағы первай бай болып тұрған жоқ па? Көк төбелі үй, жеккені қара арғымақ, обороты миллионға айналды.

Қ а т ы н ы. Обороты қызыңа бай бола ма? Қызымды қара казакқа бермеймін, қара таяқтың біріне беремін.

Б а й. Ойбай, байғұс-ау! Қара таяқ несін береді. Паршеткеден басқа дымы жоқ, қара таяқ болғанда, ана Махмұт сияқты студент болса екен. Дөкейлердің бәрінің қатыны бар ғой. Көбі орыс пен ноғайдан басқаның қызын алмайды.

Қ а т ы н ы. Орысы да, ноғайы да бар болсын, шүлдірлеп тілін адам ұқпайды.

Екінші көрініс

Өмірзақ келеді

Б а й. Немене, атты жектің бе?

Ө м і р з а қ. Жегілді.

Б а й. Шілиенің үзілгенін тіктің бе?

Ө м і р з а қ. Тіктім.

Б а й. Е, жарайды... не қайда?

Ө м і р з а қ. Нені айтасыз?

Б а й. Әлгі тік мұрт Мишкенің үйіндегі камытты әкеліп пе ең?

Ө м і р з а қ. Жок.

Б а й. Кеше алып кел дегенім қайда?

Ө м і р з а қ. *(теріс қарап)*. Кеше қол тиді ме?

Б а й. Тоздырып, киратып тастайды ғой, қазір барып алып кел. Және нет! Аткараның ішін тазалап таста. Сұр аттың жамбасы қалбетімен сарала былғанып қалыпты. *(Өмірзақ кетуге айналады)*. Ау, әлгі не қайда? Қакпаның, қораның ішіне қайыршы, цыған-мыған кіріп кетпесін. Бірдеңені алып ұрлап әкетеді. Жолатпа қуып жібер. *(Өмірзақ кетеді. Қатыны шайды жияды)*..

Б а й *(үстел басына барып шот қағады)*. Теріден жиырма бес мың алпыс жеті сом. Және, майдан он сегіз мың, анадан алты мың сом, анадан үш мың. Екі жүз мың далай және алты жүз жетпіс бес далай. Сексен тиын шоқ, жеті тиын кір. *(Өмірзақ келіп кіріп)*.

Ө м і р з а қ. Бай, сізді Рахымжан қажы шақырып тұр.

Б а й. Қазір, әлгі тапсырғанды ұмытып кетпе. *(Екеуі де шығады)*.

Үшінші көрініс

А й с ұ л у *(ауыз үйден келіп айнаға барып шашын, кимешегін түзетін)*. Бәтіш-әй! Әй, Бәтіш!

Б а т и м а *(төр үйден)*. Немене?

А й с ұ л у. Менің киімдерімді алып берші, қажының тойына шақырып кетті ғой, барып келейін.

Б а т и м а. Киімің абдырада, төрдегі үйге барып кисеңші.

А й с ұ л у. Мен келгенше үйден шықпа. Біреу бірденені алып кетер, жалғыз отыруға қорықсаң, Биғашты шақыртып ал. Екеуің ойнап отыра тұр, мен де көп болмаспын.

Б а т и м а. Апа-ау! Биғаш жасыл сәтеннен бір көйлек тіккізіпті, көрдің бе?

А й с ұ л у. Қазакша мекен? Ноғайша мекен?

Б а т и м а. Ноғайшадағы, осы күнде қазақшаны кім киюші еді?

А й с ұ л у. Кім тігіпті?

Б а т и м а. Мәдескеге тіккізіпті, бойға бір түрлі қонады.

А й с ұ л у. Мәдеске тіккен соң, жаман бола ма?

Б а т и м а (*белін қысып*). Белі денеге жабысып тұрады, етегі былайлау кең келген. (*Омырауын көрсетіп*). Мынадан былай тағып тастаған, үлкен жасыл түйме, етегі келтелеу бір түрлі жарасады!

А й с ұ л у. Тәйірі, орыстікіндей сыландаған бірдене де.

Б а т и м а. Апау, осы ноғайлардың өзі орысша киіп жүрген жоқ па? Жаңа моды сол емес пе?

А й с ұ л у. Етекте қымтауға келмеген соң не киім сәндігі бар?

Б а т и м а. Ие, бәрібір, көк паплиннен сондай бір көйлек тіктіріп аламын.

А й с ұ л у. Қоя тұр енді не болса соған әуес болмай.

Төртінші көрініс

Бұрынғылар һәм ХАКІМ

(*Қол ұстасып амандасып*). Сәламатсыз?

А й с ұ л у. Құдайға шүкір.

Х а к і м. Құданың күдіреті, сіздің үйге келгім келеді де тұрады.

А й с ұ л у. Оның рас қарағым! Тәуір көретін кісі келмегенде кісі бір түрлі көңілсіз отырады. Хакім неге келмей жүр деп, Бәтеш екеуміз де айтысып отыр едік.

Х а к і м. Мен сіздің магнитіңіз бар ғой деп ойлаймын.

А й с ұ л у. Онысы неменесі, жазған!

Х а к і м. Магнит деген бір асыл темір болады, жеңгей, асыл қайшыны білесіз ғой?

А й с ұ л у. Ия.

Х а к і м. Асыл қайшыны инеге жақындатсаңыз инені өзіне тартып алмай ма?

А й с ұ л у. Ия, тартады. Батжанның ұшы сынған қайшысы бір түрлі өткір еді. Ине болсын, шеге болсын тартып тұрушы еді.

Х а к і м. Ия, сіздікі сол қайшы сияқты да, мен ине сияқты. *(Батима теріс қарап күледі)*. Жеңгей, Бәгіш неге күліп отыр. *(күліп)*.

А й с ұ л у. Қайдан білейін не деп отырғандарыңды. Не десен де өзім ұғып отырғаным жоқ.

Б а т и м а. Апа-ау саған емес, өзінің сөзіне күліп отыр.

Х а к і м. Жоқ, жеңгей сізге күлмеймін. *(Күліп)*. Өзімнің сөзім күлкі болып шығыпты. *(Темекі тартады)*. Жеңгей, рахым етіңіз, *(ұсынады)*.

А й с ұ л у. Жоқ қарағым, темекіні не қылайын жасаған.

Х а к і м *(Батимаға ұсынып)*. Бәгіш тартатын шығар.

Б а т и м а. Жоқ, ойбай!

Х а к і м. Жеңгей.

А й с ұ л у. Ә...

Б а т и м а. Тамағыңыз бар ма ішетін?

А й с ұ л у. Даяр тұрған дәнене жоқ. Істеп бермесем,

Х а к і м. Істейтін тамаққа қарамаймын.

А й с ұ л у. Біреу тойға шақырып, соған барғалы отырмын. Әйтпесе...

Х а к і м. Жоқ, әуре болмаңыз, мен даярдан ештеңе жоқ па деп ойлап едім.

А й с ұ л у. Даяр не болады.

Х а к і м. Кішкене көңіл ашатын әлгі бір сыраны айтамын.

Б а т и м а. Мен әлде не деп отырсам, сыраны айтады екен ғой.

Х а к і м. Жеңгеймен екеуміз онан басқа нені білеміз, балалығын қарашы?

А й с ұ л у. Бай да айтып жүр еді, кант жетсе неғылсын. Шымыр бай кант тауып берер деп жүр еді, сол бірдеңе тапса?

Х а к і м. Бәсе. Сізден шығатынын білем ғой, мен түнеугідей бір жақсы вечер жасасак деймін. Жалғанның қызығының өзі сол емес пе, жеңгей!

Айсұлу. Көңіл көтергенді өзім жақсы көрем! Оны енді бірдеңе қылармыз... Ойбай-ау! Әлі сөзбен айналып отырып қалыпшың, ой, Бәтеш-ау... той қайда?

Б а т и м а. Енді кешігіп қалмай барсаң болмай ма. (Хакімге). Сағатыңыз қанша бөлді?

Х а к і м (сағатын қарап). Он бірге жиырма бес минут кетті.

А й с ұ л у. Қой ендеше, барайын. (Түрегеліп төргі үйге жүреді).

Б а т и м а (тұрып келіп). Апа, ақшаң бар ма еді?

Айсұлу. Ондық табылар. (Батима төргі үйге жөнеледі).

(Хакім қолымен ымдап шақырады).

(Батима көрмегенсіп кетіп қалады).

Бесінші көрініс

Хакім жалғыз

Екі қолын қалтасына салып, олай-бұлай аяңдап айнаға барып шашын тарап, жағасын түзеп, тамағын кенеп қоқиланып жүреді. Біңылдап ән салып.

Көзімнің қарасы, көңлімнің санасы.

Бітпейді-ау ішімде, ғашықтық жарасы.

Қазақтың баласы, жасы үлкен ағасы,

Бар демес сендей бір адамның баласы.

(Қыздың есігіне сығалап келіп, қайта өлеңдетеді).

Жылайын, жырлайын, ағызып көз майын

Қалкама келгенде айтуға сөз дайын

Телміріп қарайсың, тереңдеп тұрмайсын

Бейхабар жүргенсіп, бек қатты сынайсын.

Алтыншы көрініс

ХАКІМ, БАТИМА

Б а т и м а *(кіріп келіп)*. Кетіп қалған жоқсыз ба?

Х а к і м. Неге кетейін, кеткен жоқпын.

Б а т и м а. Апам кеткен соң келсеңіз қайтеді.

Х а к і м. Жарайды ендеше, ә! Не айтайын деп едім, ә! Бүгін бастанғы істейді екенсіз ғой.

Батима *(күліп)*. Немененің бастанғысы? Мен қалай бастанғы істей алам. Менің қолымда ас бар ма?

Х а к і м. Астан басқадан да істеуге болады. Апан қазір кете ме?

Б а т и м а. Қазір кетеді.

Х а к і м *(жақындап)*. Менен хат алдың ба?

Б а т и м а *(жымып)*. Жоқ.

Х а к і м *(таңданып)*. Рас па?!

Б а т и м а *(күлімсіреп)*. Рас.

Х а к і м. Жарайды, алмасан алмай-ақ қой... Үйде онаша боласың ғой.

Б а т и м а. Оны қайтесің?

Х а к і м. Так, біліп қоюға.

Б а т и м а *(күліп)*. Білмей-ақ қойыңыз.

Х а к і м *(жақындайды, Батима шегінеді)* Тұра тұршы, бір сөз айтайын.

Б а т и м а *(артына қарап шегініп)*. Со жерден-ақ айтыңыз.

Х а к і м *(шегініп, қолымен ымдап)*. Бері таман келші! Есітіп қояды деймін.

Б а т и м а *(жақынырақ келіп)*. Ал, немене айтасыз?

Х а к і м. Үйде жалғыз боласың ба?

Б а т и м а. Апам шығып қалады, сіз барыңызшы.

Х а к і м. Олай болса, мен бір айналып келейін.

Б а т и м а *(қылымсып)*. Келмей-ақ қойыңыз.

Х а к і м *(таңданып)*. Неге?!

Б а т и м а. Сол.

Х а к і м. Батима! Маған неге сенбейсің, ойының ба, шыны ба? Өзің түгіл кәртішкеңді күнінде жүз көрмесем шыдай ал-

маймын, сен ойын қыласың. *(Батиманың қолын ұстап төмен қарап мұңаяды).*

Б а т и м а. Сөздің жөнін айтамын, мені әуре қылып қайтесіз!

Х а к і м. Қалайша, неменесі әуре.

Б а т и м а. Бәрібір сіз мені алмайсыз.

Х а к і м *(ренжіп)*. Ылғи маған айтатының осы, себебі не? Айтшы шынықты?

Б а т и м а. Басыңыз бос емес, кісіні текке нетесіз.

Х а к і м. *(қаттырақ сөйлейді)*. Бұл не деген сөз, мен әлдеқашан айтқаным жоқ па? Бір қатынды тастай алмасым бар, менің кісі болып жер үетінде жүргенім құрысын.

Б а т и м а *(артына қарап ернін қысып)*. Ақырын сөйлеңіз.

Х а к і м. Жоқ, енді сен, сенбей кісіні күйдіріп жібересің, оқыған кісі мұндай сөзді айтпайды. Сен оқымағандықтан айтасың.

Б а т и м а *(өкпелеп)*. Менің оқымағанымды жаңа білгенсіз. *(Қолын тартып)*. Қоя беріңізші.

Х а к і м *(жібермейді)*. Жоқ, біреуді біреу зорлап ұстап тұра алмайды. Қөңілім сүймейді, тастаймын! Қазақтың былшылы менің құлағыма биттей кірмейді.

Б а т и м а. Сіз барыңызшы, қазір апам шығады!

Х а к і м. *(өзіне таман тартып бетінен сүйіп алып күліп қоя береді)*. Жарайды, келем.

Жетінші көрініс

АЙСҰЛУ, БАТИМА

А й с ұ л у. Әлгі Хакім қайда, кетіп қалған ба?

Б а т и м а. Кетіп қалды.

А й с ұ л у. Неге келген екен?

Б а т и м а *(тамсарып)*. Сыраға келіп жүр де, онан басқа не дейсің?

А й с ұ л у. Жарайды, карағым, мен барамын енді, үйден шықта!

Б а т и м а. Барсаң енді тез бар, жылдам қайт.

(Айсұлу шығып кетеді).

Сегізінші көрініс

Батима жалғыз

Батима айнаға барып шашын тарайды. Тарағын, шөлбесін көреді, бойын сылайды. Айнаға алыстап қарайды, жақындап қарайды. Олай-бұлай жүріп, өзіне-өзі көңілі толған кісіше айнаның алдына орындыққа отырып омырауынан медальонын алып қарайды.

Әууе! Әлде қай жерде жүр екен, қашан көрем жүзінді, өзге қандай ашық болса да, саған тең емес. Дүнияды алған жарым сен болсаң арманым болмас еді. Не керек, мені менсінбейсін ғой. Мені ұмыттың ғой. Маған бір хат та жазбайсың, менен басқа талай ғашық жарың бар ғой, оған кім ғашық болмайды. Оқыған бір қызды тауып алды ғой.. Менің әкемнің байлығын неғылсын? Байлық кісіге жолдас бола ма, талай байдың қызы теңіне бара алмай жүрген жоқ па?.. Құдай-ай... Неге оқымадым екен, әкесі құрғыр-ай. Жасымда неге оқуға бермеді екен, оқысам басым бос болар еді..

Қайда барсам еркім болар еді. Бүйтіп үйге қамап қояр ма еді. Оқысам мені қай қара таяқ алмас еді!.. Қара таяктар алам деген болады, бәрі де ғашық болып хат жазады, бір сандық хат болды, қайсы біріне сенесің, қайсы біріне жетерсің, Рахметтің қызы құсатып алдап кете ме деп әпкі қорқамын, бәрінен де Хакімнің жігіттігі артық, дәулеті бар, тұратын қызметі де жақсы, жұрттың аузына ілініп, атағы да шығып тұр.

Шешен, қалжыңшыл, ақ жарқын... оның бірақ аузы кішке-не үлкендеу, көзі әнтек қылилау, қатыны тағы бар, тастаймын дейді. Кім біледі, одан Нұрмақ жақсы болар еді, жас, бойдақ жігіт, хатты қандай әйбат жазады. Ылғи өлеңмен жазып, кісінің жүрегін елжіретеді, бірақ ол жарқырап көзге көп түспейді, атак алатын жігіт емес пе деп ойлаймын, оңашадағысын білмеймін, кебінесе сөйлемейді өзі. Оның қолы бір түрлі мап-майда, маңдайы қандай жақсы... Әбутәліп мұғалім де хат жазып жүр, о да жаман жігіт емес, несі бар? Бір кісіге күйеу болуға жарамай ма? Бірақ оның қатыны өлген, өлген кісінің киімінен қорқушы ем, оның орысша білмейтіндігі тағы бар. Хат-

ты қалай ноғайшылап жаза ма, қалай, кей сөзіне түсінбеймін. *(Айнаға қарап қуанып)*. Құдай-ай, жұрттың бәрі маған ғашық! Мен де бәрінің көңілін қалдырғым келмейді, Мен бәрінің сырын білем, олар бірін-бірі білмейді, бәрінің есі шығып бітті-ау, байғұстарың мұнан қызық болар ма?

(Жымылып күліп отырады).

Тоғызыншы көрініс

БАТИМА, НҰРМАШ.

Н ұ р м а ш *(үйіне кіріп келіп)*. Жолы болар жігіттің...

Б а т и м а *(ұшып түрегеліп жүрегін басып)*. Ах! Шошып кеттім ғой.

Н ұ р м а ш. Менен бе, басқадан ба?

Б а т и м а. Жок сізден емес... сізді келеді деген биттей ойымда жок еді.

Н ұ р м а ш. Олай болса мен турада аз ойлайсыз екен?

Б а т и м а. Жок, мен сізді ойламаймын дегенім емес, келе қояды деп ойлаған жок едім.

Н ұ р м а ш. Үйде өзіңізден басқа кісі жок па?

Б а т и м а. Жок.

Н ұ р м а ш. Онда мен жұлдыздың оңына шыққан болам ба?

Б а т и м а *(жымылып)*. Қайдан білейін.

Н ұ р м а ш. Менім бағым бар екен, альбомыңызды бере кетейін деп кіріп ем, кезең жерде кез болған дегендей, жеке отырғаныңызға дөп келермін бе?

Б а т и м а. Кане, жаздыңыз ба?

Н ұ р м а ш. Бірдеңе жазған болдым. *(Көрсетіп)*. Бірақ қандай әдемілеп жазсам да, жас жүректің толқындарын суреттеп жеткізе алатын емеспін.

Б а т и м а. Әкеліңізші көрейін.

Н ұ р м а ш *(қалтасынан альбомын алып күлімсіреп ойнап отырады)*. Беруге ұялып отырмын.

Б а т и м а. Өзіңіз жазып тұрып несіне ұяласыз?

Н ұ р м а ш. Кетерде берейін, мен кеткен соң оқырсыз.

Б а т и м а. Жок әуелі өзіңіз оқып беріңіз.

Н ұ р м а ш. Жок енді кетерде берейін. *(Қалтасына сала бергенде Батима әсұлып алады, Нұрмаш таласып ұмтылады. Батима бермейді, Нұрмаш белінен құшақтап таласқан болып жүріп, бетінен сүйіп алады)*. Бере тұрыңызшы, тұра тұрыңыз деймін.

Б а т и м а *(күліп)*. Берілмейді, альбомда дауыңыз бар ма? Мұныңыз қалай?

Н ұ р м а ш. Мұным солай, сен әлі альбомды айтасың мен онан үлкен де дауым бар деп жүрмін.

Б а т и м а *(қылымсып)*. Қоя беріңізші.

Н ұ р м а ш *(бетіне қарап күліп)*. Әкеліңіз енді, қане ендеше өзім оқып берейін.

Б а т и м а. Алдамайсыз ба?

Н ұ р м а ш. Менің алдағанымды қашан көрдіңіз.

Б а т и м а. Жарайды, ендеше сенейін.

Н ұ р м а ш. *(жайлап нығыздап оқиды. Батима күлімсіреп, біресе Нұрмаштың аузына, біресе төмен қарап тыңдайды)*.

Қиылған қасың, күндыздай қара шашың
Бұлаңдай көзің жаудырап, арқала бұрымың
Ағытылған өмірін, шашбауың жүрер саудырап.

Н ұ р м а ш *(Батимаға қарап)*. Енді оқымаймын.

Б а т и м а. Уәдеңіз солай ма еді, оқыңыз.

Н ұ р м а ш. Жарайды.

Мөлдіреген көзіңді
Сынықсыз тәтті сөзіңді,
Көргенде жүрек балбырап

(Батима қарап масаттанып қояды, Нұрмаш қызуланып).

Бұны жүрек сезгенде
Жүйрік қиял кезгенде
Бой босап майдай еріп
Қорғасындай балқып,

Кеудеге шок түскенде
Қызарып бетім үскенде
Бұралып бойым
Әлсіз аяғым тайып
Құшағымды жайып...

(Батимаға құшағын жайып құшақтауға айналады).

Б а т и м а (ұшып түре келіп терезеге барады, Нұрмаш соңынан барады, Батима терезеге қарап). Ойбай, Тәліп мұғалім келе жатыр, осында келмесе жарар еді.

Н ұ р м а ш (терезеге қарағансып Батиманы құшақтап). Япырай, ол ит қай жақтан сап ете түсті, мұнда келетіп болса мен көрінбеймін. (Екеуі де терезеден басын тығып сығалап тұрады).

Б а т и м а. Әне, осы үйге бұрылды.

Н ұ р м а ш. Енді мен қайда тығылам?

Б а т и м а. Отыра берсең болмай ма?

Н ұ р м а ш. Жок, ойбай, ол біліп қойса бәле болады.

Б а т и м а. Енді қайда тығыласыз?

Н ұ р м а ш. Кереуеттің астына кіре тұрсам кайтеді?

Б а т и м а. Жарайды. (Нұрмаш кереуеттің астына кіреді. Батима сасып біресе есікке, біресе төрге жүзгіріп орындыққа отыра қалады).

Оныншы көрініс

БАТИМА һәм ӘБУТӘЛІП.

Ә б у т ә л і п. Ассаламғаликім.

Б а т и м а (көзінің қырымен қарап). Жоғары шығыңыз.

Ә б у т ә л і п (қолын ұстап). Жақсы, саламатсыз ба?

Б а т и м а (ақырын ғана). Шүкір.

Әбутәліп (жан-жаққа қарап). Кісілеріңіз қайда кеткен.

Б а т и м а. Үйде жоқ. (Сасып). Қазір келеді.

Ә б у т ә л і п. Жок, оларда артық шаруам жоқ. (Біраздан соң). Мұнда кешігіп тұруға уақытым жоқ, сондықтан беріл-

ген минутты босқа өткізбей уағда етілген сөздің нәтижесіне шықсақ деймін.

Б а т и м а (*сөзін бөліп шытынап*). Мен сөзіңізге тіпті түсінбеймін. Әкеммен сөзіңіз болса, өзі келген соң сөйлесерсіз... қазір апам келеді.

Ә б у т ә л і п. Сіз қалайша ұқпайсыз, мен ашықтан-ашық айтып отырмын ғой.

Б а т и м а. Мұғалім, өзі келген соң сөйлесерміз.

Ә б у т ә л і п. Менің ойымша басты бір берген соң, қайтпасқа керек, катып қалу керек. Адам туыстығы арқасында ғана мақсұтқа жетеді.

Батима ернін қысады, Әбутәліп оны байқамай сөйлей береді.

Б а т и м а (*төмен қарап*). Сөзіңіз болса апамдар келген соң, басқа уақытта айтарсыз. Қазір сөйлесуге уақытым жоқ.

Ә б у т ә л і п. Мен сіздің маған бұлайша қарағаныңызға кием кетеді, сіз мені әйелге ыңғайы жоқ бір суық жан деп ойлайтын шығарсыз; бірде олай ойлауға жарамайды, адамшылықтың бір негізі – әдеп. Әдеп тұрған жерде иман тұрады деген пайғамбардың хадисі бар. Бірақ сырты әдепті кісінің жүрегі салқын болады деп ойлау лайық емес. Менің жүрегімде де ыстық қан бар. Мен махаббатты қатты білемін.

Б а т и м а (*бұлқынып*). Қоя беріңізші.

Ә б у т ә л і п. Тұра тұрыңыз, мен түн ұйқымды төрт бөліп һаман сізді ойлап шығамын. (*Омыраулап*). Мені сүйесіз бе?

Б а т и м а (*қолын жұлып алып тұра жөнеледі*). Бір түрлі адам екенсіз ғой...

Ә б у т ә л і п (*артынан ұмтылып*). Кішкене... (*Батима қарамай шығып кетеді*).

Он бірінші көрініс

ӘБУТӘЛІП жалғыз

(Олай-бұлай жүріп). Бұ қалай? Анаугі Батиманың қайырған жауабы бек жақсы еді. Бүгінгі салқын карауынан мұрат маған мәдеббеті болмағанға ұқсайды бұ не ғажап. Менін әйелмен кеп астас болмағаным ба, болмаса жалпы әйел халқының мінезі солай ма, әйтеуір, біле алмадым.

(Басын шайқап). ым... ым! Қатын мәселесі қиын мәселе, кісіні жынды қылады. Алмайын десен тағы болмайды.

Киімінді біреуге жуғызып, біреуге тамақ істетіп, төсекті жиып жүру артық мехнат. Онай бір кедейдің қызын ала қоюды да білемін, бірақ кедей төсек-орнын жөндеп бере алмайды. Үй жиһазын алуға қанша ақша керек. Оны мен қайдан аламын, қатыным сұлу болса, қайным бай болса деп мақсұт қылушы ем, сол мақсұтқа осы қыз тура келіп еді. Өзі бір байдың жалғыз қызы, жасау анау, үй мүлкі, обороты мынау. Қай қара таяқтың мендей қайны болар еді?! Мұндай қатынмен маған мұқтаждық бар ма? Расходтың бәрін артып қойып, оқысам да, бала оқытсам да, жай жүрсем де болмас па еді. Білмеймін енді осыдан тағы айырылып қалам ба? Бұдан ешбір рухты салбырату жарамайды, тырысып ғамал қылу керек.

(Есіктің ар жағынан дауыс естіледі, Әбутәліп тыңдай қалады).

Б і р і н ш і д а у ы с. Жүр, үйге кіріп сөйлесейік.

Е к і н ш і. Үйде кісі бар ма?

І- О-гім! *(Әбутәліп сасып, олай-бұлай жүргіріп, кереуеттің астына басын сұға түсіп, жұлып алады. Кереует алдында шоқиып отырады).*

ІІ- Ойнап айтам, бірақ апам келеді, қайтыңызшы.

І – Жүр, кішкене отырып шығам.

ІІ – Ағатай, сұрағаным, кірмеңізші.

І- Үйге біреуді тығып қойған шығарсың?

Н ұ р м а ш *(кереуеттен басын қылқитып Әбутәліпке).* Бері кел, бізді құдай ұрды. Не де болса Хакімге көрінбей жатайық. *(Әбутәліп жан-жаққа алақтап қарап кіріп кетеді).*

Он екінші көрініс

БАТИМА һәм ХАКИМ

Х а к і м. *(Батиманың қолынан әсетектеп кіреді).* Қане? Кісі бар дегенін қайда?

Б а т и м а *(көзінің қырымен кереуетке қарап).* Жок, ойнап айтқамын.

Х а к і м *(Батиманы орындыққа отырғызады).* Отыр! *(Өзі қасына отырады. Батима түрегеліп аулағырақ барып отырады).* Менің қасымнан неге кетіп қалдың?

Б а т и м а *(жүрегін басып).* Жүрегім бір түрлі тулап бара жатқаны несі?!

Х а к і м. Қуанарсың, жүрегіңді байқасам қайтеді?

Б а т и м а. Жок. Байқамай-ақ қойыңыз... Ағатай, мен корқып отырмын, барыңызшы.

Х а к і м. Кімнен коркасың!

Б а т и м а. Білмеймін, жүрегімнің кейде көтерілетіні бар еді. Сонысы ұстап отыр білем.

Х а к і м. Үйреншікті болса оқа етпес.

Б а т и м а. Қалжыңды қоя тұрыңызшы, өзімнің жайым келмей отыр.

Х а к і м. Мана сап-сау едің ғой?

Б а т и м а. Ауру алыс па?

Х а к і м. Ауырсаң дәрігер әкелейін.

Б а т и м а. Жок сұмдықты айтпаңызшы.

Х а к і м. Бұрын мұндай емес едің, бірдеңе есітгін бе, маған әлде өкпен бар ма?

Б а т и м а *(мұңайып).* Жок, ешкімге де өкнем жок.

Х а к і м *(түрегеліп Батимаға жақындап).* Өкпен қайтсе жазылады?

Б а т и м а *(тұрып шегініп).* Ағатай, сізден сұрағаным, барыңызшы.

Х а к і м. Мана кел дегенің...

Батима ернін қысып, қолын сілтеп, сөйлетпейді.

Х а к і м *(құлағын тігіп).* Немене? Біреу келе жатыр ма?

Б а т и м а. Тықыр шығады. *(Екеуі де тыңдай қалады).*

Д а у ы с. Уай, атты доғармай тұра тұршы.

Б а т и м а. Ойбай-ай, енді қайттің?!

Х а к і м. Мен төргі үйге барайын, сен байды айналдырып жіберме. *(Төргі үйге кіріп кетеді, Батима орындыққа отырып басын ұстай қояды).*

Он үшінші көрініс

БАТИМА һәм бай

Б а й *(Батимаға қарап)*. Қарағым, апаң келген жоқ па?

Б а т и м а. Жоқ әлі.

Б а й. Немене, басың ауырып отыр ма?

Б а т и м а. Ия.

Б а й *(Батиманың маңдайын ұстап)*. Далаға көйлекшен шығасың, суық тиіп қалған шығар, төр үйге барып жатсайшы.

Б а т и м а. Үйде кісі жоқ болған соң отырмын.

Б а й. Бар қарғам, жат.

Батима кетпейді.

Б а й *(орындыққа отырып, қолына шотты алып, қалтасынан кінешкесін суырып, шот қаға бастайды)*. Әлгіде артық акшам кетті ме деп отырғаным мынау 7700 сом және 250 сомнан 750 сом, жармында 1250 сом. Сонда бәрі болады 9 мың тоғыз жүз 50 сом... Хош, бұған бердім 500-ден 12 қағаз, оны 500 және төртеуі... Үш мың, бәрі болады 9000 сом, 25 сом қайырып алдым... Онан 25 далой, сонда қалады 8975 сом. Ия, тағы немене... Кісіден алатын акшаларым бар ма екен, күні толған вексель бар шығар, вексельдерді бір қарап өту керек екен, чемоданым қайда екен. *(Қалтасынан бумажнигін алып ішінен кілтті тауып алады)*. Кереуеттің астына қойған сияқты едім... Батжанда жатып қалды-ау. *(Кереуеттің астын ашып жіберіп)*. Уай! *(Жалтақтап жығылып қала жаздап қайта тұрып қарайды)*. Уай! Мына жатқандар кім?! Мұнда неғып жа... неғып... мұнда... жатырсындар! *(Хакім есіктен қылтыңдап сығалап тұрады, Нұрмаш, Әбутәлікке қарап жатқанда ептеп басып, ақырын шығып кетіп бара жатқанда бай көріп қалады)*.

Б а й. Уай, сен қайдан жүрсің?

Х а к і м. Мен жана келіп едім, һәр қайсымыз әр жерге тығылып сізді бір шошытайық деп едік.

Б а й (*айғайлап*). Батима! Ә, Батима! (*Батимаға келеді, төмен қарап маңдайын ұстап тұрады. Батимаға*). Мыналар қайдан қаптап кетті?!

Б а т и м а (*жыламсырап*). Әке мен түк те білмеймін. (*Бай Батимаға беті асқан кезде*).

Х а к і м. «Жайыңды білдім» дегендей, анау екеуіне басын изеп үсік қолымен кіжінеді. (*Әбутәліп пен Нұрмаш біріне-бірі қарап гразить етеді, Хакім Батимаға жұдырығын түйеді*).

Б а й (*екі қолын жасайып*). Ә?.. Ә?!.

Он төртінші көрініс

Бұрынғылар һәм АЙСҰЛУ

А й с ұ л у (*екпіндеп кіріп келіп, аңтарылып тұра қалып*). Мыналарға не болған?!.

Б а й. Е, келдің бе? Қызыңа бәтенке әпер!? Бәтенке.

Шымылдық

ТАС МЕЙМАН

Төрт сахналы драма

Кісілері

Дон Жуан – кашқын мырза, 30-да

Лафарель – оның қызметкері, 35-те

С о п ы (Софы) – 55-те

А н н а х а н ы м – командордың қатыны, 25-те

Тас мейман – командордың суреті

З э у р е – артис қыз, 18-де

Дон Карлос – ақсүйек, сері, 30-да

Ү ш қ о н а қ

І с а х н а

Түн, Мадрид шаһарының жанындағы мола. Дон Жуан, Лафарель.

Д о н Ж у а н.

Осы арада түнді күтелік.

Уһ, әрең дегенде жеттік-ау,

Мадридтің қақпасына.

Мұртымды желекпен,

Қасымды қалпақпен жауып,

Кешікпей таныс көшелерде сайран салам.

Мені ешкім тани алмас па, қалай ойлайсың?

Л а ф а р е л ь. Ия, Дон Жуан деп білу арам болар! Ол сияқтылар көзбен шоласыз ғой!

Д о н Ж у а н. Қалжыңдаймысың? Мені кім таниды?

Л а ф а р е л ь. Кім танымайды?

Әлде Титанның алғашқы сақшысы,

Әлде бір есірік кобызшы,

Әлде өзіндей желек жамылып,
Қолтығына қылыш асынған,
Қалпақты, арсыз бозбала.

Д о н Ж у а н.
Таныса қайтеді, тек маған
Корольдің өзі жолықпаса болғаны.
Олай десен, мен Мадридте
тірі жаннан қорықпаймын.

Л а ф а р е л ь.
Жер ауған Дон Жуан Мадридке қашып кетіпті.
Деген хабар ертең-ақ корольге жетеді –
Айтыңызшы, сонда сізге не істейді?

Д о н Ж у а н.
Азар болса, қайта айдар.
Басымды шауып тастамас,
Мен мемлекет жауы емеспін ғой!
Ол мені аяп, өлтірген кісімнің үй іші
Мені тыныш қойсын деп кетірді ғой.

Л а ф а р е л ь.
Солай ма екен!
Кеше, барған жерде неге тыныш жүре бермедіңіз?

Д о н Ж у а н.
Көңгіш достым! Мен онда
Ішім пысып, әрен өлмей қалдым ғой.
Неткен елі, неткен жері, аспаны ше?
Бейне түтін!
Әйелі ше?.. Мен олардың бас шолуына
Андалостың аяқ әйелін де айырбастамас ем.
Алғашқыда олар маған ұнап жүрді,
Көзінің көктігімен, бетінің ақтығымен,

Мүләйім қылығымен – көбінесе жаңалығымен:
Бергеніңе шүкір, сырын білдім кешікпей олардың,
Мен жұғысу обал екен, байқасам,
Тірліктен нысап жоқ – қуыршақ өңкей балауыз...
Біздікін айтсаңшы!.. Бер кара, осы араны
Шырамытам, таныдың ба осы жерді?

Л а ф а р е л ь.

Неге танымаймын? Антонның сопыханасы
Есімде бар. Сіз мұнда келуші едіңіз,
Осы орманда атыңызды ұстап мен тұрушем.
Одан жексұрын, шын айтқанда, қызмет бар ма!
Уақытты менен гөрі сіз көңілді өткізуші едіңіз,
Рас қой!

Д о н Ж у а н *(ойланады)*.

Аниза бишара!
Бұ күнде ол жоқ! Қандай жақсы көрушем!

Л а ф а р е л ь.

Қара көз Аниза ма?.. О, о, білем!
Үш ай соңынан түстіңіз ғой;
Уаде өй зорға болысты ғой.

Д о н Ж у а н.

Тамызда... түнде. Оның мұңды көзінен,
Кезерген ернінен бір түрлі жат ләззат алушы едім.
Не ғажап екенін білмеймін,
Сен оны сұлу емес дедің.
Білем. Анығында шын сұлулық аз еді... көздері
Бір ғана көздері, көз карасы...
Ондай қарасты өмір бойы көргем жоқ! Дауысы
Дертті адамдікіндей еді.
Өлімсіреген нәзік еді...
Ері бір томырық ит екен –

Мен онысын соң білдім...

Сорлы Аниза!..

Л а ф а р е л ь.

Қайтесің, одан кейін басқалар да болды.

Д о н Ж у а н.

Рас.

Л а ф а р е л ь.

Тірі болсақ, тағы да өзгелер табылар.

Д о н Ж у а н.

Сонда да.

Л а ф а р е л ь.

Енді Мадридте қайсысын іздейміз?

Д о н Ж у а н.

Ә, Зәурені!

Мен тура соныкіне қашып келем.

Л а ф а р е л ь.

Іс-ақ.

Д о н Ж у а н.

Тура есігіне жетіп барам; біреу-міреу отырса —

Терезеңнен түсір деймін.

Л а ф а р е л ь.

Әрине кане, көңілді көтердік білем.

Өткен әйелдер бізді көп мұңайтпас.

Бізге келе жатқан кім?

(Сопы кіреді).

С о п ы.

Қазір мұнда келеді ол.

Кім бар мұнда? Аннаның адамы емес пе?

Л а ф а р е л ь.

Жок, біз өзімізге өзіміз қожамыз.

Мұнда сейілде жүрміз.

Д о н Ж у а н.

Сіз кімді күтесіз?

С о п ы.

Қазір ерінің қабырына

Анна ханым келмек еді.

Д о н Ж у а н.

Анна ханым

Де – солбенін?

Өлтірілген камандордың зайыбы...

Кім өлтіргені жадымда жоқ...

С о п ы.

Бұзылған, әрсіз, имансыз,

Дінсіз Дон Жуан өлтірген.

Л а ф а р е л ь.

Оһу! Бәрекелді! Дон Жуанның аты

Тым-тырыс сопыханаға жетіп қалған.

Тақуалар да оны мадақтап жырлайды екен.

С о п ы.

Ол әлде сіздерге таныс па?

Л а ф а р е л ь.

Жок. Түк таныс емес.

Бұл күнде ол қайда екен?

С о п ы.

Ол айдауда, алыста.

Л а ф а р е л ь.

Құдая, оныца да шүкір!

Неғұрлым алыс болғаны жақсы.

Барлық бұзакыларды

Бір қапқа салып, дарияға тастар еді.

Д о н Ж у а н.

Немене, нені соғып барасын?

Л а ф а р е л ь.

Үндеменіз, мен тек жорта...

Д о н Ж у а н.

Сүйтіп, камандорды осында көмген деңіз?

С о п ы.

Осында, қатыны басына там тұрғызды,

Күнде келіп, аруағына дұға оқып, жылап кайтады.

Д о н Ж у а н.

Не деген жат әйел.

Марқұм тегін қызғаншақ болған жоқ екен,

Анна ханымды кілттеп ұстаушы еді:

Ешқайсымыз да оны көре алмадық.

Теріс емес шығар?

С о п ы.

Біз, тақуалар әйелдің көркіне

Әуейіленбеуіміз керек.

Жалған сөйлеу де күнә, оның ғажап көркіне

Әулиелер де таласпас.

Д о н Ж у а н.

Мен ол кісімен сөйлессем бе деп едім.

С о п ы.

Анна ханым еш уақытта еркекпен сөйлеспейді.

Д о н Ж у а н

Сізбен ше, әкей?

С о п ы.

Ол баска, мен сопы ғой.

Міне, өзі де келді.

(Анна ханым кіреді).

А н н а х а н ы м.

Әкей, ашыңыз.

С о п ы.

Қазір, ханым, мен сізді күтіп едім.

(Анна ханым сопының соңынан жүреді).

Л а ф а р е л ь.

Немене? Қалай көрінеді?

Д о н Ж у а н.

Көре алмадым,

Қара жамылып, тұмшаланып алыпты,

Жіп-жіңішке өкшесін ғана көзім шалып қалды.

Л а ф а р е л ь.

Сізге со да жетед. Қалғанын қиялыңыз

Ілезде-ақ сүгіреттеп толтырар;

Қиялыңыз сүгіретшіден де жүйрік.

Қасынан ба, аяғынан ба, неден?

Бастасаңыз да сізге бәрібір.

Д о н Ж у а н.
Тыңда, Лафарель,
Мен онымен танысам.
(Кырындап).

Л а ф а р е л ь.
Міне енді!
Саспайды! Байын өлтіріп салып,
Енді жесірдің көз жасын жеңсік көрді.
Арсыз!

Д о н Ж у а н.
Шам да жамырады.
Төбемізге ай көтеріліп, інір қараңғысын
Жарық қылғанша, Мадридке кіріп алайық.

Л а ф а р е л ь.
Испанияның шонжары, ұрыдан жаман
Айдан қорқып – түн күтетін күн болды
Ау, тәңірі,
Қуарған өмір! Осымен бірге
Қаншаға шейін алданам, әлім де әбден құрыды!

И с а х н а

Бөлме. Зәуренікінде, кешкі тамақ...

Б і р і н ш і к о н а қ.
Ант етемін, Зәуре, өмірі сондай
Тамаша ойнап көрген жоксың!
Ролінді қалай дұрыс ұққансың!

Е к і н ш і.
Қалай жеттіктің, қандай күшті.

Үшінші.
Қандай өнер десейші!

Зәуре.
Ия, маған бүгін
Әр қозғалыс, әр сөздің сәті түсті,
Мен шабытыма еркін түсіп кеттім;
Қорғалақ жадым туғызған жоқ,
Сөз бейне бір жүрегімнен құйылды...

Бірінші.
Рас.
Осы күнге шейін көзің жалт-жұлт етеді.
Бетіңде нарттай шаттықтың қызуы.
Әлі де басылған жоқ. Зәуре, босқа оны суытпа:
Айтып жіберші, Зәуре, айтшы бірдеме!

Зәуре.
Гитарымды әперіп жіберіңізші. *(Ән салады)*.

Бәрі.
Ой, пәлі! Пәлі, ғажап! Тамаша!

Бірінші.
Рахмет, сиқыршым! Сен біздің
Жүрегімізді елтітесің. Өмірдегі ләззатта,
Жалғыз махаббатта ғана ән жол береді.
Бірақ махаббатта – ән... қарашы;
Түнерген қонағың Карлостың да жүйесі
Босады.

Екінші.
Неткен үн! Қандай отты жан! Бар ол үнде!
Бұл кімнің сөзі, Зәуре.

Зәурә.
Дон Жуандікі.

Дон Карлос.
Не дедін? Дон Жуан!

Зәурә.
Бір кезде мұны шығарған менің опашыл.
Жан достым, менің желбас ғашығым.

Дон Карлос.
Сенің Дон Жуаның – дінсіз, лағнат
Сен, сен акмақ.

Зәурә.
Сен құтырдың ба?
Испанияның шонжары болсаң да құлдарыма
Дереу сені бауыздатармын.

Дон Карлос.
Шақыр оларыңды.

Бірінші.
Зәурә, қой?
Дон Карлос, ашуланба. Ол ұмытып айтты...

Зәурә.
Немене? Дон Жуан жекпе-жекте оның
ағасын тазалықпен өлтірген, сонда мұны өлтірмеген екен.

Дон Карлос.
Саған ашуланған мен де акмақ.

Зәурә.
Аһа! Ақымақтығыңды мойныңа алдың ба?
Ендеше татуласайық.

Дон Карлос.
Жаздым, Зәуре!
Кеш мені. Бірақ, білдіңіз бе: мен сол
Атты естігенде, шыдай алмаймын...

Зәуре.
Оның аты минут сайын аузыма түсе береді.
Оған мен жазықтымын ба?

Қонақ.
Ашуланбағаныңды білейік,
Зәуре тағы бірдене айт!

Зәуре.
Ия, той тарқағанда.
Тарқар мезгіл түн бопты. Бірақ енді не айтайын?
Ә! Ал тыңдаңыздар. *(Әндетеді)*.

Бәрі.
Әйбағ! Теңсіз!

Зәуре.
Қош болыңыз, мырзалар.
Қонақтар.
Қош, Зәуре.
(Шығады. Зәуре Дон Карлосты тоқтатады).

Зәуре.
Сен, қағынды, мұнда қал.
Сен маған ұнап кеттің, сен Дон Жуанды
Есіме түсірдің, тісінді қайрап, тістеніп,
Маған ұрысқанда.

Дон Карлос.
Бакытты екен!

Сен оны жақсы көріп пе едің?
(Зәуре «көріп ем» дегендей бас изеді).
Мейлінше?

З ә у р е.
Мейлінше.

Д о н К а р л о с.
Осы күнде де ме?

З ә у р е.
Осы минутта ма?
Жок, сүймеймін. Мен екі адамды бірден
сүйе алмаймын.
Енді сені жақсы көремін.

Д о н К а р л о с.
Айтшы, Зәуре,
Нешедесің?

З ә у р е.
Он сегіздемін.

Д о н К а р л о с.
Сондай жассың... әлі де бес, алты жыл жас
Боласың. Әлі де сенің алты жыл маңайыңда
Үймелеп, еркелетіп, әлпештеп, олар сый беред,
Түндер бойы тәтті әнмен әлдилейді,
Қараңғы түнде сен үшін бірін-бірі өлтіред.
Бірақ, дер шағың сенің өткенде, көзіңнің
Оты кеткенде, қабағың катып құрысып,
Бұрымыңа ақ кіріп, кәрілік келіп жеткенде,
Кемпір деп саған ат қойып, бәрі де сыртқа
Тепкенде, сол күнде сен, не айтасың?

Зәуре.

Онда ма... ойлап бұған не керек?

Не деген сөз бұл, жарқыным?

Әлде сенің дайым ойың осы ма?

Кел, балконды аш. Көк калай тымық!

Жылы ауа бүлк етпейді; түннің лимон,

Жапырақ исі аңкиды; кара көк коңыр

Аспанда ақ күміс ай жарқырайды,

Сақшылар да саңғырап дауысын созады!..

Әлде алыста, түн жакта, кім біледі, Парижде

Аспанды ауыр бұлт кұрсап,

Суық жаңбыр жауып тұр, әйтпесе жел соғып тұр,

Соқсын бізге не керек? Тында мені, Дон Карлос.

Бір мырс етші, тілеймін. Ә! Солай ма екен!

Дон Карлос.

Өзәзіл сәулем!

(Есік қағады).

Дон Жуан.

Әй, Зәуре.

Зәуре.

Кім онда? Бұл кім дауысы?

Дон Жуан.

Аш!

Зәуре.

Нағып!.. Алла-ау!..

(Есікті ашады, Дон Жуан кіреді).

Дон Жуан.

Аман ба!

Зәуре.

Дон Жуан.

(Мойнынан құшақтай алады).

Дон Карлос.

Не дейді, Дон Жуан!..

Дон Жуан.

Зәуре, сүйкімді досым!.. *(Сүйеді).*

Үйіндегі кім, Зәурешім?

Дон Карлос.

Мен – Дон Карлос.

Дон Жуан.

Міне, қапы кездесу

Мен ертең бар қызметіңе әзірмін...

Дон Карлос.

Жоқ, бүгін, қазір.

Зәуре.

Дон Карлос, тоқтаңыз! Сіз

Көшеде емес, менің үйімдесіз, шығыңыз үйден.

Дон Карлос *(оны тыңдамай).*

Мен күтіп тұрмын. Ал немене? Сен қылыштысың ғой.

Дон Жуан.

Сен шыдамайтын болсаң, кел.

(Төбелеседі).

Зәуре.

Әй-әй, Жон!..

(Төсекке атып шығады. Дон Карлос жығылады).

Д о н Ж у а н.
Тұр, Зәуре, бітті.

З ә у р е.
Не айла?
Өлтірдің бе? Жаксы кыпсын! Менің үйімде, мен кайтем
Енді, соғылған малғұн?
Оны мен қайда шығарып тастармын?

Д о н Ж у а н.
Мүмкін ол әлі тірі шығар. *(Өлікті айналдырып көреді).*

З ә у р е.
Қайдағы тірі! Көр ант!
Тайғыза салдым деймісің – қак жүректен қададың ғой.
Үшкіл жарасынан қан да ақпайатыр
Демін де алмайды қалай?

Д о н Ж у а н.
Қайтесің?
Тіленген өзі.

З ә у р е.
Ах, Дон Жуан,
Күйініш, шын мәңгі шалдыуарлық!..
Қайткенмен жазықты емессің... қайдан келдің?
Мұнда келгелі көп болды ма?

Д о н Ж у а н.
Келіп тұрғаным осы,
Онда да еппен, маған әлі кешкен жоқ қой.

З ә у р е.
Келісіңмен Зәурең есіңе түсті ме?
Ісін іс-ақ. Ия, қой әрі,

Мен нанбаймын саған, әлде қалай өтіп бара жатып,
Үйді көрдің ғой.

Д о н Ж у а н.

Жоқ, Зәурешім.

Нанбасаң, Лафарельден сұра, Мен қала

Артындағы ант атқан қабақта тұрамын.

Мен Мадридтен Зәурені іздеп келдім. *(Сүйеді).*

З ә у р е.

Жан досым!..

Тұра тұр!.. өлік жатқанда... оны қалай қыламыз.

Д о н Ж у а н.

Қой оны, таң алдында, ерте

Ішіме бүркеп, алып шығып,

Жолдың торабына тастармын.

З ә у р е.

Байка, біреу көріп жүрмесін.

Қандай жақсы істедің, бір

Минуттай кеш келіп!

Меңде сенің достарың тамақ ішіп ед.

Жаңа ғана шыққаны сол еді.

Әйтпесе сен үстіне келетін ең.

Д о н Ж у а н.

Зәуре, сен оны көптен жақсы көресің бе?

З ә у р е.

Кімді сандырақтап тұрсың.

Д о н Ж у а н.

Саған қалқам!

Мен жоқта менің көзіме неше қабат шөп салдың?

З а у р е.

Ал, сен соғылғаншы?

Д о н Ж у а н.

Айта ғой, саған жоқ, соң сөйлесерміз!..

Ш с а х н а

Камандордың ескерткіші.

Д о н Ж у а н.

Бәрі де жақсылыққа: абайсызда өлтіріп

Дон Карлосты, мәлиген сопы болып,

Мұнда келіп тығылдым.

Аруым тұл әйелді күнде көрем,

Мен де оның көзіне түстім білем.

Бұған шейін тоң айбатпен сынайысып жүріп ек.

Бүгін енді оныменен сөйлесем, мезгіл!

Неден бастасам? «Белді будым...» десем бе, жоқ

«Женеше» деймін бе?... Ә...

Күн бұрын қамданбай-ақ ойыма не келсе,

Соны айтам, махаббаттың жырын ойдан ағытам...

Келер кезі болғандай, ол келмесе,

Камандор сағынатын шығар-ау,

Камандор қалай дәудей жасалған! Неткен иық!

Неткен алып, Геркулес! Марқұм өзі шүкиттей,

Жадай кісі ед! Аяғының үшімен тұрып қолын созса

Мынау тұрған өз мұрнына жетпес ед.

Ескір жалдың ар жағында

Кездесіп қылшылдаған қылышыма тап болып,

Ине шанышқан инеліктей сілейді;

Ол паң еді, жүректі еді, мінезі де тоң еді...

Ә! Міне өзі. *(Анна ханым кіреді).*

А н н а х а н ы м.

Ол тағы мұнда, әкей

Мен сіздің ойыңызды бөлдім бе, ғапу етіңіз.

Д о н Ж у а н.

Сізден ғапу тілеуге мен міндетті,

Женеше. Шеріңізді таркатуға қымсынбай,

Әлде мен бөгет болармын.

А н н а х а н ы м.

Жок, әкетай, қайғым менім ішімде.

Жанымда сіз тұрғанда менің дұғам.

Өрмелеп көкке жетуге мүмкін.

Әлсіз менің дұғама дауысыңызды қосыңыз:

Сізден соны сұраймын.

Д о н Ж у а н.

Сізбен бірге, Анна ханым, маған, маған ба

Тілек қосуға!

Ол құрметке мен өзімді кем көрем.

Мен күнәлі лебізім мен ізгі тілегімді

Қайта айтуға қаймығамын, именем:

Сіз ақырын зияратқа бас иіп,

Макпал кара шашыңызбен аялап,

Ақ мәруэр қабыр тасын жапқанда

Жасырынып бір періште қабырға

Бейне келген тәрізді боп көрінед.

Мен тек сонда анау жерден құлдық кып,

Сізге карап отырғаным – мәртебе.

Сонда менің, дүрсіл қағып жүрегім,

Жалбарынуды, дұғаны да ұмытам.

Менде үн жок, танданамын, ойлаймын:

Оның ұжмақ деміменен жылынған

Махаббатты жасыменен жуылған

Суық мәруэр астындағы адамның

Арманы жок, бақытты екен деп, қызғанам.

А н н а х а н ы м.

Неткен жат сөз!

Д о н Ж у а н.

Ханым?

А н н а х а н ы м.

Маған сіз жаңылыш...

Д о н Ж у а н.

Не дейсіз? Әлде мен

Кем-кұр сопы ма? Әлде менің күнәлі үнім мұнда

Қатты шықпауға тиісті ме?

А н н а х а н ы м.

Мен ойлап ем... мен ұқпадым...

Д о н Ж у а н.

Ах, көріп тұрмын: сіз әлі, сіз әлі күнге таныған жоқсыз?

А н н а х а н ы м.

Нені танымадым.

Д о н Ж у а н.

Ендеше, мен сопы емеспін...

Аяғыңызды құшып, кешірім тілеймін.

А н н а х а н ы м.

Ой, Алла! Тұрыңыз! Сіз кімсіз?

Д о н Ж у а н.

Мен бір сорлы, далбаса нәпсінің құрбаны!

А н н а х а н ы м.

Ой, жасаған-ай! Осында, мынау кабыр басында

Кетіңіз аулак!

Д о н Ж у а н.
Бір минут, Анна ханым
Бір минут.

А н н а х а н ы м.
Біреу келіп қалса. Қайтесің..

Д о н Ж у а н.
Шарбак жабулы, бір минут!

А н н а х а н ы м.
Ал, немене? Сіз тілейсіз.

Д о н Ж у а н.
Ажал тілеймін!
Ой, қазір аяғыңызды күшып өліп-ақ кетейін
Сорлы денем. Осы жерде қалқаныздың қабырынан аулақ
жерге

Ақ көмілсін;
Бұ жерге емес, жуық емес, әлде қайда алысқа
Әлде анда есік жаққа, қақ босаға түбіне;
Бұйра шашты, жасты бірге төгуге,
Мынау тұрған паң қабырға келгенде,
Қаңбақ құрлы аяғыңыз, киіміңіз, тым болмаса қабыр тасым
Сүйкесін.

А н н а х а н ы м.
Сіз есіңізден тандыңыз...

Д о н Ж у а н.
Анна ханым!
Ажал тілеу, есалаңның ісі ме?
Ессіз болсам, тіршілікті тілер ем,
Көңіліңізді жібек махаббатыммен
Жібітем деп мәңгі арсалаң болар ем.

Ессіз болсам, терезеңіз түбінде
Түнде ән салып, ұйқы маза бермес ем,
Ессіз болсам, сізден қашып жүрмес ем,
Көзіңізге түссем деп талпынар ем,
Ессіз болсам үнсіз, тілсіз тұншығып,
Жапа шегіп, мұнша азап көрмес ем...
(Дауысын тоқтатады).

А н н а х а н ы м.
Сүйтіп, сіз
Неге үндемейсіз?

Д о н Ж у а н.
Әлде қалай, Анна ханым. Алла қалай қызып
Аузымнан шығып кетті. Әйтпесе сіз еш уақытта қайғылы
Менің сырымды білмек емес едіңіз...

А н н а х а н ы м.
Сонымен. Сіз маған көптен ғашықсыз ба?

Д о н Ж у а н.
Көптен бе, жоқ па, өзімдағы білмеймін.
Тек әйтеуір сізге көңілім кетеді,
Анык білдім шын өмірдің бағасын,
Анык ұқтым шын бақыттың мағынасын.

А н н а х а н ы м.
Менен аулақ кетіңіз, сіз қауыпты адамсыз.

Д о н Ж у а н.
Қауыпты, неммен?

А н н а х а н ы м.
Мен тылдауға сізді қорқамын.

Д о н Ж у а н.

Олай болса, үндемейін, қояйын,
Аулак кет деп кумасаңыз болганы.
Сіздің қаралдыңызды бір көргенде,
Сүйінетін мендей сорлы бейбакты.
Сізден күтер тентек үміт менде жоқ,
Сізден тілеу кесек тілек менде жоқ.
Тіршілікті тағдыр берді, өлгенше,
Сізді көрмей, шылауға ерік берген жоқ.

А н н а х а н ы м.

Кетініз.

Бұл арада айтылатын орны жоқ...
Мұндай сөздің, мұндай есалаңдықтың
Ертең кешке біздің үйге келініз,
Мені құрмет етуге ант берсеңіз,
Сізді қабыл етем, бірақ кешірек...
Ерім өліп, жесір болғаннан бері,
Көзім әлі еш адамды көрген жоқ...

Д о н Ж у а н.

Періште, Анна ханым!
Мен сорлыны қандай уатсаңыз,
Тәңірі өзіңізді де сондай уатсын!

Анна ханым.

Әрі жүріңіз.

Д о н Ж у а н.

Тағы бір минут.

Анна ханым.

Жок, кетпесем, болмас-ты...

Ойыма дұға қонбас-ты.

Бұл жалғанның сөзімен

Ойымды бөліп кеттіңіз,

Мұндай сөзді құлағым

Жат көргелі не заман.
Ертең сізді қош алам.
Д о н Ж у а н.
Әлі де болса, нануға,
Әлі де бақтың буына
Батуға дәтім бармайды!..
Шынымен ертең кетем бе!..
Бұл жерде емес, эшкере!
Анна ханым.
Ия, ертең, ертең,
Сіздің атыңыз кім?

Д о н Ж у а н.
Диаго да қалыбеді,

А н н а х а н ы м.
Қош тұрыңыз, Диаго. *(Кетеді)*.

Д о н Ж у а н.
Лафарель!
(Лафарель кіреді)

Л а ф а р е л ь.
Не айтасыз?

Д о н Ж у а н.
Лафарель жаным,
Мен бақыттымын! – «Ертең, кешке кешірек!..
Лафарешім, ертең!.. Әзірле.
Мен жас баладай бақыттымын.

Л а ф а р е л ь.
Анна ханыммен
Сөйлестіңіз бе? Әлде ол кісі екі ауыз
Жылы сөзін айтты ма?
Әлде оған сіз бата бердіңіз бе?

Д о н Ж у а н.

Жок, карағым Лафарель!

Ол маған жолығуға, жолығуға сөз байлады!

Л а ф а р е л ь.

Шын ба?

Әй жесір әйелдер-ай! Бәрің де солсың-ау.

Д о н Ж у а н.

Мен бақыттымын!

Мен ән салуға әзірмін, бар әлемді аймалауға әзірмін!

Л а ф а р е л ь.

Ал камандорды қайтесін.

Бұл туралы ол не айтар?

Д о н Ж у а н.

Сен оны кызғанад деп ойлайсың ба?

Кызғанбас, есі бар адам еді ғой,

Өлгеннен кейін жуасыған да шығар.

Л а ф а р е л ь.

Жок, өзіңіз суретіне қараңызшы.

Д о н Ж у а н.

Несі бар?

Л а ф а р е л ь.

Бізге карап, ашуланып тұрған жоқ па?

Д о н Ж у а н.

Баршы, Лафарель

Маған келсін деп, шақыршы –

Жок, маған емес, ертең Анна ханымдікіне.

Л а ф а р е л ь.

Суретті қонаққа шақыруға ма, не үшін керек?

Д о н Ж у а н.

Әрине сөйлесу үшін емес.

Ертең кешке кешірек Анна ханымдікіне

Келіп есікте күзетіп тұрсын,

Деп сұрашы суреттен.

Л а ф а р е л ь.

Өлікті тәлкек еттіңіз-ау!

Д о н Ж у а н.

Бар дедім ғой.

Лафарель, кұры.

Бар-а!..

Бар енді.

Л а ф а р е л ь.

Ардақты, көркем сурет!

Мырзам, Дон Жуан келуіңізді сұрайды...

Құдай біледі, айта алмаймын, қорқамын,

Д о н Ж у а н.

Өй, қоян, мен дереу сені...

Л а ф а р е л ь.

Рұқсат етіңіз.

Мырзам, Дон Жуан, ертең сізді

Кешірек зайыбыңыздың үйіне кеп,

Есікте тұруыңызды сұрайды...

(Сурет разылық белгісімен басын изейді).

Ойбай!

Д о н Ж у а н.

Не болды?

Л а ф а р е л ь.

Ойпырмай!.. Ойбай-ай!.. Өлдім!

Д о н Ж у а н.

Не болды саған?

Л а ф а р е л ь *(басын изеп)*.

Сурет... Ойбай!..

Д о н Ж у а н.

Сен шұлғып тұрмысың?

Л а ф а р е л ь.

Жок. Мен емес, анау!..

Д о н Ж у а н.

Немене жокты шатасың?

Л а ф а р е л ь.

Өзіңіз келіңізші.

Д о н Ж у а н.

Ал, немене, ант ұрған!

(Суретке). Камандор,

Мен ертең сенің жесір қатыныңдікінде боламын.

(Келіп).

Есік күзетіп тұруыңды сұраймын.

Немене? Келесің бе?

(Сурет басын изейді).

Ой, аллай.

Лафарель.
Калай? Мен айттым ғой...

Дон Жуан.
Кетелік.

IV с а х н а

Анна ханым бөлмесі
ДОН ЖУАН, АННА ханым

А н н а х а н ы м.
Дон Диаго, кабыл еттім мен сізді
Бірақ менің мұңды, жүдеу әңгімем
Ішіңізді пысырар деп қорқамын.
Мен бір жесір қайғым естен кетпеген
Күлкі аралап, көзім жасы кеппеген
Тез құбылған сәуірдегі аспандай,
Дон Диаго неге үндемей отырсыз?

Д о н Ж у а н.
Үндемей терең рақат табам,
Бақты өліктің басында емес,
Тізе бүккен, жасың төккен,
Тас жарынын қасында емес,
Аяулы, Анна ханымымды
Оңашада көргеніме,
Ойға батып ләззат алам.

А н н а х а н ы м.
Дон Диаго сіз қызғаншак екенсіз!
Көрде жатқан ерім сізді кинайды.

Д о н Ж у а н.
Мен қалай қызғанбаймын!
Оны сіз таңдап тиген соң.

А н н а х а н ы м.

Олай емес,

Дон Альберге шешем болмай беріп ед.

Біз жарлы едік, Дон Альбер бай керім ед.

Д о н Ж у а н.

Ырысты екен

Періштеге берген ен дәулеті үшін.

Бейне ұжмақтың бар ләззатын татты-ау ол!

Сізді бұрын білген болсам дүние-ай!

Бак, дәулетті, бәрін түгел берер ем.

Маған жылы бір қарағаныңызға!

Езгі еркіңіздің кұлы боп жүрер ем!

Өміріңіз жаппай сиқыр болсын деп

Көңіліңіз сіздің ғана толсын деп

Алдын ала зауқыңызды үйренер ем!

Ah, дариға-ай, тағдыр оған жазбады!

А н н а х а н ы м.

Диаго, койыңызшы сізді тындап,

Обал таптым мен, сізді сүйе алмаймын:

Тұл әйел азаға опа ету керек.

Марқұм болған күйеуім – Дон Альберім

Мені қандай сүйгенін білмейсіз ғой!

Мен өліп, ол қаралы қалған болса,

Сүйген әйелді үйіне жолатпас ед,

Өз жарына ол сондай ошашыл ед.

Д о н Ж у а н.

Еріңізді үнемі есіңізге алып,

Жүрегімді өртеменізші ханым!

Өлтіргендей ісім менің бар шығар,

Жетпей ме енді мұнда өлтіргеніңіз.

А н н а х а н ы м.

Неммен сізді өлтірдім?

Ақ некемен ешкімді жұптіленіп,

Басыңыз байланбаған азат шығар?

Менімен тәңірі алдында мені сүйіп

Ақпын деп батыл болып айта аларсыз.

Д о н Ж у а н.

Сіздің алдыңызда Алла сақтасын!

Анна ханым.

Әлде менің алдымда

Айыптысыз ба, айтыңыз, қандай айып?..

Кінә!

Д о н Ж у а н.

Жоқ, еш!..

А н н а х а н ы м.

Диаго, бұл жат жұмыс!

Мен сізден сұраймын, мен талап етем...

Д о н Ж у а н.

Жо, жо, жоқ!

А н н а х а н ы м.

Ә! Тілімді осылай алмақ едіңіз бе,

Жаңа маған не айтып едіңіз?

Кұл болмақ едіңіз ғой.

Ашуланам, Диаго.

Маған қалай айыптысыз?

Қазір жауап беріңіз.

Д о н Ж у а н.

Айта алмаймын.

Онан соң мені жек көресіз.

А н н а х а н ы м.

Жо-жок! Мен күн бұрын кештім,

Бірақ білгім келеді.

Д о н Ж у а н.

Ажалдай қатер сол сырды

Білем деп тілемесеніз.

А н н а х а н ы м.

Қатер!.. Мені азапка салдыңыз.

Таңсыққоймын өлгенше, о не?

Қалай мені қорлайсыз?

Білмеуші ем ғой мен сізді.

Дұспаным жоқ болған жоқ,

Тек ерімнің қан ішері болмаса.

Д о н Ж у а н *(ішінен)*.

Күмән ашылғалы келеді!

Айтыңызшы, бакытсыз Дон Жуан

Сізбен тағы емес пе?

А н н а х а н ы м.

Жок, туғалы оны көргем жоқ.

Д о н Ж у а н.

Сіз оны жаныңыз жек көре ме?

Анна ханым.

Ар-намысым үшін.

Дон Диаго, сұрағымнан

Бұлтартуға тырыспаңыз –

Маған жауап беріңіз...

Д о н Ж у а н.

Зәуре – Дон Жуан

Жолыға қалса, қайтер едіңіз?

А н н а х а н ы м,
Мен онда ол жауыздын
Жүрегіне канжар сұғып алар едім.

Д о н Ж у а н.
Анна ханым,
Қайда сенің канжарың? Міне, менің көкірегім.

А н н а х а н ы м,
Диаго!
Сізге не болды?

Д о н Ж у а н.
Диаго емес, мен Жуан.

А н н а х а н ы м,
Ой, Алла-ай, қой мүмкін емес, нанбаймын...

Д о н Ж у а н.
Мен Дон Жуан.

А н н а х а н ы м,
Бекер.

Д о н Ж у а н.
Мен өлтірдім
Байыңды: мен оныма өкінбеймін —
Тәубем де жоқ ол үшін.

А н н а х а н ы м,
Құлағым нені есітіп тұр? Жоқ, жоқ бекер.

Д о н Ж у а н.
Дон Жуан мен, мен болсам да сені сүйем.

А н н а х а н ы м

(құлап бара жатып).

Мен қайдамын?.. Мен қайда?.. Басым айналып барады!..

Д о н Ж у а н.

Я, тәңірі!

Оған не болды? Не болды саған, Анна ханым?

Оян, оян, сенің Диагоң,

Сенің құлын аяғыңда отыр!

А н н а х а н ы м.

Тиме маған. (Өлімсіреп). Сен, сен менің

Жауым – өмірдегі

Бар, бар кызығымды сен жойдың..

Д о н Ж у а н.

Қылмысымды жумакка мен даярмын.

Аяғыңды құшып, тек әмірің күтем:

Бұйыр – өлем, бұйыр — тіршілік етем,

Тіршілігімді арнаймын бір сен үшін...

А н н а х а н ы м.

Сол Дон Жуан сенбісің?

Д о н Ж у а н.

Дон Жуан кара жүрек, бір қорқау деп,

Шағым тіл сізге деттеп нандырды ма?

Өй, Анна, көптің сөзі алдыма қайып,

Арыған арымды көп басып.

Жанымды ауырлатса, ғажап емес,

Бірақ сізді көрдім де, мен өзгердім:

Жаңа туған баладай мен тазардым!

Сізді сүйдім, мен сүйем жақсылықты –

Алдында жақсылықтың алғашқы рет

Тіземді қалтыраған енді бүктім.

А н н а х а н ы м.

Дон Жуан ділмар деген мен білемін!

Оның залым екенін естігемін...

Сіз дінсіз, сіз азғырғыш бейне әзәзіл,

Сіз бейне ебілес деп, жұрт шуласад.

Қанша мұңлық әйелді зарлатпадың!

Д о н Ж у а н.

Солардың ешбірінде

Бүгінгеше сүйген емен.

А н н а х а н ы м.

Дон Жуанның бұл тұңғыш сүйгені деп,

Мені жаңа құрбанды кемелі деп,

Мені нанады екен деп ойлайсыз ба?

Д о н Ж у а н.

Егер сізді алдаудан ойым болса,

Есіткенде шошитын атты айтып,

Мойныма кім екенімді алар ме едім?

Қорқаулық, ебілістігім қай жерімде?

А н н а х а н ы м.

Кім білед сізді, бірақ сіз бұл араға

Неғып қорықпай келдіңіз? Біреу білсе,

Шарасыз өлмегіңіз сүттен ақ қой.

Д о н Ж у а н.

Өлім деген не? Өкпесім өмірім құрбан

Бір минут кездесудің ләззетіне.

А н н а х а н ы м.

Қалай шығып кетесіз, аңғал жазған?

Д о н Ж у а н (қолын сүйіп).
Сорлы Жуанның өмірі үшін,
Сіз кайғырып тұрсыз ба!
Анна ханым, ақ жаныңда
Маған кегім жоқ депші?

А н н а х а н ы м.
Аһ, дүние-ай!
Сізді жек көруге мұршам болар ма еді,
Бірақ енді бізге айырылысу керек.

Д о н Ж у а н.
Енді қашан көрісеміз.

А н н а х а н ы м.
Білмеймін,
Бір кезде көрісерміз.

Д о н Ж у а н.
Ертең ше?

А н н а х а н ы м.
Қай жерде?

Д о н Ж у а н.
Осында.

А н н а х а н ы м.
Ах, Дон Жуан-ай!
Көңілім менің сондай бос!

Д о н Ж у а н.
Қош десудің жолына тату сүйіс....

А н н а х а н ы м.
Болар енді, бар.

Д о н Ж у а н.
Бір ғана, мұздай тату...

А н н а х а н ы м.

Неткен жабыскан едің! Мәссаған...

(Есік қағады).

Бұл не тарсыл!.. Ойбай, тығыл, Дон Жуан!

Д о н Ж у а н.

Сау бол, қош тұр, жан досым.

(Кетеді де, қайта жүгіріп келеді).

Ah!..

А н н а х а н ы м.

Саған не болды, ә?!

(Командордың суреті кіріп келеді, Анна ханым құлайды).

С у р е т.

Мен шақырғанға келдім.

Д о н Ж у а н.

Ой, ағай, Анна ханым!

С у р е т.

Қой оны,

Бәрі бітті қалтыраймысың, Дон Жуан?

Д о н Ж у а н.

Мен бе? Жок... мен шақырып ем сені, кергеніме куанам.

С у р е т.

Қолыңды бер.

Д о н Ж у а н.

Міне, қолым...

Ой, тас қолының қысқаны қалай қатты! Қойшы мені. Жібер, жібер қолымды! Өліп барам, бітті, ой Анна!..

(Курс құлайды).

САРАҢ СЕРІ

Үш сахналы драма

БІРІНШІ САХНА

Монша ішінде

АЛЬБЕР мен ИВАН

А л ь б е р.

Қайтсем де бәйгілі жерге баруым керек.

Иван, көрсет маған дулығаны.

(Иван дулығаны қолына береді).

Тесік, жыртық қой, мұны киіп болмайды.

Маған жаңасын табасың.

Неткен соққы! Соғылған граф Делорж!

И в а н.

Атқан қалпақтай ұшырдыңыз,

Сіз де оған есе жіберген жоқсыз.

Бір күн, бір түн сілейіп жатты –

Әлі де жазылды мекен.

А л ь б е р.

Алайда ол да зиян шеккен жоқ;

Көкірекшесі сау қалды.

Көкірек өзінікі: шет тиынға тұрмайды –

Көкірекшесі жыртылса, жаңаны қайтып алмас ед.

Дулығасын сол жерде

Неге алып кетпедім!

Герцогтен, әйелдерден ұялдым,

Әйтпесе алып-ақ кетер ем.

Мұндар граф! Басымды жарғаны

Көп артық ел маған киім керек.

Соңғы күні серілердің кигені
Жаркылдаған асыл атылас не баркыт;
Бары жайнап, құлпырысып отырды.
Бай герцогтын дастарқаны басында
Жалғыз ғана сауыт киген мен болдым.
Сасқанымнан бұл бәйгеге
Қапыда келдім деп айттым.
Бұ күнде мен немді айтам?
Ой, кедейлік, жоқшылық!
Қор қылдың ғой көңілді
Делорж келдек найзасын
Дулығама бір соғып,
Күйқытып өте шыққанда,
Жалаңбас қалдым тоқырайып.
Астымдағы әмірді
Қос өкпеге текпілеп,
Қасымдағы графты
Бейне айтшы баладай,
Жиырма кадам тастадым.
Әйел біткен таңырқап
Қозғалысты орнынан.
Күлетін де ханым да
Бетін басып, ұялып,
Сасқанынан шыр етті.
Соғысымды жыраулар
Мадақтасып, жыр етті.
Жат ерлік, жат күшімнің
Себебі қандай екенін
Онда еш адам білмеді!
Дулығамды жыртқан соң,
Долданып кеттім булығып,
Сонда не қылған не десін? –
Сараңдықтың кесірі.
Сараң әкем бір тұрғам,
Мінезі жұқпай қояр ма...
Әмір сөрлы не жайда?

И в а н.

Аксауын элі қойған жоқ.
Мінуіңізге жарамас.

А л ь б е р.

Амал жоқ. Торыны аламда
Өзіне де арзан сұрап тұр.

И в а н.

Арзанның арзаны-ау,
Ақшамыз жоқ қой алуға.

А л ь б е р.

Саламон кесір не айтады?

И в а н.

Нәрсе ұстатып қоймасан,
Бұдан былай қарызға
Ақшам жоқ деп айтады.

А л ь б е р.

Нәрсе! Мен қайдан алам
Нәрсені? Ой, ебіліс.

И в а н.

Мен оны да айттым.

А л ь б е р.

Ол не дейді?

И в а н.

Қипақтайды, күшенеді.

А л ь б е р.

Менін әкем өзіндей бад екенін
Айтпадың ба ол жидке?
Бүгін болмаса, ертең
Менікі ғой ол байлық.

И в а н.
Мен оны да айттым.

А л ь б е р.
Не дейді?

И в а н.
Сипактайды да, күшенеді.

А л ь б е р.
Мынау кайғы болды ғой!

И в а н.
Ол өзі мұнда келмекші ед.

А л ь б е р.
А құдай, өзін бересің!
Алмай оны босатпан!
(Есік қағады).
Кім онда?
(Жид кіреді).

Ж и д.
Кішіпейіл құлыңыз.

А л ь б е р.
А, дұрыс екен ғой!
Ант ұрған Жид, аяулы, Саламон
Бертаман келші: есітуім менің
Сен маған қарыз беруге
Сенбейтінің рас па?

Ж и д.
Әй, аяулы батыр әкей!
Құдай біледі, қуана-қуана...
Бірақ беруге болмайды.
Ақшаны қайдан алайын?

Бар ынтаммен серілерге жәрдем қып,
Құрыдым әбден типыл боп.
Қарызын ешкім төлемейді.
Сізден де сұрамақшы едім,
Біразын тауып берсеңіз...

А л ь б е р.
Ой, қарақшы!
Ақшам болса, сенімен
Әуреленіп жүрер ме ем?
Қасарма, қалқам, Саламон,
Ділдан болса, хабар бер
Әзір тінтпей тұрғанда,
Сал, кәнекей, бір жүзін.

Ж и д.
Жүз!
Жүз ділда маған біткен-ау?

А л ь б е р.
Бері қара:
Достарыңа болыспау
Ұят емес пе өзіңе?

Ж и д.
Жанымды берейін оллаһи...

А л ь б е р.
Қой, қарағым, қоя тұр,
Нәрсе ұстату керек пе?
Маскара ғой мынауың!
Немді саған берейін?
Шошқа терісін берем бе?
Нәрсем болса бергендей
Әлдеқашан сатпас пем.
Серінің сөзін комсынып,
Сен, ит, сенбей тұрмысың?

Ж и д.

Сізге неге сенбейін?
Өзіңіз тірі тұрғанда,
Сөзіңіздің кәдірін
Неге онша білмейін.
Лебізіңіз бір ауыз
Бейне бір сикыр емес пе?
Бай біткеннің сандығын
Ашатұғын кілті ғой.
Мендей сорлы Жебірейге
Сөзіңізді берсеніз,
Үлкен дәулет емес пе?
Бірақ (тәңір сақтасын)
Өліп-мөліп кетсеңіз,
Сіздің алтын сөзіңіз
Суға кеткен сандықтың
Кілтімен тең нәрсе ғой.

А л ь б е р.

Әкем менен соң өлгені ме?

Ж и д.

Кім біледі? Өмір қолда ма –
Кеше гүл-гүл жайнаған
Жас ұлан бүгін өліпті,
Төрт шал бүгін бүкшендеп,
Иыққа салып көтеріп,
Молаға алып барады.
Баронның әзір деңі сау,
Кұдай берсе бір он жыл,
Жиырма не жиырма бес,
Отыз жылдар, күнелтер.

А л ь б е р.

Жатасын, жебірей!
Отыз жылда мен елуге келемін,
Онда маған ақша деген не керек?

Ж и д.

Акша?

Акша қай кез, қай жаста бұл бек керек.

Бірақ, жас адам ол акшаны

Жылпос жолдастай көреді,

Аямайды, неге болса,

Соған оны жұмсайды.

Қартайған адам ол акшаны

Сенімді достай көреді.

Бейне бір көздің карашығындай сақтайды.

А л ь б е р.

Ой, менің әкем акшаны

Жолдасындай, не досындай көрмейді

Бағынатын кожасындай көреді,

Табынады, акшаға қызмет қылады.

Қалай қызмет етеді десең акшаға?

Алжирдағы арабтардың құлындай,

Арсылдаған шынжырдағы төбеттей,

Көрдей суық үйшігінде күнелтіп,

Құр су ішіп, қикым нанды қорек қып,

Ұзақ түнде ұйқы көрмей, дамыл жоқ

Жүгіреді – үреді де жүреді.

Сандық-сандық алтыны бар қалаулы

Ол алтынға өлсе-дағы тимейді,

Үндеме Жид! Алтын шіріп

Жата бермес, біздің қолға бір тиер.

Ж и д.

Барон өлсе, садақаға көз жасынан

Алтын көбірек төгілер.

Тәңірім тек мұраны саған тез берсін.

А л ь б е р.

Аузыңа май!

Ж и д.
Былай етсе кайтер ед...

А л ь б е р.
Немене?

Ж и д.
Жай эшейін, мен ойлап ем,
Сондай дауа бар ғой деп...

А л ь б е р.
Қандай дауа?

Ж и д.
Эшейін -
Менің бір таныс шалым бар ед,
Әптекші келей жебірей...

А л ь б е р.
Сен сияқты өсімқор ма?
Тазалау ма, әйтпесе?

Ж и д.
Жок, серім, ол басқа кәсіп етеді:
Неше түрлі дәрі-дәрмек жасайды...
Дәрілері сондай ғажап, ішкендерге
Күшті әсер етеді.

А л ь б е р.
Одан маған не пайда?

Ж и д.
Стакан суға үш тамшысы жетеді,
Титтей дәм жок, өңі-дағы елеусіз.
Ішкен жанның өзегі де өртенбейді,
Жүрегі де бей-жай болып, кұспайды.
Ауырмастан, сырқамастан өледі.

А л ь б е р.

Сенің шалың умен сауда кылады де.

Жид.

Ия, умен де.

А л ь б е р.

Сен немене? Қарыз ақша орнына,

Бір сауыты бір ділдалық екі жүз

Сауыт у ұсынып тұрмысың?

Солай ма?

Жид.

Маған қалай күлсеніз де еркініз.

Олай емес, мен ойлап ем, сіз әлде...

Қашанғы Барон... өлер шағы болды ғой.

А л ь б е р.

Не дейсің! Әкене у бер деп!

Маған қалай аузың барып...

Иван! Ұста мынаны. Маған

Қалай батылың барды, жаны жоқ

Жид, жылан, ит, шошқа,

Аш көзінді дереу, асып

Өлтірейін бе?

Ж и д.

Жаздым, жаңылдым!

Кешіріңіз, қалжың еді.

А л ь б е р.

Иван, алып кел арқанды.

Жид.

Мен... Мен ойнап айтып ем,

Мен сізге ақша әкеліп ем.

А л ь б е р.

(Жид кетеді).

Шык төбет.
Туған әкемнің сараңдығы
Қандай күйге түсірді!
Әкенді өлтір деп, Жид екең,
Жид те маған ақыл үйретті-ау!
Стаканмен арақ әкелші!
Қалтырап тұр бар денем... Иван
Әйткенмен маған ақша қат...
Жүгірші әлгі жебірейге
Ділдаларын алып қал.
Қалам, сауыт бер маған...
Сомға қолхат берейін.
Кәпірдің өзін кіргізбе...
Жок, тоқта – ол иттің
Ділдасы у сасып тұр шығар...
Арақ деп едім ғой.

И в а н.
Бізде бір тамшы да
Арақ қалған жоқ.

А л ь б е р.
Маған сәлемдемеге
Испаниядан Рамен жіберген арақ қайда?

И в а н.
Қалған жалғыз бөтелкені кеше кешке
Ауыр ұстаған апарып бергем.

А л ь б е р.
Рас-ақ солай екен ғой,
Білдім... Әкел, су берші
Қуарған өмір! Жок шештім –
Түзулік іздеп Герцогке барам:
Әкеме айтсын, көндірсін,
Іншікте туған тышқандай қылмай,
Ұлындай қылып ұстасын.

ЕКІНШІ САХНА

Астыңғы үй потнал

Б а р о н.

Әлде бір аяр қарменен,

Әйтпесе, алданған аңқау жарменен

Жолыңуға аңсаған,

Албырт жүрек жасқа ұсап,

Жасырын потпалымдағы

Жандос сандықтарыма

Түскенше әйел қыла алмай,

Мен де ұзақ күн аңсадым.

Бакытты – күн, бүгін мен

Айтшы сандыққа *(әлі орталау сандыққа)*

Тырнақтап жиған бір уыс

Алтынымды саламын.

Аз көрінеді, аз да болса

Қазынам өсіп келеді.

Бір кітаптан оқығаным бар еді,

Күндерде бүр күн патса:

Ұстап топырақ үйіндер

Деп әскеріне бұйырыпты.

Топырақ асқар тау болыпты,

Сонда патса тауға шығып,

Ақ шатырлы өлкеге де,

Кемелер жүзген дарияға да

Жоғарыдан көз жіберіп,

Көңілі шат болып тұрыпты,

Сол тәрізді, әдетімше

Уысты құлақ Әдиемді

Потпалыма жинай-жинай,

Мен де өзіме тау соқтым.

Сол тауымның тұрғысынан

Қол астыма бағынғанның

Бәрін шалып отыра алам,
Не бар маған бағынбаған?
Мен бейне ебіліс, осы арадан
Бар ғаламды билеуге әмірім жетеді
Мен тілесем –
Салтанатты сарайлар да салынад;
Сәулетті бакшама пері қыздары
Лек-легімен елбелектеп жиналады,
Жыраулар да мені мадақ етеді,
Кеменгер де бір өзіме құл болады,
Езгілік те, тынымы жоқ еңбек те
Мөлиіп кеп менен бір сый күтеді.
Мен ыскырып қалсам –
Қанды жауыз лып етіп,
Құрдай жорғалап жетіп кеп
Сайкалданып, қолымды итше жалай,
Әмірімді қылмаска,
Көзіме үңіліп қарайды
Бәрі мені тыңдайды – мен ешкімге де...
Мен бар тілектен үстінмін
Мен тынышпын,
Мен айбарымды білемін:
Маған осы сана да жетеді.
(Алтындарына қарайды).
Бірақ осының бәрін жинауға,
Қанша адам қиналмады, алданбады,
Жасын төгіп жалынып, қарғамады!
Мұнда бір ескі алтын бар... ол, мінекей.
Биыл бір жесір катын берді осыны,
Әй, бір қаншық екен!
Неше күндей тереземнен бір кетпей,
Жер тізерлеп үш баласы қасында,
Зарлап еді осы алтынды бергенше.
Жаңбыр жауды, басылды, тағы жауды.
Күлгір қар сонда да бір тапжылмады:

Қуып жіберейін деп бір оқталдым.
Не қыласын, бай мойнындағы
Борышын өтегелі әкеп тұр ғой,
Абақтыға жатқысы келмеген ғой,
Деп ішімде бірдеме сыбырлады.
Мынау ше? Мұны маған Гибо әкелді.
Жалқау, сұмға мынадай алтын қайда?
Дәу де болса, біреуден ұрлап алды,
Я болмаса, біреуді ұшындырды
Қара түн, үлкен жолда, не орманда...
Ия! Осында сақтаулы бар казынаға
Төгілген көздің жасы, қан менен тер
Қапыда жер астынан қайнап шыкса,
Дүниені қайта топан қаптар еді,
Потпалымда тұншығып мен де өлер ем.
Қой, мезгіл жетті.

(Сандықты ашуға оңтайланады).

Дайым мен сандығымды ашпақ болсам
От болып, қатерге шомыламын.
Қорқам ба? (Жоқ, қорқатын маған не бар)
Жанымда асынулы алдаспан бар!
Алтынды алмаспенен қорғап алам!
Коеда да бір белгісіз жаман сезім
Жүрегімді қысады, қынжыламын...
Кісі өлтіріп, қан жұтса, қаны қайнап,
Жаны рақат табатын жандар бар деп,
Дәрігерлер сөйлегенде, ұйытады.
Бейуазға пышақ салып алған кезде,
Кернесе қан ішерді қандай сезім,
Құлыпқа кілтімді салған кезде,
Билейді мені-дағы сондай сезім.
Ол сезім әрі тәтті, әрі азапты.

(Сандығын ашады).

Міне, менің зейнетім!

(Сандыққа ақша төгеді).

Барындар, жетер дүние кезгендерің.
Адамның құмары мен керегіне
Қызмет қып, тыныштықтан безгендерің.
Шырмаған шынырау көкте құдайларша,
Батындар шыртыққа келгендерің!
Бүгін мен өзіме өзім той қылмакпын.
Сандық сайын алдына шырақ жағам.
Теп-тегіс сандықтарды ашық қойып,
Қазынама жарқыраған көз суарам.

(Шамдарды жағып, сандықтарды бір-бірлеп аша бастайды).

Мен патсамын!.. Неткен ғажап мынау нұр!

Жұртым күшті. Елім мынау елгезек.

Абырой, атақ, бақ та, тақ та осында!

Мен патсамын!.. бірақ менің артымнан

Кім билемек мынау жатқан дәулетті?

Мирасқорым! Акмак, алып бір берен,

Ауыздықсыз бұзықтардың жолдасы!

Ол акмак мен өлісімен тайтаңдап,

Жайлары, аш көз түпті нөкер ертіп ап,

Өлігімнен кілттерімді тауып ап,

Мынау мылқау, төніп тұрған күмбезге

Дүсірлетіп дереу қалам басады-ау.

Күлмен қағып, сандықтарды ашады-ау.

Бір күндерде әлпештеген алтындар

Түнеіз атлас қалталарға түседі-ау,

Ол кастерлі сауыттарды бүлдіред,

Ол арамға адал шарап бердіред,

Ол шашады... қакы бар ма шашуға?

Мен бұларды әлде тегін таптым ба?

Асықтарды сылдыратып, ойнаған,

Ойыншыдай олжаға тез баттым ба?

Мұның бәрін қандай шыдап, қарысып,

Асау нәпсі, абыроймен алысып,

Күндіз күлкі, түнде ұйқы бір көрмей,

Мың бейнетпен тапқанымды кім білед?
Әлде өлім сол күндерде айтар ма,
Жүрегінді қалың түктер басты деп.
Бар тілектен мені үміт кесті деп.
Ар-ұяттан біржола бас кешті деп,
Әрбір аю, жүрегінді тырнасын,
Әрбір қонақ, өзі келген шақырмай
Әр деген бір әңгімешің, тынбайтын,
Әр деген бір қарыз берген қатал бай.
Әрбір мыстан, ай сәулесін жалмайтын.
Көр тебіреніп көрде өлік қалмайтын!..
Жок, әуелі мейнат қып тап байлықты,
Сонда ол жазған шашар ма екен, көрер ек,
Бағалар ел қанды бейнет, тарлықты.
Ой, дүние-ай! Потпалымды жасырып,
Жат адамға көрсетпеуге болар ма ел:
Ой, жалған-ай! Көленке боп көрден кеп.
Сандығымды отырар ма ем күзетіп,
Бүгінгідей тірі жанға қазынамды,
Алдырмасам, шаштырмасам жүдетіп!..

ҮШІНШІ САХНА

С а р а й д а

АЛЬБЕР мен ГЕРЦОГ

А л ь б е р.

Наныңыз, патсам, мен кедейлік зарын
Көп тарттым. Осынша зәру болмасам,
Арызымды тыңдамас едіңіз.

Г е р ц о г.

Бекзат серім, нанам сізге, нанамын,
Зәру болмаса, сендей ер,
Әкесін жазғырмайды. Ондай бұзылғандар аз...
Ол үшін аптықпаңыз: шулыған қылмай-ақ,
Әкенізді оңашалап сөзге түсірем.
Келе ме деп отырмын, көптен көріскен де жоқ едік.
Ол менің ұлы атамның досы еді,
Есімде бар, бала күнімде алдына мінгізіп,
Үлкен коңырауға ұсатып,
Ауыр дулығасын басыма кигізер ед.
(Терезеге қарайды).
Мынау кім?
Ол емес пе?

А л ь б е р.

Тап өзі, патсам,

Г е р ц о г.

Ана бөлмеге бара тұрыңыз,
Өзім шақырармын.
(Альбер кетеді, Барон кіреді).

Г е р ц о г.

Мен сізді есен-аман күйлі көруге қуанамын.

Б а р о н.

Патсам, сіздің жарлығыңыз бойынша, келуге
Жарағанымға өзімді бақытты санаймын.

Г е р ц о г.

Көріспегелі, Барон, көп болды ғой,
Мен есіңізде бар ма?

Б а р о н.

Мен бе, тақсыр?

Мен сізді бүгінгідей білемін. О, онда сіз

Ойнарғы бала едіңіз – өткен марқұм Герцог айтар еді:

Фелип (ол дайым мені Фелип деуші еді), сен қалай
ойлайсың?

Ә жиырма жылдан кейін, сенімен

Мен осы баланың жанында алмақ болып

Қаламыз-ау дер еді.

Сіздің жаныңызда дегенім...

Г е р ц о г.

Біз енді таныстықты жаңғыртармыз.

Сіз менің сарайымды ұмытып кеттіңіз.

Б а р о н.

Бұл күнде картайдым ғой, тақсыр сарайыңызда
Мен де істеймін? Сіз, жассыз, сізге
Мейрам, майдан қызық, мен соларға енді
Жарамаймын. Құдай соғыс бергендей
Болса, атқа мықшындап тағы бір минуте даярмын,
Сіз үшін қалтыраған қолыммен
Кәрі қылышты қынабынан бір суыруға
Әлім қаптал.

Г е р ц о г.

Барон бізге ықыласты екеніңіз аян,
Ұлы атамның досы едіңіз ғой: әке сізді
Қатты құрметтеуші еді, мен де
Әрқашан сенімді жүрек сері деп санаймын,
Қане, отырайық. Сіздің балаларыңыз бар ма?

Б а р о н.

Бір ұлым бар.

Г е р ц о г.

Оны мен өз қасымда неге көре алмаймын?
Сарайдан сіз мезі болған шығарсыз,
Бірақ оның жасындағы, оның атағындай
Жастардың біздің қатарымызда болғаны
Жарасымды ғой.

Б а р о н.

Мінезі тұнжыр, кісі киік
Жас бұғыша
Мәңгі қорған маңындағы орманды кезіп жүргені.

Г е р ц о г.

Кісі киік болу жарамайды.
Біз оны қызыққа, тойға, жарысқа
Тез-ақ үйретіп алар едік.
Маған жіберіңізші, балаңызға даражасына

Қарай жалақы кесіңіз...

Шытындыңыз ғой, әлде жолдан қажыдыңыз ба?

Б а р о н.

Тақсыр, мен қажығам жоқ,

Бірақ сіз мені ұялттыңыз. Сізге мен

Айтқым келмеп ед, балам туралы

Сізден жасырайын дегенімді

Айтқызғалы отырсыз.

Тақсыр, ол менің сорыма қарай,

Сіздің мейіріміңізге де, назарыңызға да алуғатұрмайды.

Ол өзінің жас дәуірін бұзықтықпен,

Сарпалданмен өткізіп жүр.

Г е р ц о г.

Барон, ол жалғыз боп,

Шалдуар өскендіктен ғой.

Жас адамдардың түбіне жететін –

Оңашалық, қол бостық қой.

Оны бізге жіберіңіз: шетте үйренген

Әдеттерін әлі-ақ ұмытып кетеді.

Б а р о н.

Айып етпеңіз, тақсыр,

Бұған мен, рас, көне алмаймын...

Г е р ц о г.

Неліктен көнбейсіз?

Б а р о н.

Шалды босатыңыз.

Г е р ц о г.

Мен ұсынамын: көнбейтін

Себебіңізді айтыңыз.

Б а р о н.
Мен балама
Өкпелімін.

Г е р ц о г.
Не үшін?

Б а р о н.
Жауыз қылмыс үшін.

Г е р ц о г.
Айтыңыз, қандай қылмыс?

Б а р о н.
Герцог, жіберіңіз мені...

Г е р ц о г.
Мынауыңыз қызық!
Әлде ол үшін ұяласыз ба?

Б а р о н.
Ия... ұялам...

Г е р ц о г.
Ол не істеді?

Б а р о н.
Ол... ол мені өлтірмек болды.

Г е р ц о г.
Өлтірмек! Ендеше мен оны
Сотқа тартайын, қан ішер қаракшыдай.

Б а р о н.
Өлгенімді көксейтінін білем,
Білсем де оны дәлелдемеймін,
Ол мені... нетуге, кезенгенін
Білсем де...

Г е р ц о г.
Қайтуге?

Б а р о н.
Өптеуге.
(Альбер атып кіріп келеді).

А л ь б е р.
Баронғ, бекер айтасыз!

Г е р ц о г.
(Альберге).
Қалай келдіңіз сіз?..

Б а р о н.
Сен мұнда мен! Сен, сен маған не айттың!?.
Сондай сөз аузыңнан әкеңе қалай шықты!..
Мен бекер айтам ба? Мынау патсамыздың алдында!
Маған, маған... Әлде мен серіктікпен қалдым ба?..

А л ь б е р.
Сіз өтірікші.

Б а р о н.
Жай ұрды ғой төбемнен, жасаған ие!
Көтер мынаны, кылыш бізді тексерсін!
(Қолгабын лақтырып тастайды, баласы жерден тез
жұлып алады).

А л ь б е р.
Рахмет. Міне, әкемнің тұңғыш сыйы!

Г е р ц о г.
Не көрдім мен? Не болды менің алдымда?
Кәрі әкесімен шабысуға бала көнді!
Қай күні кидім мен бабамның
Шынжырын! Үндеменіз, ақылсыз. (Баронға).

Сен де жолбарыстың күшігі. *(Баласына).*

Жетер, таста мұны!

Беріңіз маған қолғапты! *(Қолғапты тартып алады)*

А л ь б е р *(қырылдан).*

Қап!

Г е р ц о г.

Тырнағымен бүріп апты!.. Малғұн!

Кетіңіз, өзім шақырмай көзіме

Көрінуші болмаңыз.

(Альбер кетеді).

Сорлы шал, ұят емес пе сізге...

Б а р о н.

Кешіріңіз, таксыр...

Тұруға мұршам жоқ... тізелерім

Әлсіреп барады... тыншу!.. Тыншу!..

Кілттерім қайда, кілттерім менің?! Кілттерім. *(Жығылады).*

Г е р ц о г.

Өл де, Алла!

Сұмдық заман, сұмдық жүректер!

ЖАЗУШЫЛАРҒА

«Алаштың» талабы зор, мақсұты мол,
Әр түрлі кемшілікке созып тұр қол.
Бір мақсұт – әйелдің халін аяп,
Азаттық, адамдыкка іздемек жол.

Бұл талап сәті болса – таудай талап,
Ниеті қабыл болғай құдай қалап.
Әркімнің жүректегі дертін қозғап,
Жазылар талай сөздер неше тарап.

Әйел сөзі – қытықшыл, нәзік бір іс,
Нәзік істі бүлдірмей істеу дұрыс.
Адамдық, адалдықпен тұғырлықты,
Жазушы бетке ұстаса болмас бұрыс.

Адамзат рақат құмар малдан знад,
Әйел – адам, нәрседей нәпсі ниет.
Тән рахатын ізденіп, әйелді алдап,
Адамдық былай қалмақ ар мен ұят.

Бұл кемдік бәріміздің басымызда,
Сүйекке сіңіп өсті жасымызда.
Құр софысып хұқылықты бүркемейік.
Шынға дұшпан, алланың қасымыз ба?

Ынсап, ұят, адалдық, тұрақтылық,
Адамдыкка ұласар көрік қылық.
Әйелді теңдікке алсақ терең ойлап,
Жазсақ екен нәпсіден жырақ тұрып.

Ойнас жағын көркейтпi сырламасақ,
Қызыққа қызықтырып қырламасақ,
Жату, тұру, күшактау...-ды айтып,
Күлкісін ғашықтықтың жырламасақ.

Бакшаға ексек, қызғалдақ қуармаса,
Таза бұлақ лай боп суалмаса,
Майысқыш шар таранқа жас табиғат,
Жарар едi жамандыққа бұралмаса.

Талай роман орыста жатыр толып,
Керексiз жаман сөзбен iшi толық.
Жастарды бұзықтыққа қоздырады
Ұрыға сойыл тауып берген болып.

НЕ ҚЫП ЖАТЫР?

Түрленiп мынау заман ағып жатыр,
Жай өтпей һәркiмге сын тағып жатыр,
Жайынан замананың хабардар ма?
Осы бiздiң казактар неғып жатыр?

Шүкiр, казак ұйқыдан тұрып жатыр,
Өз әлiнше өрмегiн күрып жатыр,
Жiлiктiң майлы басын берi тартып,
Икемдеп өз алдына бұрып жатыр.

Бiзге не өнер, ғылым жұғып жатыр
Жастар мұны үйренiп ұғып жатыр,
Халыққа бас-көз болып, жол мұндалап
Бiр-бiрлеп газеталар шығып жатыр.

Қазактың балалары оқып жатыр,
Бiлiмiн күннен-күнге қосып жатыр.
Жат мiнезге әуликпей, жұртын ойлап,
Ұлттың камын көңiлге тоқып жатыр.

Үшител, мұғалымдар тарап жатыр,
Байлар да үлкен іске жарап жатыр.
Тас болат үй, магазин, зауыт ашып,
Тайталасып, өнерге жанып жатыр.

Нашарға көңілдері еріп жатыр,
«Мә, жәрдем!» – деп аямай беріп жатыр,
Ұйымнан, ынтымақтан басын тартпай,
Сөзге, жөнге, қатарға кіріп жатыр.

Сөйтіп, казак ілгері басып жатыр,
Медресе, мектептерін ашып жатыр.
Инженер, агроном, адуакаттар,
Дәрігерлер де өнеге шашып жатыр.

Қазакка қалай пайда келтірем деп,
Қайтсін! Басқара алмай сасып жатыр.
Біреулері өнермен жетілтем деп,
Біреулер – шаруамен, десіп жатыр.

Нәсер соғыс әлемге жетіп жатыр,
Ақ патша жұртқа пәрмен етіп жатыр.
Ол пәрменде санатқа казак кіріп,
Шот, көрегі жылтындап кетіп жатыр.

Жүген, құрық көрмеген аңғырт жұрт қой,
Дұшпанды бүйірінен тесіп жатыр.
Мойны қатты надандық шіркін кернеп,
Көнбегендер желкесін жесіп жатыр.

Қатын-бала, шал-кемпір қалып жатыр,
Шәлкестікпен жаласып, талап жатыр,
Алыстан Герман неғып жатыр? – деуші еді,
Жақын жерден білуге барып жатыр.

Лай суға қуанған шортандардай,
Бұйырғанын күлкынға салып жатыр.
Жәбір-жапа көргендер жалынысып,
Ғаділетті төреге шағып жатыр.

Курапаткин сияқты ұлықтары,
Тұғралық назарына алып жатыр.
Иншалла, казакка да болар теңдік,
Қисықты ауылы тезге салып жатыр.

Ұлы соғыс басылып, таң да атар,
Русиядағы дұшпанын бір мұқатар
Шот, корегі шетімен шекпен болып,
Қазақ та халық болар тырна қатар.

ОТАҒАСЫ

Балалар, аттаныңдар қас қарайды.
Іңірде ұры-өтірік баспалайды.
Күн болат, ай қараңғы, қасқыр қатты,
Көкшолақ қаңғып кетсе таспалайды.

Жылқыны шашыратпай қоғамдаңдар?
Боран болса, бұйығып оранбандар.
Биылды ат мініп, қайрат қып, кірпік қақпай
Шыдаңдар, шырақтарым, тұтам таң бар.

Көрдің бе пысқыруын жануардың,
Жер шиыр, түрі жаман сары қардың.
Апталыған шығарар ұстап алса,
Жеріне жоламаңдар сарылардың.

Міне бір сұр бұлттың түсі суық,
Түнеріп күнбатысты тұр ғой буып,
Байтал түгіл бас қайғы сонда болар,
Айдаса сол бұлтты бір жел қуып.

Жылкыны жатқызбаңдар шиырыққа,
Қалмасын сорға жылқы жығылып та
Боран болса шұбыртып айдап барып,
Салыңдар ақтыны тығырыққа.
Ал, балалар, малдарың аман болсын.
Қызыр жар боп, бәлекет шабан болсын
Жел тынып, бұлт ыдырап, күн айығып,
Жолығар амандықпен заман болсын.

АХ-ХА-ХА-ХАУ

(мысқыл)

Жасарам деп көңілі жас,
Жас иіске құмарлар!
Кәріге жастың пейілі қас,
Шамаларда жұмарлар.

Жапырақсыз, түпсіз жандалған.
Іші қуыс кәрі ағаш!
Сандуғаш іздеп сандалған,
Неғылған дәнді дәрі ағаш!

«Қыркүйек өтті қырау»
Қараша мынау соқыр-ау!
Қаңтар келіп қалшылдап,
Сәйкес болған оқырау!

Көкектің айы көңілде:
Шонамдай жоқ тоқырау.
Ах-хах-хау! Күлкім-ау!
Шегім қатып отыр-ау!

ҰРШЫҚ

Зырылдап жүгір ұршығым!
Шүйкені талдап іпсітіп,
Көзімнің жасы күр шығын
Жүректі өртеп ысытып.
Үсті-басы сырдай боп
Жүрген шығар құлыным.
Жалғызым кетіп жүрдай боп
Кесілді қолым, құрығым.

Үш жыл киген түйе жүн
Тозған шығар шекпені
Тонбасын деп күнімен
Батса да жанға кеткені.
Кәрі шешен сықсиып
Толтыра алмай ұршығын
Отыр жылап бүкшиіп
Көзінің сүртіп былшығын.

«Қарасам» да таусылып
Жылтылдап тұр сөнгелі.
Жалыныштық, жалшының
Нашардың күні көргені
Малы барлар малымен
Кісі жалдап алыста
Орын тауып жалымен
Кірісті де қалысты.

Қыршанқы, ақсақ, соқырдың
Көтерілді базары
Жырық пен пұшық, қотырдың
Биыл кірді ажары.
Иіріп шекпен ұйқы жоқ
Үңілдім көзім сүзіліп,

Тез иірілер сиқы жоқ
Саласы шіркін үзіліп,
Сұраушының сүйгенін
Кім береді талдысын,
Тым болса осы шүйкенің,
Бітірсем екен жармысын.

Жеңіліп қашан жаман жау
Мереке болар құдайым,
Жалғызым қайтып есен-сау
Қашан туар күн «айым!»
Зырылдап жүгір ұршығым
Шүйкені талдап іпсітіп,
Көзімнің жасы құр шығын
Жүректі өртеп ысытып.

КӨШУ

«Көшіп жатыр» деген соң көзімді ашып,
Бет-аузымды укалап, өнім кашып,
Сығырайып жан-жаққа алактасам –
Уда-шу – бәрі әбігер, дабырласып.

Жүк тартқан құмырсқадай қыбырласып,
Жұмысшы, жүгіріскен бәрі сасып,
Үй жыққан, жүгін түйген, комын артқан,
Таңғалы арқан-жібін даярласып.

Ешкім жоқ тамашалап карап тұрған,
Күйбеңдеп көшкен жұртты санап тұрған.
«Арба сал», «Ат қайда?», «Қираттылап»,
«Ай-һүйлеп» камшы, таяқ лақтырған.

«Желіні босатындар...», «Көген қайда?»
«Бол жылдам, басын түр де, мынаны айда!»
«Манадан ат ерттемей неғып тұрсың?»
«Ой, оның жолда қалады, мықтап байла!»

«Былай тарт, сиыр кашты ана арысқа!»
«Қоя бер, бұзауменен арпалыспа!»
«Бауыр жібін қатты тарт, әбден!»
Сасып жүріп «Ауыл көшер» – деп алысқа!

Жаланған әлекедей бел буысқан,
Жүк артқан қыз-келіншек әрбір тұстан.
Айғырын шандырлап-ақ, шартылдатып,
Суылдап құр-құрлап жүр ат қуысқан.

Жүгіріп жүген алып, бір жас бала,
Зыр қағып жылқы ішіне барған мана.
Ентігіп, өкпесі өшіп жыламсырап,
Жалынып «Ағатайлап» жүр бишара.

Жаны ашып ол байғұсқа рахым еткен,
Еш адам табылмады сонша көптен.
Тырандап ескерусіз қала берді,
Жалтақтап оған-бұған, өткен-кеткен.

«Қарашы, көк биені мінгелі тұр,
Түйеші Жапабай да жаман-кәрі...
Ала шолақ егіздің арбасына,
Амалсыз жабысам-ау енді тағы.

Пысылдаған, о, қырсау арам қатқыр!
Қай жөнге жүрет дейсің құдай атқыр.
Құйрығын ылғи бұрап отырмасаң,
Мелшиіп жатып алар жамандатқыр!

Ол итке мінбегенмен бойым тежеп,
Кіші үйдің кара атаны о бір кезеп.
Қырсықты, бакырауық, жырық кара ит
Мың салса, бір баспайтын бір ақшелек».

Байтал мінген байпаксыз байғұс малай,
Солбалаңдап ат ерттеп жүр анадай.
Неше қабат ұмтылып, аударылып,
Байталды басқа ұрғаның мәнісі қалай!?

Тәлімшіл желек салған келіншектер,
Сақалды бас көргенде шегіншектер.
Жаяулап жұрттан шыға атқа асылып,
Етегін қымтай алмай изелектер.

Салты жоқ қарқаралы қоңырау таққан,
Аумалы жүктер де аз түйеге артқан,
Құрсаулы карамайлы дөнгелектер
Жемшікше тіркеп алған кіре тартқан.

Ән салғыш бая-шай дөнгелектер,
Соктықса, тбмар какса елбелектер,
Әндері бытыранқы қосылмайды,
Кетер ме берекелі асыл тектер?!

ҰРАН

Қазағым, қақтықпа, қамалма!
Ел болар қамыңды амалда!
Кетті түн, атып таң, шығып күн
Сал малды, сал жанды аянба!

Мал баққан, жай жатқан ел едік,
Бейнетті көп тартқан ер едік,
Қаны жат, тілі жат, діні жат
Жат елдеп таяқты жеп едік.

Жатқа жем бай едік, кен едік,
Бағың жоқ биліктен кім едік,
Партия сұрқия, қым-қиғаш,
«Басы аман» көп надан сен едің.

Зарыққан, талыққан шағыңа
Тап болды бостандық бағыңа!
Ұйымдас, ұрандас, жағалас!
Сен де мін бабанның тағына!

Құның жоқ, қорлықта өшіп ең,
Терезең төремен болды тең.
Намыстан, қайрағтан қатарға ең!
Басқадан кем болған сенің нең?

Ұраным, қорғаным, сен Алаш!
Жолыңа құрмалдық мал мен бас!
Өнер тап, өрге шап, қару ат.
Аллалап алға бас, ал Алаш!!!

ЕҢБЕКШІЛДЕР ҰРАНЫ

Оян, қарғыс таңба басылған,
Жаланап аш құл қайрат қыл.
Қайнап бастан ақыл ашынған
Майданға қанды айдап тұр.

Қиратамыз ескі жалғанды,
Жаңа тұрмыс орнатамыз.
Жарылқаймыз жарлы, қалғанды
Дәулеттен сонда татамыз.

Қайырмасы:

Бұл болар ең ақырғы
Ең күшті зор майдан.
Дүние еңбекшілімен
Табылар бар пайдан.

Бостандықты бізге ешкім бермес,
Патша да, құдай да, батыр да, –
Бостандық бізге көктен келмес,
Аламыз күшпен ақырда.

Ал егер жоям десең құлдықты,
Тамағым болсын десең ток.
Қорғанба, дүмпілдет көрікті
Темірді қызған кезде сок.

Қайырмасы:

Бұл болар ең ақырғы,
Ең күшті зор майдан.
Дүние еңбекшілімен
Табылар бар пайдан.

Біздер бүкіл дүние жалшысы
Біз еңбекшілер топтары,
Жерге қожа болу еркіміз,
Арамтамаққа жоқ бәрі.

Ал егер найзағай шартылдап,
Қаптаса жауыз дүниесін
Бізге де жарық күн жаркылдап,
Түсірер нұрлы сәулесін.

Қайырмасы:

Бұл болар ең ақырғы
Ең күшті зор майдан
Дүние еңбекшілімен
Табылар бар пайдан.

ӨЛЕҢ СҰҢҚАРҒА

(М.Горькийден)

Биік тауға жорғалап шығып су жылан, суық күзға,
түйіншектей бүктетіліп жатты да, көзін салды дарияға.

Биік көкте күн жарқырап, аңызғағын аспанға атып, дем ала-
ды асқар тау; төменде толқын құтырады, қия тасқа соғылып...

Қараңғы күзбен сарқырап, төңірекке ұшқын шашып, қиядан
асып тау тасқыны дарияға ағады.

Қаңтардағы ақ ала бас бурадай, үсті-басы бұрқыраған ақ
көбік, күшті тасқын долданады, аңдай ұлып, тасты бұзып,
дарияға құлайды.

Бір мезгілде су жыланның қасына көктен сұңқар жығылды,
омырауын тас-талқандап, өне бойын қан жапты...

Сұңқар тасқа соғылғанда, қысқаша ғана сұңқ етті, келіп, ыза
боп, олай-бұлай талпынды, тасқа ұрып кеудесін...

Шошып қалды су жылан: жарк берді жорғалап; үйткенімен
құс өмірі екі-үш минут екені түсе қалды есіне.

Жаралы құсқа жақын келіп, жорғалап, қадала қарап көзіне,
сұрады жылан ысқырып:

– Е, өлейін деп жатырсың ба?

– Өлейін деп жатырмын! – деді сұңқар күрсініп. – Мен өмірде
дәурен сүрдім!.. Мен бактың не екенін білемін!.. Мен аянбай
соғыстым! Жүрегім қайтып көрген жоқ! Мен аспанды көрдім!..
Сен аспанды ондай жақын көре алмайсың!.. Сорлысыңдар ғой,
сендер!...

– Аспан деген не нәрсе? Бос қуыс қой... Мен онда қалай
жорғаламақпын? Маған мұнда да жайлы... Әрі жылы, әрі дым.

Көктің еркін еркесіне жылан сүйдеп жауап берді, өлейін деп
жатсадағы, сандырақтап мақтанғанын мазақ етіп, мырс етті.

Және бүйдеп ойлады: жорғала мейлің, ұш мейлің, барар
жерің белгілі: бәрі жерге жатады, бәрі топырақ болады.

Батыр сұңқар бір мезетте сілкініп қалды, талпынып,
көтерілді азырақ, күзды шолып қарады. Сұрғылт тастан аққан
су мен қараңғы күз дамығып, сасық еді иісі...

Ар мен жара кернеген, жаны күйген ақ сұңқар, ақтық күшін
жинап ап, сұңқылдай қатты сөйледі:

– Дарига-ай! Егер бір қабат, ұшқан болсам аспанға! Қысар едім дұшпанды... Жаралы болған жүрекке... тұншықтырып қаныммен өлтірер едім жауымды!.. Соғыстың қайран қызығы-ай!

Су жылан сонда ойлады: мүмкін сонау аспанды, осынша зар еткені, көңілді шығар тұруға!

Еркін құсқа мынадай жоба ұсынды су жылан: мына тұрған жартастан кемеріне бардағы, төмен қарай құлап кет!

Мүмкін, сенің қанаттарың көтеріп тағы ұшырар, арман еткен дүниеде аз да болса жасарсың.

Селк ете түсті ақ сұңқар, әлсіз ғана дыбыстап, тырнақтарын сүйретіп, жартасқа таман жылжыды.

Келіп жетті жартасқа, қанаттарын керіп ап, пәрменмен дем тартып, жарқ-жүрк етіп көздері, құлап кетті алдыға.

Тастаған тастай зымырап, тастан тасқа соғылып, қанаттарын қиратып, жүндерін талдап жұлдырып, ағып барад құлдырап.

Тасқынды толқын сұңқарды құшақтай алды, қанын жуып тазалап, ақ көбікке құндақтап, алып кетті дарияға.

Дарияның толқыны, қайғылы жанша, күрсілдеп, қияға шапшып соғады. Ақ сұңқардың өлігін дарияға көмеді.

II

Суда жатып, жылан көп ойлады: өлді ме екен ақ сұңқар? Ұшпас па екен аспанға? – деп ойлады.

Өле-өлгенше ақ сұңқар көзін сүзіп, бақ табам деп іздеген түпсіз аспанға жылан да көз салды.

Осы тұрған түпсіз, шетсіз бос шөлден өлген сұңқар не көрді? Өлемін деп жатса да, ұшуға көкке арман қып, ұшуды сонша сүйгендей, аңсап-сусап өлгендей, сұңқар сынды құстарға не бар екен сол көкте? Көкке біраз көтеріліп солардың арман еткенін білейінші мендағы.

Айтты – істеді. Сақина болды, шиыршық атты, секіріп кетті әуеге, шағылысын шуақпен, жіңішке жіптей, созылып жерге сылқ етіп жығылды.

Жорғалауға туғандар – ұшпак емес... ол ұмытып, ұшамын деп тасқа барып жығылды. Бірақ мертлікпеді, күліп жіберді...

– Міне, көкке ұшқан деген осы ма! Қызығы құлағаны екен ғой!.. Күлкі құстар! Жерді білмей, жерде жүріп зарығып, жоғарыны көксейді, бар өмірді шөлден олар іздейді... Білгендерге көк – құр қуыс. Рас, көктің сәулесі көп, бірақ онда керек те жоқ, тірі және тірек те жоқ. Текеперлік не керек? Босқа мақтап не керек? Өздерінің есерлігін, өмірді білмес, мешеулігін текеперлікпен жасырам деп не керек? Күлкі құстар!.. Енді мені еліктіріп, алдай алмас ешбір құс! Мен де білдім бәрін де! Мен де көрдім аспанды!..

Мен де ұштым көкке, болжадым оны, құлауды білдім, мен олардай мертлікпедім, қайта өзіме сенімім артты. Жерді сүйе білмегендер жүрсін солай алданып, мен білемін шындықты. Оларға мен нанбаймын. Мен жер жандығы, жерде өмір сүремін.

Осыны айтып, насаттанып, тас үстінде шумақталған арқанша, иірілді су жылан.

Жарық күннің нұрына дария беті жалтырап, түнерген долы толқындар күрілдеп, жарға соғылды.

Арыстандай күрілдеп, сұңқарды жоқтап жырлайды, толқынның қатты дүмпуі жартасты селкілдетеді, толқынның нәрлі дауысы аспанды солқылдатады.

Ерлердің көзсіз ерлігін, мадақтап біздер жырлаймыз! Ерлердің көзсіз ерлігі, даналығы тұрмыстай.

Есіл ерім, ақ сұңқар! Алысып жүріп жауынмен қаны акты сел болып... Бірақ, күндердің күні болғанда, қаныңның ыстық тамшысы өмірдің қара түнінде от ұшқындай тұтанар, еркіндікке, сәулеге есі кетіп шөлдеген ер жүректі ерлердің жүрегіне өрт салып, ұшқынын сонда жандырап.

Сен өліп-ақ кет!.. Бірақ, сен өлмейтін өнеге, қайратты, күшті ерлерге, көкке керіп көкірегін, бостандықты жырлаған, шақырып жұртты үндеген бостандыққа, жарыққа!

Ерлердің көзсіз ерлігін өлеңдетіп жырлаймыз!

ЖАС ӘСКЕР

Тауға қарсы, алға бас.
Қарысып жолдастар!
Найза мен оқ қамалды,
Қиратып жол бастар.

Тайынба, кайтпа, бұл беттен!
Жастар тобы түйдектеп!
Жұмысшы кара халықтың
Біз – жастар әскері. 2 рет

Кешірмепек біз бастан
Құл болып бейнетті.
Құл бұғауы көрсетпей
Жастықты, зейнетті.

Қараңғы күннің зардабы –
Жанынды отқа салғаны.
Жұмысшы кара халықтың
Біз – жастар әскері. 2 рет

Мандай терді ағызып,
Біз жанды қинадық,
Еткен еңбек егінін,
Біз жатқа жинадық.

Ақыр бұл еңбек кенелтті,
Ширатты бізді еренті.
Жұмысшы кара халықтың,
Біздей жас әскерін. 2 рет

Ту көтердік жолдастар,
Кел бермен гулесін!
Құрамасын еңбектің,
Жасауға бірлесіп.

Дүниені еңбек менгерсін,
Бір үйлі жанға теңгерсін.
Жұмысшы қара халықтың.
Біздей жас әскерін. 2 рет

ЖАС КӨСЕМДЕР МАРШЫ

От болып жайна кара көк түндер!
Басталар кез бұл сәулелі күндер!
Біз – жас көсемі, жалшы ұлдары,
Лап десе, тап бол – жастар ұраны.

Жасап өсеміз туған бауыр көп,
Қауіп-кәтерге дәйім әзір боп.
Тартыс, еңбекшіл қайтпас қыраны.
Лап десе, тап бол! – жастар ұраны.

Ексін адымдап, ән шырқап ескек,
Жастарға тете шықпақ жеткіншек.
Сәулелі күндер басталар кез бұл.
Жастар ұраны: лап десе, тап бол!

Ащы айғайға басамыз бірге,
Жер жүзіндегі жас көсемдерге.
Біз ғой жастардың нұрлы шырағы,
Лап десе, тап бол – жастың ұраны.

Шарықтатамыз қызыл жалауды,
Жалшы ұлдары, болма ала жаулы!
Сәулелі күндер басталар кез бұл,
Жастар ұраны: лап десе, тап бол!

ТҰҢҒИЫҚ ТҮПСІЗ АСТЫНДА

(өлеңмен жазылған сөз)

Су сабалап, суды тіліп,
Көк теңізде келе жатты бір кеме.
Бір мезгілде түсі суық
Бір кара бұлт көкке ойнақтап,
Шыға келіп, төнді теңіз үстіне.
Сол-ақ екен теңіз тулап,
Таудай-таудай кара толқын
Теңізді салды талқыға
Долы дауыл буырқанып.
Ұстаудан шыққан андай ұлып,
Кеменің кенеп майшаларын
Сатырлатты, қиратты.
Анда-санда кара тұман
Найзағаймен жарық етед.
Көк күркіреп, су күңгірлеп,
Кенеттен кейде шарт етед.
Кемеге ажал таянды
Кемені су кернеді.
Сырғауылдар қирады
Кенеп қанат өрім-өрім
Жалбырады салбырап
Дауыл мен толқын ән қосып,
Кемені жанышты иледі.
Дәрмен кетті кемеден
Суға батып жөнелді...
Таң шашырап атқанда,
Береке, бөшке, арқан, жіп
Тақтай-мақтай ағып жүр.
Сол тақтайдың біреуінде
Әлде қандай мейірімді қол
Мықтап тұрып байлаған
Нәресте кетіп барады.
Шөптей жеңіл тақтайында
Торғайдай боп көрініп,

Қара толқын арасында,
Тұңғық түпсіз астында,
Қатерден ешбір хабарсыз,
Көңілі қамсыз, өзі шат
Жымиып күледі жас бала.
Балдырғандай жас қолдарын
Шолтаңдатып, су сабап,
Салқын суға малады.
Малайын деп, малмайды:
Толқын қолға соғады.
Толқынның әппақ көбігі
Баланың үстін қаптайды;
Толқынның бүріккен ұшқыны
Ұшықтайды баланы.
Оны бала ойын ғой деп,
Жыпылықтап, көзін қысып,
Сақылдап тұрып күледі
Қызық қой тегі балаға!
Түпсіз терең көк теңіз
Қорқытпайды баланы,
Асқар таудай көк толқын
Ұшырмайды зәрені.
Өмірде мен де көремін
Қайғысыз, қамсыз көңлі шат
Жымиып тұрған жандарды
Масайраған жүздерді,
Күлсе аузынан гүл төгіп,
Санқылдаған үндерді
Көрген сайын есіме
Еріксіз бала түседі,
Сондай қамсыз, сондай шат,
Күлкісі тәтті, ләззәтті.
Жабысып жалғыз тақтайға,
Қара толқын ішінде,
Тұңғық түпсіз астында
Мәз болып күлген баланы.

ЖАМАН ТЫМАҚ

Ертегіде бір кедей,
Қара касқа қу кедей.
Қатыны бар қаншырдай,
Үш ұлы бар қамшыдай.

Жауыр күрең – керігі,
Жалғыз сиыр – қорегі.
Келді бір күн ауылнай,
Үй жығатын дауылдай.

«Дереу алым тап!» – дейді,
«Күй мөшкенді сат!» – дейді.
Кедейге қамшы басады,
Сиырын айдай кашады.

Сорлы кедей қалбаңдап,
Жаман тымақ жалбаңдап
Ақсақалға келеді,
Иіліп сәлем береді.

«Мен қайтем?» деп, ақсақал
Алақанын кереді.
Сорлы кедей қалбаңдап
Жаман тымақ жалбаңдап.
Болысқа да келеді
Иіліп сәлем береді.

«Ақ патшаның раматын
Бермей, мұнда шабатын.
Неткен тентек немесің?
Бер дегенін бересің!»

Сорлы кедей қалбаңдап,
Жаман тымақ жалбаңдап,
Молдаға да келеді
Иіліп сәлем береді.

Кітап ұстап молдасы,
Қазандай боп сәлдесі.
О да ақырды кедейге,
«Бер деп айтса, бересің!»

Сорлы кедей қалбаңдап,
Жаман тымақ жалбаңдап,
Байдікіне келеді,
Иіліп сәлем береді.

«Етек-жеңін кең еді...
Бір сенгенім – сен еді...
Несиеге он сом бер...»

Кебеже қарын кекірді,
Қарнын сипап лепірді.
«Ортан қолдай бес бұзау,
Жыл шығарып бересің?..»

Кедей сорлы қалбаңдап,
Жаман тымақ жалбаңдап,
«Нашандікке» келеді,
Кеңсеге әрең кіреді,
Кеңседе тере тұр еді.

Тымақшанды көреді:
«Малақай!» – деп бақ етті,
Тымақ бастан топ етті.
Тымақ қолда тұтылды
Кедей қашып құтылды.

Жаман тымақ бүрісіп,
Құлақтары құрысып,
Көп қағаздың ішінде
Жатушы еді құнысып.

Күндерде бір күн бір тілмаш,
Қуяңдаған қу тілмаш.
Қағаздарын ақтарды
Тымақты тысқа лақтырды.

Жаман тымақ жалып етті,
Құлақтары салып етті.
Көшеде жүрген бір ақ ит
Тымақты тістеп ап кетті.

Бір қораның төріне
Ат қораның түбіне
Ақ ит әкеп тымақты
Жұлқылады құлақты,
Өткен түні қорадан
Ат жоғалған түн екен.

Казак-орыс иесі
Атын іздеп жүр екен.
Тымақ тапты – кенелді,
Кеңсеге алып жөнелді.
Жаман тымақ бүрісіп,
Құлақтары құрысып.

Шәрке, телпек серік боп
Жатты шкапта құнысып.
Арада ай, күн, жыл өтті,
Кеңсе бір күн шу етті.
Шкап сарт-сұрт ашылды
Қағаз сау-сау шашылды.

Телпек тұрды уралап,
Шәрке шықты домалап.
Тымақ жатыр сығалап,
Әкетті бәрін арбалап.

Арбаң-арбаң арбалар
Көшеден көше донғалап.
Көше толған халыққа
Тымақ қарап таң қалар.

Бір мезгілде караса
Түнеугі казак-орысты
Қуып кетіп барады.
Түнеугі долы тілмашы.
Бұғып кетіп барады
Жаман тымақ сол кезде
Жан біткендей ілезде
Бір құлағы селт етті,
Өзінен өзі селік етті.

Бір мезгілде караса,
Өзін қағып түсірген,
Кедейдін құтын ұшырған,
Сар түймелі төрені
Кім көрінген желкелеп,
Ұрып кетіп барады.

Сонда тымақ желпінді,
Құлақтарын сілкінді,
Тамақты бір кенеп ап,
Білекті бір білеп ап:
«Мен – кешегі «Малақай»
Күнім туды алақай!
«Түй желкеге, түй» деді
Қорықпай қалай бүй деді!?

Бір мезгілде караса
Қасында отыр бір казак
Серкеш борбай, сым казак
Тымақты алды бұл казак.

Сол казакпен селбесіп,
Арбасына мінгесіп,
Тымақ кайтты еліне
Туып өскен жеріне.
Жазғытұрым кезі екен,
Күн ызғырық жел екен:
Қалпакты казақ бүрісіп,
Жак жүндері үрпиіп.
Жылытайын деп құлақты,
Алып киді тымақты.
Қазақтың бойы жылынды:
Көзі ұйқыға ілінді.

Сонда тымақ ойлайды:
Мына бас пен мына шаш
Жайлы коныс болса игі ед.
Анау шалбар тылтыйған
Мынау шапан қылтыйған
Сірә маған қонса игі ед...

Қой, жөніме тартайын
Табанды жалтыратайын!..
Деді де, тымақ ондалып,
Қос құлағын комданып,
Құс боп ұшып жөнелді.

Қара құстай қалықтап,
Ойдан кырға шарықтап.
Екі бауы салақтап
Елге жетті далақтап.

«Тымақ кепті даладан...
Ұшып кепті қаладан...»
Деген хабар дүнік етті,
Тымақ біткен күнік етті,
Шуылдасты, жиылды,
Алласына сыйынды.

Түлкі тымақ жылмаңдап,
Екі көзі қылмаңдап.
«Құтты болсын жолыңыз!
Бізге қонақ болыңыз.
Қызметке мен даяр,
Сайлауыңа ел даяр...»
Жаман тымақ: «Тек!» – деді
«Жолымнан аулақ кет!» – деді.

Сәлде тұрып шұлғыды,
Сәлем беріп мүлгіді
«Сізге бата бергелі,
Жүзіңізді көргелі,
Алыс жерден кеп едік
Жетім-жесір – нашардың
Қәріп пенен Қасардың
Біздер камын жеп едік...»
Жаман тымақ: «Тек!» – деді
«Айтпа бекер, кет!» – деді.

Күрең тымақ бас иіп
Ақ сақалы сапсиып.
Бір жағынан сөйледі:
«Алыс жерден жол келген
Алты жасар балаға
Алпыстағы шал келген...
Оң батамды берейін,
Өссін, балам мерейің!»
Жаман тымақ: «Тек!» – деді.
«Батаңмен аулақ кет!» – деді.

Көнетоздау көк тымақ,
Қарны толған бок тымақ.
Сөйлей алмай «нып» деді.
«Ы-ы-ы-ы-ык» деді.
Жаман тымақ шамданып:
«Ұр мынаны, ұр!» – деді.
«Жолдан былай тұр» – деді.

Бокша асыпған бір тымақ,
Шокша сақал, сұр тымақ.
Бір құлағын жымырып,
Бір тұрып, бір жығылып,
Қолын соза беріп ед,
Жаман тымақ ақырып,
Тартып алды бокшасын
Жұлқып қалды шокшасын.

Жапырық жаман тақия
Шыға келді ақыра:
– «Мырзамызға тиесін,
Қайдан шыққан немесің?
Сенің камын жеп тұрсам,
Сендер үшін кеп тұрсам.
Ақылы кем бакыр-ау!
Сенікі не батыр-ау?
Бері кеп айт сөзіңді,
Шырамытам өзінді!»
Таянып ед тақия:

– Ойбай! Менің тақиям!
– Ойбай! Менің тымағым!
Деп бір-бірін танысты,
Шұркырасып қалысты.

Тақия киіп тымағын,
Қайырып ап құлағын,
Елін кезді сайраңдап,
Қала кетті тайраңдап.

Ертегі сонымен
Тұрды білем қайраңдап.

НҰР КҮЙІ

(күйлі сөз)

Жібек ана
Ақ борықтай бөпесіне
Мамасын емізіп еміренед.
От жүрекке
Аялай қысып,
Айналад та, толғанад,
– Күнім, Айым!
Өкпе жайым! Айналайын!..
Саусақайыңды селтендетші.
Жеп қояйын!..
Ей, еһ жаман-ау,
Қашан күлесің?
Кіш-ш-т, кіш-ш-т,
Күлші, бүйрегім!
Бөпесінің туғанына
Жарты айдың жүзі боп барады.
Буыны бекіп, шымырап, ширап,
Бұлтиып өсіп келеді.
Бөпесі бірақ жадырамайды,
Қошақанынан жеріген қойша,
Бедірейіп жатқаны.
Жібек ана ақ бөпесін
Әлпештейді, мәпелеп.
Алдына алып, ән салады, әлдилеп.
Арқалыққа салбыратып,
Сылдырмақай тағады бөпежаны.
Саусақайын шолтаңдатып,
Қашан ойнап жатады?
Бөпесі сұлық,
Сылдырмақайға білезікейін созбайды.
Сылдыр шықса, мойнын бұрып,
Құлағын түріп тыңдайды.

Ертемен-ақ бөпенің
Ашық жатқан бетіне,
Жұлдыз үйдін тесігінен,
Күміс күн нұрын құйғанда
Қараңғы түнде бесігінің
Оң жағында жылтырап
Шырағдан тұрғанда,
Қарақаттай мөлдіреген кара көз!
Сәулеге карап, кірпігін де қакпайды,
Тарбаның үші тиіп кетсе,
Оған да елең етпейді.

* * *

Көзі қаракты абысындар,
Жиналысты, көрісті.
Таңданысты, тамсанысты,
Не екенін білмеді.
Бақсы – балгер,
Молда – дәрігер,
Бәріне де көрсетті.
Көшірді хатты,
Тұмар тақты,
Қытықтады,
Ұшықтады,
Бірі үшкірді,
Бірі түшкірді,
Бірі де ем болмады.
Сарғайғанда тілеп алған жалғызы,
Су қараңғы соқыр екен – масқара!
Бейшара бала,
Сорлы анаңа
Шер болуға тудың ба?!
Жарым жан сорлы жарты адам боп,
Қайтып өмір сүресің?!

НҮР КҮЙІ

(күйлі сөз)

Жібек ана
Ақ борықтай бөпесіне
Мамасын емізіп еміренед.
От жүрекке
Аялай қысып,
Айналад та, толғанад.
– Күнім, Айым!
Өкпе жайым! Айналайын!..
Саусақайыңды селтендетші.
Жеп қояйын!..
Ей, ең жаман-ау,
Қашан күлесің?
Кіш-ш-т, кіш-ш-т,
Күлші, бүйрегім!
Бөпесінің туғанына
Жарты айдың жүзі боп барады.
Буыны бекіп, шымырап, ширап,
Бұлтиып өсіп келеді.
Бөпесі бірақ жадырамайды,
Қошақанынан жеріген қойша,
Бедірейіп жатқаны,
Жібек ана ақ бөпесін
Әлпештейді, мәпелеп.
Алдына алып, ән салады, әлдилеп.
Аркалыкка салбыратып,
Сылдырмақай тағады бөпежаны.
Саусақайын шолтаңдатып,
Қашан ойнап жатады?
Бөпесі сұлық,
Сылдырмақайға білезікейін созбайды.
Сылдыр шықса, мойнын бұрып,
Құлағын түріп тындайды.

Ертемен-ак бөпенін
Ашық жатқан бетіне,
Жұлдыз үйдін тесігінен,
Күміс күн нұрын күйғанда
Қараңғы түнде бесігінің
Он жағында жылтырап
Шырағдан тұрғанда,
Қарақаттай мөлдіреген кара көз!
Сәулеге карап, кірпігін де какпайды,
Тарбанын үші тиіп кетсе,
Оған да елең етпейді.

* * *

Көзі қаракты абысындар,
Жиналысты, көріеті.
Таңданысты, тамсанысты,
Не екенін білмеді.
Баксы – балгер,
Молда – дәрігер,
Бәріне де көрсетті.
Көшірді хатты,
Тұмар такты,
Қытықтады,
Ұшықтады,
Бірі үшкірді,
Бірі түшкірді,
Бірі де ем болмады.
Сарғайғанда тілеп алған жалғызы,
Су қараңғы соқыр екен – масқара!
Бейшара бала,
Сорлы анаңа
Шер болуға тудың ба?!
Жарым жан сорлы жарты адам боп,
Қайтып өмір сүресің?!

Сәуле көрер –
Шырағың ақау болғанша,
Аяғың ақсақ, қолың шолақ,
Болып неге тумадың?!
Бұл жарыққа
Қараңғы боп келгенше,
Тумай тұрып,
Түншығып неге өлмедің?!
Деп күйініп, өрт болады,
Елжіреген мейрімді ана жүрегі.
Ел қамын жеген ер болсын деп,
Әділ, шешен би болсын деп
Атын Едіге қойып еді.
«Ер Едіге», «Би Едіге»,
Көр боп туды не шара?!

* * *

Едіге өсті, ер жетті,
Едігеге ақ та – кара,
Қара да – кара, күн де – түн
Едігеге сұлу – сұмпай,
Бұлбұл – әуез, гүл иіе.
Жел – бір зуыл, құс – бір суыл,
Дала күдір.
Барлық нәрсе кедір-бұдыр,
Жұмсақ қатты,
Ащы тәтті,
Ыстық суық көрінед.
Жан-жануар, жер-дүние
Сылдыр, сылдыр
Күріл, дүріл,
Қиқу, шиқу
У да-шу
Апасының сүйінгенін,

Кейде жылап, күйінгенін,
Кейде күлген, кейде ышқынған,
Дыбысынан сезеді.
Әкесінің жаны кейіп жатқанын
Дертті адамдай күрсінгеннен сезеді.
Елеусіз үнге құлағын тіктеп,
Салушы ед.
Едігенің көзі кемі болмаса,
Жаралыста көңілі тетік
Ойы зерек бала еді.

Жағымды үнге жаны құмар жан еді.
Ауыл үйдін адамдарын
Тықырынан танушы еді.
Апасы үйде отырғанын,
Иісінен білуші еді.
Көзділер сезбес,
Елеусіз үнге
Шытынып тұрып,
Құлағын тіктен салушы ед.
Ән мен күйден әуез келсе,
Жайрақ қағып қалушы ед.
Ән салатын Күлкетайды,
Жанындай жақсы көруші ед.

* * *

Өсе келе, Едіге де
Домбыраны үйренді.
Жағы талмас жыршы болды,
Бармағы алтын күйші болды
Қолдан-қолға тұрмады.
Күйшіден күйші қоймады.
Тәтті әуезге тоймады,
Өнері өрге өрледі.

Бозторғайды, бұлбұл кұсты
Боз жорғаны, боз інгенді –
Бәрін күйге түсірді.

«Бәлен елде
Берден деген күйші бар,
Ол күй тартса,
Қоңыр қаз жерге қонады,
Құлан-бұлан
Қасына төніп келеді.

Домбыраға перне такпай тартады», –
Деген сөзді Едігеге айтты бір адам
Едіге тыныштық көрмеді.
Жолдас алып,
Қоржын салып,
Едіге ұзақ жол жүрді.
Арғын, Найман, Қыпшак, Қоңырат,
Аралады көп елді.

Алыстан мұнар тау көрінед,
«Таудан әрі ел бар», – десед.
Сол елдерге жеткенде,
Берденге күндік жер қалад.
Көз барында таудан асып алғалы,
Жолаушылар өктей жортып келеді.
Бояқтай боп күн де батты,
Жолаушылар тауға жетті.

Тер катқан ат тебіренбеді»
Ат шалсын» деп жолаушылар,
Бір бұлаққа түсе қалды,
Ыстық күнде ат қағып,
Тұла бойы салдырап,
Қажып келген жігіттер,
Жерге басы тиісімен,

Қата қалды маужырап,
Адам мен аттан дыбыс жоқ!
Су сылдырлайд,
Шөп сылдырлайд,
Құс шырылдайд,
Әлде бір айуан ұлығандай болады.
Едігенің жүрегі қатты түршікті.
Жерден басын жұлып алды,
Атып тұрды, қашып берді.

Жолдасының ойбайлаған жан дауысын,
Құлағы шалып қалып ед,
Дүркін-дүркін тұра қалып тыңдайды.
Ырылдаған, күрілдеген
Қасқыр дауысы естілед
Үрей кетті...
Екі қолы ербеңдеп,
Тастан тасқа сүрініп,
Ентелей басып ентігіп,
Бір жартастан құлап кетті күрс етіп,
Алда өлдім... ah! деді...

Екі қолы ербеңдеп, тастан тасқа сүрініп,
Құлдилап барады.
Үсті-басы жер тіліп,
Аяк-қолы мертігіп,
Ағып барып,
Маңдайы тасқа тақ етті.
Едіге естен айрылды.

* * *

Қанша заман өтті, кетті,
Едіге оны білген жоқ.
Бір мезгілде қыбырлады, жан кірді,
Құлағына ұғымсыз сөздер естілді.

Қазак емес,
Орысшалаған тәрізді.
Төңірегін сипаласа,
Қасында кісі білінед.
Астындағы төсеніші
Жатқан үйдің қабырғасы
Қозғалғандай
Теңселгендей сезілед.

Бірдемесі дырылдайды.
Жатқан жері ағып барад,
Ұшқан құстай суылдайды.
Жел құлаққа зуылдайды.
Алас ұрды, аймалады, бұлқынды.
Жібермеді, ұстай алды,
Алыс-жұлыс... алқынды.

Қан басына шапшыды,
Қол артына қайрылды.
Тағы да естен айрылды.
Қанша заман өтті, кетті,
Бір мезгілде Едігеге жан кірді.
Сипаласа тағы жатыр төсекте.

Тык-тык етіп,
Жүрген дыбыс білінед,
Қаңғыр-күңгір
Адам даусы сезілед.
Қол-аяғын қозғап көрсе,
Қозғалтпайды, ауырад.

Айырпыланмен ұшып жүрген орыстар келеді.

Тықыр, тықыр,
Опыр, топыр,

Кісілер келгенге ұқсайды.

Ой, алақай!

Құлағына жылы дауыс естілед.

– Сен кімсің?

– Мен бе, мен казакпын.

– Өзің кімсің?

– Мен де казакпын.

– Мен қайда жатырмын? Өнім бе, түсім бе?

– Сен ауруханада жатырсың!

– О немене?

– Ауруды қарайтын үй.

– Не дейд, бұл қай жер?

– Бұл қала,

– Мені мұнда кім әкелді?

– Сені мұнда айырпыланмен ұшып жүрген
орыстар әкелді.

– Айырпылан деген не?

– Аспанға адамды көтеріп ұшатын бір қайық.

– Жаным-ау, не дейді? Қой, түсім шығар?

Өзің рас казакпысың? Бері таман келші.

– Қазак екенімді көрмей тұрсын ба?

– Көрмеймін, соқырмын ғой.

– Солай ма едің?!

Әлгі казак қасындағы

Орыстарға сөйлесті

Әлде неше күндер еткен тәрізді.

Аузына тосып ас береді.

Татпаған бұрын, жат тамақ

Күнде біліп, жарасын көріп,

Дәрі жағып, емдейді.

Күннен-күнге тәуір болып,

Бойы тыңайған тәрізді.

Бір күндерде

Едігені жетелеп әкеп,
Бірдемеге жатқызды.
Бірдемесін мұрнына таман тақап ед,
Не болғанын білмеді...
Әлден уақытта есін жиса,
Екі көзі таңулы
Тартып көрді, сипалады.
Мықтап тұрып байлаулы.

Көзі ашыды,
Түйілгендей,
Ауырғандай болады.
Солайша тағы көп жатты.
Бір мезгілде
Көзіндегі байлауды шешіп алып ед,
Үйдің іші жарқыраған аппак нұр,
Бұ не ғажап,
Қарсы алдында мінбелеп сұлу бір қыз тұр.

Қолын созды, жете алмады.
Күнде келіп,
Жарасын көріп
Дәрі жағып емдейді
Тағы бір нәрсе үстіне төніп,
Келе жатқан секілді.
Тағы созды, жете алмады.

Бірақ ол нәрсе сөйледі.
– Е, қалай, тәуірмісің?
– Жұлып алғандай.
– Жарықтығым, сен кімеің?
– Мен әнеугі казакпын.
– Бері таман келіп сөйлеші.
Қолын созды, сипалады
Кісі екен

Әй, ағатай! Не керемет?!
Көзіме менің не болды?!
– Көзінде қалың шел бар екен
Дәрігер көріп,
Шелін сылып тастады.
Бағың бар екен.
Елде кім айдап кез болдың?

Көре ме көзің?
– Көреді, көреді.
Қозғалып тұрған аузың ба сенің?
– Иә, аузым
– Ағатай-ау! Келсей бермен!
– Аузыңнан бір сүйейін.
Мұндай бақты,
Қашан көрем деп едім?!

Құшақтап, қысып,
Аймалап жатыр.
Бауырына басып,
Аялап жатыр.
Бір күлед де, бір жылайд.
– Ағатай-ау!
Сүйінші неге сұрамадың?
Маған неге айтпадың?
– Көзің жазылар, жазылмасына
Көзім жетпеді ғой.

Жазыла қалса,
Сонда айтармын деп едім.
– Домбыра бар ма?
Ой, ағажан!
Ұстатсайшы қолыма!
– Домбырашы ма едің?
– Қуанышым ішіме симай барады.

Ағытылайын, сөйілтейін.
Домбыраның да,
Түрін бір көріп шертейін.
Жіберсейші, алдырсайшы, ағаске!
Жүгіріп дереу домбыраны келтірді.

Сонда Едіге,
Домбырасын қолына алып,
Екпіндетіп,
Екіленіп,
Ескектетіп,
Қалшылдағып,
Тарсылдағып,
Кекілік ағып,
Секектетіп,
Күннің күйін,
Нұрдың күйін соқтырды.

Мойны қисайып,
Сілекейі ағып,
Сүйектері
Қорғасындай балқыды.
Лепіріп жүрек,
Бейне тас түлек.
Ақ тұйғындай,
Аспанда шүйгіп,
Қалықтап, жүйткіп.
Сорғалады, шалқыды
Буынсыз бармақ,
Перне бойлап,
Жорғадай сызды.
Сокқан сайын,
Нұр күйінен
Пейіштің лебі аңқыды.

* * *

Жұрт тыңдап отыр,
Айтқан соқыр.
Дірілдет қолды, дірілдет!
Нұрдың күйін,
Сен тартпағанда,
Кім тартсын,
Безілдет, шіркін,
Безілдет, шіркін, безілдет.

* * *

Едіге күйшім
Еліңе есен кайтасын!
Нұрды қалай көргенінді,
Еліңе жыр ғып айтасын,
Нұрдың күйін,
Сен соқпағанда,
Кім соқсын!
Күжілдет, шіркін,
Күжілдет, шіркін!
Дүрілдет!!!

ӘСКЕР МАРСЕЛЬЕЗАСЫ

Арғы атам – ер түрік,
Біз – қазақ еліміз.
Самал тау, шалқар көл,
Сарыарқа жеріміз.
Сай сайлап, мал айдап,
Сайрандап ел жайлап,
Ерке өскен Арқаның
Еркесі серіміз.
Біз жүрген Алаштың
Шын кемеңгеріміз.
Егессек ел бермес,
Еңіреген еріміз.
Бұғаудан босанған,
Біз – долы арыстан.
Долданса, болмайтын
Жаңа дәу – періміз.

Ат мінсек, жел болып,
Дуылдап шабамыз.
Лап десек, ерленіп, дауылдап жанамыз.
Алаштың ақ туын
Қолға ұстап ақырып,
«Алаш» деп шапқанда,
Жауға ойран саламыз.

Ер түрік ежелден
Оқ тескен етіміз.
Қаймығып еш жаудан
Қайтпаған бетіміз.
Жаусын оқ, ақсын қан,
Шықсын жан, көркі жоқ,
Алаштың жолында
Жан қимақ – ниетіміз.

Біздерге сөз бе екен,
Жауынның көп-азы.
Өлсек, хақ шәһитпіз,
Өлтірсек, біз қазы.
Жол болып, жау шауып,
Сау қайтсақ боламыз
Қазақтың шын ұлы,
Қаһарман сарбазы.

Алаштың аруағы
Жебесін, колдасын!
Аксақал, тілей көр,
Сапарды оңдасын.
Жасаған жар болсын
Қазақтың еліне.
Жасасын, сақтасын
Алаштың ордасын.

* * *

Қалған малдан, аш адамнан
Күдер үзер кез жетті.
Боран қоймай, күн ашылмай,
Халық жігері күм болды.
Жан қайғы боп, малда жай жоқ,
Сәуле қайда елге енді.

* * *

Сонша қазына ортасында,
Тек тілегі шаруаның.
«Не қылсаң да, малды алсаң да,
Жарық көрсет, Құдайым.

1915.

ЛЕНИНГЕ

(жисоқтау)

Тарихтың карап тұрсақ жазыстарын
Көреміз тіршіліктің жарыстарын:
Өмірін мұнсыз, камсыз өткізем деп
Тартысып адам ұлы салысқанын.
Тартысты адам ұлы ардан безіп
Айуандай күшті әлсізді жанышқанын.
Нашарды күштілерге жем қылмасқа
Талай ер талай кезде алысқанын.

Кейбірі адамзаттың құлкын түзеп
Әділет орнатам деп қарысқанын
Мысалы Айса, Будды сықылды ерлер
Елді үндеп, үгіт шашқан дабыстарын
Аплатон, Арстудай данышпандар
Ақылын осы жолда тауысқанын.
Сықылды Жан-Жан Руссо, Толстойлар
Талай том, талай кітап жазысқанын.

Ерлердің көп еңбегі қиыл шығып
Жауыздық күн-күн өршіп жарысқанын
Араның ашылғанда айуан адам!
Арғы атаң айуаннан қалыспадың.
Тұрмыстың тынбай зерттеп ағыстарын
Капитал, өнер, ғылым, жарыстарын
Сықылды Маркс, Энгельс сабаз туып
Беріп ер еңбегінің табыстарын.

Етегін кемеңгердің ұстай туған,
Сев едің болат-құрыш алдаспаным!
Тенелтіп еңбекшіні жетілуге,
Арнадың өмірінді, бағыштадың.
Түн ұйқы, күндіз күлкі – дамыл тапшай

Жету ед арманыңа бар күштарын
Көп катер алды-артыңды кармаса да,
Қамалға карсы тұрдың, қайыспадың.
Жерлерді екі талай ебін тауып
Жауымен айдаһардай арбасқаның.

Ойлаған мұратыңа ақыр жетіп –
Аузына құм құйып ең бар дұспанның
Айбатың Абылай мен Бонапарттай
Ақылың бейне Аплат, Сократтай
Езілген нашар тапты есіркеуге
Жүрегің Аиса менен Мұхаметтей
Бәрінен алапатың асып еді

Әлемді аруағың басып еді
Желбіреп желкілдеген Қызыл Туың
Ұраның жер жүзіне шашып еді.
Атағы жерді жарған данышпаным!
Бұл күнде біздің көзден алыстадың
Ардақты Ленин жолдас, атың мәңгі!
Сырттаны адамзаттың – арыстаным!

«Еңбекші қазақ» газеті, 1924 жыл, 27 январь.

«Өркен» газеті, 21 январь, 1989 жыл.

БАЯҒЫ ЖҰТ ҚОЯНДА

Жаз кұриды, күз азғырды,
Жапалақтап жауды қар.
Боран шықты, босып акты,
Сарыарқада жүрген мал.

Өз көрінбей, шықты күндей,
Ағын болып лайсаң.
Ау кұрылды, төбе үйілді,
Өлген мал мен өскен жан.

Жазғы малдан аз-ақ қалған,
Токсан туа қазақта,
Койекеңде қыс бекіне,
Шындып салды азапқа.

Бұрынғыдан енді жаман,
Ақ басқын мен жел қатты.
Әрбір жерде малдар төбе,
Төбе болып бұл жатты.

Арық малға, аш қасқырда,
Күнде қонак боп кетті.
Қалған малдан, аш адамнан,
Күдер үзер кез жетті.

Боран коймай, күн ашылмай,
Халық жігері күм болды.
Жан кайғы боп, малда жай жоқ,
Сәуле қайда елге енді.

Сонша қазына ортасында,
Тек тілегі шаруаның.
«Не кылсаң да, малды алсаң да,
Жазың көрсет, кұдайым».

ОҚУ, БІЛІМ

Оқу, білім –
жанған шырақ, ойласаң.
Үйренерсің,
іздеп көрсен,
қоймасаң.
Қу өнерді,
бу беліңді,
жігер сал!
Пайда аларсың,
қаужанарсың,
тоймасаң.

ТЫРНА

Жиналыңдар, достарым,
Тырнаны жырға қосалық.
Тырау-тырау, тырналар!
Жас тырнадай мырзалар!
Бұрынғы өткен күндерім,
Жұмыссыз ойнап жүргенім.

(Қайтармасы)
Енді жұмыс өзгермек:
Тіс тазарту о да еңбек.
(Қайтармасы)
Аяқ жуу, қол жуу,
Шикі судан тыйылу.

(Қайтармасы)
Жас ұланда жазылдым,
Жасанбай енді не қылдым.
(Қайтармасы)
Қатарда батыл кім жасар?
Жас ұланнан кім асар?

(Қайтармасы)
Қазбек нені бітірді?
Қарнын шайға толтырды.

(Қайтармасы)
Ортақшылдық – досымыз,
Жас ұйым – біздің досымыз.

(Қайтармасы)

ҰРШЫҚ (жеңгем сыры)

Сыртылдама, он саусақ,
Майдалап мая түтілші.
Шыртылдама шынашак.
Шыр айналып, шүйке ілші.

Оймышты ұшқат, ырғай сап,
Ұршығым, сені қолға алам.
Ұршығым, ұшқыр нар тайлак,
Жез бұйдалы, жел маям.

Жел маям, желші, нар тайлак.
Тартына берме тайтандап.
Тартына берсең тайтандап,
Тақымдап қоям, қайта айдап,

Қыла ма жалқау жарлылық,
Қылмаса ділгер жүн азы.
Екілен, зырла енді, ұршық.
Иірейін биязы.

БАЛҒА

Күйлейді соққан кезде менің балғам,
Сілтесем, әуез – шығад күйге салған.
Түтінде, от ішінде лаулап жанған.
Соғамын, бүгем, жансам, қылам талқан.

Бүгемін болат, темір, асыл тасты,
Өлі ойлы, мылқау жанды соғам қатты,
Тұрмысты кеуіп қалған ақ татыр боп,
Тиді де қызыл балғам күл ғып уатты.

Еңбегім сенсең жалғыз, күнім жарық,
Еңбексіз тұрмыс дәмсіз білдім анық,
Жүрегім қызыл балға дүрсіл қаққан,
Ұшқындап отын шашар, жарқ-жарқ.

Төс кернеп, демін алды жинап көрік,
Бір-екі, үш, гүрілдетіп жіберді үріп,
Еңбегім кешегі еткен терлеп-тепшіп,
Түрленіп жазды күндей алды көрік.

ДИІРМЕН

Көбіктеніп бұркылдайды,
Судың шуы күрілдеп,
Күміс көбік көпірсе,
Жар солкылдайды, дірілдеп.
Азығың тиеп арбаға –
Келіп тұр ед Тақырбай,
Жүгіріп келіп Бәкірі:
– Әке! – деді: – апырай!

Бұл немене самсаған?
Толып тұр ғой дөңгелек!
Қарашы, әке! Шаңырақтай
Дөңгелек тұр дөңгелеп.
Жер жарады дүрсілі,
Қандай күш бар тақтайда?
Су сауылдад тесіктен,
Көктен біреу тастай ма?..

– Сен білмейсің, балам бұл
Ұн тартатын диірмен.
Мынау тұрған: кедейдің
Азықтары үйілген.
Анау тұрған дөңгелек
Су күшімен айналад.
Ол айналса, ішінде
Диірмен де айналад.

Еккен мынау бидайды,
Тартқызып мен де аламын.
Білімнің бәл тапқаны,
Біздің ырыс, карағым.
Сабағынды оқи бер!
Сен де өнерлі боласың.
Қиынды онай қылудың
Қисынын ойлап табасың.

КЕТ, НАДАНДЫҚ, ЕСКІ ӘДЕТ

I

Көрдей үйге көмілтіп,
Көк түтінге үңілтіп,
Төлмен кабат жасатқан,
Күлмен табак асатқан,
Үйдің ішін сасытқан,
Көзімді түтін ашықтан,
Кет, надандық, ескі әдет.

II

Жүн-жұркамды шаштырған,
Дерт-дерменге батырған.
Бит-бүргеге жем қылған,
Баксы, балгер, ем қылған.
Жарық сәуле қоймаған,
Кұрт-құмырсқа тоймаған.
Кет, надандық, ескі әдет.

III

Шабыш киім, салтақ ет,
Сакалым да сап-сары ед,
Мұрным пұшық, басым таз,
Тазымды қолым қасым аз,
Сүмендеген мен едім,
Сүмендеткен сен едің –
Кет, надандық, ескі әдет.

IV

Бір табактан ас берген,
Бір төсектен нас берген.
Бір майлықка сүрттірген,
Қотырын қоса ектірген.
Аузыма қолын тықтырған,
Мерезін қабат жұқтырған.
Кет, надандық, ескі әдет.

V

Жат баланы сүйгізген,
Сілекейін тигізген:
Теміреткесін теңбілдеп,
Сар қотырын шеңгелдеп,
Қатындарды қаңғыртқан,
Ем тапқызбай аңыртқан.
Кет, надандық, ескі әдет.

VI

Өліктіге тонақтан,
Тонына қоса оба артқан.
Қызылша, сүзек, күрт, мерез,
Білінбей жүріп мырт мерез,
Тұқымнан тұқым құрдырған,
қояншық, жынға будырған,
Кет, надандық, ескі әдет.

ЖӘМИЛА!

- Жәмила! Мұнша неге жүдедің
Бетінде тамшы қан жоқ қой,
Жаралы ма жүрегін?
- Жәмила! Себебі не жалғанда
Серпіліп ойнап күлмейсің.
Түнде жұрт ұйықтап қалғанда
Тыныш бір ұйқы көрмейсің.
- Жәмила! Кеудеңе от толды ма?
Уһілеп айға қарайсың.
Өмірден у болды ма?
Жұлдызды неге санайсың?
- Жәмила! Шапаныңды бүркеніп
Тысқа ақырын шыққанда
Күрсініп ауыр күңіреніп
Айтқаның зар ма я ән бе?
- Жәмила! Қасыңдағы жауызың
Айырды ма жарыңнан?!
Сарғаймашы бауырым
Бітесің ғой зарыңнан.
- Жәмила! Арқанда анау таңба не?
Аһ! Имансыз ол хайуан
Жыла, жаным, Аллаға.
Бұдан басқа кафың не?
- Жәмила! Түскен мынау жүзікке
Қасірет пе, шашың ба?
Қайғылы кара көзінде
Мөлдіреген жасың ба?
- Жәмила! Қайғылы сорлы қарындас
Жылап бауырым төгіп жас
Мен де бірге жылаймын.

«Жаңа өріс» газеті, 1920 жыл.

«Өркен» газеті, 21 январь, 1989 жыл.

ТАР ҒЫЛЫМ

Ақ уыз жегізген,
Аузымды аққа тигізген,
Талпақ танау тар ғылым.
Шөлдегенде айраным,
Қарным ашса, қаймағым,
Талпақ танау тар ғылым.

Кертіп жейтін қатығым,
Тік тұратын қасығым,
Талпақ танау тар ғылым.
Сауып жатса, көпіршік,
Сауып алса, ірімшік –
Талпақ танау тар ғылым.

Алақанда сар майым,
Жалаңдайым, ім-нәйім,
Талпақ танау тар ғылым.
Құртым толған баспағым,
Туырылған қаспағым,
Талпақ танау тар ғылым.

Балкаймағым, ақ көжем,
Ақ бидайым – тоқ көжем,
Талпақ танау тар ғылым.
Сенің жөнің бір басқа,
Бұйра құртым сары қасқа –
Талпақ танау тар ғылым,
Бәрі менің тар ғылым,
Бәрін берген тар ғылым.

Тар ғылымды не етейін?
Тар ғылымды күтейін:
Бақайыңды қағайын,
Арқана үзік жабайын,
Аузыңа шөп тосайын,
Шөпке нанды қосайын.

Суырайын, қарайын,
Жылы жерге салайын,
Үстінді құрғатайын,
Салам сап жұмсартайын.
Тар ғылымды жатқызып
Мен де ұйқыға жатайын.

Жәндіктер туралы

Кішкене ғана бойы бар, адамды жейтін ойы бар.
Кішкене ғана бір бақша, іші толған байбатша.
Так-так етеді, астынан керуен өтеді.
Шіңгір-шіңгір етеді, шіңгірлеп кіріп кетеді.
Аттан биік, иттен аласа.
Жіпсіз тігілген, кесусіз шешілген.
Екі шеті жұдырықтай, ортасы қылдырықтай.
Жалғыз терек, іші кеуек.

Жаратылыс жайынан

Жабықта жарты күлше қыстыруды тұр.
Там үстіне бір такня тары септім,
таң атқасын жинап алдым.

Екі тері, тең тері,
етек-жені кең тері.

Тап-тап, тап жорға,
Табаны жалпак боз жорға,
байтал көрсе кісінемес,
шөптің басын тістемес.

Тал-тал шыбық,
Талып тұрған көк шыбық.
Көленкесін жасырып,
күліп тұрған көк шыбық.

«Жас алаш» газеті, 29 сәуір, 1992 жыл.

ЖАҢЫЛТПАШТАР

1) Бүркіт деген құсымыз, оны томағаламақ – бір мүшкіл ісіміз (3 рет айтуға)

2) Қара су қайнарландырайың. (3 рет)

3) Мынау арал қай арал, қайынды арал, талды арал, талды аралдың ортасында тарғыл итім талға оралып балалар.

4) Ат семіртсек, шорынташтырмақшымыз, ит семіртсек, жондандырмақшымыз, құмнан қоян шыңылтырлаттырмақшымыз, ертең түсте қайыс тоқпақтатырмақшымыз.

5) Әйтпесе, мәссаған, бес боз қосқа құнан қой қартаймай құл қартайар дейсің бе?

6) Даладағы отының шырпылырағынан әкел! (3 рет).

БҰРЫН ЖАРЫҚ КӨРМЕГЕН ШЫҒАРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Архивтерден табылған құжаттарда, орыс тілінде толтырылған анкеталарында Жүсіпбек Аймауытұлы «Аймауытов» деп жазып отырған. Бірақ өзінің жазған шығармаларына, шыққан кітаптарына көзі тірісінде «Аймауытұлы» деп қол қойған. XX ғасырдың 1917–1929 жылдары аралығында «Сарыарқа», «Ақ жол», «Еңбекші қазақ» газеттерінде, «Абай», «Жаңа мектеп» журналдарында және басқа да басылымдарда жарық көрген шығармаларында авторының «Аймауытұлы» екені көрсетілген.

1928 жылы Смағұл Садуақасұлына қайтарған анкеталық жауабында жазушы өзінің ғұмырнамасы жайында аздаған мағлұмат береді: «5 жасынан 15-ке шейін ескі молдадан оқып «Мұқтасарды» дендеп, «Нақу» оқып барып қалдым. ...15 жасқа келгенімде мен мамандық құрып, бала оқыта бастадым». Бала Жүсіпбек ескіше оқып қоймай, өзінің бір туысынан орысша хат та таниды. «Перевод қарастыруға жаралым» деп жазған өзі. Он сегіз жасқа қараған шағында, 1907 жылы Баянауылға барып, орыс мектебінде оқиды. 1909 жылы Баянауылдағы орыс мектебінің 3-бөлімін оқып бітіріп, қазыналық оқу табыла қоймаған соң бала оқытуға кіріседі. «1911 жылы ол ауылда оқытқан бір-екі баланы алып, Керекуге тағы бардым. Со жылы Керекуде 2 класты русско-киргизский школ ашылған екен, үшеуміз де соған кірдік», – деп жазады Жүсекең, – «Келесі жылы ол школде интернат ашылды. Интернатқа түстім. Осы школде 4 жыл оқып бітірдім». Керекуде оқуда жүргенде Жүсіпбек атақты «Қазақ» газетін алып, оқып тұрған. Жазуға деген құмарлығы сол кезден басталса керек. Оны өзі де растайды: «Ең алғаш басылған сөзім 1913 жылы болса керек, бір ақымақ алыпсатардың болыс болам деп, елге бір мөсте шай апарып, елдің қулары болыс қоямыз деп, шайларын алып, бос қайтқанын жазып едім, бұл хабар «Қазақ» газетінде басылды. Сол хабардың басылуы қалам ұстауыма үлкен себеп болды» дейді.

Жазушының өзі айғақ берген бұл ақпаратты «Қазак» газетінің ескі тігінділерінен табу оңай болмады. Үйткені оның атымен берілген дүниелерді газет бетінен ұшырастыра алмадық. Дегенмен географиялық ауқымды және, ең бастысы, жас Жүсіпбектің қалам ұстауына себеп болған, өзі айтқан кішкене ғана оқиғаны еске сақтай отырып, 1913 жылы «Қазақта» жарияланған материалдарды мұқият қарастырдық. Соның нәтижесінде 16-октябрьдегі санында «Ішкі хабарлар» айдарымен берілген «Болыс құмарлық» деген хабар Жүсіпбектікі деген тұжырымға келдік. Рас, мұның соңына автор «И.А.» деп қол қойған екен. Бұл есімді «Иусфбек Аймауытұлы» деген аттың бастапқы әріптері деп отырмын, үйткені, кейін, 1918 жылы «Абай» журналындағы дүниелеріне қаламгер «Иусфбек» деп қол қойған. Бұл – бір. Екінші, жоғарыда айтып кеткеніміздей, географиялық ауқым мен оқиға барысы басты дәлел болып тұр. Шағын ғана ақпаратты толық келтірейік: «Өткен жаз сайлауда Павлодар үйезі, Далба болысында болыс боларлық орысша білетін бір кісі болмаған; Мұны естіп, болыс боламын деп, Павлодар жатағында мелішпен кәсіп қылып жүретін Х.И. деген жігіт далақтап еліне шауып барған. Болыстың ел аларлық пұлы 25 шамалы такта шай, білімі қалада жүріп үйренген саудалық, былдырақ, бес-алты ауыз орысша тіл еді. Шар саларда елу басылар болыс қоямыз деп байғұстың ноғайдан вексельмен алған шайын алдап алып қойындарына салыпты. Шарға түсіп болыс болмақ түгіл, жұртқа күлкі болып, шайынан айрылып, шертиген шенқұмар сорлы салы суға кетіп үйіне қайтты». Осы шағын хабардың өзінен Жүсіпбектің қолтаңбасы аңғарылады.

1914 жылы, жиырма төрт жасқа аяқ басқан кезінде Семейдегі мұғалімдер семинариясына түседі. Архив құжаттары семинарист Аймауытұлының земство стипендиясын алып оқығандығын көрсетеді. «Қыс оқысам, жаз елге шығып, бала оқытып, қаражат жинадым» деп қаламгердің өзі еске алғанындай, жаздың күндері ел ішінде бала оқытып, мұғалім де болған. «Қазақтағы» (1915 ж., 17-июнь, № 142) мына бір шағын хабарландыру мұны растайды: «Семей семинариясын-

да жүрген Жүсіпбек Аймауыт баласы 15-ші ауғысқа шейін казак ауылында кымыз ішіп, орысша балаларын оқытпақшы. Керек қылған кісілер тез мынау адреспен хабарлассын: Семей қаласы, мұғалімдер семинариясы, Аймауытовқа».

Қазак баспасөзін зерттеушілер Жүсіпбек «Қазак» газетіне хабар-ошар, мақала жазып отырған деп топшылаған еді. Еліміздің Ұлттық Ғылым академиясының Орталық кітапханасы мен Ұлттық кітапхананың сирек қолжазбалар қорларында сақталған «Қазак» (1913–1918 жж.) газетінің тігінділерін толықтай ақтардық, әйткенмен шындыққа мойынұсыну керек-ақ: «Қазак» газеті жинағындағы Аймауытұлынікі деп болжам жасалған дүниелер терең зерттеуді, түбегейлі дәлелдеуді қажет етеді. Ғасыр басындағы казак мәтбұғатын жүйелеп, ретке келтіруде үлкен еңбек сіңірген белгілі библиограф-ғалым апамыз Үшкөлтай Субханбердина «Қазак» газетіндегі «Желкек», «Желкен» бүркеншік есімдері Аймауытұлына тиесілі болар деп болжам жасап көрген еді. Дегенмен «Қазак» газетінің материалдарын аңдап карап отырып, «Желкек» деген бүркеншік есім Жүсіпбектікі емес деген қортындыға келдік. Жалпы, «Желкек» атымен «Қазак» газетінде бес мақала жарық көрген. «Желкек» – Ресей империясы заманындағы әкімшілік-территориялық бөлініспен айтар болсақ, Бірғыз уезінің адамы болса керек. Үйткені, Бірғыз уезіндегі жаңалықтар: уездегі елдің тұрмысы, хал-ахуалы, партия таласы, сайлау т.с.с. жағдаяттар сөз болады. Мысал келтіретұғын болсақ, «Ауру калса да, әдет калмайды» мақаласы былай басталады: «Біздің Бірғыз үйезінің партия басы адамдары һәм бұлардың отағасы – би-болыстар хәкімшілік дәмін жақсы біледі». Ал «Жұрт алдында жауапкер» хабары «25-ноябрьден 2-ші декабрьге шейін Бірғыз үйезінде құрылтай сайлауы болып өтті» деп белгісіз автордың сол уезден екенін нақтылай түседі. Бұл уақытта Жүсіпбектің Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясында оқып жүргенін жоғарыда айттық.

Сонымен, «Желкек» бүркеншік есімі географиялық ауқыммен алғанда басқа тараптағы басқа тілшінікі екені күмән туғызбауы тиіс. «Желкектің» өзі емес екенін Жүсіпбек «Бұ

да ұлт театры жайында» деген мақаласында өзі де аңғартады. Онда «бір жағынан елдегі күйлерді жинап, екінші жақтан, Желкек айтқандайын, ән-күйге қолайлы бар қалқанқұлак балаларды кансербаторияға жібере беру керек» деген сөйлем бар. Көріп отырғанымыздай, «Желкек» (немесе «Желкен») дейтін ат Аймауытұлыныкі емес екені айдан анық.

Бұл ретте қаламгердің баспасөздегі бүркеншік есімдерін толықтай қарастырған жөн. Ғалым Бейсенбай Байғалиев 1989 жылы «Жүсіпбек Аймауытовтың бүркеншік есімдері» деген арнаулы мақала жазып, оның Қызылтаулық, ЖК, Қызылбас, Жанак, Келешек, Таңашбай, Екеу деген бүркеншіктерін атаса, сол жылы жазылған мақаласында ғалым Темірбек Қожакеев бұларға қоса оның Ермағамбет, Қып-қызыл, Шоғарақы деген тағы үш бүркеншік атын көрсетеді. Қызылтаулық деген ат жас Жүсіпбектікі екені, осы атпен «Ескі тәртіппен бала оқыту», «Рәбиға» пьесаларын жариялағаны кезінде «Сарыарқада» да жазылған (Сарыарқа. –1917. –20-декабрь. –№ 26.). Ал Таңашбай деген лақап ат өзінікі болғанын, ол бесінші атасының есімі екенін қаламгер 1927 жылы өзі ашық айтады (Еңбекшіл казак. -1927. -3-наурыз. –№ 51).

Жүсіпбектің ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы және одан ілгерідегі казак баспасөзінде жарық көрген дүниелерін жиыстыра жүріп, біз осы аталған бүркеншіктерді қаламгердің расында да өзі пайдаланғанына көз жеткіздік. Алайда олардың ішінде бір рет қана қолданылған есімдер бар екенін де айта кету керек. Олардың ішінде, мәселен, Келешек («Елес» әңгімесінде), Шоғарақы («Көшпелі Көжебай» фельетонында), Қып-қызыл («Әсемпаздық» фельетонында) сияқты бүркеншік есімдері бар. Қызылбас – өзінің екі ғана әңгімесінде («Томарбай мен катыны» және «Жаңабайдың жанындағы трагедие») қолданған аты. Жанак – тек «Ақбілек романында ғана қойылған есім («Әйел теңдігі» журналының 1927-1928 жылғы сандарында). Жанактың Аймауытұлының екінші ұлы екені белгілі. Мұнымен бірге қаламгер «Ж», «Ж.А.» деп аты-жөнінің басқы әріптерін ғана көрсетіп қол қойып отырған. Көбінесе «Жүсіпбек», «Юсф-бек» деп өз есімін толық көрсеткен.

Жиі қолданған тағы бір бүркеншік аты – Жік. Бұл жазушы есімінің бастапқы және соңғы әріптерінің бірігуінен жасалған сөз. «Жазушының жиі пайдаланған бүркеншік есімі – «ЖК» («Жік» емес)» деп жазады Б.Байғалиев. Дегенмен қаламгер алғашқыда «ЖК» деп қол қойды десек те, кейінгі шығармаларында «Жік» деп анық көрсеткен деп айта аламыз. Оған 1925 жылы «Ақ жол» газетіндегі (Ақ жол. -1925.–26-қаңтар. -№529), «Пионер» журналындағы (Пионер. - 1925. - № 2-3. - 7-10-беттер) кейбір шығармаларына «Жік» деп қол қоюы дәлел бола алады. Үйткен себебі, олардың бұл кезде «төте жазу» үлгісінде тасқа басылғаны мәлім. Сондықтан «і» әрпін еркін тану мүмкін екендігі түсінікті.

Сонымен, «Ж», «Ж.А.» және «Жүсіпбек», «Исуфбек» деп қол қойғанын есептемегенде, Ж.Аймауытұлының он бүркеншік есімі бар екендігін аңдадық. Шығармаларын түбегейлі жинастыруға ден қойған тұста біз қаламгердің тағы екі бүркеншік атын таптық. «Алып ұйқы» әңгімесін 1926 жылы «Қазақ тілі» газетіне «Қара адыр» деген атпен бастырған екен (Қазақ тілі. - 1926. – 12-қаңтар. - №4; 14-қаңтар. – № 5; 17-қаңтар. – № 6.) Алты ай өткен соң бұл әңгіме «Еңбекші қазақта» қайта жарияланған, сондағы нұсқа бойынша жазушының 5 томдық шығармалар жинағына еніпті. «Қазақ тіліндегі» нұсқаның жекелеген сөздерінде біраз өзгерістер бар. Мәселен, әңгіме жинақтағы үлгісінде «Тіршілікті айтсаңызшы, киімді әкел! – деппін» деп аяқталса, алғашқы нұсқада «Жасасын өмір! Киімді әкел! – деппін» деп бітеді. Бірінше үлгіде әңгіме «Қыстауға қонған кез» деп басталса, жинақта «Қыстауға жаңа қонған кез» деген сөйлем тақырып болып жүр. Осындай кейбір айырмашылықтар ұшырасады. Ең басты өзгешелік: «Қазақ тіліндегі» нұсқада әңгіме аяқталған соң қосымша «Әңгіменің ғылым негізі» деп аталатын, түсіндірме сыпатындағы, ғылыми-танымдық мақала берілген. Мұнда летаргия ұйқысының пайда болу себептеріне тоқталып, мысалдар келтіріп, тұщымды түсініктер айтқан. Осыдан кейін «Қара адыр» деп қол қойған. Бұл – жазушының туған жерінің атауы. «...Қызылтаудың

бауырындағы Қараның адыры деген жерде, Дәндебай ауылында тусам керек» деп жазған қаламгердің өзі.

1928 жылы Смағұл Садуақасұлына қайтарған анкеталық жауабында жазушының «Бажаның басы қышиды» деген әңгіменің өзінікі екені туралы мәлімет қалдырған. «Әйел теңдігі» журналында басылған бұл әңгіме (1927. – №10–11. – 104 - 108-беттер) осыған дейін көзге ілікпеген «Ақыл» бүркеншігімен шығыпты. Бұл атпен «Үй қандай болу керек», «Неге неке бекем емес» және т.б. мақалалары да жарық көрген. «Ақыл» – өмірінің соңына таман қолданған бүркеншігі. Сонымен Аймауытұлының «Қара адыр» және «Ақыл» деген он бірінші, он екінші бүркеншік есімі бар деп сеніммен айта аламыз.

Көлбай Төгісов Ташкентте шығарып тұрған «Алаш» газетіне 1917 жылы жиырма сегіз жастағы Жүсіпбек алғашқы көсемсөз туындыларының бірі болып саналатын «Қазақтың өзгеше мінездері» деген мақаласын бастырады (М.Әуезовпен бірігіп жазған). Бұл дүниенің соңында «Семей семинариясында оқитын: Аймауытов пен Әуезов» деп авторлары анық көрсетілген.

1917 жылғы февраль төңкерісінен соң Семейде «Сарыарқа» газеті шыға бастайды. Жүсіпбек сол кезде осында шыққан «Мемлекет құрылысы» (Сарыарқа, 1917 ж., 25-июнь, №3) деген мақаласында сол кездегі саяси жағдайдан бірқыдыру мәлімет береді.

1917 жылы октябрьде «Алаш» партиясының 15 кісіден тұратын, Семей облыстық уақытша комитеті өз жұмысын бастайды. Тап осы уақыт Бүкіл ресейлік Құрылтай жиналысының қарсаны болғандықтан, қоғамдық-саяси өмірде оған қызу дайындық жүріп жатыр еді. «Құрылтай сайлауы таянған себепті ел аңдаусыз қалмасын деп, облосной казак комитеті Павлодар, Семей һәм Өскемен уездеріне 7 кісі шығарды», – деп жазады «Сарыарқа» газеті, – «Семей уезіне шыққандар: Мұстақым Малдыбаев, Мұхтар Әуезов, Шанжы Мұсатаев, Құрман Есенболов, Әшім Мақатаев, Қазы Нұрмұхаметов; Өскеменге барып,

ондағы ақсақалдар, азаматтармен сөйлесіп, сайлау мәселесін түсіндірушілер шығару үшін Сыдық Дүйсембин кетті; Павлодарға да осы мақсатпен кеткендер – Юсфбек Аймауытов һәм Қаныш Сәтбаев» (Сарыарқа. – 1917. – 5-қараша. – № 19). «Сарыарқадағы» бұл хабарды Орталық архивтегі құжаттар да растайды (ҚР ОМА. 15-к., 1-т, 428-іс, 46, 47-пп.). Бірақ ол құжаттарда бұлармен бірге Тайлыбай Есенбаев пен Ахметбек Сейсенбаевтың да есімі аталған.

Жүсіпбекке берілген мандаттың орыс тіліндегі негізгі мәтіні мынадай: «Павлодар уезінің комиссарына. Облыстық комиссариат Сізден қазақ тұрғындарын ұйымдастыру жұмысы үшін уездерге іс-сапармен жіберілген Қазақ комитетінің делегаттары Аймауытов Жүсіпбек пен Сәтпаев Қанышқа заң жүзіндегі әртүрлі жәрдем беруіңізді және Сізге сеніп тапсырылған уездегі барлық болыстық комитеттерге де өз тарапыңыздан осы туралы өкім шығаруыңызды сұрайды. Облыстық комиссариат төрағасы үшін Троицкий, тұрақты мүше міндетін атқарушы полковник Киниц» (ҚР ОМА. 15-к., 1-т, 428-іс, 49-п.).

Бұдан анық аңғарылатын нәрсе: «Алаш» партиясының облыстық комитетінің тапсырмасымен жүрген Жүсіпбектің сол партияның мүшесі болғаны, соны қолдағаны, Павлодар уезінің қазақтары арасында «Алаш» партиясының бағыт-бағдарымен таныстыру жұмыстарын жүргізгені.

1918-жылдың февраль-октябрь айларында Семейде алғашында «Жанар» ұйымының, кейін уақ қарыз серіктігінің қаржысымен шығып, облыстық қазақ комитеті баспаханасында басылған «Абай» журналы қазақтың әлеуметтік және рухани өмірінің өзекті мәселелерін қозғап, елдің тыныс-тіршілігіне ықпал етуге атсалысқан басылымдардың қатарынан орын алады.

Сол «Абайдың» 3-санында «Аш, жалаңаш қазақ-қырғыз бауырлары жұрттан жеткілікті жылу жинап, рулы елімізді өлімнен сақтап қалу мақсатымен Семей облысының Алаш қаласында қазақ комитеті һәм жастардың «Жанар» атты ұйымы басшылық етіп қауым жасады. 5-мартта қауым ортасынан іс басқаратын

бес кісілік комитет сайлап шығарды. Қауымның бастығы – Әлихан Бөкейханов, жәй бастығы – Мұқыш Поштайұлы болды. Комитет председателі – Міржакып Дулатов. Орынбасары – Жүсіпбек Аймауытов, хатшысы – Мұхтар Әуезов» деп жазылған.

Айына екі рет шығып тұрған журналдың тұрақты редакторы Жүсіпбек Аймауытұлы болған. Басылымның тек 2-ші және 3-ші сандарында ғана (мұқабаның сыртында) «шығарушы – Баскарма» делінсе, қалған барлық нөмірінде «шығарушы – Жүсіпбек Аймауытов» екені атап көрсетілген. Сондықтан, қазіргі ұғыммен айтқанда, бас редактор қызметін атқарған Жүсіпбектің журнал шығарудың бар ауыртпалығын өз мойнына алғандығы еш күмән туғызбайды.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивтік материалдарында сақталған Аймауытұлының 011494 (бұрынғы нөмірі –124) ісінен алынған өзінің жауабында да мұны растайтын мәліметтер бар. Жүгінейік: «...1918 жылы ортақ жолдастық қаржымен шығатын «Абай» журналына редактор болдым», – дейді ол, – «журналды шығаруға алғаш ынта көрсеткен – Семей қаласындағы «Жанар» мәдени-ағарту қоғамы. Қоғамға мұғалімдер мен оқушы қазақтар кірді. Қоғам әу баста «Абай» журналын қолжазба күйінде шығарып тұруға келісті, бірақ кейін, жоғарыда айтқанымдай, алаштың жолдастық ұйымы журналды шығаруды өзінің қолына алды» (Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің архиві, 001494-іс, 2-т, 110-п.).

Совет өкіметі орнаған соң да Жүсіпбек баспасөзден қол үзбеген: Орынбордағы «Еңбек туы» (бүгінгі «Егемен Қазақстан»), Семейдегі «Қазақ тілі» газеттеріне, Ташкенттегі «Сәуле», «Шаншар» журналдарына редакторлық еткен. Бірқатар газет-журналға көркем шығармаларын, мақалаларын бастырып тұрған.

Ал жазушының алғашқы әдеби шығармалары қайсы деген сұраққа келсек, ол 1918 жылы шығып тұрған «Абай» журналындағы дүниелер деп атап айтуға болады. «Ғылым»

баспасынан жарық көрген бес томдығына (Алматы, «Ғылым», 1996-1998 жж.) жазушының тек совет өкіметі кезіндегі әңгімелері ғана енген. Ал советке дейінгі, «Абайда» басылған «Бетім-ау, құдағи ғой», «Күсбегі» деген сатиралық әңгімелері - көркемдігі жағынан сол замандағы әжептәуір дүниелер. Сондай-ақ, бес томдықта жоқ «Мысыққа ойын, тышқанға өлім», «Елеусіз ерлер», «Көшпелі Көжебай» - сол заманның шындығын ашып көрсететін, көркемдігі жоғары, шоктығы биік әңгімелер. «Мен қалай үйлендім?», «Тәубе қылды» секілді Жүсіпбектің стиліне тән, юморы бар дүниелер де қызықты жазылған. «Балалармен әңгіме», «Жаңа талап» атты шығармалар – балаларға арналған әңгімелер. Баланың ақыл-ойына орай ыңғайланған, осы бір тұщымды дүниелерді оқып отырып «қазақтан шыққан алғашқы балалар жазушысы кім?» деген мәселе қайта бір қарауды талап ететінін бағамдайсыз.

Сонымен, Жүсіпбек Аймауытұлының осы бір жаңа жинағына енгізіліп отырған дүниелер бүгінгі оқырманын да бейжай қалдырмайды деген оймен қалың көпшілікке ұсынып отырмыз.

Нұржан Қуантайұлы,

филология ғылымдарының кандидаты, жүсіпбектанушы.

Ескерту – Н.Қуантайұлының тапқан шығармалары 2, 4, 6, әр томға жанр бойынша берілді. Жаңа табылған шығармалар туралы оның өз сөзін беріп отырмыз.

ТҮСІНІКТЕР

Пьесалар

«Рәбиға» – бір перделі пьеса. Алғаш 1917 жылғы 17-желтоқсанда Семей қаласындағы оқыған казак жастары ұйымдастырған әдеби кеште сахнаға қойылған. Онда пьеса авторы өзін «Қызылтаулық» деген бүркеншік атпен жария еткен. Бұл қойылымда Арсақай рөлін – Ахметбек Ысқақов (Абайдың немере інісі), Ахмет рөлін – Жүсіпбек Аймауытовтың өзі, Скак рөлін – Мұхтар Әуезов ойнаған. Пьеса осы қойылымнан кейін де 1929 жылға дейін Қазақстан көлемінде бірнеше рет сахнаға шыққан, 1926 жылы ғана Қазақ мемлекеттік баспасының күншығыс бөлімі арқылы Москва қаласында 3000 таралыммен жеке кітапша болып басылған. Кітапқа осы нұсқа бойынша енгізіліп отыр.

«Мансапқорлар» – екі перделі драма. 1916-1917 жылдар аралығында жазылған. Алғашында «Жебір болыс» деген атпен үш перделі күйінде Семей қаласында сахнаға шыққан. 1919 жылғы 31-қаңтарда Семейлік оқушы жастардың Петропавл қаласында шыға бастаған «Жас азамат» газеті мен мұқтаж казак шәкірттеріне жәрдем беру үшін ұйымдастырылған сауық кешінде қойылған.

Пьеса Ж.Аймауытов репрессияға ұшырағанға дейін әр түрлі деңгейдегі ауыл және қала сахналарында жиі-жиі қойылып тұрды. 1925 жылы Москва қаласында жеке кітапша болып басылып шықты. Кейін автор ақталған соң, оның 1989 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан шығармалар жинағына және 1990 жылы профессор Б.Құндақбаев құрастырған «Шернияз» (пьесалар жинағы) кітабында жарияланды. Бұл томға алғашқы кітаптағы нұсқасы бойынша енгізілді.

«Қанапия мен Шәрбану» – төрт перделі драма. Пьесаның 1926 жылы Москвада жеке кітапша болып басылып шыққан нұсқасында: «Бұл драма 1917 жылы жазылған еді, Семей және басқа қалаларда бірлі-жарымды ойналғаннан кейін жазған дәптерім жоғалып кетіп еді. Биыл кітапты қолыма түсіріп, ту-

зетіп жаздым. Ескі жазбасы қолында бар кісілерден ол күйінде ойнамауын тілеймін» – деп ескерткен.

Пьесаның алғашқы нұскасы 1923 жылғы 20-қаңтарда Өскемен қаласында Қызыл әскер апталығын өткізу үшін жасалған сауық кеште қойылып, сол кездегі ақша құны бойынша бір миллион сом таза пайда түсірген.

Осы томға 1926 жылы шыққан кітапша бойынша енгізілді.

«Ел қорғаны» – бір актілі пьеса. Автордың көрсетуінше, 1920-1925 жылдар аралығында жазылған. Пьеса Ж.Аймауытовтың өз режиссурасымен 1925 жылы Қызылорда қаласында Қазақ автономиялық Республикасының 5 жылдық тойына арналып қойылды. Онда Ахмет Байтұрсынов рөлін Бейсенов деген студент ойнаған.

Пьеса 1925 жылы Ташкент қаласында 1500 таралыммен кітапша болып басылып шықты. Кітапқа осы нұсқа бойынша енгізілді.

«Шернияз» – бес бөлімді (сахналы) өлеңмен жазылған пьеса. 1926 жылғы білім ордасының бәйгесіне түскен 32 пьесаның арасынан үздік шығып, жүлделі екінші орынды иеленді. Сол жылы Семей қаласында жеке кітап болып басылған еді. Шығарма 1926-1929 жылдар аралығында әр түрлі сахналарда үздіксіз қойылып, көрермен алғысына бөленді. Автор ақталғаннан кейін, 1989 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан шығармалар жинағына және 1990 жылы профессор Б.Құндақбаев құрастырып шығарған «Шернияз» кітабында басылды.

Кітапқа алғашқы басылымы бойынша енгізіліп отыр.

«Сылаң қыз» – бір перделі комедия. 1920 жылдардың басында жазылған. Комедия 1922 жылы Орынбор қаласында жеке кітапша болып басылып шықты.

Кітапқа осы нұсқа бойынша енгізіліп отыр.

«Тас мейман» – А.С.Пушкиннен аударылған төрт сахналы драма. Пьеса 1927 жылы Ташкент қаласындағы «Күншығыс» баспасынан жеке кітапша болып басылып шыққан. Кезінде бұл кітапша «Марғау» деген бүркеншік автор тарапынан қатты

сынға ұшыраған. Сыншы: «...Өлеңдетейін десем ұйқаспайды, әңгіме кылайын десем өлең сықылды, үріккен қойдай бір сөзді бір-бір жолға одырайтып қойыпты» – деп пьесаның өлеңмен аударылғанына түсінбегенін айтады (Еңбекші қазақ, 1927. 6-июль). Шынтуайтқа келгенде, аударма шебер маманның қолтаңбасын танытатын сәтті туынды болып табылады. 1927 жылы казак театрының сахнасында қойылды.

Пьеса 1935 жылы профессор Бейсенбай Кенжебаев құрастырып бастырған А.С.Пушкиннің қазақша бір томдық шығармалар жинағында да бар. Кейін жазушының 1990 жылы профессор Б.Құндакбаев құрастырған «Шернияз» кітабында жарияланды. Бұл томға Ташкент басылымы бойынша енгізілді.

«Сараң сері» – А.С.Пушкиннің үш перделі «Скупай рыцарь» драмасының аудармасы. 1927 жылы Ташкент қаласында жеке кітапша болып басылып шықты. Сол жылы казак театрында қойылған. Аударма А.С.Пушкиннің 1935 жылы казак тілінде шыққан бір томдық шығармалар жинағында басылды.

Ж.Аймауытов ақталғаннан кейін профессор Б.Құндакбаев құрастырған жазушының «Шернияз» кітабында (1990) жарияланған.

Осы томға Ташкент нұскасы бойынша енгізілді.

Өлеңдер

«Жазушыларға» – 1916 жылдың соңында Ташкент қаласында ерлі-зайышты Көлбай Төгісов пен Мариям Төгісова казак тілінде шығарған «Алаш» газетіне сөз жазушыларға арнап жазылған тілек-өлең. Осы газеттің 1917 жылғы 8-ақпанында жарияланған, өлеңнің соңына «Юсфбек» деп қол қойылған. Кітапқа осы нұсқа бойынша енгізіліп отыр.

«Неғын жатыр?» – «Алаш» газетінің 1917 жылғы 16-ақпанындағы 11-санында жарияланған. Өлеңнің соңына «Юсфбек, Семипалатинский» – деп жазылған. Кітапқа осы нұсқа бойынша енгізілді.

«**Отағасы**» – өлең «Алаш» газетінің 1917 жылғы 24-акпанындағы 12-санында жарияланған, соңына «Юсфбек» деп жазылған. Кітапқа осы нұсқа бойынша енгізілді.

«**Ах-ха-ха-хау**» – мысал өлең, алғаш «Алаш» газетінің 1917 жылғы 30-наурыз күнгі санында жарияланды. Ж.Аймауытов ақталғаннан кейін «Өркен» газетінің 1989 жылғы 21-қаңтар күнгі нөмірінде қайта басылды. Кітапқа «Алаш» газетіндегі нұсқасы енгізілді.

«**Ұршық**» – өлең. «Алаш» газетінің 1917 жылғы 19-санында жарияланған, кейін «Өркен» газетінде (1989 жылғы 21-қаңтар) қайта басылды. Кітапқа алғашқы нұсқа бойынша енгізілді.

«**Көшу**» – этнографиялық өлең. Алғаш «Абай» журналының 1918 жылғы соңғы, 12-санында жарияланған, кейін «Лениншіл жас» газетінде (1989 жылы 6-қаңтар) қайта басылды. Кітапқа «Абай» журналындағы нұсқа бойынша енгізілді.

«**Ұран**» («Қазағым, қактықпа») – өлең. Патша өкіметі құлап, 1917 жылғы зраль революциясы жеңісінен кейін жазылған. Өлең Қазақстанда Кеңес өкіметі орнағанға дейін ұлттық гимн рөлін атқарды. Жиын-топтарда, салтанатты налыстарда, мереке-мейрамдарда әнмен айтылған. Өлеңнің тексі алғаш «Абай» журналының 1918 жылғы 1-санында жарияланды.

Кітапқа «Абай» журналында жарияланған нұсқасы енгізілді.

«**Еңбекшілдер ұраны**» («Интернационал») – дүниежүзі пролетариаты гимнінің тұңғыш қазақша аудармасы. Өлеңнің қазақша тексі алғаш «Қызыл Қазақстан» журналының 1921 жылғы 12-қыркүйектегі 1-санында жарық көрді. Кейін қазақ баспасөзінде бірнеше рет жарияланған.

Жүсіпбек Аймауытов аудармасынан кейін де «Интернационал» қазақ тіліне әлденеше рет аударылды, бірақ олардың бірде-бірі алғашқы нұсқамен теңесе алмайды.

«**Өлең сұңқарға**» (Максим Горькийден) – М.Горькийдің әйгілі «Сұңқар туралы жыр» өлеңінің қазақ тіліндегі алғашқы аудармаларының бірі.

«Жас казак» журналының 1924 жылы 4-санында жарияланған.

Кітапқа осы нұсқа бойынша енгізілді.

«Жас әскер» – орыс тіліндегі «Молодая гвардия» деген комсомол өлеңінің аудармасы. «Жас казак» журналының 1924 жылғы жариялаған бәйгесіне байланысты аударылып, Ж.Аймауытов бірінші орынды жеңіп алған. Аударма «Лениншіл жас» журналының 1925 жылғы 1-2-санында жарық көрген. Ж.Аймауытов репрессияға ұшырағанға дейін қазақтың комсомол жастары жиі шырқаған жастар әні болған.

Кітапқа аталған журналдағы нұсқа бойынша енгізілді.

«Жас көсемдер маршы» – орыс тіліндегі жастар әні. Аудармашы өлеңнің соңында: «Дәйім әзір бол!» деген сөйлемдер дыбыс жағынан шұбалаң, күшті тәрізді көрінбеді. Сондықтан «Лап десе, тап бол!» – деп казак ұғымында жігерлі, күшті деп алдым. Қай жерде дәл мәнісінен тайғаным да бар. «Еңбек, төбеес» орнына «Қауіп-қатер» деген сықылды. Өйткені «Талас-тартыс» артында таяқ тұр. Қайталама болмасын дедім».

«Тұңғық түпсіз астында» («Өлеңмен жазылған сөз») – өлең алғаш «Жас казак» журналының 1924 жылғы 7-8-санында жарияланған.

Кітапқа осы журналдағы нұсқасы бойынша жіберілді.

«Жаман тымак» – балаларға арналған өлеңмен жазылған суретті кітапша.

Қазак Мемлекеттік баспасының 1927 жылғы 5-наурыздағы редакциялық коллегия мәжілісінде қаралып, басып шығаруға ұйғарылған. Кітапшаның қолжазбасына 1928 жылғы наурыз айында А.Байтасов пікір жазып, шығармаға жоғары баға берген. Суретші Каменскийдің көркемдеуімен кітапша 1929 жылы аталған баспадан жеке кітап болып басылып шықты.

Бұл томға осы аталған нұсқа бойынша енгізілді.

«Нұр күйі» («Күйлі сөз») – балаларға арналып өлеңмен жазылған хикая. 1929 жылы Қызылордада жеке кітапша болып басылған. Автор ақталғаннан кейін «Алматы ақшамы» газетінің 1989 жылғы 5-қаңтардағы 4-санында қайта жарияланды.

Кітапқа осы соңғы нұсқа бойынша берілді.

«Әскер марсельезасы» – Абай журналы, 1918, VI

«Ленинге (Жоктау)» – «Еңбекші қазақ газеті, 1924 жыл, 27 январь. Өлеңді 1989 жылы 21 январьда «Өркен» газетінде Қазақ ССР Орталық Мемлекеттік архивінің аға ғылыми қызметкері Бейсенбай Байғалиев қайта жариялаған.

«Оқу, білім» – 1992 жылы 29 сәуірде филология ғылымдарының кандидаты Р.Тұрысбеков «Жас алаш» газетінде жариялаған болатын.

«Тырна» – 1992 жылы 29 сәуірде филология ғылымдарының кандидаты Р.Тұрысбеков «Жас алаш» газетінде жариялаған болатын.

«Ұршық (жеңгем сыры)» – 1992 жылы 29 сәуірде филология ғылымдарының кандидаты Р.Тұрысбеков «Жас алаш» газетінде жариялаған болатын.

«Балға» – 1992 жылы 29 сәуірде филология ғылымдарының кандидаты Р.Тұрысбеков «Жас алаш» газетінде жариялаған болатын.

«Диірмен» – 1992 жылы 29 сәуірде филология ғылымдарының кандидаты Р.Тұрысбеков «Жас алаш» газетінде жариялаған болатын.

«Кет, надандық, ескі әдет» – 1929 жылы «Жаңа мектеп» журналының 1-санында /45-бет/ басылған. Автор өлеңнің соңына «Жүсіпбек» деп қол қойған.

«Жұмбақтар» («Жәндіктер туралы», «Жаратылыс жайынан») – 1992 жылы 29 сәуірде филология ғылымдарының кандидаты Р.Тұрысбеков «Жас алаш» газетінде жариялаған болатын.

«Жәмилә» – «Жаңа өріс» газеті, 1920 жыл. Өлеңді 1989 жылы 21 январьда «Өркен» газетінде Қазақ ССР Орталық Мемлекеттік архивінің аға ғылыми қызметкері Бейсенбай Байғалиев қайта жариялаған.

«Тар ғылым» – Өлең 1929 жылы «Жаңа мектеп» журналының 1-санында /44-бет/ басылған. Соңына автор «Жүсіпбек» деп қол қойған.

«Жаңылтпаштар» – «Жас казак» журналының 1924 жылғы 5-6-санында /104-бет/ басылған. Соңында «жыйнаушы: Ж.» деп қол қойылған.

Түсініктерін дайындаған:

Д.Қамзабекұлы,

С.Аққұлұлы,

Б.Байғалиев,

Н.Қуантайұлы

Мазмұны

Жүсіпбек Аймауытов. (1889-1931)3

Пьесалар

Рәбиға	63
Мансапқорлар	76
Қанапия мен Шәрбану	105
Ел қорғаны	160
Шернияз	181
Сылаң қыз	273
Тас мейман	255
Сараң сері	290

Өлеңдер

Жазушыларға	312
Не қып жатыр?	313
Отағасы	315
Ха-ха-ха-хау (мысқыл)	316
Ұршық	317
Көшу	319
Ұран	321
Еңбекшілдер ұраны.....	322
Өлең сұңқарға (М.Горькийден)	324
Жас әскер	327
Жас көсемдер марышы	328
Тұңғыық түпсіз астында (өлеңмен жазылған сөз)	329
Жаман тымақ	331
Нұр күйі (күйлі сөз)	338
Әскер марсельезасы	350
Ленинге (жоқтау)	352
Баяғы жұт Қоянда	354
Оқу, білім	355
Тырна	355
Ұршық (жеңгем сыры)	356
Балға	357
Диірмен	358
Кет надандық ескі зат	358

Жәмилә	361
Тар ғылым	362
Жұмбақтар	364
Жаңылтпаштар	365.
Бұрын жарық көрмеген шығармалары туралы бірер сөз.....	366
<i>Түсініктер</i>	375

*«Ел-шежіре» қайырымдылық қоры» қоғамдық қорының
президенті Дидархмет Әзімханұлы*

Жүсіпбек Аймауытов

Алты томдық шығармалар жинағы

1-том

Пьесалар, өлеңдер

Редакторы Берікбол Мұқатай
Техникалық редакторы Ниязбай Оразымбет
Компьютерде беттеген Жамила Айдос

ИБ № 141

Теруге 15.08.2013 ж. берілді. Басуға 04.09.2013 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108^{1/32}. Қаріп түрі «Times New Roman».
Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 20.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 149.

ISBN 978-601-7317-59-1



9 786017 317591

*«Ел-шежіре» қоғамдық қоры. 050009. Алматы қаласы.
Абай даңғ. 143. 517 бөлме*

*Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
«Жедел басу баспаханасы» ЖШС-нде басылды.
050052, Алматы қаласы, Яссауи көшесі, 1б.*